ФИЛОЛОГИЯ сериясы
№4 (2) / 2020
серия ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ



Ш. УӘЛИХАНОВ атындағы
КӨКШЕТАУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК
КОКШЕТАУСКОГО
УНИВЕРСИТЕТА
имени Ш. УАЛИХАНОВА

ISSN : 2707-9910

Ш. УӘЛИХАНОВ атындағы КӨКШЕТАУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК
КОКШЕТАУСКОГО УНИВЕРСИТЕТА имени Ш. УАЛИХАНОВА

Меншік иесі **"Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті" КЕ АҚ**
Собственник **НАО "Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова"**

Бас редакторы - Главный редактор
Шапауов А.К., к.филол.н., профессор ВАК (h-index: 3)

Редакция алқасы - Редакционная коллегия

Жакупова А.Д.	д-р филол. наук, профессор;
Jankowski Henryk	dr.hab., full professor;
Kirchner Mark	dr.hab., full professor;
Yilmaz Ahmet	PhD, professor;
Миннегулов Х.Ю.	д-р филол. наук, профессор;
Джусупов Н.М.	PhD;
Юрина Е.А.	д-р филол. наук, профессор;
Шалабай Б.	д-р филол. наук, профессор;
Шаймерденова Н.Ж.	д-р филол. наук, профессор;
Нагымжанова К.М.	д-р педагог.наук;
Жахина Б.Б.	д-р педагог. наук;
Исмагулова А.Е.	канд. филол. наук;
Байманова Л.С.	канд. филол. наук;
Газдиева Б.А.	канд.филол.наук
Кишкенбаева Ж.К.	PhD;
Фаткиева Г.Т.	канд.филол.наук;
Гладкова Е.И.	маг.филол., отв. сек-рь

Адрес редакции: 020000, г. Кокшетау, ул. Темирбекова, 30.
тел./факс: 25-55-83; редакция: 25-03-15;
E-mail: vestnik-kgu@mail.ru

ISSN : 2707-9910

ФИЛОЛОГИЯ сериясы
№ 4 (2) / 2020
серия ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

Техникалық редактор
Технический редактор
Макенова Л.Ш.

2008 жылдан бастап шығады
Жылына 4 рет шығады

Издается с 2008 года
Выходит 4 раза в год

Басуға 12.08.2020 ж. қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/12.
Кітап-журнал қағазы.
Көлемі 24,4 б.т.
Таралымы 300 дана.
Бағасы келісім бойынша.
Тапсырыс №67.

Подписано в печать 12.08.20 г.
Формат 60x84 1/12.
Бумага книжно-журнальная.
Объем 24,4 п.л. Тираж 300 экз.
Цена договорная. Заказ №67.

Ш. Уәлиханов атындағы КУ баспаханасында басылған

Отпечатано в типографии КУ им. Ш. Уалиханова

© Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті
Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова

Зарегистрирован Министерством культуры, информации и общественного согласия РК
Регистрационное свидетельство № 481-ж от 25.11.1998 г.
Свидетельство о постановке на переучет печатного издания, информационного агентства и сетевого издания № KZ62VPY00024036, г.Нур-Султан, 11.06.2020 г.

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

ТІЛ БІЛІМІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ПРОБЛЕМЫ ЯЗЫКОЗНАНИЯ

Абдықадырова Т.Р., Мейірманова Г.С., Кенжеғұлова Ф.Қ. Есімдіктердің сілтеу қызметінен туындайтын тілдік терминдердің қолданыстары 5
Атабаева М.С., Снабекова М.М. Халықтық космонимдер – ұлттық дүниетаным жайындағы ақпарат көзі 12
Есіркепова К.Қ., Қанапина С.Ғ. Қазақ және орыс халықтары дүниетанымының мақал-мәтелдегі көрінісі 19
Жиеналина А.М. Способы вербализации концепта «пространство» в романе Б.Алимжанова «Сказ столетнего степняка» 25
Касенов С.К., Абдуллина Л.И. Этнокультурный код в индустрии досуга: филологический контент 34
Каскарбаева Г.С. Дипломатические документы Казахского ханства: некоторые особенности стиля и языка 42
Kalijeva A.K., Zhumanbekova N.Z. Weltbild als konzeptuelles und sprachliches system 50
Кенжалин Қ.К., Балтабай Д.Ә. Жыраулар поэзиясында кездесетін кейбір кірме сөздердің семантикалық ерекшеліктері..... 57
Кукенова Г.А. Түбір сөз және көптік, бірінші жақ тәуелдік, септік жалғауларының тіркесім талғампаздығының фонетикалық сипаты мен алгоритмі 63
Мукашева А.О. Культ знания как приоритетное направление в модернизации общественного сознания 71
Нуркенова С.С., Кинжагалиева К.У. Стилистически сниженная лексика как объект лингвистического исследования 78
Omarbekova G. The precedent phenomena in kazakhstani press 85
Такуова З.С., Булатбаева К.Н. Аспекты исследования коммуникативной лингвистики… 93
Тоқтанова А.К., Джакыпбекова М.Т. Тіл білімінде тілдік рефлексия ұғымының зерттелуі, қалыптасуы 101
Түсіпбекова Ғ.А. Мақал-мәтелдердің бағалауыштық сипаты 109
Түсіпбекова Ғ.А. Фразеологизмдердегі бағалауыштық коннотацияның лингвомәдениеттанымдық ерекшеліктері 114

САЛЫСТЫРМАЛЫ ТІЛ БІЛІМІ

СОПОСТАВИТЕЛЬНОЕ ЯЗЫКОЗНАНИЕ

Дайрабекова Г.К., Малбақов М.М. Ағылшын тіліндегі қос сөздердің қазақ тілінде берілу процесіндегі аударма теориясының негіздері 120
Roziyeva D., Salzhanova L., Magamedova Z., Kadirsizova G., Ashimova Z. Cognitive-linguocultural specificity of the terminology and the problem of its transmission from english into kazakh 128
Сарекенова Қ.Қ., Мұхтарова Ф.С. Қазақ және түрік тілдеріндегі мифтік фразеологизмдер 136

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРТАНУ

ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ И ФОЛЬКЛОРИСТИКА

Бегалиева С.Б., Балгазина Б.С., Нурахунова Г.М., Минаева Н.М. Философские, этические и социально-политические аспекты творчества Абая Кунанбаева 143

Бейсенова Ж.С., Жаныбекова Б.Н. Особенности развития романного жанра в русскоязычной прозе казахской литературы ……. 149
Бөкен Г.С. Қазақ-поляк драмаларындағы ішкі және сыртқы конфликт мәселесі 157
Дәуренбекова Л.Н. Ә. Кекілбаевтың аудармашылық шеберлігі 165
Жундибаева А.К. Дулат Бабатайұлының «Өсиетнама» еңбегіндегі мәтінтану мәселелері.. 172
Жундибаева А.К., Қадыров Ж.Т. «Mirror for Prince» жанрының қазақ әдебиетінде қалыптасуы (Жүсіп Баласағұн, әл-Фараби, Бабыр еңбектері) 180
Қадыров Ж.Т., Таласпаева Ж.С., Шапауов Ә.Қ., Искакова Л.К. Бауыржан Момышұлы туындыларының өзіндік ерекшеліктері 186
Нургали К.Р., Тернавская М.М. Этнокультурные маркеры как мифообразы в прозе О. Бокеева …….. 194
Нұриманов Б.Т. «Құтадғу Біліктің» нұсқалары туралы 199
Samambet М.К., Sametova A.S. Female images in the literature of the XIX century …… 206
Сейсенбиева Э.С., Бегманова Б.С., Мәдібаева Қ.Қ. Қабан жырау шығармаларындағы экзегетикалық дәстүр 212
Сейсенбиева Э.С., Бегманова Б.С., Мәдібаева Қ.Қ. Ш.Құдайбердіұлының діни-ағартушылық ұстанымдары 219
Таласпаева Ж.С., Бейсембина Ж.Ж. Ғ.Мүсіреповтің шығармаларындағы әйел тілінің ерекшелігі 226

ТІЛДІҢ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІҢ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Абдықадырова Т.Р., Рахимбаева А.Қ. Ж.Аймауытов мұраларының жаңартылған білім беру мазмұнымен сабақтастығы 236
Abdykarimova G.M., Abdykarimova M.M. Written discursive competence as a part of foreign language communication competence …… 245
Исмагулова А.Е., Нуржаксина М.К. Көптілді құзыреттілік қалыптастыру негіздері..... 252
Какимова М.Е., Сабиева Е.В., Мусина Д.Б. Учебник как содержательно-комплексная процессуальная модель образовательного процесса ……. 260
Kalbergenova Sh.B., Kariyev A.D., Sansyzbayeva B.K. Modern pedagogical technologies at the lessons of english in professional education ……. 267
Камиева Г.К., Оразғалиева Л.М. Оқу мотивациясын қалыптастырудың маңызы 272
Kulakhmetova M.S., Syzdykova S.K. The CLIL technology as a tool for promoting multilingualism …….. 277
Nabidullin A., Kussembaeva Z., Khairlayeva G. The importance of formation of written speech culture ……. 283
Тавлуй М.В., Бегенова А.М. К вопросу об использовании электронного обучения (E-learning) …….. 289
Тулеева Г.Т. Болашақтың кілті – жаңашыл ұстаздардың қолында 293
Якубаева К.С., Айтпаева А.С., Койшыбаева Г.С. К вопросу обучения чтению на занятиях по русскому языку как иностранному …… 298

ШОЛУЛАР, СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

ОБЗОРЫ, КРИТИКА И БИБЛИОГРАФИЯ

Анищенко О.А. Генеральная лингвистическая задача (возвращаясь к статье М.М. Копыленко «О семантической природе молодёжного жаргона») …… 306
Жакупова А.Д. Вклад М.М. Копыленко в развитие сопоставительной мотивологии ……. 312

ТІЛ БІЛІМІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ПРОБЛЕМЫ ЯЗЫКОЗНАНИЯ

ӘОЖ: 801.5 М 45

Т.Р. Абдықадырова[1], Г.С. Мейірманова[2], Ф.Қ. Кенжеғұлова[3]
[1]п.ғ.д., профессор, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., 080000, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/ 0000-0002-5716-6891. E-mail: tursynai_1959@mail.ru
[2]ф.ғ.к., доцент, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., 080000, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0002-8372-878X. E-mail: meirmanova_79@mail.ru.
[3] магистр, аға оқытушы, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., 080000, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0001-9414-5486. E-mail: farida075@bk.ru

ЕСІМДІКТЕРДІҢ СІЛТЕУ ҚЫЗМЕТІНЕН ТУЫНДАЙТЫН ТІЛДІК ТЕРМИНДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСТАРЫ

Ғылыми мақалада функционалды грамматикадағы тілдік терминдердің дискурстық қолданыстары айтылады. Есімдіктердің синтаксис аясында дейксистік, эгоцентристік, анафоралық қызметте жұмсалу жолдары ғылыми талданады. Осы ұғымдарды саралап, олардың тіл біліміндегі қолданыстарын ғалымдардың ой-пікірлерімен ұштастыра отырып тұжырымдаған. Есімдіктердің басқа сөз табының орнына жүруімен олардың орынбасарлық қызметтері айтылады. Яғни, орынбасу, субституция ұғымы мысалдармен дәлелденген. Бұдан өзге есімдіктердің сілтеу қызметінен туындайтын жаңа бағыттағы тілдік қолданыстар да ұтымды зерттеуге алынған. Сондай-ақ, есімдіктердің құрмалас сөйлемдерді байланыстырушы қызметі тілдік материалдар негізінде нақтылы сөз болады. Мақалада сілтеу қызметінен туындайтын тілдік терминдердің қолданыстары кеңінен айқындалған.

Кілт сөздер: дискурстық қолданыс, синтаксис, дейксис, эгоцентризм, анафора, катафора, орынбасу, субституция.

КІРІСПЕ

Есімдіктердің синтаксистік жүйедегі қызметін олардың сілтеу функциясы белгілейді. Сондықтан да біз есімдіктерді зерттеуге функциональды грамматика тұрғысынан келген болатынбыз. Функциональды грамматика аясында белгілі бір семантикалық қызметті атқару, яғни сілтеу қызметін (жақтық, темпоральды қатынастарды белгілеу қызметін) іске асыру үшін жіктеу және сілтеу есімдіктерінің өз антецеденттерімен өзара әрекет жасауы анықталады.

Функциональды грамматика қызметтен құралға деген бағытпен жүреді десек, сілтеу қызметін көрсететін құралдар ретінде біз жіктеу және сілтеу есімдіктерін қарастыруды жөн көрдік. Сілтеудің түрлі бірліктері қазіргі лингвистикада дейксис пен эгоцентризм, анафора теорияларының негізінде қарастырылуда. Ал осы сілтеу ұғымы есімдіктердің ішінде, әсіресе, жіктеу және сілтеу есімдіктеріне тән болып келеді.

Лингвистикада теориялық лингвистика мен типологиялық зерттеулердің негізгі объектісі ретінде көбіне есімдіктер қарастырылып жүр. Бұл кездейсоқтық емес. Есімдіктер атқаратын сілтеу, орынбасу коммуникативтік актіні іске асыруда, мәтін құрауда, тілдің когнитивтік жүйесінде маңызды қызмет атқарады, яғни бұл олардың дискурстық қолданысын негіздейді. Есімдіктер субъектімен байланыста анықталады және субъектінің

субстанцияларға, құбылыстарға және олардың сапалары мен қасиеттеріне қатынасын көрсетеді. Мұның бәрі есімдіктерді дискурс аясында қараудың қажеттілігін белгілейді.

Сілтеу функциясымен бірге орынбасу субституция, дейксис, эгоцентризм, анафора, катафора ұғымдары анықталмақ. Сондықтан, біріншіден, осы ұғымдарды саралап, олардың тіл біліміндегі қолданыстарын, ғалымдардың ой-пікірлерін қарастырамыз. Бұл ұғымдардың зерттелу барысында біз олардың зерттелу тарихына емес, сол ұғымдардың мәніне, ғалымдардың негізгі тұжырымдарына тоқталмақпыз. Осы ұғымдардың есімдіктер субъектімен байланыста анықталуы және субъектінің субстанцияларға, құбылыстарға және олардың сапалары мен қасиеттеріне қатынасын көрсетуі, мұның бәрі, есімдіктерді дискурс аясында қараудың қажеттілігіне байланысты ғылыми жаңалықтарды анықтайды. Мақалада осы тақырыптың өзектілігі нақтыланады, салыстырыла отырып зерделенеді. Бұл мақаланың мектеп мұғалімдері мен ЖОО-дағы оқытушылар мен студенттерге берері мол.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Есімдік дегенде көптеген авторлар есімдердің орнына жүретін сөз табы деген анықтаманы айтатындығы сөзсіз. Есімдіктердің басқа сөз табының орнына жүруімен олардың орынбасарлық қызметтері, орынбасу, **субституция** ұғымы енгізілген. Бұл туралы В.И. Безруков былай дейді: «Замещая в речи имена, они и получили название местоимение. Замещение и обусловило их функцию в речи» [1, 14].

Алайда, есімдіктердің барлығы бірдей орынбасар сөз – субститут ретінде қолдануға келе бермейтіндігі рас. Мәселен I, II жақ жіктеу есімдіктері белгілі атауларды ауыстырмайды, ол сөйлеуші мен тыңдаушы тұлғаларын белгілеп отырады. Жалпы есімдіктердің бәрі субститут болады деген ой олардың мағыналарының жалпылығынан шығады, алайда олардың мағыналарының контексте нақтыланатындығын ұмытпауымыз қажет.

Ал **дейксис** теориясына келетін болсақ, лингвистика тарихында есімдіктердің дейксистігі туралы ерте кездерден бастап айтылған. Алайда ол кездегі дейксис ұғымы қазіргі дейксис ұғымымен сай келмейді. Ол кездегі дейксис ұғымына жалпы есімдіктердің сілтеу мағынасын беруі сәйкес келген. «Дейксис» ұғымын кең және тар көлемде пайдалану олардың түрліше түсіндірілуіне негіз болады. Кең көлемде дейксис зат, белгі, жағдай тағы басқаларға ситуациялық немесе контекстік сілтеуді қамтиды, ал тар көлемде бір функцияны айтады (анафораға қарсы) және екі элементті қамтиды: дейксистік (тура сілтеу) белгі мен оның референті.

«Дейксис» терминімен тілдік құралдардың сілтеу қызметімен байланысты құбылыстарының түр-түрі белгіленеді. Дейксистік сөздер тұлғаны, оның мекенін, уақытын т.б. белгілерін сілтеп көрсете алатындығы белгілі.

Сілтеу есімдіктері жіктеу есімдіктерімен қатар дейксистік сөздер типінен басты орындардың біріне ие болады, олар негізгі дейксистік сөздер болып табылады. Дейксистік сөздерді тіл білімі тарихында әрбір зерттеуші өз бетінше түсіндіріп, анықтама бергендіктерін біз жұмысымыздың бірінші тарауында айтып кеттік. Жалпы дейксистік сөздерді тікелей сілтеу, анафоралық сілтеу, катафоралық сілтеу деп үш топқа бөлеміз. Мұндағы тікелей сілтеуді біз тар мағынасындағы «дейксис» ұғымына сыйдырамыз. Сондықтан да бұл мақаламызда «дейксис» ұғымы тар көлемде, яғни «тура сілтеу» мағынасында қолданылатын болады. Сонымен, дейксистік сілтеу референтке тікелей қатысты болады және дейктикалық белгі мен оның референтін қамтиды.

Дейксис туралы айтқанда, *бұл, сол, осы, мұнда, онда, сонда, осында, міне, әне* сияқты сілтеу есімдіктері алғаш тілге оралады, сондай-ақ, олардың *осыдан, содан, мұнан, бұдан* т.б. тәрізді семантикалық туындылары да еске түседі. Бұл сілтеу есімдіктері мен олардың семантикалық туындыларының әрқайсысында эгоцентристік белгілер көрініс береді.

Есімдіктердің эгоцентристігі туралы тіл білімінде ертеден-ақ сөз қозғалуда, эгоцентризмнің есімдіктердің категориалды мағынасы болып табылатынын айтушы

Л.Я.Маловицкий былай дейді: «...Система Бругмана была преобразована К.Бюлером в систему ориентирования относительно собственного «я», что позднее было удачно названо эгоцентризмом местоимений. Если эгоцентризм оказывается категориальным значением местоимений, то и дейксис присущ только местоимениям» [2, 88].

Сөйлесімнің негізгі белгісінің бірі эгоцентризмді тілдік емес мазмұнның тілдік көрініс беру тәсілі ретіндегі белсенді бастама ретінде қарай аламыз. Сөйлесімнің субъектілігі көрініс беретін жерде сілтеу есімдіктері кеңінен қолданысқа түседі.

Эгоцентризм үш түрлі өзара байланыстағы категорияларға негізделеді. Олар жақ, уақыт, мекен болып табылады. Сөйлесім сөйлеуші тарапынан іске асқан кезде тілдік ситуация эгоцентристік болады. Эгоцентризм дегеніміз – сөйлеушіге қатысты тілдік форма арқылы жүзеге асатын сілтеу ұғымы бар тілдік құбылыс.

Сілтеу есімдіктері эгоцентристік қолданысқа енгенде олар эгоцентристік «мен» сөзімен байланысты қолданысқа түседі. В.Б. Евтюхиннің айтуынша: «Центризм Я – это альфа и омега системы местоимении» [3, 120].

Эгоцентристік сөздердің қызмет ерекшеліктерін саралау уақыттың грамматикалық категориясы, сөйлеуші ұғымы сияқты логика-семантикалық категорияларымен байланысты.

Жалпы «дейксис» ұғымына тіл білімі тарихында әр ғалым өзіндік анықтамалар беріп кеткен. Мәселен, К.Бюлер бойынша дейксистік сөздер – қатынас ситуациясында мағыналық толықтыруға ие бола отыра көрінген затқа сілтеуді іске асыратын сөздер болса, бұл туралы орыс ғалымы Н.Д. Арутюнова былай дейді: «Дейктические слова, своего рода «подвижные определители» приложимые к любому референту, содержание этих слов всецело обусловлено признаками денотата, выбор которого завист от конкретного речевого акта [4, 42].

Ал А. Уфимцева «Неназывающие словесные знаки довольно своеобразные по функции и многочисленные по числу микросистемы, общей чертой которых является относительный характер их семантики и функция внутриязыкового, внутриструктурного их использования. Среди них – как одна из микросистем – выделяются дейктические слова, которые рассматриваются как знаки относительного указания» - деп көсетеді [5, 46].

Т.В. Шемелева өзінің «Русское местоимения как часть речи» атты диссертациясында «Термином «дейксис» обозначается широкий круг явлений, связанный с указательной функцией языковых средств. Их изучение предполагает в первую очередь определение вида указания (на лицо, место, время), а затем и точки отсчета, относительно которой осуществляется указание», – деп түсініктеме берген [6, 14].

Синтаксистік жүйедегі анафоралық (айтылғанды сілтеу) байланыс пен дейксистік (тура сілтеу) сілтеуді қарастырудағы негізгі тәсілдердің бірі – сілтеу есімдіктері. Сілтеу есімдіктері өздерінің семантикасы жағынан теңестіруші көрсеткіш болып табылады, саралаушы, даралаушы қызметінде де жұмсала алады. Тілдік ситуацияның міндетті компоненттерінің құрамына сөйлеуші мен тыңдаушы, сөйлеу орны мен уақыты және де сөйлеу актісінің басқа сөйлеу актісімен сәйкес немесе сәйкес еместігі енеді. Тілдік ситуацияның бұл ерекшеліктеріне есімдіктің негізгі екі қызметі негізделген: дейксис және анафора.

1-ші, 2-ші жақ формалары коммуникацияның міндетті қатысушыларын білдіре отыра, дейксистік қызметте жұмсалады. *«Мен»* есімдігінің дейксистік қызметі барлық сөйлеушіге қатысты нәрселер болса, сол сияқты *«сен»* есімдігі сөйлеушімен тығыз байланысты тыңдаушымен анықталады. Дейксистік қызмет бұлар үшін негізгі болып табылады. Бұл туралы О.В. Петрова да былай дейді: «Широко распространенное представление о дейктичности местоимений опирается, по-видимому, на несомненную дейктичность личных и указательных местоимений» [7, 30].

Дейксистік қолданыста жіктеу есімдіктері сөйлеу актісіне сілтесе, сілтеу есімдіктері мен *«ол»* есімдігі мәтінге сілтеп отырады. Ал дейксистік құралдары жоқ сілтеу келесі адамға мүлде түсініксіз болуы мүмкін. Дейксисті біз тар көлемде қолданамыз, яғни жоғарыда айтқанымыздай, жалпы сілтеу мағынасында емес, объектіні тура сілтеу мағынасында қолданамыз.

Эгоцентризм сөйлеушіге қатысты тілдік форма арқылы жүзеге асатын сілтеу ұғымы бар тілдік құбылыстар болып табылады. Бұған «Эгоцентризм – основное свойство высказывания – следует рассматривать и как активное начало – в качестве способа языковой интерпретации внеязыкового смысла», – деп В.Б. Евтюхин анықтама береді [3, 118].

Ал Б. Расселдің анықтауынша, олар – денотациясы сөйлеушіге байланысты анықталатын сөздер. Шынында да, бұларға негіз болатын – сөйлеуші, яғни «мен» есімдігі. Бұл туралы В.Б. Евтюхин: «Центризм я – это альфа и омега системы местоимении», – деп дәл айтқан [3, 170].

Сен, мұнда, осында, онда, сонда сөздерінің бәрін де анықтағанда «мен» қолданылады. Олардың мәні сөйлеушінің субъективті еркімен белгіленеді, олар сөйлеушіден тыс бола алмайды. Сонда олар былай анықталады:

«мен» – сөйлеп тұрған адам;

«сен» – мен сөйлеп тұрған адам;

«ол» – мен де, сен де емес, бөгде жан;

«мұнда» – мен тұрған жер;

«онда» – мен жоқ жер.

Сөйлеуші тұлғасының ауысуына байланысты бұлар да өзгеріп қолданылады. Мысалы, диалогта «*мен»* болған адам, келесі адам сөйлегенде *«сен»* болып, *«мұнда»* деген жер сөйлеуші орын ауыстырып кетіп сөйлесе, «*онда»* болып өзгеріп кете береді. Мұндағы сөйлеуші фигурасы, яғни *«мен*» кеңістіктің есеп беру нүктесі, негізгі нүкте болып табылады. Сондықтан да біз бұларды эгоцентристік сөздер дейміз.

Дискурс туралы сөз еткенде біз көбіне сілтеу есімдіктерінің анафоралық қызметіне тоқталамыз. Дейксистік есімдіктері дискурсивті анафоралық (айтылғанды сілтеу) қолданыста кеңінен жұмсалып, мәтін, сөйлем элементтерін байланыстырады және де мәтіндегі керексіз қайталауларды ауыстырады. Бұл қызметінде олар өзіндік **анафоралық** та, **катафоралық** та қолданыстарда жұмсалады. Есімдіктердің бұл қызметі мәтін синтаксисінде кеңінен орын алады. Мысалы, *Бұл кітап қызық. **Осыны** тауысып тастасақ қайтеді (Ә. Нұршайықов); (анафора). Сен **мынаны** ұқ: біз бұл жерден қалайда көшуіміз керек (Д. Исабеков) (катафора).*

Сөйлеу актілерінің күнделікті қолданысында анафора мен оның антецеденті дискурспен енгізіліп отырады, сондықтан да анафора дискурстағы екі белгінің – анафоралық (айтылғанды сілтеу) көрініс пен антецеденттің арасындағы байланыстарды көрсетеді, сондай-ақ сілтеу есімдіктері лексикалық бірліктер арасындағы семантикалық қатынас жеткіліксіз болған кезде дискурстағы ішкі байланысты іске асыру үшін қолданылады. Мысалы, *Біздің пір тұтатын ағамызбен жүздесуімізге ол тиым салды. Біз **соның** өлеңдерін оқып, шапағаты мол әңгімелерін тыңдап өмірге құлшынамыз. **Осы** мейірімді жанның рухани көмегі болмағанда, біздің киномыз не болары да белгісіз еді.* «Осы мейірімді жан» мен «ағамыз» деген сөздердің бір тұлғаға қатысты екенін «соның» есімдігі білдіріп тұр.

Дейксистік есімдіктері **анафоралық** (айтылғанды сілтеу) көрсеткіш ретінде жұмсалғанда, контекстік байланысқа сүйене отырып, дискурстағы референтті теңестіреді. Олар алдыңғы мәтіннің бір элементін сілтей отыра, барлық үзіндіні қамтып алады. Мысалы, Ә. Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» романында Сәлиманың шешесінің майдандағы Ерболға жолдаған хатында мынадай үзінді бар: *«Қымбатты Ербол балам! Дүние тыныштық болса, сені шын балам болар деп ойлаушы едім. Сұм соғыс килікті де, бәріңді көгендеген қозыдай алысқа алып кетті. Сәлимам сені сарғайып көп күтті. Оның енді отыруының орны жоқ. Ерге шығуы керек... Егер сенің оны шын жақсы көргенің рас болса, бағын байламай, рұқсатыңды бер. Оған кінә қойма, өз күнін көрсін, обалдарың сұм Гитлерге болсын. Ал, қарағым Ербол! **Осыны** сенен аналық тілек етемін» (Ә. Нұршайықов).*

Бұл үзіндінің соңғы сөйлеміндегі «осыны» деген анафоралық (айтылғанды сілтеу) сілтеу есімдігі бүкіл бір үзіндінің бәріне қатысты ойды сілтеп, дискурстық қолданыста жұмсалып тұр.

Анафоралық элементтердің құрмалас сөйлемдерді байланыстыруы жайында қазақ тіл білімінде де сөз қозғалады. С. Аманжолов сабақтастарды саралауда сілтеулі бағыныңқылы сабақтас деген сабақтастың түрін айқындайды да, «Менің айтайын дегенім сол – ол өте жақсы оқиды» деген мысалды келтіреді [8, 207].

Р. Әмір «Іргелес салалас сөйлемдер» атты көлемді мақаласында: «Іргелес салалас сөйлемдерді байланыстыруға анафористік сөздер қатысады», - дей келе, *Кім келді, кім кетті, оны біле алмады* деген конструкцияның екінші компонентінде тұрған «оны» – анафористік сөз», – деп үшінші жақ есімдігінің құрмаластағы бір қызметін ашып көрсетеді [9, 29].

Жалғаулықсыз құрмалас сөйлемдердің құрамындағы анафоралы сілтеу есімдіктері төмендегідей қолданыстарда жұмсалады:

1. Сілтеу есімдіктері құрмалас сөйлем аясында біріншіден, алғашқы компоненттегі бір сөзді ауыстырып, екінші компонентте жұмсалу арқылы қолданысқа түседі. *Бұл, сол, осы, мынау, анау* т.б. сілтеу есімдіктері құрмалас сөйлемнің екінші компоненттерінде келіп, бірінші компоненттегі субстантивті немесе адвербиалды элементтерді ауыстыра отыра, құрмаластың сыңарларын байланыстырады. Мысалы, *Бұл қырқадан күншығысқа қарай кең құлашты **сай** кетеді, көш **осында** екен (І. Есенберлин).* Бұл мысалдардағы есімдіктер «сай», «жігіттер», «алма» деген сөздерді анафоралы сілтей отыра, құрмаластың компоненттерін байланыстырып тұр.

2. *Сол, сондай, сонша, соншалық, соншама, сол екен* деген анафористік элементтері бар, сандық - күшейтпелі мағыналы сөйлемдерден тұратын бірінші компонент, құрамындағы осы сөздер арқылы екінші компонентпен байланысқа түседі. Мысалы, *Қойнына салынған хаттың ыстықтығы **сонша** – төс қалтасынан еш алғысы жоқ (Ә. Нұршайықов); Менің оған ырза болғаным **сол,** ол менің ойымдағы істің барлығын да түгелдей орындап шықты. Ботагөздің қорыққаны **соншалық,** атты адамдарды көрсе тығылатын қуыс ізден кетеді (С. Мұқанов).*

3. Қатынас мотивациясын қиындату мағынасымен келетін *бұл, сол, ол, осы* анафористік сөздерінің байланыс құралы ретінде жүруі. Мұндай қолданыста сілтеу есімдіктері екінші компоненттің басында келеді, көбіне сол компоненттің бастауышының қызметінде жұмсалады. Мысалы, *Қазір институтты кернеген жалғыз-ақ әңгіме: **бұл** – 40 жылдық тойдың өтетіндігі туралы сөз; Махаббатта бір-ақ формула бар: **ол** – тұрақтылық.*

4. Құрмалас сөйлемнің компоненттерін байланыстыруда сілтеу есімдіктері екінші компоненттің құрамында келеді де, көбіне басқа топтағы, әсіресе, сұрау, сілтеу есімдіктерімен тіркесіп келіп, бірінші компонентке сілтейді және де сондағы ойдың жиынтығын келесі компонентке беруге ықпал етеді. Мысалы, *Осы жалғыз моланың тарихы өте тереңде, **міне не** туралы жазу қажет (М. Әуезов).*

5. Сілтеу есімдіктері құрмалас сөйлемнің құрамында катафоралық қолданыста жұмсалады. Мысалы, ***Соны** айтып берейін, менің қалыңдығым Айымбаламен алғаш қалай жолыққанымды (Б. Нұржекеев).*

Катафоралық қызметте көбіне *осындай, мынадай, солай* есімдіктері жұмсалып, олар құрмаластың алғашқы компонентінде келу арқылы компоненттерді байланыстырады. Мысалы, *Бізде **осындай** ой пайда болды: бүгін сабақтан тез қайтып, театрға барсақ. Үш оқушы **осылай** уделесті: бүгін сабақтан қашып кетпек.*

6. Сілтеу есімдіктерінің құрмалас сөйлем синтаксисіндегі келесі бір қызметі – жалғаулық, демеулік қызметтеріне ауысып, компонентаралық байланыс құралының қызметін атқаруы. Сілтеу есімдіктері бұл қызметінде көбіне шарттық мәндегі сөйлемдерде жұмсалады. Мысалы, *Құнанбайдан қорқатыны бар, **онда** тып-тыныш өз қосында отыра бермей ме? (М. Әуезов).*

Дейксистік есімдіктер дискурс элементерінің байланысын көрсетеді. Дейксистік есімдіктердің сілтейтін атауы дискурста болуы керек. Мынадай жағдайларда сілтеу есімдіктерінің анафоралық қолданыстары міндетті болмақ:

1. Бір референтке қатысты мәтіннің үзінделерін сәйкестендіру арқылы өздігінен тығыз байланысқа түспейтін тілдік элементтер арасындағы байланысты көрсету қажет болғанда: *Ұялшақтық – ұлтымызға тән қасиет қой. Әсіресе, ауыл балалары ұяң келетін әдеті емес пе? Жасында мен де* ***сондай*** *болдым (Ә. Нұршайықов).*

2. Семантикалық байланыстардың әлсізденуі синтаксистік факторларға байланысты болғанда сілтеу есімдіктерінің анафоралық қолданыстары міндетті болады: *Кімнің сатушы, кімнің алушы екенін де ажырату қиын.* ***Мұнда*** *бәрі де сатылады: байдың ары да, жарлының малы да (І. Есенберлин);*

3. Сөйлесім жалпы пікір ретінде түсініліп оны жекелеген сөз ретінде қолдану қажеттілігі туындағанда анафоралық қолданыстағы сілтеу есімдіктерінің жұмсалуы міндетті: *Кімнің құсы бұрын борып дуадақ ілсе, Еңлік-Кебек жыры* ***сонікі*** *болсын (М. Әуезов).*

ҚОРЫТЫНДЫ

Жалпы дейксистік есімдіктердің дискурстағы қолданыс аясы кеңінен сөз болатын мәселе, біз оның тек бір қырын ғана әңгіме еттік. Мұнда функционалды грамматикадағы тілдік терминдердің дискурстық қолданыстары кеңінен айтылды. Есімдіктердің синтаксис аясында дейксистік, эгоцентристік, анафоралық қызметте жұмсалу жолдары ғылыми талданды. Осы ұғымдарды саралап, олардың тіл біліміндегі қолданыстарын ғалымдардың ой-пікірлерімен ұштастыра отырып тұжырымдадық. Есімдіктердің басқа сөз табының орнына жүруімен олардың орынбасарлық қызметтері нақты мысалдармен дәлелденіп, талданды. Яғни, орынбасу, субституция ұғымы мысалдармен дәлелденді. Сондай-ақ, есімдіктердің құрмалас сөйлемдерді байланыстырушы қызметі тілдік материалдар негізінде нақтылы сөз болды.

Дейксистік есімдіктері дискурсивті анафоралық қолданыста кеңінен жұмсалып, мәтін, сөйлем элементтерін байланыстыратындығы және де мәтіндегі керексіз қайталауларды ауыстыратындығы ғылыми дәлеледенді. Бұл қызметінде олар өзіндік анафоралық та, катафоралық та қолданыстарда жұмсалатындығы әдеби шығармалардың мәтіндерінен алынған нақты мысалдармен талданып, таратылды. Есімдіктердің бұл қызметі мәтін синтаксисінде кеңінен орын алатындығы мақалада осы жолмен талданып, дараланып, ғылыми тұжырым жасалды. Синтаксистік жүйедегі анафоралық байланыс пен дейксистік сілтеуді қарастырудағы сілтеу есімдіктерінің қарастыратын қызметі негізгі болатындығы осы саланы зерттеп жүрген ғалымдардың пікіріне сүйене отырып, сонымен бірге, әдеби шығармадағы мәтіндермен нақтыланып талданды. Мақалада сілтеу қызметінен туындайтын тілдік терминдердің қолданыстары кеңінен айқындалды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Безруков В.И. Контекст и прямое значение слово. – Тюменск: ТГУ, 1962. – С. 14.
Bezrýkov V.I. Kontekst ı prıamoe znachenıe slovo. – Tıýmensk: TGÝ, 1962. – S. 14.
2 Маловицкий Л. Номинативные и дейксические значения. – Ленинград: Наука, 1976. – С. 88-89.
Malovıtskı L. Nomınatıvnye ı deıksıcheskıe znachenıa. – Lenıngrad: Naýka, 1976. – S. 88-89.
3 Евтюхин В. Субъектная интерпретация высказывания и местоименная игра // Проблемы комплексного анализа языка и речи. – Ленинград: Ленинградский университет, 1982. – С. 118-205.
Evtúhın V. Sýbektnaıa ınterpretasıa vyskazyvanıa ı mestoımennaıa ıgra // Problemy kompleksnogo analıza ıazyka ı rechı. – Lenıngrad: Lenıngradskı ýnıversıtet, 1982. S. 118-205.
4 Арутюнова Н.Д. Коммуникативная функция и значение слово // Филологические науки. – 1973. – № 3. С. 42.
Arýtıýnova N.D. Kommýnıkatıvnaıa fýnktsıa ı znachenıe slovo // Fılologıcheskıe naýkı. – 1973. – № 3. S. 42.
5 Уфимцева А.А. Типы словесных знаков. – Москва: Наука, 1974. С. 46-75.

Ýfimtseva A.A. Tıpy slovesnyh znakov. – Moskva: Naýka, 1974. S. 46-75.
6 Шемелева Т.В. Русское местоимение как часть речи. – Киев, 1997.
Shemeleva T.V. Rýsskoe mestoımenıe kak chast rechı. – Kıev, 1997.
7 Петрова О.В. Местоимения в системе функционально-семантических классов слов. – Воронеж: Воронежский университет, 1989. С. 30-142.
Petrova O.V. Mestoımenıa v sısteme fýnktsıonalno-semantıcheskıh klassov slov. – Voronej: Voronejskı ýnıversıtet, 1989. S. 30-142.
8 Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. – Алматы: Санат, 1994. 25-207 бб.
Amanjolov S. Qazaq ádebı tili sıntaksısiniń qysqasha kýrsy. – Almaty: Sanat, 1994. 25-207 bb.
9 Әмір Р. Іргелес салалас сөйлемдер // ҚазМу хабаршысы. Филология сериясы. 1999. № 31. 23-29 бб.
Ámir R. İrgeles salalas sóılemder // QazMý habarshysy. Fılologıa serıasy. 1999. № 31. 23-29 bb.
10 Салқынбай А. Функциональды грамматика очерктері. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. 17 бб.
Salqynbaı A. Fýnktsıonaldy gramatıka ocherkteri. – Almaty: Qazaq ýnıversıteti, 2003. 17 bb.
11 Смағұлова Г. Мәтін және дискурс. Мәдениетаралық қатысым мен қазақ, орыс филологиясының өзекті мәселелері / Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. 1 том. Алматы, 2004.
Smaǵulova G. Mátin jáne dıskýrs. Mádenıetaralyq qatysym men qazaq, orys fılologıasynyń ózekti máseleleri / Halyqaralyq ǵylymı-praktıkalyq konferentsıanyń materıaldary. 1 tom. Almaty, 2004.

Материал 20.11.2020 баспаға түсті

REFERENCES

1 Bezrukov V. I. Context and direct meaning of the word. – Tyumen: TSU, 1962. – P. 14.
2 Malovitsky L. Nominative and taksikuskit values. – Leningrad: Nauka, 1976. – From 88-89.
3 Evtyukhin V. Subjective interpretation of utterance and pronominal play // Problems of complex analysis of language and speech. - Leningrad: Leningrad University, 1982. – P. 118-205.
4 Arutyunova N. D. communicative function and meaning of the word / / Philological Sciences. - 1973. – NO. 3. – P. 42.
5 Ufimtseva A. A. Types of verbal signs. – Moscow: Nauka, 1974. – Pp. 46-75.
6 Shemeleva T. V. Russian pronoun as part of speech. – Kiev, 1997.
7 Petrova O. V. Pronouns in the system of functional-semantic classes of words. – Voronezh: Voronezh state University, 1989. – Pp. 30-142.
8 Amanzholov S. A Brief course on the syntax of the Kazakh literary language. – Almaty: Sanat, 1994. – pp. 25-207.
9 Amir R. adjacent branch sentences / / Bulletin of Kazgu. Philological series. 1999. – No. 31, pp. 23-29.
10 Salkynbay A. essays on functional grammar. – Almaty: Kazakh University, 2003. – 17 p.
11 Smagulova G. text and discourse. Intercultural interaction and actual problems of Kazakh and Russian philology / materials of the International Scientific and practical conference. Volume 1. Almaty, 2004.

Применение языковых терминов, возникающих из указательной функции местоимений

Т.Р. Абдыкадырова[1], Г.С. Мейрманова[1], Ф.К. Кенжегулова[1]
[1]Таразский региональный университет им. М. Х. Дулати, г.Тараз, 080000,
Республика Казахстан

В научной статье говорится о дискурсивном использовании языковых терминов в функциональной грамматике. Научно анализируются способы употребления местоимений в

дейксической, эгоцентрической, анафорической функциях в рамках синтаксиса. Эти понятия были дифференцированы и сформулированы в соответствии с мыслями и мнениями ученых. В статье также говорится об использовании местоимения вместо другой части речи, то есть его заместительной функции. Понятия «заместитель», «субституция» доказаны примерами. Кроме того, рационально изучена указательная функция местоимений. Также на основе языковых материалов конкретно рассказано о связующей функции местоимений в сложных предложениях. В статье широко раскрыто употребление языковых терминов, возникающих из указательной функции местоимений.

Материал поступил в редакцию журнала 20.11.2020

The application of language terms arising from the demonstrative activity of pronouns

T. R. Abdikadyrova[1], G. S. Meirmanova[1], F. K. Kenzhegulova[1]
[1]Taraz regional university named after M. H. Dulati, Taraz, 080000, Republic of Kazakhstan

The article reveals the discursive application of language terms in functional grammar. The ways of using pronouns in action, egocentric, anaphoric activity within the framework of syntax are scientifically analyzed. Moving analyzed these concepts, their application in linguistics in combination with the thoughtsof scientists is formulated. Said about the substitutive function of the pronoun instead of another part of speech. That is, the concept of substitute, substitution is proved by examples. In addition, the language uses of the new direction resulting from the referential activity of pronouns are rationally studied. Also said about the function of pronouns linking complex sentences based on language materials. The article broadly defines the application of language terms arising from the demonstrative activity.

Received: 20.11.2020

УДК 81.112-4

М.С. Атабаева[1], М.М. Снабекова[2]
[1]ф.ғ.д., профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., 050063, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/ 0000-0002-9455-6653. E-mail: mereke.atabaeva@gmail.com
[2]докторант, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., 040726, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/ 0000-0002-0110-6814. E-mail: arumama@mail.ru

ХАЛЫҚТЫҚ КОСМОНИМДЕР – ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМ ЖАЙЫНДАҒЫ АҚПАРАТ КӨЗІ

Өмірде жалпы есімге қарағанда, жалқы есім едәуір көп деп есептеледі және де жалқы есім лексиканың ең жылжымалы, өзгермелі қабаты саналады. Бұл өзгеріс, көбіне, өмірдегі саяси, мәдени, экономикалық жағдайларға сай кісі аттары, елді мекен атауларында жиі ұшырайды. Сонымен қатар, аспан әлемі, аспан денелері атауларының «сыр-сипатына» қарағанда, олардың есте жоқ ескі замандарда жасалып, бүгінгі күнге азды-көпті өзгерістермен жеткендігін аңғаруға болады. Атау беруші халық жалқы есімдер арқылы өзінің таным әлеміне, танымдық көзқарасына сәйкес әлемнің моделін, қалып-бейнесін, яғни ономастикалық кеңістігін жасайды. Тіл атаулыға ортақ заңдылық болатыны шындық, дегенмен ортақ құбылыстарды әр ұлт өзінше танып түсінеді, өзінше бейнелейді. Ол ұлттың дәстүрлі мәдениетін құрайды. «Мәдениет – таным жемісі» болса, мақалада

халықтық космонимдер мазмұнындағы ұлттық дүниетаным негізі жайында, сол атаулар арқылы берілетін этномәдени ақпарат жайында сөз болмақ.

Кілт сөздер: космоним, халықтық космонимдер, дәстүрлі мәдениет, ұлттық таным, әлемнің тілдік бейнесі

КІРІСПЕ

Қазіргі Қазақстан аумағы Орта Азиямен қатар ежелден-ақ әлемнің Шығысы мен Батысын жалғастыратын көпір қызметін атқарғаны белгілі. Аймақты шөлдер мен суармалы аудандар, таулар мен ормандар, шетсіз-шексіз жазық далалы кеңістіктер құрайды. Осыған орай, бұл аймақта отырықшы және көшпелі мәдениет үйлескен күрделі мәдени-шаруашылық кешен қалыптасты [1, 138]. Қазақтың дәстүрлі мәдениетінің ошағы – көшпелі мал шаруашылығы географиялық ортамен тығыз байланыста ғана өмір сүре алады, себебі шаруашылықтың бұл түрі өзіндік физика-географиялық, табиғи ерекшелігі бар белгілі геоэкологиялық зоналарда ғана болады. Көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан халық өзі мекен еткен, тіршілік құрған географиялық ортаға бейімделген, осыған орай, қажетіне қарай сол ортаның табиғи ресурстарын пайдалана да білген. Шаруашылықтың бұл түрімен айналысқан қазақтар территорияның ландшафтық ерекшеліктерін, әсіресе, ең негізгі қажеттілігі – мал жайылымына байланысты табиғи ерекшеліктерді жан-жақты меңгерген. Қазақтың ежелгі дәстүрлі мәдениеті *көктеу, жайлау, күздеу, қыстау* аталатын маусымдық жайылымдарды пайдалану арқылы көшпелі сипатқа ие болған, жылдың төрт мезгілінде өзінің тіршілік ететін кеңістігін жылына бір айналып өтеді. Жазық дала мен аспан аясын дөңгелек пішінде қабылдау үрдісі ежелгі сақ көшпенділері дүниетанымымен байланысты болатын. Қазақтардың өзі өмір сүретін кеңістікті игеруі дөңгелек үлгісіндегі шексіздік мағынасын білдіретін киіз үйдің құрылымынан көрінеді. Бұл жолда қазақтар жер бедерін меңгерумен қатар, мал шаруашылығының қамына орай, аспан әлемі сырларын да түсінуге бейімделген. Қазақтардың астрономиялық білімі мол болғаны олар қалыптастырған халықтық космонимдерден көрінеді.

Әр халықтың әлем туралы түсінгі мен көзқарасынан ономастиканың салалары құралады немесе ономастиканы халықтың әлем туралы танымы құрайды деп есептеуге болады. Жер-су атауларын алғаш география ғылымы зерттегеніндей, адамзатқа аспан денелері атаулары туралы алғашқы түсінік пен ғылыми-теориялық негіз астрономиялық зерттеулер арқылы жетіп келеді. Ю.А.Карпенко қазіргі кезеңде әлем астрономдарының ғарыш нысандарын белгілеуде қалыптасқан бірыңғай атауларды қолданатынын айтады [2, 33-15], өйткені ғылыми терминология ортақ. Ал адамзатқа ортақ Әлемді, әр халық,тіпті, олардың белгілі әлеуметтік топтары өзінше көріп таңбалаған. Адам баласының өзін қоршаған ортаны тану әрекеті қашан да атауға арқылы таңбаланып, сөзбен өрнектеледі. Аспан әлемі атаулары ономастиканың бір бөлігін құрайтын тіл деректері болып табылады. Лингвистикада аспан әлемі атаулары космонимдер және астронимдер болып екі түрлі аталып келеді. Н.В.Подольскаяның пайымдауынша, жұлдыз, планета, комета және астероидтар – *астронимдер* тобын, ал шоқжұлдыз, галактика, космостық кеңістік атаулары – *космонимдер* тобын құрайды [3, 39,68]. Т. Жанұзақов осы қабаттаса қолданылып жүрген терминдерді біріздендіру қажеттілігіне орай, Ай, Күн, Жұлдыз аттары мен олар жайлы материалдар *космонимдер* деген терминмен, ал оларды зерттейтін тіл ғылымының ономастика бөлімінің саласын *космонимика* деп атау қалыптасқанын айтады [4, 51-62]. Бұл топтардағы көзге құралсыз көрінетін ғарыш нысандарының атауы – *халықтық космонимдер.*

Халықтық космонимдер қатарына ең көне, ежелгі атаулар жатады. Осы көне атаулар мен олардан туындайтын тілдік бірліктер лингвистика ғылымының нысаны болып табылады. Қазақ ономастикасының кенжелеу дамыған саласы аспан денелері атаулары саналады. Халықтық космонимдер туралы алғашқы деректерді Махмұд Қашқари [5], Шоқан Уәлиханов [6] еңбектерінен көруге болады. Шоқан Уәлиханов қазақ және қырғыз халықтарының аңыз-жырларын, салт-дәстүрлері, діні мен тілін зерттеумен қатар, көптеген ономастикалық деректер

қалдырған. «Іле өлкесінің географиялық очеркі», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ыстық көл сапарының күнделігі», «Ұлы жүз халықтарының аңыз-әңгімелері», «XIII ғасыр батырлары туралы әңгімелер», «Қырғыздардағы шамандықтың қалдығы» т.б. Осы соңғы жазбасында қазақтардың *космологиялық* түсініктері мол болғандығы жайында да көлемді еңбегі бар [6, 52-64]. Тілді зерттеудің антропоөзекті бағыты кезеңінде космонимдер этнолингвистикалық [7], лингвомәденитанымдық [8] зерттеулердің нысанына айналды. Адамның танымдық әрекеті ақиқат болмысты тануға, қоршаған ортаны түйсініп, жинақтаған білімдер негізінде әлемдегі орнын түсінуге бағытталады. Адам қашан да әлемді танып, ондағы өз орнын айқындауға талаптанады. Тіл – сөйлеушілердің дүниетаным ерекшеліктерін бейнелейтін құрал, ерекше ұлттық ділдің көрсеткіші, мәдениеттің негізі. Ә.Т. Қайдардың пайымдауынша, «Этнос туралы осыншама мол деректер мен мағлұматтарды тек тіл ғана өз бойына сыйғызып, сары майдай сақтап, шашпай-төкпей ұрпағына жалғастыра алады.Осы қасиетіне байланысты тіл феноменін – «*тіл әлемін*» этностың өзін танытудың қайнар көзі, біліктіліктің каусар бұлағы десек артық айтқандық емес» [9, 11]. «Этностың өзін» танытатын тіл деректерінің бір саласы – халықтық космонимдер. Қай халық болса да, ақиқат шындықты таңбалап қана қоймайды, қоршаған орта нысандарын өмір сүру, тіршілік ету қажетіне жаратады. Космонимдер – халықтың тұрмыс-тіршілігіндегі ауадай қажет, тіпті, оның өзегі, тірегі болып табылатын *күнтізбе* жасау құралы.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Халықтық космонимдер – ұлттық таным көзі. Халықтық космонимдік атаулар деп, аспан әлеміндегі көзге құралсыз көрінетін ғарыш нысаны атауларын айтады [10, 55]. Лексиканың басқа саларына қарағанда, халықтық космонимдер көлемі шағын саналады. Қ.Аронов оның үш түрлі себебін көрсетеді: *біріншіден*, олар есте жоқ ескі замандарда пайда болған да, біразы ұмытылғандықтан, тілде сақталмаған; е*кіншіден,* лингвистика көбіне халықтық космонимдерді зерттеуді мақсат етеді, *үшіншіден*, “космоним деп тек аспан шырақтары атауларын таниды” деп есептейді. Сонымен қатар, қазақтың халықтық космонимдерін: жеке жұлдыздарға, топ жұлдыздарға, шоқ жұлдыздарға, Зодиактік шоқ жұлдыздарға, Күн жүйесіндегі аспан шырақтарына, комета мен метеорға, ғарыш пен галактикаға қатысты космонимдер деп жеті тақырыптық топқа бөледі [7, 12-16]. Халықтық космонимдер – халықтың аспан шырақтарына ғылымға дейін-ақ берген өзіндік атаулары, сондықтан олар астрономия ғылымы терминдерімен сәйкесе бермейді. Атаулар өз дәуірінің ерекшелігінен хабар береді. Адамның танымдық әрекеті ақиқат болмысты игеруге, қоршаған ортаны түйсініп, өзі жинақтаған білімдер негізінде әлемдегі орнын түсінуге бағытталады. Қазақтардың да халықтық космонимдерді танып білу мақсаты да сонау ежелгі замандардан бастау алады. Бұл адамзат үшін өзін қоршаған уақыт пен кеңістікті анықтап, реттеп таңбалау қажетіне сай пайда болған.

Сахараның ұлы ғалымы, тіл зергері Махмұт Қашқари: «Көшпенді, мұсылман болмаған түріктер жылды төрт мезгілге бөліп, әр үш айды бір атпен атайды. Жылдың өткенін сол жолмен білдіреді. Наурыздан (жаңа күннен) кейінгі ерте көктем айын «Оғлақ ай – Оғлақ айы (көктем айы)» дейді, одан кейінгі айды «Ұлұқ оғлақ ай – Ұлы оғлақ айы (үлкен көктем айы)» дейді. Өйткені бұл айда лақ үлкен болып қалады. Одан кейінгі айды «Ұлұқ ай – Ұлық ай, үлкен ай» дейді, өйткені бұл ай жаз ортасында болып, осы кезде жердің жүзі берекеге толып, мал-жандар оңалып, семіреді, сүт көбейеді және сол сияқты басқасы да жетіледі» [5, 1: 404-405], – деп сипаттайды.

Аспан әлемі атаулары: *Ай, Күн, Жұлдыз, Аспан* – әлемге ортақ астрономиялық атаулар. Бұл атаулардың табиғаты жайында С. Қондыбай: «Ес білгелі көріп келе жатқан түнгі аспанның шырақтары, олардың қозғалысы адамзат бақылауының, ой машығының, тәжірибе жинақтауының қайнар көзі болған аспан, ең алдымен түнгі аспан – адамзат танымының әліппесі мен зертханасы іспетті» [11, 10], – дейді. Әр адам белгілі ұлттың өкілі болғандықтан, ұлттық дәстүр, ұлттық мәдениет, тіл, тарихы, әдебиеті бөлек болатыны

сияқты аспан әлемін, «таным әліппесі мен зертханасын», да әр халық өзінше зерделеп, пайымдайды, тұрмыс-тіршілік жағдайына қарай таңбалап, бейнелейді.

Қазақтың белгілі жазушысы, этнограф Сәбит Мұқановтың айтуына қарағанда, әлемдегі өзге де халықтар тәрізді қазақтың ата-бабалары да Күн, Ай, Жұлдызды тәңірге санап, оған сиынған. «Тәңір» Тибет тілінде «аспан» дегенді білдірген. Аспанның түсі көгілдір болғандықтан, қазақтар оны «көк» деп атады. Мифологиялық негізде пайда болған құдайлардың бәрінің негізгі тұрағы – аспан әлемі немесе биік таулардың басы, сол себепті аспан әлемін «тәңірге» балаған қазақ Күнді, Айды, Жұлдызды мифке айналдырған. «Күн» – қазақта қасиетті ұғым, «күн күркіреуін» Тәңірдің даусына теңеген. Қазақ фольклоры деректеріне қарағанда, «Күн астындағы Күнсұлу» мен «Ай астындағы Айсұлу» – осы аттас ертегілердің кейіпкерлері. Шолпан, Үркер – жер қорлығын көріп аспанды паналап жүретін қыздар. Шолпан – мифологиялық кейіпкер, үнемі Күннің бақылауында болатын қыз. Сол бақылаудан қашып жүріп, жылына бір рет айдың бауырын паналайды. Мұны қазақтар «Шолпанның айға тоғысуы» дейді. Шолпанның сенімді сақшысы – Темірқазық [12, 38-39].

Жылдың төрт мезгілі – көшпелі тұрмыс кезеңдері. «Тоғыс» аспан денелерінің жолығысуы дегенді білдіреді, сол арқылы халық ай мен күннің алмасуын, уақыт мөлшерін, жыл мезгілдерін ажыратып, өзіндік күнтізбесін жасаған. «Тоғыс» – «амал» тәрізді халықтық астрономиялық атау. «Күні-түні далада жүретін көшпелі ел, бақташылар, аңшылар аспан әлеміне зер сала бақылап, ондағы әрбір көрініске ерекше мән береді. Жұлдызға қарап бағыт-бағдар ажырату әдеті малшылардың күнделікті тіршілігінде әлі күнге дейін сақталған» [12, 39], – деген пайым жасайды. Шаруаның жайы үшін қазақ арасында жұлдыз бақылау қажет болды осыған орай, халық арасында табиғатынан зерек қойшы, малшылардың ішінен айтулы «жұлдызшы», «есепшілер» шыға бастады. «Жұлдыздың тууы, көтерілуі, төбеге келуі, еңкеюі, батуы аумастан жыл сайын жылдың бір белгілі мерзіміне тура келеді де отырады. Ендеше уақыт есебін жұлдыз бойынша жүргізу өте ыңғайлы» [13, 16-19]. Малдың ерте төлдегені де, кеш төлдегені де шаруашылыққа ыңғайсыз, сондықтан малдың неше айда төлдейтінін дәл есептей келіп, күздігүні белгілі уақытқа туралап, күйек алынады. Жылы су ішсе, түйе қараөкпе болады, ал Сүмбіле туа су салқындайды да, түйе мен қой өкпе ауруынан аман қалады. Қаратаудың жоны салқын болады, шілдеде жонның ең биігінде боламыз, Таразы тумай таудан түспейміз, Таразы туған соң етекке жылжимыз, Сүмбіле туған соң Сырға кетеміз дейді екен Сыр бойы малшылары. Жаздыгүні төрт түліктің қайсысы болса да, таңертеңгі, кешкі салқында жақсы оттайды. Малды семірту үшін Шолпан туа өргізеді, малдың өрер, келер мезгілін жұлдызбен айырады. «Қойшының қоңыр жұлдызы», «Шолпан жұлдызы» деген атаулардың өзі-ақ малшылық тұрмыстан шыққандығын көрсетіп тұр [13, 16-19].

Жүнді көп аламын деп кеш қырықса, күздігүні қара жауында жүні жетілмеген қой суықтан қырылады. «Қой керек болса, мизамда қырық, жүн керек болса, қазанда қырық» деген сөз өмір тәжірибесінен туған. Ғ. Қоңқашбаевтың тұжырымдауынша, Қазақстан жерінің кеңдігінен оның табиғаты да әртүрлі, оңтүстігі құмды ыстық шөлдер болса, солтүстігінде орманды далалар, ал оңтүстік-шығысында бір белдеуде созылып жатқан таулар болғандықтан, шаруашылықты жүргізу, жерді күтіп баптауға өз әсерін тигізбей қоймайды [14, 19]. Осындай кең өлкеде көшіп жүру сауық-сайран емес, шаруашылық жағдайы туғызған машақаты көп тірлік екені анық. Шаруашылықтың географиялық жағдайға тәуелділігін зерделеген халық «есепшілері» маусымдық жұмыстардың дер кезінде атқарылуын қадағалаған, бұл әр маусымдық әрекеттің тағдырын шешетін шарт екенін білген. Шаруа жағдайы уақытты есептеуді қатаң қажет еткен. Қазақ жері жағдайында уақыт есептеу әр аймақтың ерекшелігіне сай болған. Кейінгі кезеңдерде пайда болса да, «Көктемнің бір күні – жылға азық» мәтелі осы дәстүрлі мәдениет дерегі болады. Х. Әбішевтің тұжырымдауынша, «...осыдан барып, тоғыс есебі дейтін ай санағының ерекше календары туды, аспанды бақылау, жұлдыздарды белгілеу рәсім болды» [13, 16-17].

Халық «астрономдары» Үркер жоғары көтеріле берсе, күн суи береді, Үркер төмендесе, күн жыли бастайды деп, жыл мезгілдерін Үркердің Таразының, Сүмбіленің, Босағаның

орнына қарап айырады да, шаруашылықты соған қарай тиімді жүргізуге бейімделеді. Осыған орай, халықтың өзіндік астрономиялық лексикасы қалыптасқан. О.Әбутәліптің зертеуінде жыл мезгілдеріне қарай Үркер көрінбей кетеді, қазақ оны «жерге түсті», «жатып қалды», «жамбастады» деп атайтынын, Үркердің көкке көтерілуін «Үркер жер бетіне шықты», «Үркер туды» дейтінін келтіреді [8, 47]. Үркердің осы қозғалысын «таң қылаң берді», «таң саз берді», «ымырт жабылды», «ымырт үйірілді» т.б. тәрізді тіркестермен мезгіл ұғымын білдіру үшін қолданған. Халықтың тұрмыс-тіршілігін бейнелейтін тіркестер ұлттық дүниетаным көрінісі болып табылады. Халықтың астрономиялық білімі Үркерге қарап, жыл мезгілдерін анықтауға негіз болады.

Үркер жерге түсті, Үркер жерге түспей жер қызбайды, Үркер жерге түспей жер жазбайды, Үркер жерге түсерде қой қырқылады, Үркер жерге түссе жер көктейді, малдың басы көкке тиеді, адамның аузы аққа тиеді т.б. тәрізді ұғымдар – *Көктемнің* белгісін білдіреді.

Үркер іңірде «жамбасқа» келді, Үркер жерге жер бетіне шықты қозы пісті, Үркер көтерілгенде шөп те көтеріледі, бидай бас тартады, Үркер жамбасқа келді тоқты сорпасы ас болады, Үркер жоғарыламай лақ сорпасы ішуге келмейді, Үркер тумай сорпа ішуге келмейді тәрізді ұғымдар – *Жаздың* белгісін танытады.

Үркер көтеріледі, күздің басында төбеден көрінеді, қазан қарашада Үркер батпай таң атады, бұл айларда Үркер күндіз батады. Сүмбіле туғаны қоңыр күздің белгісі. Сүмбіле туса жаз аяқталып мал семіреді, Сүмбіледе сорпа майлы. Сүмбіле туғанда халық қыс қамын жасай бастайды. Бұл ұғымдар – *Күздің* белгісін көрсетеді.

Желтоқсан айында түнге қарай қызыл іңірде туған Үркер таңға жақын батады. Бұл күннің қысқарып түннің ұзаратынын білдіреді. Малшы қауым үшін аса қиын кезең басталады. Бұл кезең «күн тоқырау» деп аталады. Бұл – *Қыстың* белгісі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Космонимика – лингвистикалық пән, сондықтан оны аспан әлемі атауларының ғылыми дефинициясы емес, алдымен, *халықтық космонимдік* атаулар, олардың халықтың өмір сүру салтына негізделген қолданбалылық мәні мен осы қызметтен туындайтын фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, аңыздар т.б. тіл бірліктері қызықтырады.

Ай, Күн, Жұлдыз, Аспан – атауларынан халық арасында көптеген эпитет, метафора мен фразеологизмдер туындаған, олар халық танымына орай әртүрлі мағыналарды білдіреді. *Айдай таза, күндей нұрлы* – «өте көрікті, асқан сұлу», *айдай сұлу* – «өте сұлу» мағынасын білдіреді. Халық Ай мен Күнді салыстыра келе, «*Ай*дың жүзіне көз тоқтатып қарауға болады - кісінің жүзі таймайды, ал *Күн* ащырақ, сондықтан *Ай* сұлуырақ» дейтін түсінік қалыптасқан. Ғылымда дәлелденгендей, Күн – жарық пен жылудың сарқылмас көзі, ал Ай – өзі жарық шығармайтын қараңғы дене. Қараңғылық – халықтың қас жауы. Нағыз сұлулық – күнде «Атқан таңдай, шыққан күндей» – «ұзатылып бара жатқан қызға берілтін бата», барған жеріңде әр нәрсеге қолыңды жеткіз, «Алдыңнан Ай, артыңнан Күн тусын» дегенді білдіреді. *Ай арасы толас болады* – екі ай аралығындағы жауын-шашынсыз, саябыр кезең. Халықтық астрономияда ескі ай мен жаңа ай аралығын «өліара» деп атайды. Халықтың «Ай арасы толас болды» дегені «өліара» мезгілімен сәйкеседі.

Аспан денелерінің халық тұрмысындағы маңызына қарай тіл байлығы: *темір қазығы болу, темір қазық жастану, ай қабақ алтын кірпік, ай-айдың оты басқа, айдан ұл тудырып, күннен қыз тудырып* т.б. тәрізді оның рухани мәдениетін бейнелейтін эпитет пен метафора, аңыздар, лексикалық және фразеологиялық бірліктермен қатар мақал-мәтелдермен толығып отырады.

Қазақ халқының ата-бабалары мұсылмандыққа дейін-ақ, тұрмыс-тіршілік жағдайына қарай жер беті мен аспан әлемін терең зерделеген, олардың арасындағы байланысты анықтап, әл-ауқатының деңгейін мал-жанының аман болуымен өзектестірген. Қазақтың арғы аталары тұрмыс-тіршілігінің көзі болып табылатын мал-жанын аман сақтап, әл-ауқатын

көтеру үшін топонимдік кеңістікпен қатар, аспан әлемін терең зерттеп, зерделеген, сол арқылы күнделікті уақыт мерзімін, ай, апта, жыл мезгілдерін анықтап отырған. Сонымен қатар, аспан әлемін көзбен көріп бақылап қана қоймай, сол жинаған білімдерін өзінің күнделікті тұрмыс-тіршілігінде қолданған. Бұл білім қазақ халқының күнтізбесін жасауға негіз болған. Мәдениет тілде таңбаланады дегенде, мәдени мазмұнның тілдік таңбалар арқылы берілуін, оның тілдік таңбалардағы көрінісін айтады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Қаймулдинова К.Д. Топонимика. – Алматы: Дәуір, 2011. – 336 б.
Kaimuldinova K.D. Toponymyka. – Almaty: Dauir, 2011. – 336 b.
2 Карпенко М.В. Названия звездного неба. – Москва: Наука, 1981. – 184 с.
Karpenko M.V. Nazvaniye zvezdnogo neba. – Moskva: Nauka, 1981. – 184 s.
3 Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. – М.: Наука, 1988. – 187 с.
Podolskaya N.V. Slovar' russkoy onamasticheskoy terminalogii. – M.: Nauka, 1988. – 187 s.
4 Жанұзақ Т. Космонимдердің лексика-семантикалық ерекшеліктері // ҚазССР ҒА-ның Хабаршысы, филология сериясы, 1978 июнь. – №6. – 51-62 бб.
Zhanuzak T. Kosmonimderdin leksika-semantickalyk erekshelikteri // KazSSR GA-nұң Khabarshysy, philologya seriyasy, 1978 iyun'. – No. – 6.-51-62 bb.
5 Қашқари М. Диуани-луғат-ит-түрік. – 1997, 1. – 590 б.
Kashgari M. Diuani-lukat-it-turik-1997, 1. – 590 b.
6 Уәлиханов Ш. Қырғыздардың космологиялық түсініктері. Көптомдық шығармалар жинағы, 4-том.- Алматы: Толағай групп., 2010. – 61-63 бб.
Ualikhanov Sh. Kyrkyzdardyn' cosmologyalyk tusinikteri. Koptomdyk shygarmalar zhinagy, 4-tom. – Almaty: Tolagai group, 2010. – 61-63 bb.
7 Аронов Қ.Ғ. Қазақ тіліндегі космонимдердің этнолингвистикалық табиғаты. Филология ғыл. кандидаты дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. – Алматы, 1992. – 186 б.
Aronov K.G. Kazakh tilindegi cosmonimderdin ethnolinguistics tabiғaty. Philology Yyl. candidates drezhesin alu shin dayyndalғan diss. – Almaty 1992. – 186 b.
8 Әбутәліп О.М. Қазақ күнтізбе жүйесінің лексика-фразеологиялық бірліктері. Филол.ғылым. канд.диссертация. – Алматы, 2008. – 104 б.
Abutulip O.M. Kazakh kyntizbe zhyesinin leksika-phraseologylyk birlikteri. Filol.Gylym. Kand. dissertasiya. – Almaty, 2008. – 104 b.
Қайдар Ә.Т.Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.
Kaydar A.T. Kazak tilinin ozekti maseleleri. – Almaty: Ana tili, 1998. – 304 b.
10 Мадиева Г.Б., Иманбердиева С.Қ, Мадиева Д.Б. Ономастика: теориясы мен практикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 192 б.
Madieva G.B., Imanberdieva S.K., Madieva D.B. Onomastika: teorya men practikasy. – Almaty: Kazakh universiteti, 2016. – 192 b.
11 Қондыбай С. Арғы қазақ мифологиясы. 2-кіт. – Алматы: Дайк-пресс, 2004. – 516 б.
Kondybai S. Argy Kazak mythologyasy. 2-kit. – Almaty: Daik-press, 2004. – 516 b.
12 Мұқанов С. Халық мұрасы. – Алматы: Қазақстан, 1974. – 236 б.
Mukhanov S. Khalyk murasy. – Almaty: Kazakhstan, 1974. – 236 b.
13 Әбішев Х. Аспан сыры. – Алматы: Жазушы, 2009. – 264 б.
Abishev H. Aspan syry. – Almaty: Zhazushy, 2009. – 264 b.
14 Қоңқашбаев Г.К. Казахские народные термины. Автореферат дисс. канд. филол. Наук. – Алматы, 1949. – 20 б.
Konkashbaev G.K. Kazakhskyie narodnye terminy. Avtoreferat diss. kand. philol. nauk, Almaty. – 1949. – 20 b.

Материал 19.11.2020 баспаға түсті

REFERENCES
1 Kaimuldinova K.D. Toponymy. – Almaty, 2011. – 336 p.
2 Karpenko M.V. The names of the starry sky. – Moscow, 1981. – 184 p.
3 Podolskaya N.V. Dictionary of Russian onomastic terminology. – M., 1988. – 187 p.
4 Zhanuzak T. Lexical-semantic peculiarities of cosmonyms // Bulletin of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR, series of the philology. – June 1978. – No 6. – 51-62 pp.
5 Kashgari M. Diuani-lukat-it-turik, 1997, 1. – 590 p.
6 Ualikhanov Sh. Kyrgyzs cognitions about cosmonyms. Collection of multi-volume works, volume 4. – Almaty, 2010. – 61-63 pp.
7 Aronov K.G. Ethnocultural nature of Kazakh cosmonyms. Dissertation written to get academic degree of candidate of Philological sciences. – Almaty, 1992. – 186 p.
8 Abutulip O.M. Lexical and phraseological units of the Kazakh calendar system. Dissertation written to get academic degree of candidate of Philological sciences. – Almaty, 2008. – 104 p.
9 Kaydar K.T. Topical issues of the Kazakh language. – Almaty, 1998. – 304 p.
10 Madieva G.B., Imanberdieva S.Қ, Madieva D.B. Onomastics: theory of men practice. – Almaty: Kazakh university, 2016. – 192 p.
11 Kondybai S. Ancient Kazakh mythology. 2nd book. – Almaty, 2004. – 516 p.
12 Mukhanov S. Folk heritage. – Almaty: Kazakhstan, 1974. – 236 p.
13 Abishev H. Secrets of the Sky. – Almaty: Zhazushy, 2009. – 264 p.
14 Kongashbaev G.K. Kazakh folk terms. Abstract of dissertation. Cand. philol. Sciences. – Almaty, 1949. – 20 p.

Народные космонимы – источник информации о мировоззрении

М.С. Атабаева[1], М.М. Снабекова[1]
[1]Казахский национальный женский педагогический университет, г. Алматы, 050063, Республика Казахстан

Считается, что собственных имен существительных намного больше, чем нарицательных, и собственные имена являются наиболее подвижным, изменчивым пластом лексики. Эти изменения часто происходят в названиях населенных пунктов, именах людей в соответствии с политическими, культурными, экономическими условиями жизни. Вместе с тем можно заметить, что наименования небесного мира, небесных тел, названные в соответствии с их «свойствами», были придуманы во времена, о которых даже никто и не помнит, и дошли до нас с небольшими лишь изменениями. Народ, дающий название, создает модель мира, образ, то есть ономастическое пространство, в соответствии со своим миром познания, познавательным отношением к собственным именам. В языковых наименованиях есть некая закономерность, однако общие явления каждый этнос воспринимает, изображает по-своему. Они составляют национальную традиционную культуру. Если «культура – это результат познания», то в статье рассматриваются основы национального мировосприятия в значении народных космонимов, этнокультурная информация, передающаяся посредством данных наименований.

Материал поступил в редакцию журнала 19.11.2020

National cosmonyms – ethnocultural source about the worldview

M.S. Atabayeva[1], M.M. Snabekova[1]
[1]Kazakh national women's teacher training university, Almaty, 050063, Republic of Kazakhstan

It is believed that proper nouns much more than common nouns in the life, and proper names are the most mobile, variable layer of vocabulary. This variety often occurs in the names of settlements, people's names in accordance with the political, cultural, economic conditions of life. At the same time, it can be noted that the names of the celestial world, celestial bodies, named

according to their "properties", were invented in ancient times, even no one remembers and might came to us with some changes. The people giving the name create a model of the world, an image, that is, an onomastic space, in accordance with their world of knowledge, cognitive attitude to their own names. It is true that language has a common law in all languages, but common phenomena are interpreted by each ethnic group in its own way. It forms traditional national culture. As "Culture is the fruit of cognition", the article addresses the basics of national outlook in the context of popular cosmonyms, and the ethnocultural information provided by those names.

Received: 19.11.2020

К.Қ. Есіркепова[1], С.Ғ. Қанапина[2]
[1]ф.ғ.к., доцент, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай аймақтық университеті, Қостанай қ., 110000, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0002-8139-4034. E-mail: kenzhe.@mail.ru
[2]ф.ғ.к., доцент, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай аймақтық университеті, Қостанай қ., 110000, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/ 0000-0002-1287-4114. E-mail: kanapina.71@mail.ru

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ОРЫС ХАЛЫҚТАРЫ ДҮНИЕТАНЫМЫНЫҢ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕГІ КӨРІНІСІ

Мақалада қазақ және орыс халықтары дүниетанымының мақал-мәтелдегі көрінісі сөз етіледі. Қазақ мақал-мәтелдерінің төрт түрлі жолмен іске асқаны зерттеледі. Қазақ және орыс мақал-мәтелдері халықтың заттық және рухани байлықтарына, тарихи оқиғаларға байланысты туып әлеуметтік тұрмыстың барлық өзгерістерін бойына сіңіріп алғандығы туралы айтылады. Екі халықта да мақал-мәтелдердің тақырыптық топтарының ұқсастығы, өмірдің барлық саласын қамтитіндігі айтылады. Орыс халқының ұжымшылдығы, қарым-қатынастағы жылылық пен эмоционалдылығы мақал-мәтелдерінде көрініс тапқаны талданады. Тілдегі мақал-мәтелдер арқылы кез келген этностың ұлттық дүниетанымын тануға болатыны айқындалады. Сонымен бірге орыс халқының шындықты іздеу – орыстардың ұлттық санасындағы үстемдік болып табылатыны сөз етілді.

Кілт сөздер: мақал-мәтел, қазақ , орыс халқы, дүниетаным, мәдениет, ұлт, дана сөз.

КІРІСПЕ

Мақал-мәтелдер белгілі бір жағдаймен, наным-сеніммен, күнделікті өмір көріністерімен немесе ұлттық реалиямен т.б. байланысты жеке адамның айтқан сөздері болып табылады. Сондай-ақ тілдерді байытатын жаңа мақал-мәтелдердің пайда болуының тағы бір жолы, бір тілден е кінші тілге көркем, саяси т.б. әдебиеттерді аудару.

Қазақ мақал-мәтелдері мынадай төрт түрлі жолмен іске асқан деп есептейміз:

1. Көптеген қазақ мақал-мәтелдері түркі халықтарының мақал-мәтелдерінен, ортақ түркі жазба ескерткіштерден шыққан. Түркі жұртының топырағында жасалған, шығу тегі бір немесе тұлғалық, құрамдық, мағыналық, бейнелілігі жағынан бір-біріне сәйкес те жақын мақал-мәтелдерді бүгінгі тілдерден де көне тілдер арасынан да кездестіруге болады.

2. Қазақтың төл мақал-мәтелдері халықтың заттық және рухани байлықтарына, аңыз әңгімелеріне, тарихи оқиғаларға байланысты туып әлеуметтік тұрмыстың барлық өзгерістерін бойына сіңіріп, өз бойына халықтың салт-дәстүрінен, әдет-ғұрпынан, наным-сенімінен мол мағлұмат жинаған. Сондықтан оларды «халық өмірінің айнасы» десе де болады.

3. Басқа тілдерден енген мақал-мәтелдер дегенде сол тілдердің элементтері емес, мағынасы, жалпы логикалық ойы туралы айтылып отыр. Олардың негізінде өз тіліміздің нормаларына сәйкес мақал-мәтелдер жасалған. Сондықтан кейбір мақал-мәтелдеріміз араб, парсы, моңғол, орыс, неміс т.б. халықтардың мақал-мәтелдерімен мазмұндас болып келеді. Сонымен қатар көп тілдерде кездесетін кейбір бірдей мақал-мәтелдердің қай тілде бірінші шыққанын анықтау қиынға соғатын жағдайлар кездеседі. Мысалы: *Құрғақ қасық ауыз жыртар, Бетің қисық болса айнаға өкпелеме* деген мақал-мәтелдер алдымен орыс тілінде шықты ма, әлде қазақ тілінде шықты ма деген сұраққа жауап беру қиын. Екі не одан көп тілдердегі мақал-мәтелдердің мағынасындағы ұқсастық мынандай себептермен түсіндіріледі:

а) әлеуметтік тұрмыстың ұқсастығы мен ойлау жүйесінің біркелкілігімен;

ә) көркем, саяси әдебиеттерді және басқа халықтардың мақал-мәтелдерін ана тіліне аудару арқылы.

4. Ақын-жыраулар, шешендер, ғұламалар мен ғалымдар айтқан нақыл сөздердің кейбіреулері мақал-мәтелдерге айналып, олардың қорын толықтырады (мысалы, Абай, Ыбырай, Төле би т.б. халық жазушылары мен ақындарының, би-шешендерінің, дана адамдардың сөздері) [1, 14].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Мақал-мәтелдердегі мәдени-ұлттық мағына – оның ұлттық-мәдени элементтері арқылы айқындалады. Тілдегі мақал-мәтелдердің мағынасындағы компоненттердің ұлттық сипатын анықтау үшін, ғалымдар оларды үш топқа бөліп қарастырады (Р.Аллоярова, Э.Мукушева, А.Донбаева):

1. Мақал-мәтелдердегі жеке лексикалық компоненттердің ұлттық-мәдени сипатта болуы. Мысалы: *Білсең барымта, білмесең қарымта; Мен не деймін, қобызым не дейді* ұлттық-мәдени компоненттер ***барымта, қобыз*** болып табылады.

2. Мақал-мәтелдердің құрамындағы сөз тіркестерінің ұлттық-мәдени сипатта болуы. Мысалы: *Ала жібін алмасам, даудың менде несі бар; Ел ішіне қонбасам, жаудың менде несі бар* мақалындағы ***«ала жіп»*** қазақтың салт-дәстүрі бойынша үйлерінен алысқа кеткен жағдайда есігін байлап кететін ала жіп туралы айтылады. Есікке байланған ала жіп құлыппен тең, ол үйге ешкім кірмеуге тиіс болған.

3. Мақал-мәтелдегі толық сөйлемнің ұлттық сипатта болуы. Мысалы: *Он үште отау иесі.* Қазақ он үшке толған, мүшел жастан асқан ер баланы кәмелет жасқа жеткен деп есептеген. Тілдегі бүгінгі мағынасы – ер жету, істі орындауға, белгілі бір шешім қабылдауға жасы жету [1, 16].

Орыс тіл білімінде «ұлт» термині 1970-жылдардан бастап кеңінен қолданыла басталды. Бұл феноменді әлеуметтік топтардың мәдени айырмашылығы ретінде қарастырып, С.В.Чешко былай дейді: «Этническую принадлежность не выбирают, а наследуют» [1, 17].

Адамзат мәдениеті әр халықтың бірдей қажеттіліктерін қанағаттандыру әсері әртүрлі этникалық мәдениеттердің бірлестігі. Ұлттық ерекшелік негізінен халықтың еңбек етуінен, демалуынан, тамақтануынан т.б. әртүрлі жағдайлардан көрінеді. Мысалы, орыс халқының айтулы ерекшелігі – оның ұжымшылдығы болып табылады, сондықтан да олардың ерекше қасиеті – белгілі бір ортаға тиесілі болуы, қарым-қатынастағы жылылық пен эмоционалдылығы. Орыс халқының бұл ерекшілігі оның тілінде көрініс табады. А.Вежбицкаяның пікірінше, «орыс тілі эмоцияларға көп көңіл бөледі (ағылшын тілінен гөрі) және оларды ажырату үшін лексикалық және грамматикалық сөйлемдердің айтарлықтай бай репертуары бар» [1, 20].

Орыс халқының менталитеті толығымен дінге негізделеді, бірақ халықтың тарихы, тілі Н.А.Бердяевтің сөзімен айтқанда «пейзаж русской земли» маңызды рөл атқарады. Белгілі орыс мәдениеттанушысы В.Н.Сагатовский орыс халқының мынадай қасиеттерін атап көрсетеді: «болжамсыздық **(**аса маңызды сипат), руханилық (діншілдік, жоғары мағынаны немесе Жаратушы) кертартпалық пен жауапкершілік, іздеуге ұмтылу), жангершілік, күштің

шоғырлануы, жиі көңіл-күйдің босаңсуына ауысып отыратын, қызығушылықты ояту, шылым шегу, ішкі шерін ақтару, сондай-ақ максимализм, әлсіз мінезділік, соңында кез-келген жарықшақ тудыруға әкелетін әлсіз сипат» [1, 21].

Орыс халқының «ұлттық портретін» мақал-мәтелдер арқылы беретін болсақ, мынадай мінездеме анықталады.

Орыс халқы – жылы шырайлы, шыдамды, қонақжай, еңбексүйгіш, жалқау, адал: *Не имей сто рублей, а имей сто друзей; Терпение и труд все перетрут; Труд кормит, а лень портит; Родная сторона – мать, чужая – мачеха* и т.п. [1, 17].

Шындықты іздеу – орыстардың ұлттық санасындағы үстемдік болып табылады. Оны мына мақал-мәтелдерден байқауға болады: *За правду Бог и добрые люди; Не в силе Бог, а в правде; Правда – свет разума; Кто за правдой горой, тот истинный герой; На правду нет суда; Без правды веку не изживешь* [2, 11].

Орыс халқы – төзімді, өз күшіне сенетін, сәтсіздіктерге бас ұрмайтын халық. Ал төзімділік қай халықта болсын құндылық болып табылады: *За терпение дает Бог спасенье; Век жить, век ждать; Век живи, век надейся; Терпи, казак, атаманом будешь; Подождем, а свое возьмем; Не потерпев, не спасешься; Терпенье и труд все перетрут* [2, 11].

Мақал-мәтелдер халықтың тұрмыстық, философиялық, әлеуметтік, діни көзқарасын танытып, барлық жерде қолданылады. Мақал-мәтелдердің негізгі қызметі – өмірдегі құбылыстарға халықтық баға беру, сонымен қоса қай халықтың болса да өмірге деген көзқарасын кеңейту.

Мақал-мәтелдер халықтың тарихи оқиғаларын, этнографиясын, тұрмысын, танымын танытуда маңызды рөл атқарады.

Қай халықтың мақал-мәтелдерін салыстырып қарасақ, соның ішінде қазақ және орыс халқының мақал-мәтелдерін алсақ, бұл екі халық туыстас болмаса да, мақал-мәтелдерінде көптеген ұқсастық бар. Мақал-мәтелдерде халықтың сан жылғы тарихи тәжірибесі, мәдениеті, танымы жинақталған. Мақал-мәтелдерді дұрыс қолдана білу – сөзіңді дұрыс жеткізе білуге, тәрбиелі болуға септігін тигізеді. К.Ж.Кожахметова атап өткендей: «Ұлттық мінезді- ұлттық тәрбие жүйесін оқу арқылы ғана білуге болады» [1, 22].

Қазақ халқы қашанда адамгершілік тәрбиеге ерекше назар аударады, соның барысында маңызды мақсаттарының бірі – жетілген адамды тәрбиелеу болып табылады. Бұны мына мақалдан көруге болады: Оқыған, қолынан іс келетін ұрпақты қалыптастыру. Бұл мақалдың астарында жеткілікті дәрежеде үлкен мағына жатыр: адам білімді, жан-жақты болу керек. «Сегіз қырлы» деген сөз тіркесінің мағынасы қазақ халқы үшін өте үлкен, ол деген дүниені тануға деген көзқарасының кең болуы, тәрбиелі, жетілген азамат болу.

Қазақ халқы бала тәрбиесіне де айрықша көңіл бөлген халық. Соның ішінде үлкенді сыйлау, кішіге ізетті болу. Қазақ халқы ар, намыс, сыйластық, сіз бен біз деген сияқты ұғымдарды ерекше құрметтейді. Осындай мағынада жұмсалған тілдік бірліктер: Не ексең, соны орасың; Су ішкен құдығыңа түкірме; Ұят өлімнен күшті; т.б.

Қазақ және орыс халқының мақал-мәтелдерін салыстырып қарасақ, Отанға деген сүйіспеншілік, батылдық сезімін тәрбиелеу, достық, жолдастық деген ұғымдардың маңызы екі халықта бірдей екенін көреміз. Мұндай құндылықтар әдет-ғұрып, салт-дәстүрге, тұрмысқа, еңбекке байланысты емес. Қазақ мақал-мәтелдерінде Отанға деген сүйіспеншілік, оның байлығы, қайталанбастығы, халықпен біртұтастығы былай көрініс табады: *Туған жерге туыңды тік (Водрузи свой флаг на родной земле); Отан отбасынан басталады (Родина начинается с семьи); Ер туған жеріне, ит тойған жеріне (Человека тянет туда, где он родился, собаку тянет туда, где она наелась)* [1, 13].

Ал орыс халқында: *Любовь к Родине у семейного очага зарождается; Где-то, может, и хорошо, а на Родине лучше; Каждому родная земля – рай; На чужбину попав, поймешь, как дорога Родина; Пока в груди бьется жизнь, Родину отыщи* [1, 15].

Отанға деген сүйіспеншілік орыс халқының мінез-құлқында да маңызды рөл атқарады: *На родной стороне даже дым сладок; На родной стороне и камешек знаком; Без любви к*

человеку нет любви к родине; В каком народе живешь, того обычая и держись; Та земля мила, где мать родила [1, 17].

Қазақ мақал-мәтелдерінде халық адамгершілік қасиеттерді дәріптейді: еңбексүйгіштік, патриотизм, өзара сыйластық, батылдық; мынадай жаман қасиеттерді сынайды: жалқаулық, қорқақтық, өсек, екіжүзділік, ашкөздік. Мақал-мәтелдердің құндылығы халықтың ой тереңдігі адамдардың санасының кеңеюіне эстетикалық тәрбиесіне әсерін тигізеді. Мысалы, еңбек туралы мақал-мәтелдерді қарастырайық.

Еңбектің қай халықта болса да маңызы зор. Еңбек әрқашан адамдардың тіршілік көзіболып келеді. Еңбек әртүрлі формада болуы мүмкін: қазақ халқында ол мал шаруашылығымен байланысты болса, орыс халқында ауыл шаруашылығымен тікелей байланысты, бірақ еңбекке деген көзқарас екі халықта бірдей. Екі халық та да адал еңбектің нәтижесі – әл-ауқат, байлық, бақыт. Салыстырып қарасақ: *Бейнет қыл да зейнет қыл (Потрудись, а потом и требуй); Бақыт кілті – еңбекте (Ключ к счастью – в труде); Көп көрген – нұсқа, көп істеген – ұста (Кто много видел, тот мудрец, много работал, тот кузнец)* [1, 17].

Бір қызықты жайтты атап өтсек, кейбір қазақ және орыс халқының мақал-мәтелі бір-бірінің көшірмесі іспеттес, синхронды болып келеді: *Жұмыс істесең – тістерсің (Кто работает, тот ест – казахская пословица); Кто не работает, тот не ест – русская пословица* [1, 25].

Отанды қорғау әрқашан ер жігітке тән міндет болып табылады. Мақал-мәтелдерде Отан қорғайтын батырлар батыл қаһарман, ел сүйген азамат ретінде суреттеледі. Ондай мақал-мәтелдердің тәрбиелік мәні өте зор, себебі оларда патриоттық сезім, мақтаныш сезімі басым болады.

Қазақ халқының батырлық тақырыбындағы мақал-мәтелдерінде нақты әмбебап қасиеттермен қатар, ерекше ұлттық қасиеттер де беріледі: *Батырға оқ тимейді, ержүрекке жау тимейді (Батыра пуля не берет, храброго враг сторонится); Ел ұлсыз болмас, жер гүлсіз болмас (Нет земли без цветов, а народа без героев); Еліңді сүйсең, ерлік істейсің (Любовь к родине героизм рождает); Қаһарлы қамал бұзады (Крепости покоряются отважным). Русские пословицы: Героем упадёшь – поднимут, трусом упадёшь – раздавят; Славу свою добывай в бою; Лучше биться орлом, чем жить зайцем; На смелого собака лает, а трусливых – кусает* [1, 19].

Қазақ халқында туған тіл рухани байлықтың бастауы болып табылады, себебі тіл арқылы ұлттық мәдениттті, ұлтты, оның табиғи байлығын танимыз. Сондықтан да мақал-мәтелдерде сөзге үлкен мән беріледі: *Айтылған сөз – атылған оқпен тең (Сказанное слово равно выстреленной пуле); Жақсы сөз – жарым ырыс (Доброе слово – половина богатства); Тау мен тасты сел бұзар, адамды сөз бұзар (Горы и камни разрушает сель, человека – слово).*

Орыс халқы атам заманнан бері ауыл ашаруашылығымен айналысқан, егін егіп, бау-бақша өсіріп баптаған халық. Орыс халқы былай дейді: «Лошади, быки нам верные помощники в поле, корова – матушка-кормилица, обитателями скотного двора были также козы, овцы, птицы и кошка с собакой». Орыс мақал-мәтелдерінде бұл жануарлардың пайдасы айтылумен қатар, халықтың тұрмысы, адамдардың қарым-қатынасы, әлеуметтік және материалдық деңгейі көрінеді: Большая лошадь хозяину не ко двору: травы недостанет; Нет такой лошади, чтобы не спотыкалась; Корова на дворе – еда на столе; Коровушка с кошку, надои с ложку; Кота убить – семь лет ни в чем удачи не видать; И собака старое добро помнит; На смелого собака лает, трусливого рвет; Любишь меня, так люби и собачку мою; Баба с кошкой в доме, мужик с собакой на дворе; Позавидовала кошка собачьему житью.

Қазақ халқы көшпелі халық болғандықтан, олардың басты шаруашылығы – мал шаруашылығы. Төрт түлік мал қазақ үшін – ас та, киім де, көлік те болады. Отар-отар қой, үйір-үйір жылқы, түйе – байлық. Сондықтан қазақ халқының көптеген мақал-мәтелдері төрт түлік малға байланысты және халықтың тарихын, материалдық және рухани мәдениетін

айқын бейнелейді: *Малы бірдің жаны бір (У кого скот общий, у того и душа едина); Мал ашуы – жан ашуы (Боль за скот – боль души); Бірінші байлық – денсаулық, екінші байлық – ақ жаулық, үшінші байлық – бес саулық (Первое богатство – здоровье, второе богатство – семья, третье богатство – наличие скота)* [1, 21].

Осыдан барып қазақтың асқа, етке деген ерекше көзқарасын көруге болады: *Жесем тісіме кіреді, жемесем түсіме кіреді (Ем – в зубах застревает, не ем – во сне снится); Ет жесек тісіңе кіреді, жемесек түсіне кіреді (Мясо поешь – остается в зубах, а не поешь – будешь видеть во сне); Ет – етке, сорпа – бетке (От мяса тело наливается, от бульона щеки румянятся)* [1, 22].

Қазақ халқында болсын, орыс халқында болсын үлкенді сыйлау маңызды рөл атқарады. «Жігіттің екі сөйлегені өлгені» дейді халық. Сондықтан ер адамның сөзі отбасында басым. Орыс халқының мынадай мақал-мәтелдерін мысалға келтіруге болады: *Старик между молодыми тупеет; молодой между старыми умнеет; К молодому дереву прислоняясь, старое дерево стоит; Как отблагодаришь отца, так отблагодарят тебя твои дети; Әке көрген оқ жонар (Сын, воспитанный отцом, сам смастерит себе стрелу)* [1, 23].

Балалар әрдайым үлкенді сыйлау керек: *Долг детей – уважение матери, послушание отцу: Ана алдындағы құрмет, ата алдындағы қызмет – баланың парызы; Перед матерью не смеют возвышаться даже вершины гор: Ананың алдында асқар тау да аласа; Не будет благословен тот, кто нарушил святость материнского молока: Ана сүтін ақтамағанды ешкім мақтамайды; Доверять сыну – долг отца, оправдать доверие – долг сына: Балаға үміт арту – әкенің қарызы, ақтау – баланың парызы»* [1, 22].

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ және орыс халқының мақал-мәтелдерін салыстыра отырып байқайтынымыз, әлемнің тілдік бейнесін мақал-мәтелдердегі көрінісінен мынадай қорытынды жасауға болады: тіл халықтың менталитетімен, ұлттық құндылықтарымен тығыз қарым-қатынаста.

Жалпы кез-келген халықтың паремеологиясында сол этностың көрген-білген ой тұжырымы, тәжірибесі, ұлттық дүниетанымы байқалатыны сөзсіз. Қазақ халқы өзі туралы: *Түбі бір түркіміз, ұраны бір қазақпыз; Ұранымыз Алаш, керегеміз ағаш; Атамыз Алаш, керегеміз ағаш, үш жүздің ұрпағымыз; Киіз туырлықты, ағаш уықты қазақпыз–* деп кейінгі ұрпаққа өз тарихынан, тұрмыс-тіршілігінен хабардар етеді [1, 23]. Бұл даналық ойлардың түп-төркіні түркі тектес халық екендігімізде, кезінде қазақ зиялыларының «Алашорда» өкіметін құрып, ұлтымыздың елін, жерін, тілін сақтауға, білімге, өнерге шақырып түркі әлемін дүр сілкіндіргендігі, «Алаш» болып, халқымыздың ұранына айналып, бүгінігі ұрпаққа жетіп отыр. Ағаш керегесі дегенде беріктік, мықтылық, төзімділік символы деп ұғынуға болады.

Қонақасы қазақтың бөлінбеген еншісі деген мақал ата-бабамыздың ежелден келе жатқан игі дәстүрлерінің бірі – қонақжайлығын көрсетеді. Қазақтың түсіндірме сөздігінде «енші – атаның балаға жеке үй болғанда беретін мал-мүлкі» делінген. Әр отбасы үйіне келген мейманның өзіне ғана емес, ата көлігін де күтетін дәстүрінің шығу тегін халық аңызы Алаша атымен байланыстырады. Қартайған шағында Алаша хан мал-мүлкін теңдей төртке бөліп, үш бөлігін ,үш жүзге беріп, төртінші бөлігін қонақтың сыбағасы болсын деп, үшеуінің ортақ меншігіне қалдырыпты деседі. Қазақтың *Қонақ асы – тәңір ақысы, Қонақ келсе құт, Қонақтың алтынын алма алғысын ал, Қырықтың бірі – Қыдыр* деген мақалдары «Құдайы қонақпын деген адамды» жылы шыраймен қарсы алып, шамасы келгенше сый-құрметпен аттандыруды өмірдің айнымас киелі шартына айналдырған қонақжай дәстүрлерін шегелеп беріп отырғандай. *Құдайым би қылмасаң да би түсетін үй қыл* деп тілеген қазақ үйге қонақ түскенді мәртебе, бақыт санаған. Қонаққа дұрыс қонақасы бермеген айыпқа саналған.

Қазақ қартайса түйе бағады, қарақалпақ қартайса томар қазады. Түйе малының күтімі соншалықты қиындық тудырмайды, оған азығы шөп болса, жемді аса көп талғамайды. Түйешінің жұмысы жылқышы, сиыршының жұмысындай ауыр емес. Сондықтан түйені

қартая бастаған адамдар-ақ баға алады. Қарақалпақтар ертеден Амудария өзенінің жағасын мекендеген. Өзен бойында тал, терек, бұталар өте көп өсетін. Су қатты тасығанда тал, терек, бұталарды тамырларымен қопарып, ағызып жағаға шығарып тастайтын болған. Осындай ағаштарды қарақалпақтар жинап алып отын ретінде пайдаланған. Оларды жинап әкелу көп қиындық туғызбайтын. Жастар көп күш жұмсалуы қажет тірлікпен айналысып жүргенде, томар жинау сияқты жұмыстарды қариялау кісілер бала-шағаның көмегінсіз-ақ істей беретін. Сонымен бұл мақалдың екі бөлігінің де екі халықтың шаруашылығына, күн көрісіне байланысты туғанын көреміз.

Сол сияқты *Қазақтың иектің асты дегені екі күндік жер; Қазақтың мінгенін ал, өзбектің кигенін ал; Қазақ жаңылса қартынан сұрайды, орыс жаңылса хатынан сұрайды; Түйе мінген қазақ төрт ауыз өлең біледі; Қарақалпақты денгене құртады, қазақты мен сенен кем бе құртады (денгене – ортақтасып мал сойып жейтін дәстүр); Қоссыз қазақ болса да, доссыз қазақ болмаған; Қазақтың өлгенінің жаманы жоқ, тірісінің өсектен аманы жоқ,* т.б. толып жатқан қазақ халқының өзі жайлы қалжыңдап, күйініп, мақтанып айтқан мақал-мәтелдерінің астарында халықпен бірге жасасып келе жатқан мол этнолингвистикалық деректер жатыр [1, 18-19].

Мұндай мақал-мәтелдерді индуктивті және статистикалық әмбебап мақал- мәтелдерге жатқызуға болады,себебі мағыналас паремиялар әлемнің көптеген тілдерінде кездеседі. Бұл паремиялық бірліктің ерекшелігі әмбебаптығында. Бөтен тілдерде семантикалық топты құрайтын мағыналас мақалдардың кездесетіні аталған гипотезаның дәлелі бола алады, әсіресе сандық мақалдар [3, 17].

Мақал-мәтелдер сонау ғасырдан бері жеткен мәдени құндылықтар дүниесі екендігі баршамызға мәлім. Мұнда адам өміріндегі сан қилы уақиғалар, халқымыздың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрлері, еңбеккерлік пен еріншектік, жомарттық пен сараңдық, саналылық пен надандық, ізгілік пен кертартпалық, және т.б. салыстырыла сөз етіледі. Сол сияқты, болашаққа өнегелік, даналық қанатты сөздер, тәлімдік- мағыналы тілектер, жол нұсқайтын көрсетулер беріледі. Кез келген халықтың өмірдегі көрген-білгені, басынан өткерген барлық жағдайының қыры мен сыры, адамгершілік пен қастандық, әртүрлі жан шошырлық жауыздық, адам сүйсінерлік ерлігі аз сөзбен, өткір тілмен беріліп отырады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Атаханова Р.К. «Туыс емес тілдердегі мақал-мәтелдердің этнолингвистикалық сипаты» (қазақ және неміс тілдері негізінде) филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияның автореферати, Алматы, 2005. – 28 б.

Atahanova R.K. "Týys emes tilderdegi maqal-mátelderdiń etnolıngvıstıkalyq sıpaty" (qazaq jáne nemis tilderi negizinde) fılologıa ǵylymdarynyń kandıdaty ǵylymı dárejesin alý úshin daıyndaǵan dısertasıanyń avtoreferaty, Almaty, 2005. – 28 b.

2 Мезенцева Е.С. «Пословичная картина мира в языковом сознании русских: функционирование и трансформация» автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата филологических наук, Кокшетау, 2010. – 29 б.

Mezenceva E.S. «Poslovichnaya kartina mira v yazykovom soznanii russkih: funkcionirovanie i transformaciya» avtoreferat dissertacii na soiskanie uchenoj stepeni kandidata filologicheskih nauk, Kokshetau, 2010. – 29 b..

3 Тажибаева Р.Д. «Семантика и структура антропоцентрических пословиц казахского и русского языков» автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата филологических наук, Алматы, 2007. – 28 б.

Tazhibaeva R.D. «Semantika i struktura antropocentricheskih poslovic kazahskogo i russkogo yazykov» avtoreferat dissertacii na soiskanie uchenoj stepeni kandidata filologicheskih nauk, Almaty, 2007. – 28 b.

Материал 04.11.2020 баспаға түсті

REFERENCES
1 Atakhanova R. K. "Ethnolinguistic character of Proverbs and sayings in unrelated languages" (based on the Kazakh and German languages) abstract of the dissertation for the degree of candidate of philological Sciences, Almaty, 2005. – 28 p.
2 Mezentseva E.S. "Proverbial picture of the world in the language consciousness of Russians: functioning and transformation" abstract of the dissertation for the degree of candidate of philological Sciences, Kokshetau, 2010. – 29 p.
3 Tazhibayeva R. D. "Semantics and structure of anthropocentric Proverbs of the Kazakh and Russian languages" abstract of the dissertation for the degree of candidate of philological Sciences, Almaty, 2007. – 28 p.

Представление мировоззрения казахского и русского народов в пословицах и поговорках

К.К. Есиркепова[1] ,С.Г. Канапина[1]
[1]Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, г. Костанай,110000, Республика Казахстан

В статье рассматривается мировоззрение казахского и русского народов, которое заключается в пословицах и поговорках. Также исследуется появление казахских пословиц и поговорок четырьмя способами. Речь идет о том, что пословицы и поговорки в указанных языках впитали в себя материальное и духовное богатство, исторические и социальные события своего народа. В статье анализируется сплоченность, теплота и эмоциональность отношений русского народа, которые нашли свое отражение в пословицах и поговорках. У пословиц и поговорок схожая тематика, которая охватывает все сферы жизнедеятельности. Было определено, что через пословицы и поговорки языка можно понять национальное мировоззрение любого этноса.

Материал поступил в редакцию журнала 04.11.2020

Representation of the worldview of the Kazakh and Russian peoples in Proverbs and sayings

K.K. Esirkepova[1], S.G. Kanapina[1]
[1]A. Baitursynov Kostanay regional university, Kostanay, 110000, Republic of Kazakhstan

The article considers the worldview of the Kazakh and Russian people through Proverbs and sayings.The author also studies the appearance of Kazakh Proverbs and sayings in four ways. The point is that Proverbs and sayings in both languages have absorbed the material and spiritual wealth, historical and social events of their people. The article analyzes the unity, warmth and emotional relations of the Russian people, which is reflected in Proverbs and sayings. The Proverbs and sayings of both peoples speak about the similarity of thematic groups, which covers all spheres of life. It was determined that through Proverbs and sayings in the language, it is possible to understand the national worldview of any ethnic group.

Received: 04.11.2020

УДК 81.42

А.М. Жиеналина
докторант, Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова, Кокшетау, 020000, Республика Казахстан, https://orcid.org/0000-0002-1310-3100. E-mail: zhienalina_am@mail.ru

СПОСОБЫ ВЕРБАЛИЗАЦИИ КОНЦЕПТА «ПРОСТРАНСТВО» В РОМАНЕ Б.АЛИМЖАНОВА «СКАЗ СТОЛЕТНЕГО СТЕПНЯКА»

Статья посвящена актуальной для современной науки проблеме изучения концепта «пространство». Исследуемый концепт является универсальным и одним из центральных в языковой картине мира. В качестве теоретической базы использовались научные статьи, авторефераты, монографии, научные пособия, словари. По данным словарных статей толковых словарей были определены ядро, семантика, выявлена национально-культурная специфика рассматриваемого концепта. Анализ основных способов вербализации концепта «пространство» рассматривался на материале произведения Б.Алимжанова «Сказ столетнего степняка». В рассматриваемом концепте отражаются не только универсальные, но и специфичные для казахского народа особенности языковой картины мира.

Ключевые слова: пространство, концепт, хронотоп, степь, дом, топонимика, языковая картина мира.

ВВЕДЕНИЕ

Проблема пространственной картины мира до сих пор является одной из главных научных проблем в области гуманитарных наук. Формирование и развитие представлений о пространстве во многих областях знания определяется способом освоения индивидуумом окружающего мира и зависит от уровня человеческого сознания. В связи с этим на сегодняшний день концепт «пространство» остается в центре внимания отечественных и зарубежных исследователей.

Пространство и время репрезентируются как основные формы бытия и как фундаментальные категории философии. По мнению М.А. Кунижевой, они составляют корпус основных категорий, формирующих человеческое мышление и деятельность [1, 5-6]. Концепты времени и пространства исследователи относят к тем общечеловеческим феноменам ментального характера, которые являются фундаментальными фрагментами универсальной картины мира, релевантной для любого национального языка [2, 23]. В.Г. Гак отмечает: «пространство – одна из первых реалий бытия, которая воспринимается и дифференцируется человеком; это естественная категория, определяющая суждение человека о мире. Чтобы постичь пространство, человеку достаточно просто открыть глаза» [3, 670]. Необходимо подчеркнуть, что человек не может существовать вне пространства: оно организовано вокруг человека и неотделимо от него.

Пространственное окружение оказывает огромное воздействие на мышление и поведение человека, этим объясняется огромный интерес к изучению пространства, проявляемый представителями разных наук (философии, математики, физики, когнитологии, когнитивной психологии, культурологии и др.) Например, в математике пространство трактуют как «логически мыслимую форму (или структуру), служащую средой, в которой осуществляются другие формы и те или иные конструкции» [4, 503]. В физике «пространство» определяется как категория, выражающая «порядок сосуществования отдельных объектов» [5, 593]. С точки зрения философии пространство представляет собой «форму бытия материи, характеризующую протяженность, структурность, сосуществование и взаимодействие во всех материальных системах» [6, 541].

Проблемы изучения пространства в языке и литературе были представлены в научных трудах представителей стран как ближнего и дальнего зарубежья (D. Wunderlich, V. Ehrich, Ю.Д. Апресян, Н.Н. Болдырев, В.Г. Гак, В.Л. Ибрагимова, В.В. Красных, Е.С. Кубрякова, Дж. Лакофф, Ю.М. Лотман, В.А. Маслова, Дж. Миллер, Т.М.Николаева, В.Н.Топоров, Т.В.Цивьян и др.), так и казахстанских исследователей (Е.Д.Турсунов, О.А.Султаньяев, В.Н. Попова, Г.Б.Мадиева, Э.Р.Когай, А.Б.Темирболат, А.Б.Туманова, А.Сабитов и др.).

Пространство как один из важнейших концептов культуры является объектом изучения когнитивной лингвистики. Известный лингвист В.А. Маслова, исследуя концептосферу русского языка, приходит к выводу, что «концепт «пространство» наряду со временем и числом являются фундаментальными концептами культуры» [7, 71]. Именно с помощью этих концептов формируются представления человека об окружающей его действительности, его восприятие мира, а также принадлежность к определенному культурно-историческому сообществу. По мнению В.А. Масловой, «пространство как важнейшая форма мира и жизни в нём человека многолико репрезентировано в языке, сознании, культуре, мифологии языковой личности» [7, 80].

Каждый писатель осмысляет время и пространство по-своему, наделяя их собственными характеристиками, отражающими мировоззрение автора, художественный опыт и знания, т.е. его отношение к миру. Художественное пространство, создаваемое писателем, является уникальным и не похоже ни на одно другое художественное пространство и время. Авторское видение мира, выражаемое в литературно-художественной форме, считается системой представлений, направленных адресату. Произведение художественной литературы демонстрирует определенную аксиогенную ситуацию, которая ведет читателя к проникновению в пространство индивидуально-авторского способа восприятия и организации мира, т.е. частного варианта концептуализации мира [8, 50].

Таким образом, концептуализация мира в художественном дискурсе, с одной стороны, отражает универсальные законы устройства мира, а с другой – индивидуальные воображаемые идеи. В этой связи особый интерес вызывает художественная концептосфера писателей. Специфика авторского мировидения, как правило, выражается в способах вербализации определенных концептов. В таком случае, литературное наследие современного казахстанского писателя Б. Алимжанова представляет интерес для изучения концепта «пространство». Б.Алимжанов является казахским поэтом, писателем, драматургом, акыном-импровизатором, манасчи. Его роман «Сказ столетнего степняка» посвящен родному краю, описание которого представлено на примере жизни простого степняка Асанбая, драматизме его судьбы, тесно связанного с вековой историей казахского народа, борющегося за самосохранение и свободу. В произведении внимание автора уделено описанию местности, особенности климата северного региона Казахстана, быту, обычаям и традициям казахского народа. Основу индивидуально-авторского замысла создают концепты, совокупность которых служит средством репрезентации национальной парадигмы автора. В данном произведении казахского писателя Б.Алимжанова время и пространство репрезентируются как основные формы бытия и как фундаментальные категории философии.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Концепт «пространство» является важной частью концептуальной системы и представляет собой многомерное ментальное образование, кодирующее знание о географическом расположении, традициях, обычаях, обрядах, бытовой культуре, и имеет многослойную структуру (этимологический, универсальный, национальный слои). Он формируется на базе понятия, а основу понятия *пространство* составляет совокупность лексических значений слова *пространство*. Ядро концепта составляют зафиксированные в словарях дефиниции.

В «Словаре русского языка» под редакцией А.П. Евгеньевой слово «пространство» фиксируется следующим образом: «1. Неограниченная протяженность (во всех измерениях, направлениях). // Филос. Одна из основных всеобщих объективных форм существования материи, характеризующаяся протяженностью и объемом. 2. Место, способное вместить что-л. 3. Большой участок земной поверхности. 4. Устар. Промежуток (времени)» [9, 528].

Многозначность понятия *пространства* отражается и в «Толковом словаре русского языка» С.И. Ожегова, Шведова Н.Ю.: «1. Одна из форм (наряду со временем) существования

бесконечно развивающейся материи, характеризующаяся протяженностью и объемом. 2. Протяженность, место, не ограниченное видимыми пределами. 3. Промежуток между чем-н., место, где что-н. вмещается» [10, 553].

«Толковый словарь русского языка», изданный под редакцией Д.Н. Ушакова выделяет следующие значения понятия «пространство: «1. Состояние материи, характеризующееся наличием протяженности и объема. Пространство и время – основные формы существования материи.2. Промежуток между чем-н.; место, способное вместить что-н. Свободное пространство между дверью и окном. Безвоздушное пространство. 3. Поверхность, земельная площадь (книжн.)» [11].

Данные толковых словарей показывают, что под концептом «пространство» обычно понимается объективная реальность, форма существования материи, характеризующаяся протяженностью и объемом. Словарные дефиниции отражают следующие значения слова «пространство»: 1. Бесконечность (трёхмерность); 2. Место; 3. Земной участок; 4. Временной промежуток.

В романе Б.Алимжанова «Сказ столетнего степняка» эта лексема реализована во всех 4-х значениях, где синонимами выступают следующие номинации: «площадь, участок, район, зона, место, область» [12, 703].

Рассмотрим способы репрезентации концепта «пространство» в произведении Б. Алимжанова «Сказ столетнего степняка».

Действия в исследуемом тексте развиваются вокруг районного центра Степняк, который представлен в произведении как реальное географическое пространство – фон, на котором разворачиваются события. Этот райцентр, который хоть и имеет официальный статус города, по словам главного героя *больше похож на большой поселок. Он раскинулся во всю ширь,* ***согласно своему названию****, в степи, и как бы состоит из множества объединенных в одно целое аулов. Булак басы – Исток родника называется наш аул, по-русски – Черкал, а дальше Абай, Ирмовка, Казаул-Казахский аул, Жоке аяк-Джукаяк, Капай, Кирпичный сарай, Шанхай, Центр, Октябрь, Первомайка, Конный двор* [13, 157].

Данные этимологического [14], толкового [10], энциклопедического [14] словарей указывают, что лексема **степняк** означает: 1. Город (с 1937) в Казахстане, Кокчетавская обл., в 49 км. от ж.-д. ст.Макинска, 6,8тыс. жителей (1991). Добыча золота; 2. Уроженец, житель степной местности, степных селений.

Для коренного жителя степных селений, который родился и вырос в ауле, впитал с молоком матери любовь к родному краю, именно степь ассоциируется с духовными ценностями человека – свобода, счастье, жизнь. Степь, по представлению Б. Алимжанова, – не административная территория, а – это священное место, Родина предков, где степняк родился, живет и любит. Через весь текст проходит параллель **степь – родная земля, родина**: *Мы аульные дети, любили степь и целыми днями бродили по окрестности..* [13, 15]; *Лето только начиналось, и степь расцветала. Порхали бабочки, прыгали кузнечики, висели в воздухе стрекозы… их песня, многоголосый хор степи звучит до сих пор в ушах. Пахло полынью и ковылем; ... аромат степного разнотравья [13, 13]; … но им не понять того глубокого чувства любви к родной земле, к ковыльным просторам степи, к запаху полыни – жусана. Надо родиться в степи, чтобы понять это* [13, 120]; *… как волны могучего океана качались ковыли, унося наши детские фантазии в неизведанные дали, а запах полыни щекотал нос. Этот аромат степи на всю жизнь остался в памяти, впитался в кровь и душу* [13, 18].

Степь в дискурсе Б.Алимжанова, в первую очередь, – символ красоты. В рассуждениях писателя красота степи, несомненно, сочетаясь, согласуясь, очерчивается тюркским мировоззрением. Автор постоянно используют эпитеты, метафоры и сравнения, иллюстрирующие национальное восприятие степи: *…степь расцветала* [13, 18]; *спокойное величие степи* [13, 20]; *Летом мы жили в юртах на джайляу – летнем пастбище. Весной кочевали все вместе, весь род, аул. Нам, детям, было очень весело после зимних морозов и буранов резвиться в цветущей степи* [13, 15]; *Было лето. Степь расцвела, и аромат буйных*

трав и нежных цветов щекотали нос, с каждым вдохом наполняя грудь могучей энергетикой дикой природы, а трель птиц и песни кузнечиков ласкали слух [13, 60]; *Степь всполошилась* [13, 34]; *Степь опять забурлила* [13, 34].

Степь – пространство, мир, представляющий социально-культурную жизнь казахов. В течение многих веков казахский народ вел кочевой образ жизни, и, безусловно, основа их мировоззрения состоит из глубокого и гармоничного единства человека и природы (степи). Слово *степь* в понятии кочевника означает **свобода, воля**: ... *мы кочевники, добродушные дети природы; ...мы чувствовали себя свободными в степи* [13, 12-13]; *детские голоса и веселый смех наполняли степь, оглашая весь мир, что здесь живут потомки кочевников вольные дети великой степи!* [13, 17].

В исследуемом тексте слово **степь** выступает как опорный, базовый компонент пространства. В понимании автора степь не просто географический объект исследования, а объект, влияющий на ментально-эмоциональное освоение окружающего мира сознанием человека.

Таким образом, степь для автора – это не только обжитое пространство, в котором кочует аул, это его вселенная, это символ свободы, это традиции и обычаи народа.

В данном тексте можно встретить ономастические реалии, содержащие в себе географические названия – топонимы (от греч. topos – место, местность; onyma – имя), являющимися одним из важнейших элементов языковой картины мира, в которой отражаются наиболее значимые этапы истории материальной и духовной культуры, создавшего её народа. Исследование топонимики позволяет выявить культурные особенности того или иного этноса, отражающиеся в его концептосфере. Значение топонимов велико, так по утверждению В.Н. Поповой, «одна из наиболее важных функций географических названий – это адресная, но она не единственная, так как в самих названиях заключена обширная информация: языковая (национальная) принадлежность, миграция народов, история заселения региона, возникновение, переименование и смысловое содержание – всё это тесно связано с историей общества, его мировоззрением, религией, ведением хозяйства, окружающим природным ландшафтом, играющем в его жизни также немаловажную роль» [16, 3].

В произведении Б.Алимжанова встречаются тюркские названия географических объектов. Для писателя-биллингва они знакомы с детства и не представляют сложности при переводе. Автор приводит в тексте дословный перевод казахских слов на русский язык. Семантика анализируемых в тексте топонимов указывает на объем и форму, отношение к ближайшим объектам: …степной *край Кенащи, что означает «горькое раздолье»* [13, 10]; *Кудукагаш – Колодец и дерево* [13, 21]; *…возвышенность Беркутты –Орлиная* [13, 14]; *Булакбасы. Что означает исток родника* [13, 44]; *…центр койтасов-каменных баранов* [13, 58]; *Мыншукур – тысяча ям* [13, 72]; *Сауле – поющий аул* [13, 185].

Описание местности в романе «Сказ столетнего степняка» гармонично вписывается, вплетается в ткань произведения. Оно реально и привязано к определенному месту на земле: *Легенда гласит, что в тихую лунную ночь, когда пел Биржан-сал на возвышенности Беркутты –Орлинная, его голос был слышен в окрестных аулах и долетал аж за пятнадцать верст, до самой сопки Намазгул* [13, 14]; *Она с мужем и детьми жила возле горы Макпал, за аулом Кудукагаш – Колодец и дерево, на опушке соснового бора* [13, 21]; *Он несколько лет назад переехал в Степняк из аула Тассу – Камень-вода, который разливался, а впоследствии перестал существовать* [13, 201].

Следует отметить, что осмысление жизненного человеком его жизненного пространства занимает особое место в языковой картине мира. Этот концепт связан с этническими связями человека и представлением о «своем» и «чужом» пространстве.

«Своё» – это освоенное, родное, своя страна, свой народ и «чужое» – другие страны, чужой народ. Например: *наш путь, наша война, наш народ, чужой путь, чужая война, чужие законы, здесь, родной аул, чужой берег, мой аул, мой очаг, своя семья [13,18-120].*

Анализ текста показал, что «своё» пространство вербализуется при помощи местоимений (*наш, свой, мой, у нас, себя, с нами, моё)*, прилагательными (*родной, близкий, братский),* наречиями *(здесь, рядом, тут)* и др.

The concept of kinship in Kazakh language presented in this article reflects the Kazakh national worldview and the mentality of Kazakhs. An analysis of more than 100 kinds of kinship confirms the understanding of language worldview as a mental-linguistic entity, which contains information about the surrounding reality captured in an individual or collective consciousness and is represented by language. The national features of language worldview and its nature are determined by the language, since language is the most important way of the formation and existence of human knowledge about the world. In the process of their activity, cognition of the objective world and fixing the results of cognition in a word, the Kazakh language formed a linguistic picture of the world.

Received: 06.11.2020

ӘОЖ 811.512.122

Қ.К. Кенжалин[1], Д.Ә. Балтабай[2]
[1]PhD, доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы, 0000-0003-0440-7556. E-mail: kenkk@mail.ru
[2]докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіні, Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы, 0000-0003-4541-5413. E-mail: baltabayev.dosjan@mail.ru

ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНДА КЕЗДЕСЕТІН КЕЙБІР КІРМЕ СӨЗДЕРДІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ[1]

Тіл тарихи категория болғандықтан оның құрамы да уақыт өткен сайын өзге тілдерден енген кірме элементтермен, жаңа сөздермен толығып отырады. Сонымен бірге, тіліміздегі төл сөздердің актив және пассив қабаттарға ауысып өзгеріп отыруы сөздік қордың қалыптасуына айтарлықтай әсер етеді. Мақалада жыраулар поэзиясында кездесетін кірме сөздердің этимологиясы, қолданылу жиілігі, мағыналық ерекшеліктері жайлы зерттелген. Араб, парсы тілдерінен енген кірме сөздердің қазақ тілінің сөздік қорында алатын орны мен маңызыдылығы қамтылған. Кірме сөздерге этимологиялық талдаулар жасалып, мысалдармен дәлелденген. Кірме элементтердің лексика-семантикалық ерекшеліктеріне, фонетикалық өзгешеліктеріне тоқталып, оларға лингвистикалық аспектіде анализ жасалған. Салыстырмалы әдістер арқылы сөздердің көне мәтіндер мен жазба ескерткіштер тіліндегі қолданылуы зерттеліп, түбірлер мен қосымшалардың тарихи дамуы секілді мәселелер қарастырылған.

Кілт сөздер: сөздің семантикасы, этимологиялық талдау, кірме сөз, араб, парсы сөздері.

КІРІСПЕ

Тілдегі сөздік құрамының толығып өзгеріске түсуі тек қана оның ішкі мүмкіншіліктеріне, ішкі тілдік факторларғана ғана емес, түрлі экстралингвистикалық факторлармен де тығыз байланысты. Соның ішінде тілдің байып, толығып отыруы өзге тілдерден енген кірме сөздерге, төл сөздердің актив және пассив қабаттарына да байланысты. Ескі әдеби мұралар тілінде көнерген сөздердің кірме және төл сөздерден

[1] Мақала ҚР БҒМ тарапынан қаржыландырылған (2020-2022 жж.) AP08855980 «Қазақ тілінің тарихи сөздігі» тақырыбындағы ғылыми зерттеу жобасы бойынша дайындалды.

тұратындығы белгілі.Тілдің өз ішіндегі сөзжасам тәсілдерінен жасалған сөздерден бөлек өзге тілдердің әсерінен жасалған және олардан енген сөздер, яғни кірме сөздер де тілдің негізін құрайтындығын көреміз. Жалпы тіліміздің сөздік құрамын құрайтын кірме сөздер негізінен араб, парсы, моңғол, орыс тілдерінен еніп орныққан. Түркі тілдеріне араб, парсы тілдерінен сөз ауысу құбылысы қазақ тілінің біртұтас халықтық тіл ретінде қалыптаспаған орта ғасырлардың алғашқы кезінен-ақ бастау алады. Қазақ тіліндегі кірме сөздердің ең мол қорын құрайтын араб, парсы сөздері тұлғасы жағынан да, семантикалық топтары жағынан да, игерілуі жағынан да әртүрлі дәрежеде екендігіне көз жеткіземіз [1, 135]. Қазақ тілінің лексикалық қабаты төл сөздермен қатар басқа тілден енген кірме элементтерден тұратыны белгілі. Ал, олардың тілімізде қолданылуы өзіміздің тілдік заңдылықтарға қарай икемделіп, бейімделуі арқылы жүзеге асады.

Авторлы ауыз әдебиеті ретінде танылған жыраулық поэзия тілінде төл тілімізге ортақ және кірме элементтер қатарында жүрген көнерген сөздер жиі кездеседі. Тіл дегеніміздің өзі тарихи категория екендігін ескерсек, қоғамның тарихи дамуы барысында болып жатқан түрлі өзгерістер, жаңалықтар тілдің қалыптасуында, тілдің дамуында, тілдің өркендеуінде, өсуінде өзіндік үлкен ізін қалдырып отыратыны анық. Халықтың рухани өмірінде, әлеуметттік ортасында, мәдени санасында, адамдардың экономикалық, өндірісітік, шаруашылық қызметтерінде кездесетін барлық құбылыстар ең бірінші тілде, сөздік құрамда көрініс береді. Көптеген ұғым-түсініктер, заттар мен құбылыстар ерте кездерден бізге белгілі, ал оларды білдіретін сөздер қазіргі кезге дейін қолданылып келеді. Ал, бірқатар құбылыстардың, ұғымдардың, заттардың, көнеріп, қолданыстан алшақтауына байланысты оларды білдіретін біршама сөздер ескіріп, пассив қабаттардан орын алған.

Тілдегі осындай өзгерістерді ескере отырып, оларды қолданылу жиілігіне қарай үнемі қолданылатын актив қабаттағы сөздер және жиі қолданыла бермейтін пассив сөздер деп екі үлкен топтарға бөлеміз. Күнделікті тұрмыс-тіршілікте көп қолданылып, семантикасы қазақ тілінде сөйлейтін адамдардың бәріне ортақ, түсінікті сөздер тобын актив сөздер тобына жатқызамыз. Актив сөздерде көнеру құбылыстары жиі байқала бермейді. Пассив сөздер қатарына жалпыхалықтық тұрғыдан алғанда қолданылу аясы шектеулі, бірақ белгілі бір салада жиі қолданылатын терминдер, кәсіби сөздер, бейнелі сөздер, кітаби сөздер жатады. Қазіргі кезде көнерген не көнере бастаған сөздер мен көпшілікке кең тарай қоймаған жаңа сөздер пассив сөздер тобын құрайды [1, 180]. Тілдің тарихи, әрі қоғамдық категория екендігін ескерсек, олардың көнеруі мен тілдік қолданысқа ену процесі қоғамдық, әлеуметтік факторлардың әсері арқылы жүзеге асары анық.

Жыраулар поэзиясы тілінде кездесетін көптеген сөздердің мағынасы көмескіленген тарихи көнерген сөздер және олардың төл тілімізге ортақ немесе кірме сөздерден тұратындығын аңғарамыз. Олардың семантикалық жағынан әскери қару-жарақка, салт-дәстүрлерге, этнографияға қатысты ұғымдар екендігі белгілі. Сөздердің көнеленуі уақыт өте келе жүретін процес екендігін есерсек, қолданылуы жағынан әлсіреп, бәсеңденіп пассив сөздердің құрамына енеді. Ол тарихи категория ретінде ұрпақтан ұрпаққа жетіп өзгеруі нәтижесінде бірі өз мағынасын толық сақтаса, кейбірі өз мағынасынан алшақтап басқа мағынаға ие болады немесе мүлде қолданыстан шығып қалуы мүмкін. Кейбір сөздер өзінің дербес мағынасынан алшақтап, белгілі бір сөздермен немесе жалғаулықтармен байланысқанда ғана контекстік мағынаға ие болуы мүмкін. Тілімізде қазіргі кезде өлі түбірлер ретінде танылатын сөздерде аз емес. Ол сөздер де өз заманында дербес мағыналы сөздер ретінде қолданылған. Уақыт өте тіліміздегі кейбір сөздердің мағынасы көмескіленіп өлі түбірлер болып кеткендігін көреміз. Қолданылу ерекшеліктеріне мен көнеру дәрежесіне қарай сөздерді архаизмдер және историзмдер деп екі топқа бөлеміз. Халықтың тұрмыс-тіршілігінде, дүниетанымында, салт-санасында, әдет-ғұрпында ерекше көрініс беріп, уақыт өткен сайын өзгеріп, мағынасы басқа сөздермен ауысқан не болмаса мағынасы ескірген сөздерді архаизмдер деп атаймыз.

Қазақ тіліндегі сөздердің қалыптасуында араб және парсы төркіндес сөздердің айрықша орын алатындығын байқаймыз. Оладың бір тобына қазақ тіліне ерте кездерден сіңісті болған,

әрі жиі қолданылатын сөздер жатады. Бұл топтағы сөздер фонетикалық тұлғасы жағынан да едәуір өзгеріске түскен. Аталған топтағы сөздердің өзге тілдерден ауысып келгендігі де ұмытылып, өз тіліміздің заңдылықтарына бейімделген. Мұндай сөздер қатарына адам, ажал, әлем, дәулет, құдірет, уақыт, халық секілді сөздерді жатқыза аламыз. Араб - парсы тілдерінен енген екінші топтағы сөздерге тілімізде әдеби лексикада қолданылатын және діни түсініктер мен абстракт ұғымдарды білдіретін сөздер жатады. Парсы тілінен қазақ тіліне енген лексикалық элементтерді зерттегенде назар аударатын біршама жайттар бар.Араб тіліндегі сөздерді төл сөзі ретінде өздерінің заңдылықтарына бейімдеп, өз бойына сіңіргендігін парсы-тәжік тілдерін анық көруімізге болады. Мұндай араб сөздері түркі тілдеріне парсы тілі арқылы ауысқан [2, 43]. Ғалым Л.З.Рүстемов «Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері» атты зерттеу еңбегінде парсы сөздерінің түркі халықтары тілдеріне араб сөздерінен бұрын келген деп есептейді: «...түп-төркіні иран тілдес болып келетін сөздердің түркі халықтарының тіліне ауысуы, парсы және түркі тілдерінің өзара инфильтрация жасау процесі арабтар мұнда келмей тұрған кезде, араб мәдениетінің гүлденуінен әлдеқайда бұрын басталған» [2, 45].Сөз тудыру қабілеті жағынан және туынды сөздердің жасалуында аз да болса біршама сөздерде кездесетін-кеш,-паз,-қор,-хана,-стан жұрнақтары. Қазақ тіліне иран (парсы, тәжік, албан,т.б.) тілдерінен ауысқан бұл жұрнақтар қазақ тілінің үндестік заңына бағынбай, өздерінің әуелгі қалыптарын сақтаған [3, 97]. Қазақтың ауыз әдебиеті мұраларында, ескі жазба мәтіндері мен көне жәдігерлер тіліндегі тілдік бірліктердің зерттелуі, лингвистикалық аспектіде зерделенуі тіл білімі үшін, тіл тарихы үшін қашан да маңызды болмақ.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Жыраулар поэзиясы тілінде кездесетін біршама лексикалық элементтердің арасынан араб-парсы тілдерінен енгендерін де кездестіреміз. Оған *шандоз, зер, шар тарап* т.б. көптеген сөздерді мысалға келтіруімізге болады. Сол секілді бір ғана шандоз сөзін жыраулық поэзиядан өзге Махамбет, Шернияз, Алмажан, Байтоқ, Жанұзақ сынды ақындардың сөз өрнектерінен де анық аңғарамыз. Ақындардың шығармаларында кездесетін *шандоз, зәуде* (кездейсоқ)*, жігі-жапар* болу (ынтасымен кірісу), *сыңайы* (реті,шамасы)*, жандасу* (өліспей берілмеу), *қасқару, жұрт сұрау* (ел билеу) сөздері қазірде қазақ тілінің батыс говорларына тән диалектизмдер қатарында кездеседі [4, 210]. Махамбет өлеңдерінде шандоз сөзі жиі ұшырасады. Махамбеттің Исатайдың портретін беретін «Тарланым» атты өлеңінде оны: Кермиығым, кербезім, *Керіскендей шандозым* деп суреттейді. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырында: Қозыеке *керіскедей* болып жатты деген жолдар бар. Бұл сөздің өзі де семантикалық түсіндірмесі де «Қазақ тілінің толық түсіндірме сөздігінде» , «Қазақ Совет Энциклопедиясында» да көрсетілмеген. Қазіргі кезде қазақ оқырмандарына нақты мағынасы белгісіз. Қазақ поэзиясында (жалпы қазақ тілінде) бұл – түбір тұлғасындағы мағынасы күңгірттенген *даладай, алпамсадай, соқталдай* сияқты сөздердің қатарындағы тұлға ретінде танимыз. Ол «әдемі, сұлу, ірі» деген мағынаны да береді. Махамбет қолданысында *шандоз* сөзімен қатар келіп, келістіліктің, сымбаттылықтың образын айқын көрсетіп тұр, өйткені *шандоз* сөзінің өзі «әдемі, әсем, сұлу» деген мағынадағы диалектизм, Қазақстанның батыс аймақтарында қолданылатын жергілікті сөз. Осы сөзді ақын *шандоздап* деген етістік тұлғасында да қолданған: Қарағай шаптым *шандоздап,* Хан қарасын жоям деп, өлеңіне арқау еткенін көреміз[5,15]. Жыраулар поэзиясы құрамында көне элементтер, оның ішінде, өзге тілден енген кірме сөздердің де үлес салмағы біршама көп. Олардың семантикалық қырларына үңіліп, этимологиялық талдаулар жүргізу арқылы көптеген тарихи тілдік материалдарға қол жеткізуге болады.

Жыраулар поэзиясы тілінде кездесетін кірме элементтердің бірі – зер сөзі. Зер сөзінің шығу тегі мен семантикалық табиғатын қарастырғанда түрлі тілдік деректерге көз жеткіземіз. Бұл сөз Ахмет Йүгінекидің «Қибатул Хақайық» дастанында араб тілінен енген сөз ретінде “altın” яғни, «алтын» мағынасында қолданылғандығы көрсетілген[6, 1044].

Сонымен қатар, *зер* сөзі Құтбтың «Хұсрау Шырын» дастанында осы“altun” «алтын»мағынасында қолданылғандығын айқын аңғарамыз [7, 711]. Аталған сөзге «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» (15 томдық)мынадай анықтама берілген: *Зер*1. «Әшекей, сән бұйымдарын жасауға пайдаланылатын әдемі, сары түсті қымбат металл, алтын, тіллә». 2. «Алтын, күміс, мыс талшықтары араластырыла тоқылған, қымбат мата, материал, оқа». 3. «Зермен безендірілген ою, өрнек, әшекей» [8, 132]. Зер сөзі жыраулар поэзиясының ірі өкілдерінің бірі Доспамбет жыраудың толғауында:

Зерлі орындық үстінде,
Ал шымылдық ішінде
Тұлымшағын төгілтіп,
Ару сүйдім, өкінбен, – деп кездеседі [9, 34]. Аталған сөздің жыр бойындағы қолданылу ерекшелігіне осылайша талдаулар мен тұжырымдар жасауымызға болады.

Жыраулық поэзияда толғамды жырларымен орын алған тұлғалардың бірі – Бұқар жырау. Бұқар жырау толғауларының бірінде:

Сегізінші тілек тілеңіз,
Сегіз қиыр шар тарап
Жер тұлданып тұрмасқа.
Тоғызыншы тілек тілеңіз
Төреңіз тақтан таймасқа, – деп келетін жолдардан *шар тарап* деген тіркесті көреміз[9,82]. Бұл жердегі *шар* сөзіне байланысты түсіндірме сөздіктерде әр түрлі анықтамалар берілген. Ғалым Ә.Қайдар өз зерттеулерінде *шар* сөзіңбірнеше мағыналарын ашып көрсетеді. *Шар* сөзінің (сәр, шәр, шер, шир сияқты нұсқалары да бар): *шарбақ, шаруа, шарайна, шардақ* (төрт тағанды үйдің шатыры, төбесі); *шар тарап* (дүниенің төрт бұрышы) *шарай топ, шаршау, шарқат* (төрт бұрышты, шаршы орамал, кей жерде – мойын орағыш) шаршы (квадрат, тік бұрыш) *шар болат, ширек, шеру түлік, шәрияр* (әдетте: төрт шәрияр – пайғамбардың төрт серігі), *шертер* (төрт шекті музыкалық аспап), *сәрсембі* (күн аты) т.б. Яғни,*шар-шәр-шер, сәр-шир* сөздері бір-біріне вариант сөздер. *Шар* сөзінің этимологиясына үңілсек парсы тілінде (сондай-ақ тәжік, иран, пушту, т.б иран туыстас тілдеріндегі) *чар-чаһар* түрінде айтылып, «төрт» мағынасын білдіретін түбірлес, мағыналас сөздер екендігін көреміз. Қазақ тілінің құрамына *шар* сөзі мен сол сөзбен келген сөз тіркестері тілімізге әбден сіңісіп, қазақтың төл сөзі секілді болып кеткен. *Шар* сөзі тілімізге енгенде «төрт» деген мағынасын сақталмаған. Сондықтан да ол сөздердің әрқайсы әр түрлі мағынадағы сөздер секілді болып көрінеді. Бірақ бұл сөздің шығу тегін, этимологиясын, құрамын, мән-мағынасын, өзара сабақтастығын, жақындығын анықтап ажырата білуіміз керек. Мысалы, *шарбақ* сөзінің шығуы: *шар* – «төрт» және бақ, яғни о баста «төрт жағы бірдей бақ» деген сөздерден жасалғандығын көрсетсе, *шаруа* деген сөздегі *шар* – «төрт» және уа болып өзгерген парсының па-пай «аяқ» деген сөздерінен пайда болып, «төрт» аяқты мал деген мағынаны білдірген. Сонымен бірге, парсы тілінен енген *шардақ* сөзі – «төрт тағанды, қырлы күмбез», *шарайна* парсыша – «төрт бұрышты айна», парсы тілінен енген *ширек* сөзі – «төрттің бірі», ал *шаһар* сөзі парсыша – «төрт қабырғалы қала», ал *шертер* аспабындағы сөз парсы тілінде – «төрт ішекті», «кең дүние» деген мағынадағы *шар тарап* сөзі парсыша – «төрт жақ, төрт құбыла» деген мағынаны білдірген. Одан басқа да қазақ тілінде *шеру түлік* деген тіркесті сөз бар. Яғни, ол «төрт түлік» (түлігі қазақша) деген мағынада қолданылады, ал апта күндерінің бірі *сәрсембі* парсыша – «төртінші күн» деген мағынаны білдіреді. Ал парсы тілінен енген *шарияр* сөзінің мағынасы «төрт жар, пайғамбардың төрт қолдаушысы» деген мағынада қолданылса, кейде оған алдынан тағы да «төрт» сөзін қосып қолданылатын кездерде кездеседі [10, 237-238]. Шар сөзінің шығу тегін қарастыра отырып тілдік тұрғыда әр түрлі семантикалық ерекшеліктерін көреміз. Аталған сөздің барлық мағыналары бір-біріне жақын, бір-бірімен ұштасып жатыр деуімізге болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келе, талдауға түскен жыраулар поэзиясы тілінде кездесетін *шандоз, зер, шар тарап* сияқты кейбір кірме элементтердің мағыналық ерекшеліктерін анықтау тілдің тарихи дамуын анықтауда маңызды. Қазақ тіл біліміне ғалымдар тіліміздің лексикалық қорының 30 пайыздан астамын араб-парсы сөздері құрайтындығын айтады. Қазақ тіліне араб-парсы сөздері тікелей қарым-қатынас арқылы емес, өзге тілдердің ықпалы арқылы сатылап кірген деп саналады. Араб-парсы тілінен қазақ тіліне ауысқан сөздердің ерекшелігіне олардың тіліміздің айтылу заңдылығы бойынша қалыптасқандығы жатады. Араб-парсы сөздерінің қазақ тіліне лексикалық тұрғыдан сіңісіп қалыптасуы сөздік қорымызды байытып, тіліміздің өзге элементтерді қазақ тілінің заңдылықтарына икемдеп, бейімдеп алуын көрсетеді. Жыраулар поэзиясы тілінде кездесетін көнерген сөздердің түпкі шығу тегі, қолданылу жиілігі өткен дәуірлерде және қазіргі уақытта қазақ тілінен басқа түркі тілдерінде түрлі мағынада кездесуі, лексика-семантикалық мағынасының жақындығы түркі тектес халықтардың ерте кезден мәдени, рухани байланыстың тығыз болғандығын көрсетеді. Тілдің қоғамдық құбылыс екендігін ескерсек, уақыт өте келе кез келген тілдің лексикалық қорында түрлі өзгерістер болып отырады, яғни тілге бірде жаңа сөздер енсе, бірде сөздердің қолданыс аясы тарылуы мүмкін. Сондықтанақын-жыраулар поэзясында кездесетін көнерген сөздерді зерттеу, кірме элементтерді санамалау қазақ тілі білімі үшін маңызды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы**.** Оқу құралы. – Алматы, Санат, 1997. – 256 б.

Bolǵanbaıuly Á., Qalıuly Ǵ. Qazirgi qazaq tiliniń leksıkologıasy men frazeologıasy. Oqý quraly. – Almaty, Sanat, 1997. – 256 b.

2 Рүстемов Л.З. Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері.−Алматы: Ғылым,1982. −160 б.

Rústemov L.Z. Qazirgi qazaq tilindegi arab-parsy kirme sózderi. − Almaty: Ǵylym,1982. − 160 b.

3 Атабай Б. Түркі тілдерінің салыстырмалы сөздігі: Монография. – Алматы: ИП «Сагаутдинова», 2015. − 153 б.

Atabaı B. Túrki tilderiniń salystyrmaly sózdigi:Monografıa.Almaty:IP «Sagaýtdınova», 2015. − 153 b.

4 Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы (15-19 ғасырлар): Көптомдық шығармалар жинағы. −Алматы: «Ел- шежіре», 2014.

Syzdyqova R. Qazaq ádebı tiliniń tarıhy (15-19 ǵasyrlar): Kóptomdyq shyǵarmalar jınaǵy. −Almaty: «El- shejire», 2014.

5 Сыздықова Р, Шалабаев Б. Көркем текстілингвистикалық талдау. − Алматы: Мектеп, 1989. – 128 б.

Syzdyqova R, Shalabaev B. Kórkem teksti lıngvıstıkalyq taldaý. −Almaty: Mektep, 1989. – 128 b.

6 Dr.SuatÜNLÜ. Karahanlı türkçesi sözlüğü. – 1048 б.

Dr.SuatÜNLÜ. Karahanlı türkçesi sözlüğü. – 1048 b.

7 Dr.Suat ÜNLÜ. Harezm-Altinordu türkçesi sözluğü. – 716 б.

Dr.Suat ÜNLÜ. Narezm-Altinordu türkçesi sözluğü. – 716 b.

8 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 5-том / Құраст. Б.Әбілқасымов, С.Бизақов, Ә.Жүнісбеков және т.б – Алматы, 2011. – 752 б.

Qazaq ádebı tiliniń sózdigi. On bes tomdyq. 5-tom / Qurast. B.Ábilqasymov, S.Bızaqov, Á.Júnisbekov jáne t.b – Almaty, 2011. – 752 b.

9 Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық./Құраст. М.Мағауин, М.Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1989. – Т. 1. – 384 б.

Bes ǵasyr jyrlaıdy: 2 tomdyq./Qurast. M.Maǵaýın, M.Baıdildaev. – Almaty: Jazýshy, 1989. – T. 1. – 384 b.

10 Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. Мақалалар, баяндамалар жинағы. – Алматы: Сардар баспа үйі, 2014, – 520 б.

Qaıdar Á. Ǵylymdaǵy ǵumyr. Maqalalar, baıandamalar jınaǵy. – Almaty: Sardar baspa úii, 2014, – 520 b.

Материал 29.11.2020 баспаға түсті

REFERENCES

1 Bolganbaiuly A., Kaliuli G. Lexicology and phraseology of the modern Kazakh language. Studies'.stipend. – Almaty, 1997. –256 p.
2 Rustemov L. Z. Arabic-Persian borrowed words in the modern Kazakh language. – Almaty: Nauka, 1982. – 160 p.
3 Atabay B. Comparative dictionary of the Turkic languages: Monograph. – Almaty: IP "Sagautdinova", 2015. – 153 p.
4 Syzdykova R. History of the Kazakh literary language (15-19 centuries): collection of multi-volume works. – Almaty "El-Shezhire", 2014.
5 Syzdykova R., Shalabaev B. Linguistic analysis of the literary text. – Almaty: school, 1989. – 128.
6 Dr. Suat ÜNLÜ. Karahanlı türkçesi sözlüğü. – 1048 p.
7 Dr.Suat ÜNLÜ. Sam-Altinordu türkçesi sözluğü. – 716 p.
8 Dictionary of the Kazakh literary language. In fifteen volumes. Volume 5 / Comp. B. Abylkasymov, S. Bizakov, A. zhunusbekov et al. - Almaty, 2011. – 752 p.
9 Bes gasyr zhyrlaidy: in 2 volumes / Comp. M. Magauin, M. Baidildaev. – Almaty: Writer, 1989. – Vol. 1. – 384 p.
10 Kaidar A. Life in science. Collection of articles and reports. – Almaty: Publishing house of Sardar, 2014. – 520 p.

Семантические особенности некоторых заимствованных слов в поэзии жырау

К. Кенжалин[1], Д.А.Балтабай[1]
[1]Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, г.Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан

Поскольку язык является исторической категорией, его состав со временем пополняется вводными элементами и новыми словами из других языков. В то же время факт, что исходные слова нашего языка превращаются в активный и пассивный слои, оказывает существенное влияние на формирование словарного запаса. В статье исследуются этимология, частота использования и семантические особенности заимствований в поэзии жырау. Арабские и персидские заимствованные слова имеют место и значение в словаре казахского языка. Выполнен этимологический анализ заимствованных слов и обоснован примерами. Осуществлен анализ лексико-семантических и фонетических особенностей заимственных слов в лингвистическом аспекте. Использованы сравнительные методы для изучения применяемых слов в языке древних текстов и письменных памятников, а также автором расмотрены историческое развитие корней и аффиксов.

Материал поступил в редакцию журнала 29.11.2020

Semantic features of some borrowed words in the zhyraus' poetry

K.K. Kenzhalin[1], D.A. Baltabay[1]
[1]L.N.Gumilyov Eurasian national university, Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan

Since a language is a historical category, its composition is updated over time with introductory elements and new words from other languages. At the same time, the fact that the source words of our language are transformed into an active and passive layer has a significant impact on the formation of vocabulary. The etymology, frequency of use, and semantic features of

borrowed words found in zhyrau's poetry have been explored in this article. The borrowed words from the Arabic and Persian languages have significant place in the vocabulary of the Kazakh language. Etymological analysis of the borrowed words has been made in the article and proved by examples. The analysis of lexical-semantic and phonetic features of borrowed words in the linguistic aspect is carried out. Comparative methods are used to study the words used in the language of ancient texts and written monuments, as well as the author examines the historical development of roots and affixes.

Received: 29.11.2020

ӨӘЖ: 81:81'354:004.021(045)

Г.А. Кукенова
ф.ғ.к., С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0001-6503-0698. E-mail: 0102bsgk@mail.ru

ТҮБІР СӨЗ ЖӘНЕ КӨПТІК, БІРІНШІ ЖАҚ ТӘУЕЛДІК, СЕПТІК ЖАЛҒАУЛАРЫНЫҢ ТІРКЕСІМ ТАЛҒАМПАЗДЫҒЫНЫҢ ФОНЕТИКАЛЫҚ СИПАТЫ МЕН АЛГОРИТМІ

Компьютерлік мәтінтерімін жылдамдату мақсатында қазақ тілінің сингармонизм және ассимиляцияның дәстүрлі заңдары негізінде фонетикалық құралдарды таңдаудың оңтайлы нұсқалары қажет. Мақалада түбір мен жалғаулардың жүйелі тіркесімінің фонетикалық сипаттамасы берілген. Түбір сөз+көптік жалғау+бірінші жақ тәуелдік жалғау және септік жалғаулары тіркесімдердің фонетикалық алгоритм тізбегі құрастырылған. Әрбір жалғаудың фонетикалық мәні екі және одан да көп нұсқадан тұрады. Жалғау нұсқаларын таңдау түбір сөздің соңғы дыбысына байланысты болғандықтан, бірінші жалғаудың нұсқаларын таңдау барлық уақытта зәру болатыны, ал келесі қосымшаларда жалғау нұсқаларын таңдау мұқтаждығы жоқ екеніне назар аударылған. Сөзге қосымша жалғанған сайын оның тіркесім талғампаздығы кеми беретіндігі көрсетілген.

Кілт сөздер: түбір, көптік жалғау, тәуелдік жалғау, септік жалғау, тіркесім, алгортим тізбегі.

КІРІСПЕ

Қолданбалы лингвистиканың негізгі мақсаты қолғанат қызмет атқару болғандықтан, кез келген тілдік құбылысты осыған орай икемдеп отыруға болады. Тілдің ішкі заңдылығын пайдаланып қана сол тілдің қолданбалы құралдарын жасауға болады. Қазақ тілінің осы тұрғыдан пайдаланатын екі заңы бар. Олар үндесім (сингармонизм) [1] және үйлесім (ассиммилятив) [2] заңдылықтары. Ә.Жүнісбеков дауысты дыбыстар туралы «Дауысты дыбыстардың төрт үндесім әуезі бар болып шықты, олардың әрқайсысы белгілі бір үндесім дауыстылардың басын біріктіреді: жуан езулік дауысты – екеу, жеңішке езулік дауысты – үшеу, жуан еріндік дауысты – екеу, жіңішке еріндік дауысты – екеу, сонымен барлығы – тоғыз үндесім дауысты» [3] десе, дауыссыз дыбыстар туралы «Әрбір дауыссыз – төрт үндесім дыбыстан құралған жүйе болып табылады, олардың өзара ортақ белгілерімен қатар, бір-бірінен ажыратып тұратын артикуляциялық және акустикалық айырым белгілері бар. Түркі тілдеріндегі әрбір дауыссыздың үндесім әуезінің құрамы жуан/жіңішке, еріндік/езулік белгілері арқылы ажыратылады» [3] дейді.

Қазақ тіліндегі дыбыстырдың жасалым, айтылым және естілім сипаттамалары жеткілікті берілген [4]. Алайда, сол зерттеу нәтижелерін қолданба бағытта, яғни мәтін терімін автоматтандыру бағдарламасын (компьютер программасын) жасау үшін пайдаланудың өзіндік ерекшеліктері болады. Ондай ерекшеліктер дыбыстың артикуляциялық сипаттамасына да, дыбыстың айырым белгілер жүйесіне қатысты келеді [5].


Түркі тілдері, оның ішінде қазақ тілі, жалғамалы тілдер болғандықтан сөз құрамындағы жалғаулардың орналасу желісінің өз реті мен тәртібі бар. Сондықтан да түбір мен жалғаулардың арасы белгілі бір фонетикалық байланыста болады.

Әрбір жалғаудың фонетикалық белгісі екі не одан да көп вариантардан құралады. Өйткені түбір сөздің соңғы дыбысына (әрібіне) тікелей байланысты болғандықтан, жалғаудың фонетикалық варианттары түбір сөзбен іргелес тұрғанда ғана түгел қамтылады. Басқаша айтқанда бірінші жалғаудың варианттары барлық уақытта зәру (актуал) болады. Бұл тұста жалғау варианттарының бірін таңдау қажет. Қажет вариантты табудың жолы күрделі болып шығады.

Ал сөз құрамындағы жалғау саны көбейген сайын олардың арасындағы фонетикалық белгі кеми береді. Себебі жалғау варианттарының соңғы дыбысы (әрібі) сол жалғаудың барлық варианттарына ортақ болады. Соның нәтижесінде келесі жалғаудың бір ғана варианты зәру болады да, өзге варианттары қалыс қалып отырады. Ендеше түбір сөзден кейінгі жалғау үшін фонетикалық таңдау бірінші кезекте тұрса, келесі жалғау үшін ондай фонетикалық мұқтаждық жоқ. Қосымша соңындағы дыбыстың фонетикалық құрамында (дауыс қатысы, жасалу орны, жасалу тәсілі) келесі қосымшаның қажет варианты жайлы мәлімет тұрады. Бұл тұста вариант таңдау деген болмайды, тіркесімге лайық бір ғана вариант бар. Қажет вариантты табудың жолы қарапайым болып шығады.

Қазақ (түркі) мәтін терімінің алгоритмін құрастыру үшін аса қажет фонетикалық заңдылық жалғаулардың осы талғампаздығы болып табылады.

Қазақ сөзінің құрамындағы жалғау желісінің өрбу жолын көрнекі пайымдауға болады (1 – сурет).



1 – сурет. Түбір мен жалғаулар тіркесімінің желісі

Түбір дыбыстың тіркесім талғампаздығы мол, бірінші қосымшаның тіркесім талғампаздығы бірнешеу, келесі қосымшалардың тіркесім талғампаздығы шектеулі.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Түбір сөз бен көптік және бірінші жақ тәуелдік пен септік жалғауларының тіркесім талғампаздығының фонетикалық сипаты мен алгоритмі.

Түбір сөздің бес тіркесім варианты үш топқа бірігеді, ал сондықтан да келесі көптік жалғау үш вариант болып басталып, соңғы дыбыс/әрпіне қарай бір ғана *p* вариант болып аяқталады. Ал қосымшаның соңы дауыссыз болғандықтан, келесі тәуелдік жалғаудың дауысты варианты ғана қалады. Тәуелдік жалғау дауыссызға бітетін болғандықтан, келесі септік жалғауы бір ғана дауыссыз вариантқа жалғанады.

Сонымен:


- түбір сөздің тіркесім талғампаздығы бес вариант үш топқа бірігеді;

- оған іргелес көптік жалғау үш вариант бір топқа бірігеді;
- тәуелдік жалғау бір вариант бір топ күйінше қалады;
- соңғы қосымша бір вариант бір топ күйінше қалады.


Түбір, көптік жалғау бірінші жақ тәуелдік жалғау мен септік жалғаудың фонетикалық сипаты кемімелі жүйе болып шығады.

Түбір сөз бен көптік және бірінші жақ тәуелдік пен ілік септік тіркесім талғампаздығының фонетикалық сипаты мен алгоритмі.


Қосымшалардың тіркесім талғампаздығы шектеулі, бір ғана вариант ізімен тізбек құрады. Өзге айтылым варианттар бейтарап қалады.



Т[illegible]птік ж[illegible]нші жақ тәуелдік жалғау мен ілік септік тіркесім жіктелім тізбегі. [illegible]қосым[illegible]ексі 1 болады, өйткені *n* қосымшасы тағы кездеседі:




Түбір, көптік жалғау, бірінші жақ тәуелдік жалғау мен ілік септік тіркесім талғампаздығының алгоритм тізбегі:




Түбір сөз бен көптік және бірінші жақ тәуелдік пен барыс септік тіркесім талғампаздығының фонетикалық сипаты мен алгоритмі.


Қосымшалардың тіркесім талғампаздығы шектеулі, бір ғана вариант ізімен тізбек құрады. Өзге айтылым варианттар бейтарап қалады.



Түбір, көптік жалғау, бірінші жақ тәуелдік жалғау мен барыс септік тіркесім жіктелім тізбегі. Соңғы қосымшаға индексі қойылмайды, өйткені *а* қосымшасы басқа кездеспейді:




Түбір, көптік жалғау, бірінші жақ тәуелдік жалғау мен барыс септік тіркесім талғампаздығының алгоритм тізбегі:




Түбір сөз бен көптік және бірінші жақ тәуелдік пен жатыс септік тіркесім талғампаздығының фонетикалық сипаты мен алгоритмі.

Қосымшалардың тіркесім талғампаздығы шектеулі, бір ғана вариант ізімен тізбек құрады. Өзге айтылым варианттар бейтарап қалады.



Түбір, көптік жалғау, бірінші жақ тәуелдік жалғау мен жатыс септік тіркесім жіктелім тізбегі. Соңғы қосымшаға индекс 3 қойылады, өйткені *d* қосымшасы тағы да кездеседі:




[K_1 (r; y; w) **]**


[K_2 (m; n; ň; l) **]**

[K_4 (z; ž) **]**

[K_3 (p; t; qk; s; š) **]**




Түбір, көптік жалғау, бірінші жақ тәуелдік жалғау мен жатыс септік тіркесім талғампаздығының алгоритм тізбегі:




Түбір сөз бен көптік және бірінші жақ тәуелдік пен табыс септік тіркесім талғампаздығының фонетикалық сипаты мен алгоритмі.


Қосымшалардың тіркесім талғампаздығы шектеулі, бір ғана вариант ізімен тізбек құрады. Өзге айтылым варианттар бейтарап қалады.



Түбір, көптік жалғау, бірінші жақ тәуелдік жалғау мен табыс септік тіркесім жіктелім тізбегі. Соңғы қосымшаға индекс 4 қойылады, өйткені *d* қосымшасы тағы да кездеседі:




Түбір, көптік жалғау, бірінші жақ тәуелдік жалғау мен табыс септік тіркесім талғампаздығының алгоритм тізбегі:




Түбір сөз бен көптік және бірінші жақ тәуелдік пен шығыс септік тіркесім талғампаздығының фонетикалық сипаты мен алгоритмі.


Қосымшалардың тіркесім талғампаздығы шектеулі, бір ғана вариант ізімен тізбек құрады. Өзге айтылым варианттар бейтарап қалады.



Түбір, көптік жалғау, бірінші жақ тәуелдік жалғау мен шығыс септік тіркесім жіктелім тізбегі. Соңғы қосымшаға индекс 3 қойылады, өйткені *n* қосымшасы тағы да кездеседі:




Түбір, көптік жалғау, бірінші жақ тәуелдік жалғау мен шығыс септік тіркесім талғампаздығының алгоритм тізбегі:




Түбір сөз бен көптік және бірінші жақ тәуелдік пен көмектес септік тіркесім талғампаздығының фонетикалық сипаты мен алгоритмі.


Қосымшалардың тіркесім талғампаздығы шектеулі, бір ғана вариант ізімен тізбек құрады. Өзге айтылым варианттар бейтарап қалады.



Түбір, көптік жалғау, бірінші жақ тәуелдік жалғау мен көмектес септік тіркесім жіктелім тізбегі. Соңғы қосымшаға индекс қойылмайды, өйткені *m* қосымшасы басқа кездеспейді:



Түбір, көптік жалғау, бірінші жақ тәуелдік жалғау мен көмектес септік тіркесім талғампаздығының алгоритм тізбегі:



ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен түбір+қосымшалар тіркесімінің фонетикалық тізбегі қосымша қосылған сайын қарапайым күйге түсе береді. Өйткені келер қосымшалардың бас дыбысы да, аяқ дыбысы да тұрақты. Сондықтан тіркесім талғампаздығының фонетикалық шарты да белгілі болып тұрады.

Тіркесім бірліктерінің фонетикалық сипатының күрделіден қарапайымға қарай өзгеруіне байланысты, олардың алгоритм тізбегін құру да жеңілдей береді.

Қазақ тілінің морфологиялық бірліктерінің тіркесім талғампаздығының ішкі заңдылықтарын ашу арқылы мәтін терімін оңтайландыратын компьютер бағдарламаларын дайындаудың мүмкіндігі табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Назбиев Ж. Сингармоническое описание произносительных единиц в казахском языке. – Алматы: Наука, 1998. – С. 166.
Nazbıev J. Sıngarmonıcheskoe opısanıe proıznosıtelnyh edınıs v kazahskom ıazyke. – Almaty: Naýka, 1998. – S. 166.
2 Раимбекова М. Позиционно-комбинаторные модификации фонем в казахском языке. – Алматы: Наука, 1997. – С. 148.
Raımbekova M. Pozısıonno-kombınatornye modıfikasıı fonem v kazahskom ıazyke. – Almaty: Naýka, 1997. – S. 148.
3 Джунисбеков А. Сингармонизм в казахском языке. – Алма-Ата: Наука, 1980.
Djýnısbekov A. Sıngarmonızm v kazahskom ıazyke. – Alma-Ata: Naýka, 1980.
4 Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002.
Qazaq gramatıkasy. – Astana, 2002.
5 Бәйімбетова Ә. Қазақ тілі тоғысыңқы дауыссыздарының жасалым түрленімі: филол. ғ. канд. ... автореф. – Алматы, 1999. – 27 б.
Báıimbetova Á. Qazaq tili toǵysyńqy daýyssyzdarynyń jasalym túrlenimi: fılol. ǵ. kand. avtoref. – Almaty, 1999. – 27 b.
6 Жүнісбек А. Қазақ тілі дыбыстарының арткуляциялық моделі: филол. ғ. канд. ... автореф. – Алматы, 2002. – 31 б.
Júnisbek A. Qazaq tili dybystarynyń artkýlásıalyq modeli: fılol. ǵ. kand. ... avtoref. – Almaty, 2002. – 31 b.

Материал 20.11.2020 баспаға түсті

REFERENCES

1 Nazbiev J. Singharmonic description of pronunciation units in the Kazakh language. – Almaty: Nauka, 1998. – P. 166.
2 Raimbekova M. Positional-combinatorial modifications of phonemes in the Kazakh language. – Almaty: Nauka, 1997. – P. 148.
3 Dzhunisbekov A. Singharmonism in the Kazakh language. – Alma-Ata: Science, 1980.
4 Kazakh grammar. – Astana, 2002.
5 Baimbetova A. Formation of consonants of the Kazakh language: candidate of philological sciences ... author's abstract – Almaty, 1999. – 27 p.
6 Zhunusbek A. Articulation model of sounds of the Kazakh language: candidate of philological sciences ... abstract – Almaty, 2002. – 31 p.

Фонетическая характеристика и алгоритм линейной сочетаемости звуков на стыке корня, окончаний множественного числа, окончаний принадлежности первого лица и падежных окончаний

Г.А. Кукенова
Казахский агротехнический университет имени С.Сейфуллина, г.Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан

Для быстрого набора компьютерного текста необходим оптимальный выбор фонетических средств, основанный на традиционных для казахского языка законах сингармонизма и ассимиляции.

В статье представлена фонетическая характеристика звуков на стыке корня и окончаний. Разработан алгоритм линейной сочетаемости звукосочетаний корень+окончание множественного числа + притяжательное окончание 1 лица и окончание падежей. Обращено внимание на то, что фонетическое значение каждого окончания состоит из двух и более вариантов. Поскольку выбор вариантов окончания зависит от конечного звука корневого слова, было отмечено, что выбор вариантов окончания для первого присоединения всегда актуален, а последующие сочетания в таком выборе не нуждаются. Сделан вывод о выборе вариантов окончания.

Материал поступил в редакцию журнала 20.11.2020

Phonetic characteristics and algorithm for linear compatibility of sounds at the junction of the root, plural endings, first-person possessive endings, and case endings.

G.A. Kukenova
Kazakh agrotechnical university named after S.Seifullin, Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan

In order to quickly type computer text, optimal options for choosing phonetic means are needed, based on the traditional laws of the Kazakh language of singarmonism and assimilation. The article presents the phonetic characteristics of sounds at the junction of the root and endings. An algorithm for linear combinability of the sound combinations root+plural ending+possessive ending of 1 person and case endings has been developed. Attention is drawn to the fact that the phonetic value of each ending consists of two or more variants. Since the choice of ending options depends on the final sound of the root word, it was noted that the choice of options for the first ending is always relevant. It is shown that as you add an ending to a word, the need to select endings becomes less and less.

Received: 20.11.2020

УДК 71.25.4

А.О. Мукашева
м.п.н., ст. преподаватель, Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова, 020000, Республика Казахстан, https://orcid.org/0000-0003-3122-750X. E-mail: muk-ak-om@mail.ru

КУЛЬТ ЗНАНИЯ КАК ПРИОРИТЕТНОЕ НАПРАВЛЕНИЕ В МОДЕРНИЗАЦИИ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ

В исследованиях последнего десятилетия характерной остается тенденция изучения собственно коммуникативной стороны языка во взаимосвязи со смежными дисциплинами. С этим связано возрождение интереса к языкознанию в параллели с психологией, педагогикой, культурологией, политологией и т.д. В настоящее время наибольший интерес для лингвистов представляет анализ и основные характеристики президентского дискурса, который формирует и актуализирует аксиологические векторы для развития модели лучшего государства. Статья посвящена приоритетному направлению в модернизации общественного сознания культу знания, культу образования. Образование является ключевым направлением в ценностной картине мира каждого государства и ключевым фактором в формировании общественного сознания граждан. Оно оказывает решающее воздействие на каждое поколение, представляет собой социальную подсистему, имеющую свою определенную структуру. Важно отметить, что сегодня в Казахстане происходят

значительные изменения, где сложилась и целенаправленно реформируется достаточно современная система образования, отвечающая важным приоритетам развития государства.

В своих трудах Первый Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев с целью единения казахстанцев, сохранения национальной идентичности, культуры, модернизации общественного сознания актуализирует данное понятие. Целью данной статьи является описание важности и целостности культа знания в ценностной картине мира поликультурного общества Казахстана. В результате поставленной цели в работе описаны факторы, формирующие рассматриваемое понятие, приведены примеры из программных статей Лидера Нации, подтверждающие актуальность и важность образовательного пространства в обществе.

Ключевые слова: модернизация общественного сознания, культ знания, культ образования, ценностная картина мира, аксиологические векторы.

ВВЕДЕНИЕ

Сегодня современное общество стремится укрепить свою идентичность и ориентируется на доминантные изменения в контексте интеграционных и глобализационных процессов. Протекающие в данном направлении реформы позволяют достигнуть новой цели, которая направлена на модернизацию общественного сознания. Важно отметить, что когда мы говорим о модернизации общественного сознания, подразумеваем такие понятия, как общественные ценности, человеческий капитал, культ знания. Именно поэтому в своих программных статьях Первый Президент Казахстана Нурсултан Абишевич Назарбаев уделяет большое внимание общественно-гуманитарному циклу, который строится через знания, образование и культуру – институты сохранения культурного наследия страны, а также совершенствования интеллектуального уровня всех поколений.

В связи с важностью и актуальностью данного направления в современной науке важным объектом является такое понятие, как человеческий капитал, который тесно связан с культом знания. Именно знания, формирующиеся через образование, труд являются ключевыми элементами, которые позволят достигнуть многих целей и задач устойчивого развития, именно они приведут к трансформации общества.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

В 2012 году была опубликована программная статья Первого Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева «Социальная модернизация: двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда». Основная идея статьи – подготовка общества к новым условиям жизни, изменение сознания граждан от потребительской идеологии к активации своего потенциала, развитие самоорганизации общества.

Идеология потребления порождает духовную нищету, общество становится заложником материальных благ. Все сводится к тому, чтобы накопить больше материальных ценностей при этом потратив минимум сил и труда: *«Это возвело в абсолют неверные формулы достижения благополучия – «меньше работать – больше получать», «делать деньги из воздуха» и т. п.»* [1].

Выходом из этой ситуации Н.А. Назарбаев считает «человеческий труд» и интеллект страны, которые лежат в основе социальной модернизации общества.

Благосостояние граждан, соблюдение их прав, предоставление бесплатной и качественной медицинской помощи, возможность доступного образования – это первоочередные приоритеты государственной политики.

Осуществление социальной модернизации, в рамках рассматриваемой статьи, основано на пяти принципах: эволюционности, общей ответственности, партнерского участия, стимулированности, профессионализма. Принцип эволюционности заключается в

«подтягивании» всех социальных структур общества к «имеющимся стандартам и показателям социального развития». Принцип общей ответственности заключается в том, что и общество ответственно за данный процесс. Принцип партнерского участия – «тесное взаимодействие государства, бизнеса и граждан». В основе четвертого принципа лежит – государственная социальная адресная поддержка. Принцип профессионализма заключается в подробном изучении мирового опыта для принятия решения.

Ключевая задача социальной модернизации, как пишет Н.А. Назарбаев, «найти оптимальный баланс между экономическими успехами и обеспечением общественных благ» [1, 1]. То есть в обществе должно реализоваться решение социальных вопросов в соответствии с современными требованиями.

Самостоятельное улучшение качества жизни казахстанцев – это то, чего хочет добиться Первый Президент Республики Казахстан, создавая для этого все условия.

Особое внимание в статье уделено системам образования и здравоохранения, которые будут регулироваться специальными законодательными актами. В Казахстане государство – инициатор и главная движущая сила процесса социальной модернизации. Сегодня важно культивировать в обществе, начиная с самых ранних этапов воспитательного процесса в общеобразовательных школах, положение о том, что государство – не бесконечный донор, а партнер, создающий условия для роста благосостояния граждан. Именно от каждого гражданина, от его жизненной позиции зависит его будущее и будущее всей страны.

Воспитание конкурентоспособного, трудолюбивого, образованного, ответственного, культурно и духовно развитого гражданина с морально-этическими ценностями – главная цель духовной модернизации – «платформы, соединяющей горизонты прошлого, настоящего и будущего народа» [2].

Для осуществления модернизации сознания как общества в целом, так и каждого казахстанца Н.А. Назарбаев выделил несколько направлений в своей важной программной статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания»:

1. *Конкурентоспособность*. Для развития конкурентоспособности были приняты программа «Цифровой Казахстан», программа трехъязычия и программа культурного и конфессионального согласия, которые будут способствовать подготовке казахстанцев к жизни в XXI веке.

2. *Прагматизм.* Модернизация требует изменения привычной жизни. Прагматизм, как считает Лидер Нации, «означает точное знание своих национальных и личных ресурсов, их экономное расходование, умение планировать свое будущее, противоположность расточительности, кичливости, жизни напоказ».

3. *Сохранение национальной идентичности*. Духовная модернизация «предполагает изменения в национальном сознании». В основе духовной модернизации лежит «сохранение национальной культуры», которая будет способствовать продвижению вперед.

4. *Культ знания.* Стремиться к образованию – «фундаментальному фактору успеха в будущем». Образование для молодежи должно быть на первом месте, так как «только высокообразованный человек может относительно легко менять профессию именно благодаря высокому уровню образования». Образование должно стать «главной ценностью» для молодого казахстанца. Для этого созданы все условия: 12-летнее среднее образование, обновление содержания образования, кредитная система обучения в вузах, трехъязычная форма обучения и др.

5. *Эволюционное, а не революционное развитие Казахстана.* «Эволюционное развитие как принцип идеологии должно быть одним из ориентиров и на личностном, индивидуальном уровне для каждого казахстанца». Пропаганду данного принципа должны провести как общество в целом, так и политические партии и движения, также система образования.

6. *Открытость сознания* – это готовность к изменениям, учиться у других, воспринимать достижения, принимать культуру других, сохранению и развитию своих национальных традиций и патриотизма.

Таким образом, социальная и духовная модернизация – это основа развития общества, которая ведёт к правильной трансформации общественного сознания.

Данные факты ещё раз указывает на то, что во всех направлениях доминантой является культ знания. Именно через него строится формирование в общественном сознании важных ценностей как основы развития. Важно выделить то, что от формирования и развития культа знаний будет расти и человеческий капитал как совокупность знаний, умений и навыков, которыми должен обладать каждый казахстанец.

Все факторы, представленные в президентском дискурсе Н.А. Назарбаева, являются залогом развития, как отдельной личности, так и общественного развития в целом. Подтверждением служат контексты из программной статьи:

«В системе образования в целом задействовано около трети населения Казахстана. И самое главное здесь то, что именно в системе образования растут, формируются и взрослеют наши дети. ***Это волнует каждую семью****. Поэтому одним из ключевых факторов успеха всего модернизационного процесса является успешность обновления национальной системы образования»* [1]*;*

«Но **культ образования должен быть всеобщим**. И тому есть жесткая и ясная причина. **Технологическая революция** ведет к тому, что в ближайшие десятилетия половина существующих профессий исчезнет. Такой скорости изменения профессионального облика экономики не знала ни одна эпоха» [2];

«И мы вступили в эту эпоху. В таких условиях **успешно жить сможет только высокообразованный человек**, который может относительно легко менять профессию именно благодаря **высокому уровню образования**» [2].

Президентский дискурс показывает, что доминантными векторами культа знания являются ценности. Они реализуются в большей мере через социально-гуманитарное знание, где ядром является язык, формирующий национальное сознание, национальный код. «Наука о языке сегодня в Казахстане формирует ядро нового глобального и ценного традиционного, поэтому подход к родному языку становится объектом важных целевых показателей и парадигм развития. Данные константы трансформируют механизмы изучения роли родного языка как канона национальной идентичности» [3, 28]. То есть именно через язык передаются национально-общественные ценности, формируется ценностная картина мира, для которой важно сохранение традиций, гармонизация общества: «Наше социальное и гуманитарное знание долгие годы было законсервировано в рамках одного учения и в рамках одного взгляда на мир. Выход на **казахском языке** 100 лучших учебников мира даст эффект уже через 5-6 лет. **Нужно брать все самое современное** и иметь переводы на государственный казахский язык. **И это задача государства».** Выделенные лексические единицы из контекстов политического лидера свидетельствуют о том, что язык, формируя когнитивно-познавательную функцию, «сегодня определяет и феномен этнической ментальности, и культурный быт сознания, и личностно-ориентированный тип самоопределения индивидуума. Наука же о языке представляет собой совокупность научных исследований об естественном человеческом языке, о моделях речи, о гуманитарной направленности в науке о языке, об аккумуляции субъективного и объективного познания» [3, 29].

Таким образом, язык – это доминантный вектор в культе знания, именно образование – это успех будущего всего государства. Культ образования, знания в программных статьях Н.А. Назарбаева представляется как фундаментальная характеристика философии образования. Автор обращается к обществу поменять ориентиры, выработать новое отношение, в основе которого лежит ценностная парадигма. Именно ценности в совокупности параметров отражают дискурсивную динамику. Причиной актуализации статей Первого Президента, безусловно, является призыв к сохранению национальных традиций, политической и социальной гармонизации, стабилизации всех направлений общества. Именно это входит в ядро аксиологической парадигмы, фундаментом которой является культ знания, образования, именно культурная, образованная нация – это успех

государства. В связи с этим, нам, гражданам своей страны, необходимо это всё понять и воспринять правильно, сформировав новое отношение к философии жизни, в том числе и к философии образования.

В.И. Карасик, характеризуя культурные доминанты в языковом пространстве, отмечает: «Коммуникативная личность как предмет лингвистического изучения представляет собой обобщенный образ носителя культурно-языковых и коммуникативно-деятельностных ценностей, знаний, установок и поведенческих реакций. В структуре языковой личности особое место принадлежит ценностям – наиболее фундаментальным характеристикам культуры, высшим ориентирам поведения» [4, 116].

Таким образом, именно через доминантные векторы Первый Президент в своих обращениях к народу отражает комплексное осмысление ценностей, тем самым формирует целостную модель картины миры поликультурного общества Казахстана. В основе ценностной картины мира лежат ценности, которые являются доминантами. В их языковое поле входит содержание, то есть составляющая. Следовательно, сравнив эти факты, можно отметить, что между ценностями и концептом можно поставить знак равенства. Таким образом, рассматривая культ знания, образования как ценность, мы говорим о концепте.

Анализ языкового материала показывает, что в ценностную парадигму или концептуальное пространства лексической единицы «культ знания, культ образования» входят следующие составляющие: прогрессивная страна, первые ряды мировых цивилизаций, технологическая революция, всеобщее образование, успешная жизнь, фундаментальный фактор успеха, первый номер, модернизация сознания, открытость, прагматизм, конкурентоспособность, цифровой Казахстан, трезъязычие, культурность, конфессиональность.

Әлемге әйгілі ұлама ғалым Пьер Тейяр де Шарденның айтуынша, рефлексия адамды жануардан айыратын нәрсе, рефлексия жасаудың нәтижесінде адам баласы өзінің үйренген затын тек біліп қана қоймай, сол білген затын түйіндеуді, қорытындылауды үйренеді [3, 86].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Рефлексия – қазіргі ғылымның өзекті мәселелерінің бірі. Рефлексияны зерттеу үшін адамның өз-өзін тануы, өз ойы мен идеяларын, сезімдерін, арман-тілектерін ой елегінен өткізу, бағалау қабілеттерін зерттеу қажет. Ол тіл мен ойлау, тіл мен интеллект, тіл мен қоғам мәселелері сияқты әлі де зерттеуді қажет ететін мәселелермен тығыз байланысты.

Ғылымның түп-төркүні философиядан бастау алатыны баршамызға мәлім. Рефлексия туралы тұшымды ойлар да философтардың еңбектерінен көрінеді.

Философиялық әдебиеттерде көрсетілгендей, рефлексия антикалық философияда талқылау құралы ретінде қолданылған. Сократ рефлексияны өзін өзі тану деп білсе, Платон мен Аристотель ойлау мен рефлексияны егіз ұғым ретінде қарастырады. Яғни, адам ойлауының ең биік шыңы – ол рефлексия деген анықтама береді.

Орта ғасыр ғұламаларының ойынша, рефлексия құдайдың берген күш-қуатының көмегімен өз ойын айту, өз іс-әрекетін бағалау [2, 97]. Әр заманның ағымына байланысты

адамның да ғылымға көзқарасы заманға қарай икемделіп отырады. Орта ғасыр дәуірінде адамзат баласының жаратушы алла бар екеніне сеніп, діни сауаттылығы ашылған кезі болатын. Яғни, бұл жерде «Құдайдың берген күш-қуатының көмегімен» деп, сол дәуірдің дүниеге деген көзқарасымен байланыстырылады. Әр адамның іс-әрекеті, өзіне берген бағасы, есебі алланың қалауымен жасалынады деп түсіндірілді.

Сократ философиясында рефлексия мәселелерінің гносеологиялық, психологиялық және этикалық аспектілеріне назар аударылады. Сократтың ойынша, өзін-өзі тану – алланың берген табиғи болмысыңды түсіну, сол қалпында қабылдау. Рефлексия этика мен педагогиканың бір категориясы, ол адам жанының сәулесі, сонымен қатар, еске түсіру құралы. Өз болмысыңды түсіну бар да, мінез-құлықтағы кейбір олқылықтарды түзету бар. Яғни, өз табиғатым солай екен деп, көну емес, өзгелермен қарым-қатынас жасау арқылы көзқарасыңды жақсы жаққа өзгерту, дамыту. Біз Сократтың осы анықтамасына осы бір тұжырымды қосар едік.

Рефлексия ұғымын алғаш ғылымға енгізген француз ғалымы Рене Декарт. Оның пайымдауынша, таным мен ойлау ұғымдарын бірге қарастыру керек. Танымы бар адам ойлай алады, және өз ойына рефлексия жасай алады [4, 45].

Таным деген не? Таным дегеніміз адамның қоршаған ортасын зерттеудегі рухани дамуы, іс-әрекеті. Бұл ойдың мәні өте зор және ауқымды деп есептейміз. Әр адам өзінің қоршаған ортасын кішкентай кезінен бастап зерттей бастайды. Өсе келе табиғаттың заңдылықтарын біле отырып, өз әлемін зерттей бастайды. Өзінің алдына мақсат қойып, өз қабілеттерін, мінезін, іс-әрекеттерін бағамдап, рефлексия жасауды үйренеді.

XVII ғасырда ағылшын ғалымы Джон Локк рефлексия ұғымына заманауи тұрғыдан анықтама берді [5, 96]. Ол рефлексияны танымның танымы деп бағамдады. Оның ойынша, рефлексия мен сезім екі түрлі нәрселер. Рефлексия танымның ішкі әрекеттеріне жауап берсе, сезім адамның сыртқы факторларға жауап беруі. Ғалымның тұжырымдамасымен толықтай келісеміз. Сезім өз бетінше бөлек нәрсе, рефлексия мүлдем бөлек нәрсе. Екеуіне ортақ – адамның ішкі әлемі, жүрегі. Ұлы ғұлама Абай айтқандай, ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек – адамды адам етіп тұрған үш қасиеті. Осы үшеуіне де сезім бағына ма? Әрине жоқ. Сезім ақылға бағынбайды. Ал рефлексия осы үш қасиетке де бағыт-бағдар бере алады. Тек осы қасиеттер арқылы біз өзімізді өзіміз бағалап, есеп беріп, тәрбиелей аламыз.

Неміс ғалымы Иммануил Кант рефлексияны жекелей емес, топтық тұрғыда қарастырған. Яғни, адамның өзіне өзі есеп беруі топ арасында ғана жүзеге асады. Бұл ойын ғалым төмендегідей тұжырымдайды:

«Рефлексия психикалық әрекет. Өз іс-әрекеттеріңе баға беру үшін алдымен ішкі түйсігіңе, танымыңа, көңіл-күйіңе үңілу керек. Одан кейінгі кезекте сол эмоция нәтижесіндегі айтылған сөздеріңе есеп берген абзал. Сол уақытта ғана рефлексия процесі толықтай жүзеге асады» [6,165]. Мысалы, егер бір адам екінші бір адамға ренішін білдіретін сөздер айтса, ол ең алдымен өзінің ішкі эмоциясын, көңіл-күйін басқара алмай тұр деген сөз. И. Канттың бұл пікірі көңілге қонымды. Оның ойынша тілдік рефлексия жасамас бұрын өзіңнің ішкі жағдайыңа, көңіл-күйіңе есеп беру қажет. Яғни, біреуге ренжіп тұрып, ашу үстінде оның қандай адам екеніне пікір білдіре алмаймыз. Және өзіміздің тілдік рефлексиямызды дамытпайынша, өзге адамдармен салауатты түрде қарым-қатынас жасау мүмкін емес.

Қазіргі шет елдік зерттеулерде «рефлексия» ұғымы сирек қолданылады. Әрине, бұл рефлексия жайлы зерттеу жоқ деген сөз емес. Рефлексивті процестер көбінесе басқа бір терминдер арқылы суреттеледі, мысалы, «recursive thinking» - рекурсивті ойлау деген мағынаны білдіреді. (Д.Бейс)

«Self-referent thought» - өзің туралы ойлану деп анықтама береді зерттеуші А.Бандура. Кейбір зерттеулерде рефлексия ұғымы адамның «Мен феномені» мәселесі төңірегінде қарастырылады. Мұнда рефлексия негізі «self-awarentss», яғни, «өзіңді тану» деп аударылады [7, 25].

Рефлексияны түсінуге өте көп мәнді үлес қосқан С.Л. Рубенштейн болды. Оның пікірінше, рефлексия адам санасының дамуының белгілі бір деңгейі, адам ойша өз өмірінің шегінен шығады және одан тыс позицияға барады. Сонымен қатар, рефлексия теориялық ойлау мен өзіндік сана мәселесіне байланысты эксперименталды зерттеулер аясында көп қаралды.

Батыс ғалымдарының басым бөлігі рефлексияны психологиялық-педагогикалық немесе философиялық тұрғыдан зерттеген. Олар рефлексияны адамның болмысы, танымы тұрғысынан қарастыруға тырысты. Ендігі кезекте Ресей ғалымдарының ой-пікірлерін қарастырып көрейік.

Мәскеу әдістемелік мектебінде Г. П. Щедровицкийдың басшылығымен рефлексия ұғымына теориялық тұрғыдан зерттеу жүргізілді. Зерттеу авторларының пайымдауынша, рефлексия ойлау процесінің бір бөлігі. Байқап отырғанымыздай, бұл пікір И. Кант философиясына тән. Мәскеу ғалымдары И.Кант тұжырымдамасына сүйене отырып, рефлексияның өзіндік моделін жасады. «Қарым-қатынас, іс-әрекет, рефлексия» еңбегінде

Г.П. Щедровицкий былай деп жазады: «Рефлексия іс-әрекетімізді дамыту механизмі ретінде маңызды рөл атқарады» [8, 54]. Автор рефлексияны іс-әрекеттің нәтижелі болуы үшін қолданатын техника ретінде қарастырды, яғни, әдістемесін құрастырды.

Н. Г. Алексеев, В. В. Давыдов, А. З. Зак, Ж. Пиаже, С. Л. Рубинштейн сынды орыс ғалымдары рефлексияны ойлау процестерінің ең жоғарғы деңгейге көтерілуі деп есептеді [9, 82]. Ғалымдардың пікіріне қосыла келе, біз өз ойына есеп бере алатын адамдар бала кезден осы дағдыны қалыптастыратынын айтқымыз келеді. Себебі, ойлау процесінің ең жоғарғы деңгейі ойлауды дұрыс бағытта меңгерген адамдарда ғана көрінеді. Мысалы, бала кезден ата-анамыз бізге ойлау әрекетінің сатыларын егжей-тегжейлі түсіндірген болса, біз балабақшаға бара жатқанда ең алдымен «апайға амандасуым керек» деген ойды қалыптастырамыз. Ал амандасқаннан кейін «апайға амандасқаным дұрыс болды, ол қуанып қалды» деп, өз ойымызға рефлексия жасап үйренеміз. Егер іс-әрекетіміз нәтиже берген болса, онда сол нәтижені көріп қуанамыз. Яғни, байқағанымыздай, рефлексия жасау бала кезде бізге қуаныш сыйлайды. Ал есейе келе, рефлексияны дұрыс жасай алатын адам өз-өзіне сенімді, мақсаты айқын тұлға ретінде қалыптасады.

Л. Н. Алексеева, И. Н. Семенов, Д. Дьюи – бұл ғалымдар рефлексия адамға өз ойын бақылауға, басқаруға көмектеседі деген пікір айтты [4, 66]. Иә, әр адам өз ойын басқара алады. Өз ойымызды бақылау арқылы біз өміріміздің өткен шағына көз жүгіртіп, болашаққа бағдар жасай аламыз. Мысалы, «кешегі жиналыста мен әріптестеріме неге сонша қатал сөздер айттым?», немесе, «неге дұрыс сөйлей алмадым?» Өзіне іштей осындай сұрақ қою арқылы адам келесіде бұл қателікті жасамауға әрекеттенеді.

Рефлексия ойлау әрекетінің нәтижелілігі. Бұл анықтаманы берген ғалымдар: И.С. Ладенко, Я. А. Пономарев [10,89]. Бұл тұжырымдаманы талдай отырып, біз ойлау әрекетінің нәтижелері туралы ой қосқымыз келеді. Біз өз ойымызды басқара алған жағдайда ғана болашаққа жоспар құрып, жақсы өмірге қадам баса аламыз. Біздің ойымыз магнит сияқты. Жақсылық туралы ойласақ, жақсылық болады, «қауіп неден, қатер содан» демекші, жаман нәрсе ойласақ, ойымыз сол нәрсені шақырып алады. Демек, өз ойымыздың арнасын бұра алатын, «ой» кемесінің капитаны бола алатын жағдайға жетуіміз керек. Ол үшін әр сөзімізге, әр ойымызға рефлексия жасап отырғанымыз абзал.

Рефлексия басқа адамның мәселелерін шешу жолдарын үйренуге, бағалауға, қажет болған жағдайда оны түзетуге, жаңа жолдарын ұсынуға мүмкіндік береді (Ю. Н. Кулюткин, С. Ю. Степанов, Г. С. Сухобская) [4, 195]. Ғалымдардың бұл пікірімен де келіспеске амал жоқ. Себебі, адам жеке өмірінде не болып жатқанын кейде өзі де байқамайды. Өз іс – әрекеттеріне сыни көзқараспен қарап, қателіктерін түзетіп, дұрыс жол табу үшін өзін өзі бағалай білуі, сонымен қатар, қарым-қатынас процесінде де, айтылған сөздің дұрыстығын бақылауы өте маңызды. «Айтылған сөз – атылған оқ»- демекші, әр айтқан сөзіміздің дұрыс-бұрыстығын ойланбай жатып, сөйлей салған жағдайда, қарым-қатынас жасап отырған адамдарымыз сөзімізге түзету жасаса, оны дұрыс қабылдауымыз керек. Мысалы, мектеп

мұғалімінің ашық сабаққа дайындалуы. Сабақтың тақырыбы, мақсаты, міндеттері, қолданылатын көрнекіліктері, әдебиеттері, әдістері, тағы басқа мәселелерді шешумен айналысқан ұстаз ашық сабақтың басынан бастап аяғына дейін өзінің сөйлейтін сөзінің дұрыстығына да назар аударmауы мүмкін. Бұл педагогтың тілдік рефлексиясының дамымағанын көрсетеді. Өйткені, тілдік рефлексиясы қалыптасқан адам қандай ортада да өз сөзін көркем әрі тілдік нормаға сай етіп жеткізе алар еді. Ал, ашық сабақ аяқталғанда қатысушы мұғалімдер тарапынан осы қателік туралы сын-пікірлер айтылса, оны теріс қабылдау мүлде дұрыс емес.

Ұлы Абай атамыз өлең туралы былай айтты: «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы, Қиыннан қиыстырар ер данасы. Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп, Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы». Біздің де айтпақ ойымыз осы шумақтарға үндес. Әр айтқан сөзіміз, мейлі сабақта болсын, мейлі үйде болайық, «айналасы жұп-жұмыр», тіліміздің ережелеріне сай, екшелген, ой елегінен сүзілген болуы тиіс. Тілдік рефлексиясы қалыптасқан мұғалім – нағыз педагог емес деп те айта алмаймыз. Алайда, ішінде қаншама ақылды ойлар мен идеялар бола тұра, соны сыртқа дұрыс формада шығара алмаса, яғни, ол өзінің тілдік рефлексиясын дамыту керек деген сөз. Ол үшін не істеу керек? Ең алдымен, ана тілімізде жазылған көркем әдебиеттерді көбірек оқуымыз қажет. Бүгінгі таңда тіліміздің шұбарлануы туралы көптеген мәселелер көтерілуде. Отандастарымыздың көпшілігі ана тілінде сөйлей алмай, дұрыс жаза алмай жүр. «Қазақша сөйлейік!» деген ұран көбейген сайын, нәтижелілігі азайған тәрізді. Бұл өз алдына бөлек мәселе. Десек те, тілдік рефлексиямызды дамыту туралы сөз қозғағанда, ана тіліміздің тағдыры туралы мәселеге соқпай кете алмайтынымыз даусыз.

Ресей ғалымы С.В. Кондратьеваның айтуынша өзіңді ғана емес басқа адамды түсінуде шыдамдылық, шынайылық, қағылездік қасиеттерді дамытуда рефлексияның рөлі зор [3, 264]. Мысалға, жоғары оқу орындарының студенттері әрқайсысы әртүрлі ауылдан келіп, бір топқа жиналады. Олар бір-бірін түсініп, жағымды қарым-қатынас жасау үшін ең алдымен өзін-өзі бақылауы тиіс. Алайда, отбасылық мәселелерге байланысты (толық емес отбасынан шыққан, немесе жетім өскен) кейбір студенттер басқа адамдармен қарым-қатынас жасауда қиындықтарға тап болуы мүмкін. Бұл өзіне деген сенімсіздіктен туындайтын мәселе. Яғни, дұрыс отбасылық тәрбие болмағандықтан, бала өзіне өзі баға бере алмайды. Мұндай жағдайда, адам қоршаған ортаның, өзіне қадалған сын көздердің әсерінен өз іс-әрекетіне, мінез-құлқына рефлексия жасап дағдылануы керек. Мысал келтіретін болсақ, бірінші курс студентінің психологиялық ерекшеліктері басты назарға алынуы керек. Бұл студенттің әр ісіне, әр сөзіне ескерту жасау керек деген сөз емес, әрине. Студенттің өзі өзгере алатындай жағдай жасауымыз керек. Бұл орайда психологиялық тренингтер, түрлі анкеталар, жеке әңгіме жүргізу оң нәтиже бере алады.

Орыс ғалымдары М.М. Бахтин мен В.С. Библердің пайымдауынша, рефлексия - адамның ішкі дүниесіндегі толассыз диалогтың нәтижесінде өзін өзі тануы. Осы диалогтың көмегімен әр адам өз іс-әрекеттерін түсіндіре алады. Қарапайым мысал - Б. Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» шығармасындағы бас кейіпкер Қожаның айнаға қарап алып, өзімен өзі сөйлесуі. Кейіпкер бұдан былай жаман сөздер айтпауға, ұнамсыз қылықтар жасамауға өзіне өзі уәде береді. Міне, бұл адамның ішкі дүниесіне үңіліп, өзіне есеп беруі, яғни рефлексия жасауы деп білеміз.

Жоғарыда айтылғандай, әлемнің көптеген ғұлама ғалымдары рефлексия ұғымына анықтама беруге тырысқан. Сол анықтамалар мен тұжырымдамаларды негізге ала отырып, біз де рефлексияны өзімізше түсіндіріп көрейік.

Рефлексия – рухани әлеміңнің айнасы. Жан дүниеңе сол арқылы қарап, өзіңе өзің баға бере аласың. Кәдімгі айнаға қарап, шашыңды, киген киіміңді, бет-бейнеңді көре аласың. Алайда, бұл айнаның ерекшелігі – ол сырт келбетіңді емес, жан дүниеңдегі өзгерістер мен ерекшеліктерді көрсетеді. Өмірде қалай сөйлейсің, қалай жүресің, кіммен ой бөлістің, оған не айттың – осының бәрін тілдік рефлексия зерттейді.

Рефлексия сыни ойлау арқылы жүзеге асырылады, өйткені мұнда дайын жауап жоқ, оны іздеу керек, өзіңді және өзіңді қоршаған ортаны бақылап, болжап, жоспарлау керек, жаңалық ашу керек.

Рефлексия туралы экспериментальды зерттеу жүргізген ғалым – У. Джеймс. Ол рефлексияны адамның әлеуметтік «мен» ұғымымен ұштастыра зерттейді. Жаңа дәуірдің философиялық идеялары «Мен» ұғымына бағытталады. Яғни, адам өзінің ішкі «меніне» үңіліп, оған сын көзбен қарай бастады. Сол арқылы өзінің тілдік рефлексиясын дамыта бастады. Бұл құндылық жаңадан пайда болған жоқ, ол туралы айтулы ғалымдар мен ізденушілер ой толғап, өз ойларын ортаға салған. Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбаев бұл қағиданы «Толық адам» деп атады. Толық адам болу үшін адам бойында қандай қасиеттер болуы керектігі туралы ақын өзінің «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде анық атап көрсетеді [11, 75]. Яғни, өсекші, өтірікші, мақтаншақ, еріншек, мал - дүниесін бекерге шашатын ысырапсыз болмау керек, осы жаман қасиеттерден бойыңды аулақ ұстап, ақылды, еңбекқор, терең ойлы, парасатты бол, рақымды, мейірімді бол, барыңа қанағат ет, сонда ғана адам деген атқа лайық бола аласың дейді. Алайда, мұндай қасиеттерге бой алдырғанымызды тіпті, байқамай қалуымыз мүмкін. Себебі, адам өміріне әсерін тигізетін көптеген факторлар болады. Сондықтан, ұлы Абайдың өзі айтып кеткендей, әр күні не істедік, не айттық, артқа қарап, өз әрекеттерімізге есеп бергеніміз абзал.

Психологтардың пайымдауынша, адамда рефлексия шамамен 1,5 жастан бастап адамда пайда болады. Рефлексияның даму шегі – 20 жаста [3, 122]. Алайда, егер адам рефлексия жасауға тәрбиеленбесе, онда ол адам өзіне өзі есеп беруге ниеттенбейді де. Адам өзіне сенімді болса, қоршаған ортамен тығыз қарым-қатынаста, ортасына сыйлы, алдына қойған мақсаты айқын болса, қоғамдағы әртүрлі жағдаяттарға икемделе алса, рефлексия сол кезде ғана жемісті, нәтижелі болмақ.

Рефлексиялау – уақытты, күш-жігерді, белгілі бір қабілеттерді талап ететін күрделі жұмыс.

Жалпы, рефлексия жасау мәселесінде және бір айта кететін мәселе – сәйкестендіру болып табылады. Сәйкестендіру – «Identification лат.-ұқсастыру, үйлестіру, бірдейлік, тепе-теңдік». Яғни, өзін-өзі тану процесінде адамдар өзін біреуге ұқсатып, еліктей бастайды. Бұл бала кезде болатын құбылыстар. Бала анасымен, немесе әкесімен сәйкестене отырып, олардың іс-әрекеттерін, сөз саптауларын жаңғыртып, осылайша, ата-анасын да, өзін де тани бастайды. Бұл үрдіс алғашында санадан тыс болады, кейіннен мақсатты түрде еліктеушілік қасиеттері анықтала бастайды. Басқа адаммен сәйкестендіру барысында қарапайым еліктеуден бастапқыда өзіне тән емес жүріс-тұрысты, қасиеттерді, дағдыларды иемденуге тырысады. Алайда, өсе келе, өзінің мінез-құлқына байланысты өзіне сәйкес емес қасиеттерден аулақтана бастайды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келгенде, рефлексия мәселесінің теориялық мәні өте зор. Кез-келген адам өз ісіне, ойына, сөз мәдениетіне, ой мәдениетіне, тілдік қолданыстарына рефлексия жасау арқылы адамгершілік қасиеттерін дамытып, болашаққа жоспар құра алады, қоғамнан өз орнын таба алады. Рефлексия – қоршаған ортамен байланыс орната отырып, өз әлеміңе үңілу, ішкі дүниеңді ретке келтіру; өткенге көз жүгірту арқылы болашаққа бағдар жасау.

Тілдік рефлексия – адамның сөйлеген сөзіне есеп беруі. Тіл мен ойлау қасиеттерінің тығыз байланысты екені ежелден дәлелденген. Алайда ойлаған ойды дұрыс жеткізу, оны тілдің емлесіне, нормаларына сәйкестендіріп, айналасын «жұп-жұмыр» ету – бөлек дүние. Адам баласының жануардан ерекшелігі де сол – ол өзінің ісіне, сөзіне есеп бере алуы тиіс.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Шайкенова Л.М. «Білім мен мәдениеттегі рефлексия»//ҚазҰУ хабаршысы, филология сериясы , 2009. – Б. 115-120.

Shajkenova L.M. «Bilim men mədeniettegi refleksiya»//KazUU habarshysy, filologiya seriyasy, 2009. – B. 115-120.
2 Метаева В.А. Методологические и методические основы рефлексии: учебное пособие. – Екатеринбург, 2006. – 100 с.
Metaeva V.A. Metodologicheskie i metodicheskie osnovy refleksii: uchebnoe posobie. – Ekaterinburg, 2006. – 100 s.
3 Шайкенова Л.М. Рефлексивная лингвистика, Алматы, Қазақ университеті, 2009. – 200 с.
Shajkenova L.M. Refleksivnaya lingvistika – Almaty, Kazak universiteti, 2009. – 200 s.
4 Вепрева И.Т. Метаязыковая рефлексия в функционально-типологическом освещении, автореферат диссертации доктора фил.наук, Иркутск, 2003. – 372 с.
Vepreva I.T. Metayazykovaya refleksiya v funkcionalno-tipologicheskom osveshenii, avtoreferat dissertacii doktora fil.nauk Irkutsk, 2003. – 372 s.
5 Шнюкова Е. А., Анциферова О. Н. Языковая рефлексия как составляющая в обучении дискуссионной речи // Молодой ученый, 2015. №10.5. – 57-58 с.
Shnyukova E. A., Anciferova O. N. Yazykovaya refleksiya kak sostavlyayushaya v obuchenii diskussionnoj rechi // Molodoj uchenyj, 2015. №10.5. – 57-58 s.
6 Абенова Г. Т. Влияние групповой работы на формирование рефлексивных способностей учащихся начальной школы // Молодой ученый, 2016. №26.1. – 4-6 с.
Abenova G. T. Vliyanie gruppovoj raboty na formirovanie refleksivnyh sposobnostej uchashihsya nachalnoj shkoly // Molodoj uchenyj, 2016. №26.1. – 4-6 s.
7 Сангилбаев О.С., Абишева Ж.А., Куаналиева М.А. Өзін-өзі тану, Алматы, 2011. – Б. 122.
Sangilbaev O.S., Abisheva Zh.A., Kuanalieva M.A. Ozin-ozi tanu, Almaty, 2011. – B. 122.
8 Усачева О. В. Рефлексия как средство формирования профессиональной компетентности будущего учителя иностранных языков// Вестник Тамбовского университета, Серия: гуманитарные науки, Выпуск 6 (62), 2008. – 235-242 с.
Usacheva O. V. Refleksiya kak sredstvo formirovaniya professionalnoj kompetentnosti budushego uchitelya inostrannyh yazykov// Vestnik Tambovskogo universiteta, Seriya: gumanitarnye nauki, Vypusk 6 (62), 2008. – 235-242 s.
9 Козлова Е.Е. Заимствования как объект метаязыковой рефлексии рядовых носителей русского литературного языка: начало XXI века, автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата филологических наук, Томск, 2012. – 200 с.
Kozlova E.E. Zaimstvovaniya kak obekt metayazykovoj refleksii ryadovyh nositelej russkogo literaturnogo yazyka: nachalo XXI veka, avtoreferat dissertacii na soiskanie uchenoj stepeni kandidata filologicheskih nauk, Tomsk, 2012. – 200 s.
10 Левагина О. Б. Формирование рефлексии в учебном процессе: поведенческий аспект// Молодой ученый, 2013. №7. – 394-397 с.
Levagina O. B. Formirovanie refleksii v uchebnom processe: povedencheskij aspekt// Molodoj uchenyj, 2013, № 7. – 394-397s.
11 Ғабдуллин Б. Абай тағылымы, Алматы, Жазушы, 1986. – Б. 213.
Gabdullin B. Abaj tagylymy, Almaty, Zhazushy, 1986. – B. 213.

Материал 01.12.2020 баспаға түсті

REFERENCES

1 Shaikenova LM «Reflection in education and culture» // KazNU Bulletin, philological series, 2009 – P. 115-120.
2 Metaeva V.A. Methodological and methodical foundations of reflection: textbook,Yekaterinburg, 2006 – P. 100.
3 Shaikenova L.M. Reflexive linguistics, Almaty, Kazakh University, 2009. – P200.
4 Vepreva I.T. Metalanguage reflection in functional-typological lighting, the author's abstract of the dissertation of the doctor of philological sciences, Irkutsk, 2003 – P. 372.

5 Shnyukova E.A. Antsiferova O.N. Linguistic reflection as a component in teaching discussion speech // Young scientist, 2015 No. 10.5. – P. 57-58.
6 Abenova GT Influence of group work on the formation of reflexive abilities of primary school students // Young scientist, 2016 No. 26.1. – P. 4-6.
7 Sangilbaev O.S., Abisheva Zh.A., Kuanalieva M.A. «Self-knowledge», Almaty, 2011 - P122.
8 Usacheva OV Reflection as a means of forming the professional competence of the future teacher of foreign languages / Bulletin of the Tambov University, Series: Humanities, Issue 6 (62), 2008 – P. 235-242.
9 Kozlova E.E. Borrowings as an object of metalinguistic reflection of ordinary speakers of the Russian literary language: the beginning of the XXI century, Abstract of dissertation for the degree of candidate of philological sciences, Tomsk, 2012. – P. 200.
10 Levagina O.B. Formation of reflection in the educational process: behavioral aspect // Young scientist, 2013 No. 7. – P. 394-397.
11 Gabdullin B. Abai's reading, Almaty, Writer, 1986. – P. 213.

Изучение, формирование понятия речевой рефлексии в языкознании

А.К. Токтанова[1], М.Т. Джакыпбекова[1]
[1]Жетысуский университет имени И. Жансугурова, г.Талдыкорган, 040000, Республика Казахстан

В статье раскрывается теоретическое значение понятия речевой рефлексии в языковознании. Рассматривается понятие и формирование рефлексии, введение в науку, изучение. Актуальность исследования связана с формированием и развитием речевой рефлексии современных людей. Автор выражает свою точку зрения, основываясь на научных концепциях отечественных и зарубежных ученых о проблеме языковой рефлексии.

Рефлексия – одна из актуальных проблем современной науки. Для изучения рефлексии необходимо изучить способность человека осознавать себя, регулировать свои мысли, действия, идеи, чувства, мечты. Он тесно связан с проблемами, требующими исследования, такими как язык и мышление, язык и интеллект, язык и проблемы общества.

Материал поступил в редакцию журнала 01.12.2020

Study and formation of the concept of speech reflection in the linguistics

A.K. Toktanova[1], M.T. Dzhakipbekova[1]
[1]Zhetysu university named after I. Zhansugurov, Taldykorgan, 040000, Republic of Kazakhstan

The article reveals the theoretical meaning of the concept of speech reflection in linguistics. The concept and formation of reflection, introduction to science, and study are considered. The relevance of the study is related to the formation and development of speech reflection of modern people . The author expresses his point of view based on scientific concepts of local and foreign scientists about the problem of language reflection.

Reflection is one of the most pressing problems of modern science. To study reflection, it is necessary to study the ability of a person to be aware of himself, to regulate his thoughts, actions, ideas, feelings, and dreams. It is closely related to issues that require research, such as language and thinking, language and intelligence, and language and social problems.

Received: 01.12.2020

ӘОЖ 811.512.122

Ғ.А. Түсіпбекова
ф.ғ.к., доцент, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей қ., 071400, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/000-0003-2200-5614. E-mail: autovna67@mail.ru

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ БАҒАЛАУЫШТЫҚ СИПАТЫ

Мақалада мақал-мәтелдердің бағалауыштық мәні жөнінде айтылады. Мақал-мәтелдердің бағалау мағыналарын жағымды баға/жағымсыз баға деп екі үлкен топқа бөліп жіктеу ұсынылған. Олардың құрамдық, мағыналық даму заңдылықтары, қолданыс тәсілдері, эмоционалды-экспрессивтік реңктері қарастырылған. Қазақ мақал-мәтелдерінің болмысты танып білудегі логикалық, философиялық, дүниетанымдық, эстетикалық, прагматикалық қырлары ашылған. Мақал-мәтелдердегі мағына мен ұғымдардың қалыптасуын зерттеуде когнитивтік лингвистиканың мүмкіндіктері жайында баяндалады.

Мақал-мәтелдердің кез келген жағдайға, соның ішінде адамға қатысты, оның мінез құлқына, іс-әрекетіне т.б. қасиеттеріне баға бере алу мүмкіндігінің мол екендігі сипатталады. Мақал-мәтелдердің бағалауыштық мағына жүйесі «жақсы/жаман» лексемалар арқылы берілетіндігі айтылады. Сөйлеуші белгілі бір мәселеге, болып жатқан оқиғаға қатысты өз пікірін, көзқарасын, ойын тыңдаушыға жұмсақтап айтып жеткізу үшін мақал-мәтелдерді қолданады. Мақал-мәтелдердің мағынасындағы бағалауыштық компонент ашық немесе жасырын түрде берілетіні айқындалады.

Кілт сөздер: мақал-мәтелдердің бағалауыштық сипаты, жағымды және жағымсыз баға, бағалауыштық компонент, мақал-мәтелдердің бағалауыштық мағына жүйесі, мақал-мәтелдердің қолдану аясы.

КІРІСПЕ

Қазіргі лингвистикалық еңбектерде бағалауыштық мағынаны зерттеудің әр түрлі аспектілері ұсынылған. Бағалауыштық мағына жайында публицистика стиліне, прагматикалық аспектіге, газет мәтініне (М.Серғалиев, Ш.Нұрғожина, Б.Момынова, А.Алдашева, О.Бүркітов, З.Ерназарова, Ф.Жақсыбаева т.б) арналған зерттеулерде сөз қозғалған.

Мақалада мақал-мәтелдердің бағалауыштық сипатына қатысты мәселелердің қарастырылуы сөз мағынасындағы бағалауыштық сипатты кеңінен ашуға мүмкіндік береді.

Мақаланың негізгі мақсаты - мақал-мәтелдердегі бағалауыштық мағынаның көрінісі, оның тілдің бар деңгейіне қатысты көрсеткіштері, қазақ тіл біліміндегі мақал-мәтелдердің бағалауыштық сипатына қатысты пікірлерді жүйелеп, олардың мағыналық құрамын анықтау болып табылады.

Қазақ тіл білімінде мақал-мәтелдердің лексика-стилистикалық, құрылымдық сипаты, оның фразеологизмдермен, нақыл, қанатты сөздермен байланысы, арақатысы, жекелеген ақын, жазушылардың мақал-мәтелдерді қолдану ерекшелігі т.б. бағыттағы ғылыми зерттеулер (І.Кеңесбаев, Ө.Айтбаев, Н.Уәлиев, С.Сәтенова, Р.Сәрсенбаев, С.Кенжемұратова т.б.) баршылық.

Жылдар бойы халықтың ой елегінен, ойлау жүйесінен өтіп, екшеленген, ұлттық болмыс, танымның «оң-теріс, жаман-жақсы, жағымды-жағымсыз, ақ-қара» сияқты бағалау өлшемдеріне сай келетін мақал-мәтелдердің кез келген жағдайға, соның ішінде адамға қатысты, оның мінез құлқына, іс-әрекетіне т.б. қасиеттеріне баға бере алуға мүмкіндігі мол.

Мақаладағы теориялық тұжырымдар, жинақталған мәліметтер қазақ тіл білімінің семантика, лексикология салаларының теориясын одан әрі толықтырып, жандандырып, мәселенің дамуына өзіндік үлес қосады деп сенеміз.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Мақал-мәтелдердің бағалауыштық сипаты көбінесе сөйлеу кезінде көрініс береді. Әдетте, сөйлеу тіліне тән мақал-мәтелдердің бағалауыштық сипаты күшті болып, олардың қоштау, ұнату, ұнатпау, кекету, жақтырмау т.б. жақсы немесе жаман мәндері айқын сезіліп тұрады. Мысалы, *айдағаны бес ешкі, ысқырығы жер жарады; жаман иттің атын бөрібасар қояды; ақымақтың айтқаны келмейді, сандырақтағаны келеді де*у арқылы сөйлеуші белгілі бір оқиғаға байланысты кекету, ұнатпау тәрізді жағымсыз бағасын берсе, *өжет адам өлімді жеңеді; жақсылық еккен алғыс орады ; жақсыға шаң жуымас, жаманға жан жуымас; және т.б.сол* сияқты тәрбиелік мәні зор мақалдар қоштау, ұнату мағынасында қолданылады: ***Жуас түйе жүндеуге жақсы*** *деп, ауыл азаматы бас қосып отыра қалса әңгімелерінің желісі Құмарға ауысып, түрткілеп қажайтын, қалжыңдап қаңқу сөзбен есін шығарар еді* (О.Бөкей). **- *Көп жасаған білмейді, көп тоқыған біледі.*** *Осылайша ұққаның, тоқығаның жақсы, балам! – деп, Сүйіндік бір тоқтады* (М.Әуезов). ***Қорқақты көп қуса батыр болады*** *деген тегі рас-ау. Жандос қазіргі сәтте алдында айдаһар тұрса да именбей тура тартар сыңайда* (О.Бөкей). *Тый көз жасыңды, ей еңіреген ел, ата-баба қонысын жоңғарға бермей, тас-талқан етер ұлың бар. Жаралы екеніңді білемін. Батыр ел әмсе жаралы болмақ.* ***Шалқайғанға шалқай – пайғамбардың ұлы емес. Еңкейгенге еңкей – құдайдың құлы емеспісің****. Жеріңді тастама – жетім қалар* (О.Бөкей). *«****Түйе бойына сеніп, жылдан құр қалыпты****» деген мақал осыдан шыққан ғой. Кейде «****түйедей бойың болса да, тышқандай ақылың жоқ****» деп неге ұрсады дейсің адамдар. Бұл бойыңа сенбе, ойыңа сен, мақтан сөзге ерме, мағыналы тірлікке ер дегені. Сондықтан түйеге ұқсап орынсыз түксие бермеңдер, шырақтарым. Ақылға жүгініңдер деп күліп еді әжем* (Б.Момышұлы*). **«Түсі игіден түңілме»** дегендей, көргенсіз деуге ішім қимай тұр. Әттең ашынғандықтан болса да азды-көпті асқақтай сөйлегенің де болды. – Арызымызды айтып кел деген жұрт асқақтай сөйле деп тапсырған жоқ еді, ағалар. Солай болып шықса айып өзімде****. Жүйелі сөз жүйесін табар, жүйесіз сөз иесін табар*** *деген бар ғой.* (Ғ.Мүсірепов).

Сөйлеуші белгілі бір мәселеге, болып жатқан оқиғаға қатысты өз пікірін, көзқарасын, ойын тыңдаушыға жұмсақтап айтып жеткізу үшін мақал-мәтелдерді қолданытындығы белгілі. Мақал-мәтелдердің қолдану аясы кең екені даусыз. Бір адам екінші адамның көңіліне қарап, оны ренжітпеу үшін мақалды пайдалану арқылы тұспалдап сөйлей алады. Мысалы, *Тәтті өтіріктен ащы шындық артық*, немесе керісінше, сөйлеушінің тыңдаушыға өз ойын , жұмбақтамай ашық айтуына мақал-мәтелдерді қолдану тәсілі үлкен мүмкіндік береді. Мысалы, *Мал сақтама, ар сақта.*

Көбінесе, мақал-мәтелдердің бағалауыштық мағына жүйесі «жақсы»/«жаман» лексемалар арқылы берілетіндігін байқауға болады. Халық даналығындағы адамға қатысты мақал-мәтелдердің ішіндегі, қарама-қарсы ұғымдағы «жақсы» мен «жаман» сын есім тірек сөздерінің негізінде қалыптасқан мақал-мәтелдер:

Жақсы адам жолдасынан белгілі.

Жақсы адам тауып айтады, жаман адам итше қауып айтады.

Жақсы әйел – ырыс,

Жаман әйел – ұрыс.

Осы екі белгіге байланысты мақал-мәтелдердің бағалау мағыналарын жағымды баға/жағымсыз баға деп екі үлкен топқа бөліп қарастыруға болады. Алайда бұл жіктеу мақал-мәтелдердің өздеріне емес, тек олар беретін мағыналарға байланысты бөліну деп есептеген жөн. Мәселен, *Әдепті бала –арлы бала, әдепсіз бала –сорлы бала; Екі жақсы қосылса, айрылысуға қиыспайды, екі жаман қосылса, кең дүниеге сиыспайды; Жақсы арына құл, жаман малына құл; Атасы жақсы, көргенін айтады, атасы жаман, бергенін айтады; Басыңа іс түскенде жақсы көмектесер, жаман күліп кетер; Жақсыда жаттық жоқ, жаманда жақындық жоқ; Жақсы көргенін мақтап жүрер, жаман көргенін даттап жүрер; Жақсы іске келді, жаман асқа келді; Жақсыға қылған жақсылық, өмірінше тозбайды,*

жаманға қылған жақсылық, бір күнгідей болмайды; Жақсы көрісіп келіседі, жаман келісіп керіседі.

Келтірілген мақал-мәтелдердің мағынасына үңілсек, мынадай тұжырым жасауға болады. Егер мақал не мәтелдің мағынасында жағымды және жағымсыз бағаның екеуі де көрінетін болса, ол мақал не мәтел құрылысының негізінде салыстыру жатқанын көреміз. Салыстыру барысында сөйлеуші және тыңдаушы тарапынан белгілі бір нәрсеге, оқиғаға, құбылысқа баға беріледі.

Мақал-мәтелдердің мағынасындағы бағалауыштық компонент ашық немесе жасырын түрде де беріледі. Мысалы,

Жақсы қойшының төлі түлеп туады,

Жаман қойшының төлі жүдеп туады деген мақалдың идеясы «жақсы», «жаман» бағалауыштық компоненттері арқылы ашық түрде беріліп тұр. Ал *Есек семірсе, иесін тебер* немесе *Кеме келсе, қайық судан шығады* деген мақалдардың құрамынан алдыңғы мақалдағы «жақсы», «жаман» деген сияқты тура мағынасындағы, ашық түрдегі бағалауыштық компоненттердің жоғын байқау қиын емес, яғни бұл екі мақалдың бағалауыштық компоненттері жасырын түрде беріліп тұр.

Бағалауыштық мағына бұйрық рай тұлғасындағы етістігі бар мақал-мәтелдерде де бар, олар көбінесе ақыл-кеңес немесе бұйрық беру ретінде қолданылады. Мысалы:

Жақсыны көріп пікір ет,
Жаманды көріп шүкір ет.
Алты жыл аш болсаң да атаңның салтын ұмытпа.
«Тау көшті» дегенге нан,
«Әдет қалды» дегенге нанба.
Өзіңді-өзің сыйламасаң, өзгеден сый дәметпе.
Біреуге жасаған жақсылығыңды ұмыт,
Біреуден көрген жақсылығыңды ұмытпа.
Заманың қалай болса, бөркіңді солай ки.
Су ішкен құдығыңа түкірме.
Жақсымын деп мақтанба, халық айтпай,
Батырмын деп баптанба, барып қайтпай.
Мал сақтама, ар сақта

Мақал-мәтелдердің негізгі прагматикалық қызметі – дидактикалық, яғни тәлім-тәрбие беру. Әдетте олар сөйлеу тілінде адамға ақыл айтуды қажет ететін өмірдегі типтік жағдаяттарда қолданылады. Әсіресе, ол адамның мінез-құлқы, эмоциялары және іс-әрекеттері жағымсыз бағаланатын болса, ақыл-кеңес берудегі мақал-мәтелдердің дидактикалық қызметі өте маңызды қызмет атқаратыны даусыз.

Қазақ мақал-мәтелдері қоғамның барлық саласын қамтиды. Мақал-мәтелдердің басқа мәдениет қорынан ерекшелігі көлемі жағынан қысқа, мазмұн жағынан тереңдігінде ғана емес, көңілге ерекше қонымды, ұтымдылығында және барлық халыққа бірдей ортақтығында [1, 89]. Сондықтан да әр адам күнделікті өміріне керекті жағдайында қарай қандай мақалды болсын өзінің төл қаруындай қолдана алады.

Мақал-мәтел ауыз әдебиетінің басқа жанрларына қарағанда, ертегі, мысал, өлең, жыр, т.б. өзінің аса қысқа көлемділігімен, аса терең, айқын образдылығы жағынан бір-біріне жақын келеді. Аз сөзбен терең мағынаны түсіндіру, өмір құбылысын айқын көрсету – тек мақал мен мәтелге тән қасиет. Сондықтан да, мақал мен мәтелдің композициялық-синтаксистік құрылысы ауыз әдебиетінің басқа жанрынан өзгеше.

Мақал-мәтелдің ерекшелігінің бірі – ол жалпы дерексіз ұғымды жеке фактілер, құбылыстар мен іс-әрекеттер арқылы астралы мағынамен түсіндіру. Мақал-мәтелдің барлығы дерлік тура мағынада емес, жанама, ауыспалы мағынада да беріліп отырады. Әсіресе, мақалдың өнегелік мазмұны ауыспалы мағынада келеді. Мысалы:

Екі қошқардың басы бір қазанға симас.

Тышқанға өлім керек, мысыққа ойын керек.

Ит үреді, керуен көшеді.
Тозған қазды топтанған қарға жейді.
Түйенің үлкені көпірден таяқ жейді.
Сұңқар ұшып жетіледі, тұлпар шауып жетіледі.

Балық басынан шіриді деген өнегелі мақалдарда ауыспалы, жанама мағына беріліп тұр. Бұл мақалдарды тура мағынасында түсіну, олардың көркемдік, образдық сипатын жоққа шығарумен бірдей.

Халық ақылды, мінезді адамдарды бір сөзбен «жақсы», ал ақылсыз, мінезсіз адамдарды «жаман» лексемалары арқылы береді. Жақсылықтың белгілері: адалдық, қайырымдылық, арлылық, әдептілік, сыпайылық. Жамандықтың көріністері: арамдық, мейірімсіздік, арсыздық, әдепсіздік, тұрпайылық, талапсыздық. Халық өзінің мақал-мәтелдерінде «жақсы» мен «жаманды» салыстырып, көбінесе қатар айтады, тыңдаушысын, оқушысын жамандықтан жиіркендіріп, жақсылыққа сүйсіндіріп отырады.

Екі жақсы қосылса, айрылуға қиыспайды,
екі жаман қосылса, дүниеге сыйыспайды.
Алғаның жақсы болса үйіңнен кісі кетпейді,
алғаның жаман болса досың да шеттейді.
Жақсымен жолдас болсаң – жетерсің мұратқа,
жаманмен жолдас болсаң – қаларсың ұятқа.
Жақсы сөйлесе аузынан гүл төгіледі,
жаман сөйлесе аузынан жын төгіледі.

Демек, жақсы-жамандық ең алдымен адаммен сыйласудан, басқамен қарым-қатынастан көрінеді, жақсы адам қара басын ғана ойламай, халық қамын ойлайды, кемтарға қарасады, әлсізге болысады, адаммен сыйласа біледі.

Әділдік, батылдық, тұрақтылық бұған керісінше жасықтық, жалтақ, тұрақсыз, көрінгенге жалпақтап, жалтақтап, жағымпазданып күн кешетіндер жайында:

Жақсы арына құл, жаман малына құл.
Жорға жүрісімен пұл болады,
жаман жүрісімен құл болады, –дейді.

Жақсының белгісі – кішіпейілдік, өзіне жасаған біреудің жақсылығын, қайырымын бағалай білу.

Бидайдың тіктігі – дәні жоқтығы,
жігіттің тіктігі – ақылы жоқтығы.
Білімдінің сөзі жібектей, білімсіздің сөзі білектей.
Жақсыны сыйласаң есінен кетпейді,
жаманды сыйласаң есігіңнен кетпейді.

Жамандықтың бір белгісі – күншілдік, іштарлық. Ондай жандар, әдетте, өзінен басқаның бәрін күндейді, жақтырмайды, жаратпайды. Өзінен өзгенің жақсы ісіне, сөзіне, табысына сүйсінбейді, қуанбайды, керісінше күйінішпен, қызғанышпен қарайды, қалайда біреуді кемітіп, мұқатуды өзіне дәреже көреді, ең болмаса сыртыңнан жамандап, даттап жүреді.

Аузы жаман елді былғайды,
аяғы жаман төрді былғайды

Қас жаман қасындағысын қарақтайды, –дейтін мақалдар, міне, сондай пасық, ұсақ адамдардан жастарды, жаңа қауымды сақтандырады. Ондай арам адамдарды «әдепсіз», «көргенсіз», «қалпы жаман», «жүріс алған», «беті ашылған» *Аяғын кебіс қыспаған, енесі ернін қыспаған* деп ат қойып, айдар тағып айыптайды.

Қоғамда кездесетін осындай жағымды-жағымсыз мінез-қылықтарды көрсете келіп халық:

Жақсыдан – шарапат,
жаманнан – кесапат.
Жақсыға ізет,

жаманды күзет
Жақсыдан үйрен,
жаманнан жирен, –деген өсиет айтады.

Қазақтар сөз тапқыштыққа, суырып салмалық дарынға әрқашан жоғары баға берген [2, 35]. Бұл мақал-мәтелдерден айқын көрінеді: *Сөз сүйектен өтеді; Сөз тапқанға қолқа жоқ.* Демек, осы мақалдардың мәні – сөз өнеріне жағымды баға беру.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мақал-мәтелдер халықтық тәлім-тәрбие беру құралдарына жатады. Мақалдардың мән-мағынасын түсіндіру арқылы ұлттық тәрбие беріледі. Халқымыз мақал-мәтелдердің көмегімен мінез-құлық ережесі, өмір туралы түсінік, басқа адамдармен қарым-қатынас жасау стандарты, жақсы және жаман арасындағы айырмашылық жөнінде айтып, еңбексүйгіштікке баулиды, атамекенді, ел жұртты сыйлауға үйретеді. Адам алған білімдерін пайдалана отырып, айналасындағы заттарға, құбылыстарға, оқиғаларға баға беруді үйренеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Раев Д.С. Қазақтың шешендік өнері: философиялық пайымдау. – Алматы, 2001. – 228 б.
Raev D.S. Qazaqtyń sheshendik óneri: filosofialyq paıymdaý. – Almaty, 2001. – 228 b.
2 Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы-салғастырмалы лингво-мәдени сараптама): филол.ғ.д.... дисс. –Алматы, 2004. – 228 б.
Islam A. Ulttyq mádenıet konteksindegi dúnıenıń tildik sýreti (salystyrmaly-salǵastyrmaly lıngvo-mádenı saraptama): filol.ǵ.d.... dıss. –Almaty, 2004. – 228 b.

Материал 29.10.2020 баспаға түсті

REFERENCES

1 Raev DS Kazakh oratory: philosophical reasoning. – Almaty, 2001. – 228 p.
2 Islam A. Linguistic picture of the world in the context of national culture (comparative linguistic and cultural analysis): Ph.D. .... dissertation. – Almaty, 2004. – 228 p.

Оценочное значение пословиц

Г.А. Тусупбекова
Университет имени Шакарима города Семей, г.Семей, 071400, Республика Казахстан

Статья посвящена проблемам оценочности в пословицах, способам выражения оценки. Способы выражения оценки в пословицах проявляются через культуру говорящего, а также через деонтические нормы социального поведения. В последнем случае они становятся эксплицитными в контексте употребления. Семантика пословиц представляет собой потенциальный косвенный речевой акт, содержащий совет или рекомендацию о том, как следует вести себя в типовой ситуации, представленной пословицей в данной культуре.

Пословица определяется в данной статье как оценочное суждение, языковая единица с текстовыми характеристиками, обладающая прагматическими функциями и используемая для реализации разных коммуникативных стратегий. Система оценочных значений пословиц дается лексемами «хорошо/плохо». В статье описаны структура, семантика и функции пословиц. Анализируются основные оценочные группы пословиц и поговорок, характеризующих человека.

Материал поступил в редакцию журнала 29.10.2020

Estimated vaule of Proverbs

G.A. Tussupbekova

Shakarim university of Semey, Semey, 071400, Republic of Kazakhstan

The article discuss the semantic evaluation of Proverbs. The Proverb is characterized by the ability to evaluate the characteristics of any situation, including a person, his behavior, actions, etc. People says that the system of evaluation values of Proverbs is given by tokens good/bad. The speaker uses Proverbs to convey his or her opinion or point of view on a particular issue or event in a soft way. In proverbs, the evaluation component and meaning of Proverbs is defined explicitly or in a hidden for.

In scientific researches which are related on the features of proverbs and sayings, the laws of their compositional and semantic development, methods of their application, as well as emotionally expressive shades are considered. Among the Kazakhs, proverbs and sayings have great logical, philosophical, aesthetic and pragmatic significance in the study and cognition of the everyday life of the people. In exploring the meaning of proverbs and sayings, cognitive linguistics has many aspects in their study.

Received: 29.10.2020

ӘОЖ 811.512.122:159.942

Ғ.А. Түсіпбекова
ф.ғ.к., доцент, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей қ., 071400, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/000-0003-2200-5614. E-mail: autovna67@mail.ru

ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДЕГІ БАҒАЛАУЫШТЫҚ КОННОТАЦИЯНЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақалада фразеологизмдердегі бағалауыштық коннотацияның лингвомәдениеттанымдық ерекшеліктері қарастырылады. Қазақ тіліндегі фразеологизмдер өздерінің мағыналарымен бірге сол халықтың дүниетанымы негізінде этномәдени, танымдық ұғымдармен ұштасатындығын көрсетеді. Олар айналадағы қоршаған заттар мен құбылыстарға ұлт тұрғысынан баға беру, сипаттау арқылы сол ұлттың ұлттық менталитетін, көзқарасын, дүниетанымын аңғартады.

Мақалада тілдің мәдени қырынан танылуы жөніндегі зерттеулер талданады. Сондай-ақ, фразеологизмдердегі мәдени коннотациялар, фразеологиялық тіркестерде бейнеленген ұлттық мәдениет деректерінің бағалауыштық мәні сипатталады. Фразеологизмедерде эмоционалды мағына мен бағалауыштық мағынаның болатынына назар аударылады. Ұлттық-мәдени ерекшеліктердің тіл арқылы танылуындағы фразеологизмдердің атқаратын қызметі айрықша екендігіне мән беріледі. Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің бағалауыштық мағынасында эмоционалдық-бағалауыштық қызмет тән болатындығы айтылады.

Кілт сөздер: бағалауыштық коннотация, эмоционалдық-бағалауыштық қызмет, ұлттық дүниетаным, лингвомәдениеттаным, эмоционалды мағына

КІРІСПЕ

Фразеологизмдер коннотациясын зерттеудің лингвомәдени, әлеуметтік, психологиялық аспектілері фразеологизмдердің тілдік бірлік ретіндегі ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді. Қазақ тіліндегі бағалауыштық коннотацияның табиғаты мен өзіндік ерекшеліктерін айқындау мақаланың негізгі мақсаты болып табылады.

Қазақ тіл білімінде тілдің табиғатын адамның мәдени, рухани, әлеуметтік, психологиялық болмысымен ұштастыра талдаған қазақ лингвистері таным мәселесіне ерекше назар аударып, ұлт пен тілдің біртұтастығы жөніндегі қағидаға сәйкес антропоөзектік бағытты қалыптастырды.

Әр ұлттың концептілер жүйесін дүниетаным құндылықтары құрайды. Әр қоғамдық даму кезеңдерге сәйкес тіл және мәдениет иелерінің абстрактілі концептілерді танып-түсінуде өзгерістер болғанымен, негізгі дүниетанымдық мәні өзгеріссіз ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады.

Әрбір ұлттың және халықтың өзіне тән болмыс-бітімі, салт-дәстүрі, рухани мұралары, ұлттық ерекшелігі – сол халықтың тарихи даму жолының көрінісі. Профессор Ж.Манкеева: «Мәдениетті тілден бөліп қарамаймыз. Тіл-мәдениеттің бір көрінісі. Ол екеуінің арақатынасы ерекше маңызды. Кез келген мәдениеттің түрлері, атаулары тіл арқылы бейнеленіп, кумулятивтік қызмет арқылы көрінетіні, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізілетіні белгілі», – дейді [1, 53].

Ұлттық-мәдени ерекшеліктердің тіл арқылы танылуы, қазақ тіл білімінде ғылыми зерделеніп, жүйелену мәселелері XX ғасырдың сексенінші жылдарынан нақты қолға алынғаны белгілі. Тілдің мәдени қырынан талдануы жөніндегі алғашқы тұжырымдар академик Ә. Қайдаров, Р. Сыздық, Ж. Манкеева, Ғ. Қалиев, Н. Уәлиев, С. Сәтенова, Б. Момынова, Г. Смағұлова және т.б. ғалымдардың еңбектерінде әр қырынан қарастырылады.

Халықтың мәдениетінің, салт-дәстүрінің, бейнелі ойлау болмысының, танымы мен санасының, қиялы мен дүниетанымының көрінетін тұстары фразеологизмдерде болмақ. Фразеологизмдердегі мәдени коннотациялар, белгілі бір тілдің фразеологиялық тіркесінің ұлттық ерекшелігі оның тек ішкі тілдік құрылысымен ғана емес, сол фразеологиялық тіркестерде бейнеленген ұлттық мәдениет деректерінің бағалауыштық мәнімен сипатталады.

Мақалада жасалған тұжырымдар фразеологияның бағалауыштық коннотациясы саласы бойынша зерттелген мәселелердің әрі қарай дамуына септігін тигізеді деп ойлаймыз.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақ тіл білімінде фразеологизмдер осы кезге дейін көбіне белгілі бір жазушы шығармасындағы фразеологизмдер туралы зерттелініп келді. Бұл сипаттағы еңбектерге Х.Г. Қожахметованың «Ғ.Мұстафин шығармаларындағы фразалық оралымдар», Е.А. Бектұрғановтың «Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы тұрақты сөз тіркестері», К.Н. Дүйсентаеваның «Семантико-стилистические особенности казахских фразеологизмов /на материале перевода романа эпопеи М.Ауезова «Абай жолы»/», Б. Әбілқасымовтың «Әбілғазының «Шежіре-и-түркі» атты шығармасындағы сөз тіркестері», Ө. Айтбаевтың «Аудармадағы фразеологиялық құбылыс» атты еңбектерін жатқызуға болады.

Сондай-ақ тіліміздегі фразеологиялық бірліктер лексика-семантикалық, лексика-стилистикалық жағын, сонымен бірге олардың варианттылығын, синонимділігін қарастырған еңбектерге Ә .Болғанбаевтың «Қазақ тіліндегі алғыс және қарғыс мағынадағы тұрақты сөз тіркестері» мен «Аналитикалық атауларға байланысты фразеологизмдер» еңбегін, Г.Н. Смағұлованың «Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің варианттылығы», «Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері», К.Рысбаеваның «Қазақ тілі культтік фразеологизмдері» атты еңбектерін атауға болады.

Осы жоғарыда келтірілген еңбектердің қай қайсысында болмасын фразеологизмедерде эмоционалды мағына мен бағалауыштық мағынаның болатынын жоққа шығармайды. Г.Н. Смағұлова: «Мағыналас фразеологизм қатарында әсіресе, коннотативті компоненттер түгелге дерлік бағалағыштық, сипаттағыш қасиетіне ие болып, эмоционалды жағы тым жоғары болады. Мұндай қатарларда адамға қатысты қасиеттер: жақтырмау, ұнатпау, менсінбеу сияқты ішкі сезімді бейнелейтін тіркестер бар», – дейді [2, 37].

Қазақ тіліндегі көптеген фразеологизмдердің бағалауыштық мағынасы айқын көрініс тауып жатады. Оларға эмоционалдық-бағалауыштық қызмет тән болады. Сондықтан

көптеген жағдайларда олар сезім мен бағалауыштықты қатар білдіреді. Фразеологизмдердің жалпы мағынасындағы жағымды немесе жағымсыз мағыналық коннотацияның пайда болуына арқау болатын адамның көңіл-күйінің әсері. Солардың бір топ қатары деп жақтау, мақұлдау, жақтырмау, ұнатпау, менсінбеу сияқты адамға қатысты қасиеттерді бейнелейтін тіркестерді көрсетуге болады. Мысалға, оларға *мұрнын шүйіру, мұрнын көкке көтеру, бармағынан бал тамған, қабағын шыту, көзге ілмеу, жүрек жұтқан, тас бауыр, ала жібін аттамау, қой аузынан шөп алмас, азу тісі балғадай, сорпаға шығары* т.б. сипаттағы тұрақты сөз тіркестерін бере аламыз.

Сондай-ақ адамның жеке қасиеттерін бағалау мақсатында да фразеология қатысатынын аңғаруға болады. Мақтаншақ, менмен адамның жалпы сипатын мынадай мағыналас қатар арқылы беруге болады: *көзінің еті өсу, ханға сәлем бермеу, деміне нан пісу, көзіне шел біту, көкірек керу, мұрнын көкке көтеру* т.б. Бұлар – жағымсыз көзқарастан туатын бағалау. Тіліміздегі *үрген қарындай, май басу, бес биенің сабасындай, басы табақтай, қарны қабақтай* сияқты тіркестер ұнатпау реңкіндегі дөрекі стильге жататын бағалау. Синонимдік қатарларда адамға қатысты жақтырмау, ұнатпау, менсінбеу сияқты ішкі сезімді бейнелейтін тіркестер көптеп кездеседі. Мысалы, *адамға санамау – адам қатарына қоспау – кісі (адам) құрлы көрмеу – көзіне ілмеу – қонышына теңгермеу – қор тұту – төмен санау – пысқырып та қарамау – ернін шүйіру – кекіп қалу.* Сөздіктердегі жақтау, мақұлдау, жақсы көру, ұрсу, мысқыл, кекесін, жақтырмау, ұнатпау, елемеу, жек көру, кемсіту т.б. деген белгілер қойылған фразеологизмдер түгелге дерлік бағалауыштық мәндегі фразеологизмдер болып есептеледі.

Қазақ халқына тән ұлттық мінез қатарына – кішіпейілділік, адамгершілік, үлкенді сыйлау, үлкенге құрмет, қонақжайлылық, жуас, момындық, қарапайымдылық жатыны белгілі. Бұл қатардағы ұлттық мінездегі жағымды бағалауыштық мағынаны айта берсек, жетерлік. Мәселен, қазақ халқына тән сабырлылық қасиеті фразеологизмдерде былайша көрініс табады: *үстінен түйе өтсе де мыңқ етпеу, етінен ет кессе де мыңқ етпеу* т.б. Сол секілді ақкөңіл адамның бағасы мынандай тіркестермен беріледі: *аузын ашса, көмекейі көрінетін; кеудесінде инедей кірбеңі жоқ; терісі кең*; батырлық қасиеті: *жүрек жұтқан, көзсіз батыр, жүрегінің түгі бар, мүйізі қарағайдай* т.б.

Адамның сыртқы түр-тұлғасын, ішкі жан-дүниесін, көңіл-күйін, іс-әрекетін, қимыл-қозғалысын сипаттап, бейнелеп, бағалап атауда қазақ фразеологизмдерінің қомақты бөлігі жануарлар әлемінен алынған образдар үлесіне тиетіні белгілі.Қазақ тілінде адам образын беруде арыстан, қасқыр, түлкі, марал т.б. аң атаулары, ит, мысық сияқты үй хайуанаттары атаулары, төрт түлік мал атаулары жиі қатысады. Мысалы, қу түлкі- айлакер, өте қу адамға берілетін баға болса, ыстық-суықты көп көрген, көне көз ер деген мағынаны кәрі тарлан деген бір ауыз сөзбен жеткізе білген.

Фразеологизмдердің жеке тұрғанда эмоциялық реңкі анық байқалғанмен, контекст ішіндегі қолданысына қарай эмоциялық бояу анықтала түседі: *Барханның әйелі* ***қой аузынан шөп алмас момын****, өз шаруасына берік тұйықтау адам* (О.Бөкеев). *Тоғай толған жылқымды Жасанған жауға тапсырдым, Қора толған қойымды* ***Азу тісі балғадай*** *Жас бөріге тапсырдым* (Қ.Бекхожин). *Ол келген қонақтардың ішіндегі* ***сорпаға шығары:*** *Иманбай би, Әлдеке, Мүсірәлі екен* (Ж.Аймауытов). *Орыспен араласып, орыс тілін үйренген соң* ***кеудеме нан піскендей,*** *өзіме-өзім әлдеқандай көріндім* (Ж.Аймауытов).

Тіліміздегі *қой аузынан шөп алмас* тіркесі – қолданылуына қарай адамның жақсы да жаман да сапалық белгілерін танытады. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде аталмыш тіркеске мынадай түсіндірме берілген: «*қой аузынан шөп алмайды, қойдай жуас, қойдан қоңыр, қойдан қоңыр жылқыдан торы, қой мінез- момын; жуас адам ...*» [3, 340]. Қазақ халқының ежелден келе жатқан кәсібі малшылық болғандықтан, халық әр малдың қыр-сырын бақылап, көңіліне түйіп, тілде қолдана білген. Үй жануарларының арасындағы ең момыны, ең жуасы – қой. Сондықтан оның осы қасиетін жуас, момын адамдардың мінезін бейнелеуде негіз етіп алған. Адамның мықты, күштілік қасиетін бағалауда халық ең мықты деген жануарлардың күшімен байланыстырған: *арыстандай айбатты, жолбарыстай*

қайратты, нар атандай, атан жілік, арқар мүйіз т.б. Сол сияқты *азу тісі балғадай* тіркесі жағымды бағаға ие. Аталмыш сөздікте « азу тісі балғадай [пышақтай] – *жарамды, қажырлы, күшті*» [3, 15] деп анықтама берілген. Яғни жанды затқа мықты деген баға беріле қолданылады. *Сорпаға шығары* тіркесі кекесін мағынада қолданылады. Сөз болып отырған осы сөздікте «сорпаға шығары *мысқыл. Бетке шығар, алға ұстар жақсысы; беделдісі ...*» [3, 464] деген анықтама беріледі. Бұл тіркес қолданыста кекесін мағынада қолданылады. Оның тура мағынасы таңдаулылары деген мағынадағы жағымды мағынаға ие.

Бағалаудың концептуалдық құрылымын анықтау барысында қазақстандық белгілі философ Д.С.Раевтың қазақ халқының дүниені танып білу әдіс-тәсілдерінің өзіндік ерекшеліктері, ұлттық дүниетанымы, әдеп және адамгершілік құндылықтардың қалыптасуы туралы философиялық пайымдауларын, С.К.Сәтенованың қазақ тіліндегі жануарлар атауларымен байланысты фразеологизмдердің сипаттамасы туралы айтқан тың ойларын негізге алдық. Д.С.Раев атап көрсеткендей, табиғат – көшпелі қазақ халқының дүниетанымының, адамгершілік, әдептік пайымдауларының түп негіз бастауларының бірі болып табылады, себебі қазақ ұлты мал шаруашылығымен айналысып, жаз жайлауға, күз күзеуге, қыс қыстауға, көктем көктеуге көшіп-қонып табиғат аясында өмір сүргендіктен оның сырын жақсы біледі деп айта аламыз [4, 43]. Бұған дәлел – қазақ халқы адамның жағымды және жағымсыз мінез-құлықтарын табиғаттың алуан түрлі құбылыстары мен қоршаған ортаға баламалай отырып сипаттама беруі. Мысалы, бейқам адам: *жағасы жайлау, төбесі қыстау*; адал: *судан таза, сүттен ақ;* мақтаншақ: *жел өкпе, көбік өкпе;* қатал: *тастан қатты*; мейірімсіз: *тас жүрек, тас бауыр;* тез, шапшаңдық: *жұлдыздай ағу; қара құйын* т.б. *Қалжың құмар **жел өкпе** жігіттер өздерінің тілегін орындамай кетпейтіндерін айтып, тұрып алғаны* (І.Есенберлин). *Әрине, әкем бұл пәниден қателеспей, **сүттен ақ, судан таза** өмір кешуде десем, онда ол тіпті де адамнан гөрі періштеге ұқсар еді* (О.Бөкей).

Мына – жүрек, мына – көз, мына баста,
Ненің барын біледі мына қасқаң...
Сезгіштігін білдіріп алам ба деп,
***Тас жүрегін** жасырар қына басқан* (М.Мақатаев).

Осы мысалдардан көріп отырғанымыздай, қазақ халқы адамның жақсы және жаман мінездерін табиғаттың жанға жайлы құбылыстарымен салыстыра отырып бейнелесе, теріс мінез-құлықтарын табиғаттың сүрең құбылыстарымен сипаттаған.

Қазақ халқында бағалау барысында адамның мінез-құлқының жақсы-жаман жақтарын жан-жануарлар мен қазақтар үшін тіршілік көзі болған төрт түлік малдың жақсы – жаман мінездерімен салыстыра отырып сипаттау басым. С.К.Сәтенова: «... халық малды тек бағып қана қоймай, оған тән мінез-құлықты, ерекшеліктерді байқап, адамдардың бет-пішінін, мінез-құлқын, іс-әрекетін сипаттау кезінде ұтымды пайдаланып отырған: *қойдан жуас, жылқыдан торы; жылқы мінезді (жігіт); теке сақал; бұзау тұмсық; бота көз; түйе табан; бес биенің сабасындай; сиыр сипағанды білмейді; ешкінің асығындай; қой аузынан шөп алмайтын; тойған қозыдай т.б.*», – деп көрсетеді [5, 14]: ***Қой аузынан шөп алмас** жуас, құлағының сәл мүкісі бар, бала болып көп ойнамайтын жасқаншақ еді* (О.Бөкей). *«Ал енді не айтасың?» дегендей, жазық маңдай, қыр мұрын, аққұба, **аққу мойын,** аршын төс, қара торы, қиғаш қас, ақ сары қыздар әлі маған жаудырап қарап тұр* (Ә.Нұршайықов). *Бірінші көрген оқытушым болған соң ба, әлде жүзінде есте қалар ерекше белгілері бар ма, білмеймін, көмірдей қара, **қозыдай бұйра шашы** мен бірден **бүркіттің тұмсығын көзге елестететін үлкен имек мұрыны бар**, қоңырқай өңді келген отыз үш-отыз төрттер шамасындағы сабырлы кісі өмір бойы ойымда сақталып қалды* (Ә.Нұршайықов). *Биік қабақ, **бота көз** осынау ақ сары қыз маған барлық қыздардың сұлуы сияқты боп көрінді* (Ә.Нұршайықов).

ҚОРЫТЫНДЫ

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, қазақ тілінде фразеологизмедерде эмоционалды мағына мен бағалауыштық мағынаның болатынына көз жеткіздік. Қазқ тіліндегі фразеологизмдердің мағына мәні сол ұлттың ерте уақыттан бергі өмірін жан-жақты айқындайды. Адамзат тарихын өз бойына сақтаған қазақ фразеологиялық сөздік қорында философиялық ойлары, дүниені танып-білуі, тұрмыс-тіршілігі, ұлттық мәдениеті айқын көрініс тапқан. Қазақта адамның мінез-құлқының жақсы-жаман жақтары жан-жануарлармен салыстырыла отырып сипатталғанын байқауымызға болады. Яғни, қазақ халқының төрт түлік малдың жағымды-жағымсыз мінездерін адамның жағымды-жағымсыз мінез-құлықтарымен баламалай отырып бағалау жүйесін қалыптастырғандығын, сонымен қатар ұлттық тәрбие жүйесін жасағандығын да көруімізге болады. Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің беретін ұғымы ұлттың өзіне ғана тән рухани өмірін суреттейді.

Фразеолгизмдердің ұлттық-мәдени ерекшеліктерін айқындау адамдардың дүниені, құбылысты қалай қабылдауы және оған баға беруі, олардың тілдік көріністегі қолданыс аясын талдауымен анықталады. Яғни, тілдегі фразеологизмдер коннотациясы ұлттық сезім, ұлттық мінез, ұлттық салт-дәстүр негізін айқындайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2014. – 640 б.
Mankeeva J. Qazaq til biliminiń máseleleri. – Almaty, 2014. – 640 b.
2 Смағұлова Г.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы, 1998. – 194 б.
Smaǵulova G.N. Maǵynalas frazeologızmderdiń ulttyq-mádenı aspektileri. – Almaty, 1998. - 194 b.
3 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразологиялық сөздігі. –Алматы, 1977. – 712 б.
Keńesbaev I. Qazaq tiliniń frazologıalyq sózdigi. – Almaty, 1977. – 712 b.
4 Раев Д.С. Қазақтың шешендік өнері: философиялық пайымдау. – Алматы, 2001. – 228 б.
Raev D.S. Qazaqtyń sheshendik óneri: fılosofıalyq paıymdaý. – Almaty, 2001. – 228 b.
5 Сатенова С.К. Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты: Филол.ғыл.докт. дисс. –Алматы, 1997. – 260 б.
Satenova S.K. Qazaq tilindegi qos taǵandy frazeologızmderdiń tildik jáne poetıkalyq tabıǵaty: Fılol.ǵyl.dokt. dıss. –Almaty, 1997. – 260 b.

Материал 29.10.2020 баспаға түсті

REFERENCES

1 Mankeeva Zh. Problems of Kazakh linguistics. – Almaty, 2014. – 640 p.
2 Smagulova G.N National and cultural aspects of meaningful phraseology. – Almaty, 1998. – 194 p.
3 Kenesbayev I. Phraseological dictionary of the Kazakh language. – Almaty, 1977. – 712 p.
4 Raev D.S Kazakh oratory: philosophical reasoning. – Almaty, 2001. – 228 p.
5 Satenova S.K Linguistic and poetic nature of double-column phraseology in the Kazakh language: Ph.D. diss. –Almaty, 1997. – 260 p.

Лингвокультурные особенности оценочной коннатации фразеологизмов

Г.А. Тусупбекова
Университет имени Шакарима города Семей, г.Семей, 071400, Республика Казахстан

В статье рассматриваются лингвокультурные особенности оценочной коннотации фразеологизмов. Коннотация занимает значительное место в значении фразеологических единиц, поскольку при реализации речевых функций фразеологизмов значительная нагрузка выпадает именно на коннотативный макрокомпонент. Коннотация является изначальной особенностью фразеологического уровня языка. Именно благодаря коннотации

фразеологизмы глубоко воздействуют на эмоциональную сферу коммуникантов. Способность фразеологизма быть средством выражения оценки обусловлена такими его лингвистическими признаками, как образность и экспрессивность.

Так же, в статье анализируются научные концепции исследования коннотации фразеологизмов с позиции языка и культуры. Рассматриваются эмоциональное значение и оценочное значение фразеологизмов. Акцент делается на особую роль фразеологизмов с оценочными компонентами, которые отражают уникальный образ мышления народа. Фразеология рассматривается как средство реконструкции языковой картины мира.

Материал поступил в редакцию журнала 29.10.2020

Linguistic and cultural features of evaluative connotatidns of phraseologisms

G.A.Tussupbekova
Shakarim university of Semey, Semey, 071400, Republic of Kazakhstan

The article discusses linguo cultural singularities ratable connotation of phraseologisms. Investigation proceeds on what language is manifestation of culture, language cultural acknowledgment. The phraseology of cultural connotation describes the estimated value of national culture data reflected in phraseological phrases. The emphasis is on special role of phraseologism in recognition of national and cultural features through the language

It is known that idioms also phraseologisms are set expressions, due to which you can find out the mentality, aesthetic preferences, traditions and habits of the Kazakh people. Based on the mentality of the people, phraseological units in the Kazakh language, together with their lexical meaning, are correlated with cognitive concepts. Using descriptions of surrounding things, phenomena and evaluating them from the ethnical point of view, phraseological units show national traditions and people's perception of the world.

Received: 29.10.2020

САЛЫСТЫРМАЛЫ ТІЛ БІЛІМІ

СОПОСТАВИТЕЛЬНОЕ ЯЗЫКОЗНАНИЕ

МРНТИ 16.21.51

Г.К. Дайрабекова[1], М.М. Малбақов[2]
[1]докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., 050040, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0001-5366-5661. E-mail: gdayrabekova@gmail.com
[2]ф.ғ.д., профессор, А. Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институты, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0002-3352-0438. E-mail: myrzabergen@mail.ru

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ҚОС СӨЗДЕРДІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ БЕРІЛУ ПРОЦЕСІНДЕГІ АУДАРМА ТЕОРИЯСЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ

Мақала жалпы ағылшын тіліндегі қос сөздердің қазақ тілінде берілу процесіндегі аударма теориясының жалпы заңдылықтарын практикалық жағынан зерделуге арналды. Қазақ мемлекеті мен ағылшын тілінде сөйлейтін мемлекеттердің арасындағы әдеби, мәдени, экономикалық және саяси байланыстар бүгінгі ғаламдастыру процесінің қарқынды белең алып тұрған кезінде жан-жақты күшейтіліп жатқандығы анық. Екі елдің мәдени қатынастарының негізгі өзегі болып табылатын тіл мен әдебиет, тілдің құрамындағы лексикология мен сөзжасам мәселелерін, аударма мен оның жолдарының маңызды қырларын тереңірек зерттеу. Қазіргі ағылшын және қазіргі қазақ тілдеріндегі қос сөздердің мағыналық және құрылымдық ерекшеліктерін ашуға, сондай-ақ ағылшын тіліндегі біріккен сөздерді қазақ тіліне екі ұлттың ойлау ерекшеліктері мен ұлттық құндылықтарын еске ала отырып лингвомәдени негізде дұрыс трансформациялау мәселелеріне арналады.

Кілт сөздер: қос сөздер, семантика, көркем аударма, мәдениет, ерекшелік.

КІРІСПЕ

Қазақ аудармасының пайда болып, оның жеке ғылым саласы болып қалыптасуы жолында көптеген ғалымдар қажырлы еңбек жүргізгені анық. Аударма саласы, біздіңше, әу баста нақты қажеттіліктен туындаған. Халықты басқа елдердің мәдениетімен, әдебиетімен, өнерімен таныстыру мақсатын жүзеге асыру үшін ең алдымен аударма қажет болды. Бұл тұрғыда, И.Р.Бехердің «елеулі ұлттық әдебиет жақсы аудармашылық әдебиетсіз ойға сыймайтындығын» айрықша атап өткені мәлім [1, 63].

Жалпы алғанда, аударма саласында бұрын-соңды сан алуан пікірлер айтылған. Қазақ аударматану принциптерінің негізін М.Әуезов, А.Сатыбалдиев, С.Талжанов, З.Ахметов, Х.Садықов, Ө.Айтбаев, С.Құспанов сияқты ғалымдары қалап, бұл саланы жаңа ғылыми сатыға көтерді. М.Қаратаев «Тынық Донның қазақша аудармасы және көркем аударманың кейбір мәселелелері», М.Жанғалин «Орысшадан қазақшаға аударудың негізгі принциптері туралы», М.Қаратаев «Дүниетаным және шеберлік», «Эпостан эпопеяға», «Асқар асулар алда», М.Жанғалин «Орысшадан казақшаға аударудың кейбір мәселелері туралы», С.Талжанов «Көркем аударма туралы», «Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері туралы», Ә.Сатыбалдиев «Рухани Қазына», С.Сейітов «Өмір өрнектері», Т.Ахтанов «Керуен» және басқа да еңбектер ғылыми ортаға ұсынылып қазақ аударматануының негізгі теориясы қалыптасып, аударманың талаптары мен шарттары жан-жақты зерттелді. Аудармашының оқырманға аударманы аударма ретінде емес, ана тіліндегі шығарма ретінде қабылдауына мүмкіндік туғызуы, аудармада түпнұсқа мәтіндерінің стилі мейлінше сақталуы, түпнұсқа мәтіннің ұлттық-мәдени ерекшеліктері толық сақталуы аударманың мінсіз болып шығуына әсер ететін факторлар ретінде қарастырылды [2].

Зерттеудің нысаны – ағылшын және қазақ тілдеріндегі қос сөздер.

Ағылшын тіліндегі қос сөздердің құрылымдық және семантикалық тұрғыдан салыстыра-салғастыра зерттеу негізінде оларды қазақ тілінде берудің трансформациялық модельдерін екі халықтың ойлау ерекшеліктерін және ұлттық құндылықтарын зерттеп ұсыну. Соның негізінде төмендегі міндеттер қойылды:

- жалпы аударма теориясының негізгі бағыттарын, ағылшын тілін қазақ тіліне аударма жасаудағы негізгі бағыттарын айқындап жүйелеу және зерттеу жұмысына теорялық негіз дайындау;
- ағылшын тіліндегі қос сөздерді қазақ тіліне трансформациялауда аударманың тиімді түрлерін теориялық және практикалық тұрғыдан айқындау;
- ағылшын тіліндегі қос сөздердің құрылымдық үлгілерін және олардың семантикалық мағыналарын талдау;
- қазақ тіліндегі қос сөздердің құрылымдық үлгілерін және олардың семантикалық мағыналарын талдау;

Зерттеудің міндеті:

- ағылшын тіліндегі біріккен сөздердің қазақ тіліндегі трансформациялық модельдерін жасауда қолданылатын аударма әдіс-тәсілдерін қолдану теориясы мен практикасының негізгі мәні ашу;
- ағылшын тілінің материалдарын қазақ тіліне аудару жолдарының негізгі бағыттары айқындалып, жалпы аударма теориясының мақсаттарына орай қосымша теориялық негіз әзірлеу;
- ағылшын және қазақ тілдерінің қос сөздерді зерттеу принциптеріндегі ұқсастықтар және өзгешеліктер анықтау;
- ағылшын тіліндегі зат есім және сын есім негізді қос сөздерге этнолингвистикалық тұрғыдан баламалар қарастыру;

Зерттеу жұмысында сипаттау, салыстыру, когнитивті талдау, лексика-семантикалық талдау, аудармалық трансформациялар жасау, жүйелеу, сыни тұрғыдан баяндау, жинақтау, текстологиялық, түсіндірмелі, жүйелі-кешенді, салыстырмалы-салғастырмалы талдау әдістері қолданылды.

Ағылшын тіліндегі қос сөздердің қазақ тілінде берілу процесіндегі аударма теориясының негіздерін анықтау арқылы, онда қолданылатын жалпы ұстанымдар мен ұғымдарды талдап көрсету негізінде тек ағылшын тіліндегі немесе қазақ тіліндегі трансформациялық модельдерге қатысты теорияның ғана емес, жалпы аударма теориясы саласының сипатын жүйелеуге мүмкіндік пайда болады. Зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелер мен тұжырымдар жалпы аударма теориясы, этнолингвистика, ағылшын және қазақ тіл білімі, лингвомәдениеттану мәселелерін жан-жақты сұрыптауға, олардың теориялық принциптерін негіздеуге көмектесе отырып, жаңа ғылыми бағыттардың өзек ала бастауына әсер етеді.

Ағылшын тілінен қазақ тіліне аударылған көркем шығармалардан жинақталған тілдік деректер қазақ тілінің сөздік құрамын байытып, сол арқылы жалпы тіл білімінің де сұранысын өтей алатындықтан, соңғы жылдарда іргесі қаланып жатқан лингвоконцептология ілімін де дамытар маңызды арналар қатарына жатқызуға болады.

Зерттеу жұмысының нәтижелерін ағылшын тіліндегі қос сөздерді қазақ тіліне аудару жұмыстарында, шет тілін үйрету барысында, практикалық сабақтарда қолдануға болады. Қазақ тіл ғылымындағы аудармаға қатысты бағыттың дамуына септігін тигізетіндіктен, жасалған тұжырымдар мен анықтамаларды қазіргі қазақ тілі және қазіргі ағылшын тілінің теориялық курстарында, аударма теориясы және салғастырмалы грамматика пәндерін оқытуда, жоғарғы оқу орындарына арналған оқулықтар мен әдістемелік құралдар дайындауда, арнайы курстар мен семинарлардың жаңа бағдарламаларын жасап жинақтау барысында жан-жақты пайдалануға, сонымен қатар ағылшын-қазақ тіліндегі қос сөздер сөздігі ретінде пайдалануға болады.

Бұл еңбектердің басым көпшілігі қазақ тілінен орыс тіліне және орыс тілінен қазақ тіліне аударудың қыр-сырын ашуға арналды. Қаншалықты көп қарастырылса да, аударма саласында әлі де болса шешілмей жатқан мәселелерінің көп екендігін ескергеніміз жөн.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Аударма өнерінің табысы деп аударған шығарманың көркемдік тұрғысынан да, мазмұн дәлдігі жағынан да, стильдік орайында түпнұсқадағыдай болып шығуын айтамыз. Аудармашы басқа талаптармен қоса мына негізгі талаптарды әсте ұмытпағаны жөн: көркемдік, дәлдік, түсініктілік. Сайып келгенде, осындай басты талаптардан келіп, аудармашының мақсаты шығады. Олай болса, аудармашының басты мақсаты – түпнұсқа стилін, оны оқырманға толық жеткізу. Осы мақсатты кеңінен талқылар болсақ, «аудармашылық – шығармашылық өнер. Аудармашы екі тілді жете меңгеруі тиіс. Сондықтан болар аударманың сапасы да шығармашылық өнер. Аудармашы екі тілді жете меңгерумен қатар әрі жазушы, әрі ғалым болуға тиісті. Сондықтан болар аударманың сапасы да оның шығармашылық қабілетіне, біліміне, жалпы мәдени дәрежесіне байланысты болады» [3].

Елімізде аударма өнері революциядан бұрын қалыптасып, өзінің мақсат-міндетін саралап алды. Революцияға дейінгі шығып тұрған мерзімді баспа сөздердің ең өрелісі – «Айқап» тіл, әдебиет мәселелеріне, соның ішінде аударма мәселесіне кең көңіл бөлген бірден-бір жорнал болды [4, 46]. Содан кейінгі кездері аударма теориясы орыс және қазақ тілдерін қамтыды. Орыс және қазақ тілдерінің аударма мәселесі жөнінде Ө.Айтбаев, А.Алдашевалар қалам тартса [3, 121], герман тілдері мен (атап айтқанда неміс, ағылшын тілдері) қазақ тілі аудармасының кейбір мәселелері Ә.Сатыбалдиев [5, 122], Р.Нұрғалиев [6] еңбектерінде сарапталды. Ағылшын, қазақ аударма теориясы бойынша ұлттық-мәдени реңдегі сөздерді беру мәселелері А.С.Ермағамбетованың [7, 124], А.Исламның [8, 125] еңбектерінде қарастырылды. Ал көркем аударма мәселесі Д.А.Қабылдаеваның [9, 127] еңбектерінде зерделенді.

Аударматанудың қарастыратын негізгі мәселелерінің бірі мәтін болып саналады. Ресейлік ғалым Л.К.Латышев аудармашы мәтіннің қай түріне басты назар аударуы қажет деген сауалға жауап ретінде түпнұсқа мәтіні мен аударылатын тілдегі мәтіндерді салғастыра зерттеу тәжірибелеріне сүйене келіп, аударманың негізгі минималды мәтіні ретінде сөз тіркестері мен сөйлемдерді алуды ұсынады. Алайда, сөйлемнен төменгі деңгейдегі (сөз тіркесі) сәйкестілік көбінесе түпнұсқа мәтіндегі мағынаны толық жеткізе алмайды. Аударма сәйкестіктерін сөйлем деңгейінде шектеу ғана сөз тіркестерімен салыстырғанда айқынырақ сипатқа ие болады. Л.Хеллидей басым сөйлемді аударманың негізгі бірлігі деп санайды [10, 42-45].

Ғалымдар аудармаға өзіне тән ерекше талаптар қойып, оның қыры мен сырын аша түсу бағытында еңбек еткен. Мәселен, А.Поповичтің анықтамасына сүйенсек: «В переводе существует «мера», которую нельзя нарушать. Нарушение этой «меры» ведет к тому, что перевод становится адаптацией» [11, 143].

Ағылшын тіліндегі қос сөздерді түрлі белгілеріне қарай төмендегідей топтарға бөлуге болады:

І. Сөз таптарына қарай қос сөздер төмендегі топтарға бөлінеді:

Зат есімдер, мысалы: baby-moon, globe-trotter, address book, blood donor, letter-box, film star, tea bag, match-box;

Сын есімдер, мысалы: free-for-all, power-happy, old-hand, common sense, natural history, diplomatic corps, gray-green, easy-going, new-born, light-headed;

Етістіктер, мысалы: to honey-moon, to baby-sit, to henpeck, to blackmail, to nickname, to housekeep, to proof-read, to stage-manage, to safeguard, to shipwreck;

Үстеулер, мысалы: down deep, headfirst, splash down;

Шылаулар, мысалы: into, within, onto, without;

Сан есімдер, мысалы: fifty-five, seventy-eight, thirty-eight, ninety-one, sixty-seven, forty-three, twenty-six, eighty-eight.

II. Құрамындағы компоненттерінің қатысына қарай қос сөздер төмендегі топтарға бөлінеді:

1 Аралық (neutral), олар екі түбірден ешқандай морфемаларсыз бірігуінен жасалды, мысалы, ball-point, to window-shop, general public, space age, long jump, mother-tongue, alarm clock, bank account, washstand, old hand, briefcase, iron-clad;

2 Морфологиялық (morphological), мұнда компоненттер «о» немесе «і» дауысты яки «s» дауыссыз дәнекер дыбыстары арқылы байланысады: astrospace, handicraft, sportsman, craftsman, tradesfolk, Anglo-Saxon, guardsman, saleswoman, spokesman, craftsmanship;

3 Синтактикалық (syntactical) мұнда компоненттер көмекші формалар арқылы байланысады, мысалы, here-and-now, free-for-all., do-or-die, lily-of-the-valley, bring-and-buy sale, washing-up-liquid, Jack-of-all-trades, good-for-nothing, sit-at-home, pick-me-up, merry-go-round, payment-by-the-result, sit-at-home, hold-a-lot-of-beer, up-to-no-gooders, leg-pulling, sick-in-the-mud, breakfast-in-the-bedder, what-if-nucleus, theatre-in-the-round, lady-in-waiting.

III. Құрылымына қарай қос сөздер мына топтарға бөлінеді:

1 Бір түбірден тұратын негізгі қос сөздер, мысалы, to job-hunt, train-sick, go-go, tip-top, heartache, film-star, double-cross, shop window, whitewash**,** stremline, sky-blue, day-dream, fire brigade, solar system, fingerprint, paper-made;

2 Түбірлерінде аффикстері болатын туынды (derivational) қос сөздер, мысалы, ear-minded, hydro-skimmer, guided missile, baked beans, runner-up, traveller's cheque, stage-manager, chain-smoker, sky-jacker, tin-opener, horn-rimmed, factory-packed, science-based;

3 Үш немесе одан да көп түбірлерден тұратын қос сөздер, мысалы, cornflower-blue, eggshell-thin, singer-songwriter, greenhouse effect, one-parent family, golden handshake, labour-government-financed, wastepapper-basket, air-traffic control, fork-lift truck, under-bathroomed, aircraft-launched;

4 Қысқарған қос сөздер, мысалы. VJ-day, motocross, intervision, Eurodollar, Camford, T-shirt, math-mistress, H-bag, X-mas, H-bomb, M.P, G-man, T-shirt, TV-set.

Бағыныңқы қос сөздер. Мұнда компоненттердің бірі семантикалық жағынан негізгі және басыңқы болады да, екіншісі бағыныңқы болады, бұл бағыныңқылық қатынас түрліше болуы мүмкін: салыстырмалы қатынаста, мысалы, honey-sweet, eggshell-thin, шектеу қатынасында, мысалы, breast-high, knee-deep, екпіндік қатынаста, мысалы, dog-cheap, обьектілік қатынаста, мысалы, gold-rich, себептік қатынаста, мысалы, love-sick, кеңістік қатынаста, мысалы, top-heavy, мезгілдік қатынаста, мысалы, spring-fresh, субьектілік қатынаста, мысалы, foot-sore т.б.

Екі компоненті де семантикалық жағынан тең дәрежедегі салаласқан қос сөздер. Бұл топқа бір кісі атқаратын екі қызметті білдіретін secretary-stenographer, woman-doctor, Oxbridge т.б. қос сөздер жатады. Бұл топқа редупликация арқылы жасалған біріккен сөздер де жатады: fifty-fifty, no-no, pooh-pooh, pretty-pretty, blah-blah және өзара дыбыстық алмасуға ұшыраған редупликация арқылы жасалған біріккен сөздерді де жатқызуға болады: criss-cross, walkie-talkie, razzle-dazzle, bibble-babble, chit-chat.

Қос сөздер компоненттерінің орналасу тәртібіне қарай тура тәртіпті қос сөздер, мысалы, kill-joy және жанама тәртіпті қос сөздер болып бөлінеді, мысалы, nuclear-free, rope-ripe т.б.

Қос сөздердің бір түрі болып саналатын біріккен сөздердің әр тілдегі жасалымдық қабілетінде белгілі бір дәрежедегі айырмашылықтың болатыны даусыз. Қос сөз табиғаты туралы айтылған ой-пікірдің сан алуандығы ғалымдардың осы мәселеге берген анықтамаларынан көрінеді. Біріккен сөздердің жасалымында әр түрлі тілдік ерекшеліктер мен айырмашылықтар болғанмен, жалпы тілдік үрдіс барлық тілдерге ортақ, құбылыстың теориялық қағидалары ортақ, нәтижесінде алынатын қорытынды да ортақ.

Лингвистикалық бірлік ретіндегі сөздің өзі тіл білімінде бірнеше аспектіде қарастырылады. Оның сыртқы формасын құрайтын фонемалардың ерекшеліктері,

морфологиялық құрылысы жағынан белгілі бір формалық сипаты және өзіне тән мағынасы болады. Бұл тұрғыдан алғанда, сөз кез-кезген тілдік жүйеде орталық элемент қызметін атқаратын ең күрделі бірлік болып саналады. Олардың кейбірі жеке бір тілде өзекті мәселе ретінде қарастырылғанымен екінші бір тілде оншалықты терең ғылыми назарға алына бермеуі ықтимал. Сондықтан ағылшын тіліндегі қос сөздер морфология саласында сипаттама түрде ғана сөз болады да, лексикология саласында біршама тереңірек зерттеле түседі. Ағылшын тілінің сөздік құрамын байытудың ең маңызды бөлігі қос сөздер болғандықтан, оларды жан-жақты қарастыруды қажет етеді. Қос сөздердің әрқайсысы белгілі бір сөз табының құрамынан орын алатыны анық. Соған орай, мақсатымыздың толығырақ ашылуы үшін ағылшын және қазақ тілдеріндегі біріккен сөздер туралы көбірек сөз қозғаймыз.

Ағылшын тіліндегі күрделі сөздерді, соның ішінде бірігу жолымен жасалған қос сөздерді қазақ тіліндегі біріккен сөздермен салғастыра зерттеуге бағытталған ғылыми жұмыстардың да тым аз екендігі мәлім. Бұл проблеманың күрделілігі зерттеу жұмыстарының қазақ тіл білімінің сөзжасам саласына, яғни морфология мен лексиканың тоғысқан тұсына бағыттала жүргізілуін талап етіп отыр. Ағылшын тіл білімінде қос сөздер көп жағдайда лексикология саласында қарастырылады. Бұның негізгі себебін қос сөздердің формасы жағынан біртұтастығы, дыбыстық жағынан бір екпінділігі, семантикалық жағынан бір бүтіндігі, бір сөзбен айтқанда, жаңа бір сөз ретінде пайда болып, тілдің сөздік құрамын толықтыратындығымен байланыстыра аламыз.

Қос сөздердің мағыналарының тұтастығына қарсы келу «Ағылшын тілінде қолданылатын грамматикалық тәсілдер арқылы жасалған екі немесе бірнеше түбірдің бір лексикалық бірлікке біріп дефис арқылы жасалуын қос сөз деп атаймыз» деген ережеге де қарсы келу болып шығады. Қос сөздегі жаңа лексикалық тұтастық жаңа бір мағынаны білдіреді. Сол біртұтас мағынаны қос сөздің мағынасы деп есептейміз. «Біртұтастық» терминін А.И.Смирницкий енгізген болатын [12, 56].

Бұл салада профессор М.Оразов көп жылдар бойы қажырлы еңбек етіп, ғылыми ортаға қазақ тілінің семантикасы туралы атақты зерттеу жұмысын ұсынғаны мәлім. Ғалым өз еңбегінде лексикалық мағына түрлерінің құрылымы, саны, лексика-семантикалық және тематикалық топтарын жан-жақты қарастырған. М.Ержанов, Б.Қалиев, М.Балақаев және Т.Қордабаев, Ғ.Хасанов еңбектері де сөз мағынаның құрылымдық түрлерін ажыратуға бағытталған [13, 192], [39-61].

Кесте. Сөз түрлендіру моделі бойынша

Ағылшын тіліндегі біріккен сөздер	Қазақ тіліне берілу жолдары
She heard voices in *the sitting-room*, though she could not distinguish what they said, but she will swear that one of them was Miss French's and one was a man's.	*Ішкі бөлмеде* сөйлесіп отырған адамдардың дауысын естіпті. Не дегендерін ұқпаса да, біреуі Мисс Фрэнчтің дауысы, екіншісі ер адамның дауысы деп ант ішіп отыр.
Oh, he was a very *distinguished-looking* old man – and not so very old really – not more than sixty, I suppose.	Ия, ол бір *елден ерекше* қарт, қарт емес-ау жасы алпыстан аса қоймаған адам болатын.
In *cross-examination* counsel for the defense succeeded in getting her contradict herself once twice over her account of Vole's association with Miss French.	*Қарсы сұрақ* беріп, қорғаушы оның Воул мен мисс Фрэнчтің ара қатынасы жайлы берген түсініктерінен бір-екі қарама-қайшылық тауып, онысын куәға мойындатты.
She held out to them a dirty piece of	She held out to them a dirty piece of

drawing-paper on which was executed roughly in water colours a sketch of a woman.	*drawing-paper* on which was executed roughly in water colours a sketch of a woman.
How could it, *half-buried* in sand in that untidy fashion.	Қайдан шекесі қызсын, құмға *белшесінен батып*, сәні кетіп тұрса.
Did you not inject *anti-serum*?	*Ауруға қарсы* дәрі екпеп пе едіңіз?
I recognized distinctly the *dog-headed* figure I had seen carved on the walls of the tomb.	Зираттың қабырғаларына ойылып салынған *итбасты* бейнені тани кеттім.
Anibus, the *jackal-headed*, the god of departing souls!	Анибус, өлгендердің *қорқау басты* құдайы ғой!
I recognized *the five-pointed* star or Pentagon many times repeated.	*Бес жұлдыз* немесе Пентагон ғимараты тәріздес бес бұрыш бірнеше рет қайталанған.

Келесі “She held out to them a dirty piece of *drawing-paper* on which was executed roughly in *water colours* a sketch of a woman”. “Қыз оларға *акварель бояуымен* дөрекілеу салынған әйелдің бейнесі бар, кірлеу бір *парақ қағазды* ұсынды” деген сөйлемде трансформацияның екі түрлі жолы қаралған, бірінші drawing-paper біріккен зат есімі қазақ тіліне *парақ қағаз* сөз түрлендіру моделі бойынша жасалған. Өйткені бастапқы тілдегі сызу мағынасын қазақ тілінен байқамаймыз, ал water colours біріккен зат есімі *акварель бояуы* деп сөзбе-сөз аудару тәсілімен берілген. Мұнда аква –су мағынасын беретінін ескердік. “Look, monsieur, at what I found at the back of one of the *cupboard's* where it hard slipped behind the shelf”. “Қараңыз, мырза, мынаны бір *сервант*тың артына түсіп кеткен жерінен тауып алдым”. Бұл аудармада cupboard біріккен зат есімі қазақ тіліне *сервант* болып аударылған. Оның себебін cup *ыдыс* және board *тақтай* сөздерімен байланыстырамыз. Басқаша айтқанда, *ыдыс салатын тақтайдан жасалған орын* деген мағынада яғни, сөз түрлену мағынасында жұмсалып тұр. “She was pretty – really very pretty.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келгенде, ағылшын тіліндегі қос сөздер сөйлеу кезінде қаншалықты кең қолданылса да, оларды теориялық жағынан әлі де өз шешімін таппаған сұрақтар көп кездеседі. Ағылшын тіліндегі сөйлемнің құрамындағы қос сөздің мағынасы аудармадағы сәйкес сөйлемнің ауқымында толық ашылмай қалған жағдайда, баламалылық жоғарғы күрделі синтаксистік тұтастықтың аумағында ашылады. Демек, ағылшын тіліндегі қос сөздің қазақ тіліндегі мағынасын және оның қазақ тіліне берілу жолдарын айқындауда түпнұсқа мәтініндегі сөйлем мен аударма тіл мәтініндегі оған сәйкес сөйлемді ғана емес, сонымен қатар сөйлем мен оған сәйкес күрделі синтаксистік тұтастықты қоса салғастыру керек. Әр түрлі жүйеге жататын тілдердің материалдарын осылайша салғастыру осы тілдердің ортақ қасиеттерімен қатар олардың ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Бехер И.Р. В защиту поэзий. – М.: Наука, 1959. – 163 с.
Beher I.R. V zashıtý poezı. – M.: Naýka, 1959. – 163 c.
2 Дүкембай С.Х. Құрманбаева Т.С. Жоғарғы оқу мекемелерінің аудармалы іс қағаздарын жүргізудің кейбір мәселелері // Язык, перевод и современные технологии обучения языкам. Матер. межд. научно практической конф. – Алматы, 2002. – Б.19-22.
Dúkembaı S.H. Qurmanbaeva T.S. Joǵarǵy oqý mekemeleriniń aýdarmaly is qaǵazdaryn júrgizýdiń keıbir máseleleri // Ázyk, perevod ı sovremennye tehnologıı obýchenıa ázykam. Mater. mejd. naýchno praktıcheskoı konf. – Almaty, 2002. – B.19-22.

3 Алтыбаева С.М. Мадамова М.Х. Художественный перевод и сравнительное литературоведение. – Алматы: Респ. издат. Каб. Каз акад обр. им И. Алтынсарина, 2001. – 113 с.
Altybaeva S.M. Madamova M.H. Hýdojestvennyı perevod ı sravnıtelnoe lıteratýrovedenıe. – Almaty: Resp. ızdat. Kab. Kaz akad obr. ım I. Altynsarına, 2001. – 113 s.
4 Айтбаев Ө. Аудармадағы фразеологиялық құбылыс.– Алматы: Ғылым, 1975. – 234 б.
Aıtbaev Ó. Aýdarmadaǵy frazeologıalyq qubylys.– Almaty: Ǵylym, 1975. – 234 b.
5 Сатыбалдиев Ә. Рухани қазына мәселелері. Көркем аударма. – Алматы: Жазушы, 1987. – 232 б.
Satybaldıev Á. Rýhanı qazyna máseleleri. Kórkem aýdarma. – Almaty: Jazýshy, 1987. – 232 b.
6 Нұрғалиев Р. Шекспирдің қазақша тұңғыш аудармасы "Гамлет" // Қаз ССС. Ғыл. Академиясының хабарлары // Қоғамдық ғылымдар сериясы. – 1971. – № 6.
Nurǵalıev R. Shekspırdiń qazaqsha tuńǵysh aýdarmasy "Gamlet" // Qaz SSS. Ǵyl. Akademıasynyń habarlary // Qoǵamdyq ǵylymdar serıasy. – 1971. – № 6.
7 Ермагамбетова А.С. Сущность и значения национальных слов-реалий в языке художественного произведения и способы их перевода: дисс. .... канд. фил. наук. – Алматы, 1972. – 220 с.
Ermagambetova A.S. Sýshnos ı znachenıa nasıonálnyh slov-realı v ázyke hýdojestvennogo proızvedenıa ı sposoby ıh perevoda: dıss. .... kand. fıl. naýk. – Almaty, 1972. – 220 c.
8 Ислам А. Ұлттық мәдениет контекстіндегі дүниенің тілдік суреті: фил. ғ. канд. .... дисс. - Алматы, 2004. – 335 б.
Islam A. Ulttyq mádenıet kontekstindegi dúnıeniń tildik sýreti: fıl. ǵ. kand. .... dıss. - Almaty, 2004. – 335 b.
9 Қабылдаева Д.Ә Ағылшын детективіндегі экспрессивтік құралдардың қазақ тіліне берілу жолдары: фил. ғ. канд. ... дисс. – Алматы, 2006. – 156 б.
Qabyldaeva D.Á Aǵylshyn detektıvindegi ekspressıvtik quraldardyń qazaq tiline berilý joldary: fıl. ǵ. kand. ... dıss. – Almaty, 2006. – 156 b.
10 Латышев Л.К. Перевод: проблемы, теорий и методики преподвавния. – М.: Наука, 1979. – 280 с. // Будагов Р.А. // Вопросы языкознания. – 1980. – №4. – С.25-27.
Latyshev L.K. Perevod: problemy, teorı ı metodıkı prepodvavnıa. – M.: Naýka, 1979. – 280 c. // Býdagov R.A. // Voprosy ázykoznanıa. – 1980. – №4. – S.25-27.
11 Попович А. Проблемы художественного перевода. – М.: Высшая школа, 1980. – 199 с.
Popovıch A. Problemy hýdojestvennogo perevoda. – M.: Vysshaıa shkola, 1980. – 199 s.
12 Смирницкий А.И. Лексикология английского языка. // Изд. Литературы на иностранных языках. 2-е издание. – М., 1956. – 260 с.
Smırnıskı A.I. Leksıkologıa anglıskogo ázyka. // Izd. Lıteratýry na ınostrannyh ázykah. 2-e ızdanıe. – M., 1956. – 260 s.
13 Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Білім, 1991. – 310 б.
Orazov M. Qazaq tiliniń semantıkasy. – Almaty: Bilim, 1991. – 310 b.
14 Балақаев М. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту. – Алматы: Мектеп, 1989. – 96 б.
Balaqaev M. Til mádenıeti jáne qazaq tilin oqytý. – Almaty: Mektep, 1989. – 96 b.

Материал 22.10.2020 баспаға түсті

REFERENCES

1 Becher I.R. (1959) In defense of poetry. – M.: science, – 163 p. (In Endlish).
2 Dukembay S.Kh. Kurmanbayeva T.S. (2002) Zhogary oku mekemelerinin audarma is kagazdaryn zhurgizudin keibir maselelery // [Yazik, perevod I sovremennye texnologi obuzheniem yazikam] – Almaty, – 19-22b.(In Russian).
3 Altybaeva S.M. (2001) Madamova M.Kh. Xudozhestvennyui perevod I sravnitelnyuo perevodovedenie. – Almaty: [Resp. издат. I. Altynsarina] – 113 s.(In Russian)
4 Aitbaev O. (1975) Audarmadagy frazeologiyalyk birlik. – Almaty: Science, – 234 b. (In Kazakh)/

5 Satybaldiev A. (1987) Ruhani kazyna maseleleri. – Almaty: Writer, – 232 p. (In Kazakh).
6 Nurgaliev R. (1971) Shekspirdin kazaksha tyngysh audarmasi “Gamlet” // Kazakh SSS. [Gylym. Akademiyanin xabarlary // Social Sciences Series]. – № 6. (In Kazakh).
7 Ermagambetova A.S. (1972) Sushnost I znachenie nacionalnyx slov reali v yazike xudozhestvennogo proizvedeniya I sposoby ix perevoda: [nauka. – Almaty, – 220 c. (In Russian).
8 Islam A. (2004) Ulttyk madeni konteksindegi dunienin tildik sureti: Almaty, – 335 b. (In Kazakh).
9 Kabyldayeva D.A. (2006) Agilshin detektivindegi ekspresivtik kuraldardin kazak tiline berilu zholdary. Almaty, – 156 p. (In Kazakh).
10 Latyshev LK Translation: problems, theories and methods of teaching. – M.: Nauka, 1979. – 280 p. // Budagov RA // Questions of linguistics. – 1980. – №4. – 25-27 p.
11 Popovich A. Problems of artistic translation. – M.: Higher school, 1980. – 199 p.
12 Smirnitsky A.I. (1956) Leksikologiya angliskogo yazika // [Izd. Literature in foreign languages. 2nd edition] – M., – 260 c. (In Russian).
13 Orazov M. (1991) Kazak tilinin semanticasy. – Almaty: Education, – 310 b. (In Kazakh).
14 Balakaev M. Language culture and teaching the Kazakh language. – Almaty: School, 1989. – 96 p.

Основы теории перевода английских парных слов в процессе передачи на казахский язык

Г.К. Дайрабекова[1], М.М.Малбаков[2]
[1]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, 050040, Республика Казахстан
[2]Институт языкознания имени А.Байтурсынова, г. Алматы, 050000, Республика Казахстан

Статья посвящена практическому изучению общих законов теории перевода при переводе парных слов с английского на казахский язык. Очевидно, что литературные, культурные, экономические и политические связи между государствами укрепляются в процессе глобализации. Углубленное изучение языка и литературы, лексикологии и словообразования в языке, которые являются ядром культурных отношений между двумя странами, являются важными аспектами перевода. Статья посвящен раскрытию семантических и структурных особенностей парных слов в современном английском и казахском языках, а также правильной трансформацией составных слов английского языка в казахский язык на лингвокультурной основе с учетом особенностей мышления и национальных ценностей обеих наций. В работе сделаны выводы относительно теоретического материала и перевода парных слов в сопоставляемых языках, даны определения сложных слов в английском языке и их характеристики.

Материал поступил в редакцию журнала 22.10.2020

Bases of the theory of translation of English pair words in the transfer to kazakh language

G.K. Dairabekova[1], M.M. Malbakov[2]
[1]Al-Farabi Kazakh national university, Almaty, 050040, Republic of Kazakhstan
[2]A. Baitursynov institute of linguistics, Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan

The article is devoted to the practical study of the general laws of the theory of translation when translating pair words from English into Kazakh. It is obvious that literary, cultural, economic and political ties between states are strengthened in the process of globalization. In-depth study of language and literature, lexicology and word formation in the language, which are the core of cultural relations between the two countries, are important aspects of translation. The article is devoted to the disclosure of the semantic and structural features of pair words in modern English and Kazakh languages, as well as the correct transformation of the compound words of the English language into the Kazakh language on a linguistic and cultural basis, taking into account

the peculiarities of thinking and national values of both nations. The paper draws conclusions regarding theoretical material and translation of pair words in comparable languages and gives definitions of compound words in English and their characteristics.

Received: 22.10.2020

УДК 81`25

D. Roziyeva[1], L. Salzhanova[2], Z. Magamedova[3], G. Kadirsizova[4], Z. Ashimova[5]
[1]PhD, associate professor, Abylai Khan Kazakh university of international relations and world languages, Almaty, 050022, Republic of Kazakhstan, https://orcid.org/0000-0003-1581-9513. E-mail: kazumo@ablaikhan.kz
[2]candidate of philological sciences, associate professor, Abylai Khan Kazakh university of international relations and world languages, Almaty, 050022, Republic of Kazakhstan, https://orcid.org/0000-0001-6536-5391
[3]Master's degree student, Abylai Khan Kazakh university of international relations and world languages, Almaty, 050022, Republic of Kazakhstan, https://orcid.org/0000-0002-8373-619X
[4]master of human sciences, teacher, Abylai Khan Kazakh university of international relations and world languages, Almaty, 050022, Republic of Kazakhstan, https://orcid.org/0000-0002-8005-9488
[5]master of human sciences, teacher, Abylai Khan Kazakh university of international relations and world languages, Almaty, 050022, Republic of Kazakhstan, https://orcid.org/0000-0003-2365-8991

COGNITIVE-LINGUOCULTURAL SPECIFICITY OF THE TERMINOLOGY AND THE PROBLEM OF ITS TRANSMISSION FROM ENGLISH INTO KAZAKH

This article considers the study of linguistic terms in Kazakh and English, dwells on main methods of formation terminology in Kazakh and problem of its translation from English. A scientific, objective approach to terminology is based on a consideration of the reasons for borrowing. It testifies to its regularity if the word comes as the name of a new thing, a new concept. It involves analyzing the relationship of a new borrowed word to an existing one in the language as denoting the same concept, establishing as a result of this analysis semantic, stylistic and other differences. The globalization processes that are intensifying today only increase the number of foreign words in the Kazakh lexicon. Foreign words gradually penetrate the modern Kazakh language. The reasons are the need to name a new thing, a new phenomenon. The paper defines the factors linking the development of the study of linguistic terms in Kazakh and dwells on the study of cognitive-linguistic and cultural specificity of terms in the Kazakh and English languages.It is the relevant problem and object of modern Kazakh linguistics study.

Keywords: terminology, translation, borrowed words, concept, meaning, expression, language, vocabulary, formation.

INTRODUCTION

Society, appreciating the language as the most important means of communication in social life, closely monitors its change and development. As phenomena, languagereflects social picture in a mirror. Everything that happened and is happening in society finds its place in the language, therefore, vocabulary shows the development of society and language. However, the level of development of words in the language is not the same. Some of them are not subject to big changes (for example, grammatical categories of language, sound system).

Considering the language from this point of view, we were convinced to the conclusion that one of the indicators of language development is the expansion and development of the social

functions of the language. The significant changes in the development of the language, including its terminology layer make radical changes in the life of the people, for example, the fight against illiteracy, the opening of new institutions, elementary schools, the publication of newspapers and magazines gave impetus to the development of new vocabulary in the Kazakh language. During this period, not only the strengthening and development of Kazakh vocabulary were observed, but also the expansion of international vocabulary in the Kazakh language. The vocabulary included numerous borrowings that reflected social realities: revolution, socialism, international, council, minister, committee, parliament, radio. At the same time, due to the development of terminology, official functions expanded, settled down and became more specific, got a new use and development of many Kazakh words: еңбекші, екпінді, күрес, жарыс, іс, жиналыс, жоспар, белсенді, etc.

Today, the process of terminology is going on, and the social function intensifies it. This lexical layer of the language, enriching the language, expanding its functions, is called terms. The development of various branches of science goes in different ways. A developed terminological system is always strives for abstraction. At the same time, it introduces them into the name system concepts defining the exact names of things and movements. Terms should be specific, concise, specific, precise and unambiguous. However, it is difficult to maintain all these conditions. Parts of several words or phrases are used to indicate some technical concepts. Despite this, it is necessary to observe the basic principles of the process of term formation.

The emergence of terms in a language is due to the desire of people to give an accurate and clear definition of the concepts and objective realities. Before the appearance of writing in the Kazakh language, there were terms of kinship, cattle breeding, geographical, botanical, etc. The appearance of writing gave impetus to the formation of humanitarian, educational, legal terminology. The emergence of terms in a language is due to the desire of people to give an accurate and clear definition of the concepts and realities of objective reality. Before the appearance of writing in the Kazakh language, there were terms of kinship, cattle breeding, geographical, botanical, etc. The appearance of writing gave impetus to the formation of humanitarian, educational, legal terminology.

MAIN PART

Any language is affected by borrowings. With the beginning of the era of the reign of Peter I, the Russian language was guided by Western culture, which caused the penetration of numerous borrowings from Western European languages. From time to time, some people attempted to "clear" the Russian language of non-Slavic influence. However, these attempts did not produce noticeable results. Therefore, the Russian language refers to languages in which borrowings are present in large numbers. On our planet, there is no single language without words borrowed from other languages. The share of borrowed vocabulary can vary within very wide limits: from 10% to 80-90%. In recent years, the influx of foreign words into the Russian language has increased, especially from English.Long-standing ties between the Russian and Kazakh people led to the transition of lexical units from one language to another. Due to the fact that communication at the initial stage took place mainly in the sphere of everyday life, therefore, in the Kazakh language, first of all, everyday vocabulary penetrated with the advent of new objects: for example, самауыр (самовар), кереует (кровать) and etc. With the intensification of Russian-Kazakh relations in the socio-political, economic, cultural fields in the second half of the 19th - beginning of the 20th centuries the lexical composition of the Kazakh language increased the number of borrowings from Russian. During this period in the public life of the Kazakh society important changes have occurred: the first schools have appeared, industrial enterprises are being built, changes in administrative management. Since in Kazakh there were no equivalents capable of reflecting these phenomena: had to add the borrowing of words and phrases from the Russian language. At the beginning, borrowings went through the oral form, propensity for phonetic research. About borrowings of that time, we cannot say only positive influences. From second half of the 9th

century Russian words and phrases began to be used in newspapers and works of the Kazakh language enlighteners, scientific works of researchers of life, everyday life and the language of the Kazakh people. As we live in globalized world, every year our lexicology enriches different terms through new trends that are borrowed or translated from English. In the sphere of politics, we are already accustomed to new concepts - parliament, inauguration, consensus, and speaker. Foreign terms have become dominant in the most advanced sectors of science and technology – computer, display, player, as well as in financial and commercial activities – barter, investment, conversion, sponsorship, holding. Bestsellers, Westerns, thrillers, hits, and blockbustersinvade the cultural sphere. Everyday speech is rapidly changing with their non-Kazakh, non-Russian names - sneakers, tweaks, hamburgers, sprites.

The main events that caused the problem of translation of terms from English into Kazakh and Russian:

1. In 1920-30 years Turkic scholars tried to translate terms from Russian, some of them stayed in their original forms. Modern linguists are planning other terms into Kazakh using contributions of linguist, translator A.Baitursynov. He was significant influencer of turkology, he translated the main linguistic terms in a language that is available to understand: Phonetics – дыбыс жүйесі, Morphology – сөз жүйесі, Syntax – сөйлем жүйесі. All the terms in Kazakh like, дыбыссыз, дыбысты дауыс, сөз таптары – зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, шылау еліктеу сөз, одағай, сөйлем мүшелері are closely connected with the name of A.Baitursynov [1]. Nowadays his terminology has scientific status, and still used in education system. It shows that it is possible to translate international terms into mother tongue. Linguists who worked on Kazakh terminology like, A.Baitursynov, Kh.Dosmukhamedov, K.Kemengeruly were accused of nationalism. After tragic stage, Kazakh educator, writer Y.Altynsarin continued their works.

2.In 1930-1950 years in order not to change terms that were added from English through Russian, Kazakh alphabet added letters “ф, х, я, ц, ч”. From this period, both languages had started to add terms and different borrowing words due to necessity in historical events, industry and science.

So, do the methods of transmitting terms suitall lexical criterions?

Each language is a deeply distinctive specific phenomenon. The meaning is conveyed with the help of translation correspondences, which have a different linguistic expression, a different set of meaning, which requires various translation transformations. Translation from English into Kazakh is fraught with many difficulties. A large number of long polysyllabic words characterizes Kazakh, while in English, on the contrary, short monosyllabic words prevail. In English, verb forms are more often used, and in Kazakh - nominal. Kazakh is more emotional, while English is more pragmatic. Society needs to use terms and borrowed words with different purposes:

1. Using some concepts with in collocations: *блокбастер, веб-сайт*
2. In order to abbreviate or use shorten words: *портативті компьютер — ноутбук*
3. In order not to lose exact meaning of words: *стандарт*, *провайдер, дефолт*
4. The actual reason of borrowing words, society thinks that foreign words are modern

Драмалық тартыс қарама-қайшы көзқарастардың, мүдделердің күресі ретінде ашық та көрінеді, сонымен қатар көзге көп байқалмай, қаһарманның жан-дүниесінің терең түкпірінде де өтіп жатады.Сондықтан қаһарман өзін қоршаған ортаға, заңдарға, тіпті отбасында дәстүрге айналған ұстанымдарға қарсы күрес жүргізуі әбден мүмкін. Бұл – отбасыдағы үлкендер жағы мен жастар жағы ажыратылған позицияға ұласып, жанұялық коллизияның тууына себепші болады. Мұндай конфликті Мрожектің «Тангосынан» кездестіреміз: «*Артур. Эдик анаммен ашына боп жүр. Бұған не дейсіз?/Стомил. Қымбаттым, сенікі шындық делік. Алайда, сексуалдық бостандық – адам бостандығының алғашқы көрсеткіші емес пе?»* [5, 90]. Немесе, «*Аля. Артур, мен Эдикпен әуейі болдым/Артур. Не? Қалай дедің?/Аля. Сен үшін бұл маңызды емес деп ойлаймын. Сен маған тек өз ұстанымыңның дұрыс екенін дәлелдеу үшін үйленбексің ғой/Артур. Мен сені сүйген ем, Аля! Ал сен басқамен*

төсектес болдың. Не үшін сатқындық жасадың? Не үшін?/Аля. Сүйетініңді ертерек неге айтпағансың» [5, 97]... Өз әкесінің ездігі мен шеттен тыс бостандыққа жол беруі –анасының оқымаған, ожар Эдикпен ашыналас болуына әкелсе, сүйген қызының жеңілтек мінезі ақ некесін қияюға кедергі жасағанын түсінген Артур терең ішкі күйзеліске ұшырайды. Оның гуманистік ойлары тас-талқан болады. Ол – оның өз отбасына қарсы шығуына әкеп соғады. Конфликт тудырады. Осыған ұқсас эпизод С.Адамбековте кездеседі. Комедияда: «*Қарақатын (Тайлаққа сыбырлап). Саған берем деген алтын табағы қайда екен? Кеудесінде жаны барында сұрап қал/Ақтайлақ (шешесіне үңіліп). Мама-ау, маған беремін деген алтын табағың қайда?/Қойбағар (шошып). Алтын табақ! Саған алтын табақ керек пе? Шешеңнің өлігінен аттап барып, алтын табақ алмақсың/Қарақатын(Сәруарға дәрі беріп). Балаңа алтын табақты берсең, алып қаламын жаныңды. Міні – дәрі, алтын табақ – кәні?»* [6, 66] Мұндағы «әке» мен «бала», «қайны ата» мен «келіннің» отбасылық тартысы – материалдық затқа таласу негізінде өрбиді. Автор адамгершілік, сыйластық, үлкенге құрмет ету сияқты ізгі қасиеттері тәрк етіп, әшкерелейді.

Бұл Қ.Мұхамеджановтың «Бөлтірік бөрік астындағы» Марфуға мен Сұңғат арасындағы конфликтіден көрінеді: *«Марфуға...Сен әуелі сондай постыларды занимать ет, потом можешь задирать нос/Сұңғат. Маған дәреженің керегі жоқ. Адал арыммен өз мамандығымда еңбек етсем болды/Марфуға. Ах, так. Теперь все. Женой учителя-колхозника я не буду! /Сұңғат.Солай де! /Марфуға. Подумаешь, учитель, алатының алты жүз сом, менің бір платьемнің бағасы»* [7, 81]. Эпизодтағы ерлі-зайыпты жандардың арасындағы конфликт лауазым мен ақша мәселесінен туындайды. Бұл олардың психологиялық көңіл-күйі мен құндылықтарды бағалау ұстанымдарына байланысты болып келеді. Мұнымен қоса, драмадағы тартыс шектен тыс қамқорлықтан да өрбуі мүмкін. Мрожектің «Бойня» пьесасында анасының ұлына деген қамқорлығы фанатизмге айналып, «ана» мен «ұлы» арасындағы тартысқа ұласады. Шығармада: *«Анасы.Менен артық сенің өнеріңді бағалап, тыңдайтын кім бар дейсің? Қоғам тым қатыгез. Сенің өнеріңді дәл мендей ешкім бағалай алмайды. Басқалар сені күндеп, дарыныңды жоққа шығарып, қорлайды/Скрипкашы. Мейлі... Түкіргенім бар! Мен үшін атақ пен даңқ керек! Қалғаны бос далбаса.../Анасы. Сенің дарының жоқ. Сен одан мақұрымсың»/Скрипкашы. Жоқ! Мен гениймін! Гений!* [8, 53]. Мұнда жалғыз басты ананың қасіреті жатыр. Жалғыздықтан үрейленген анасы, ұлының ер жеткенін мойындамайды. Оған балаша қамқорлық жасайды. Өнерін өзі көріп, өзі бағалауды жөн көреді. Бұған ұлы наразылық білдіреді. Сондықтан ана мен бала арасында түсініспеушілік пайда болып, ол өз алдына тартысқа ұласқан. Драмадағы махаббат пен отбасылық коллизиясына ұқсас, парыз бен сезім тартысы мәселесі бар. Ол қаһарманның психологиясына байланысты болып келеді. Мұны С.Мрожек пен С.Жүнісов драмаларынан кездестіреміз. Мрожек «Полициясында»:«*/Полиция басшысы.Сіз біздің енді ешкімді ешқашан тұтқындай алмайтынымызды түсінесіз ғой, иә?/Сержант.Әлбетте!Мен не істеуім керек, мырза? /Полиция басшысы. Әдеттегідей үкіметке қарсы анти ұрандар тастайсыз!Бірақ,бұл жолы сізді тұтқындаймыз /Сержант.Мені?/Полиция басшысы.Сөзіме сеніңіз, бұл ең жауапты іс. Қаламызда полиция бөлімшесінің қалуы не қалмауы – тек Сіздің арқаңызда. Бұл абыройлы іс. Екінің бірінің қолынан келе бермейді.Тек Сіз сияқты таңдаулы қызметкердің қолынан келеді.Сіз өтеуші-сержант болуыңыз керек! Сіз мега супер полиция қызметкерісіз* [8, 56], –деп, қызмет бабына тым адал, жауапкершілігі мол, қарапайым сержантты өтеуші-тұтқынға айналдырады. Ал өзі императивті нормаларды ұстанып қана қоймай, мақтау мен жоғары шен алуды үміт етеді.

Осыған ұқсас, сюжет С.Жүнісовтің «Кроссворд немесе әзіл маскарад» сатиралық комедиясында көрінеді. Орынбасардың Хайдаровқа мыйтрезвительді маскүнемдерге толтыр деген тапсырмасы мен «Полициядағы» басшысының қызметкерін тұтқынға айналдыруы үндес. Пьесада: */Орынбасар...Биыл үш жүз, ендігі жылы екі жүз. Бара-бара мүлдем түспесе, вытрезвитель жабылады. Осы жұмысыңның жақсарғаны?/Хайдаров. Eh, бұдан артық не жақсылық керек? Дүниеде мастар болмаса, адамдардың рухани мәдениетінің жетілгені, эстетикалық түсінігі байып, санасының өскендігі, осыған қолымыз жетсе,*

вытрезвительдің тәрбиелік маңызының артқаны» [9, 27], – делінеді. Алайда Орынбасар тағы да қарсы уәж айтып, қалай да масхананың жабылмауын міндеттейді: «*Егер дұрыс жұмыс атқара алмайды екенсіңдер, іш, түс! Вытрезвительді қаңыратпай өздерің жат»* [9, 33]! Яғни қоғамдық ортада, саясатта, отбасыда, адамның психологиялық көңіл-күйіндегі коллизиялар драмада конфликт түрінде шынайы көрініс табады.

Адам қоғамнан оқшауланып өмір сүре алмайды. Ол өзінің еркінен тыс, қоғамда болып жатқан оқиғаларға тікелей не жанама қатынас жасайды. Тіпті саналы түрде әлеуметтік қайшылықтардан оқшауланауының өзі, қоғамдық формацияға деген көзқарасын танытады. Бұл шығармада тарихи-қоғамдық пайымдаулар, адам тұлғасын тану, оның құқығын қорғау мен өзіндік дамуына мүмкіндік беру, тіршіліктің мәнін ұғу мен қоғамдық ортамен қарым-қатынас жасай алу сияқты тақырыптық-проблемалық мәселелерді гуманистік тұрғыдан зерделеу барысында көрінеді. Бұл жөнінде В.Г.Белинский: «Человек есть герой драмы – и не событие владычествует в ней над человеком, но человек владычествует над событием, по свободной воле давая ему ту или другую развязку, тот или другой конец» [10, 61], – деп, драмадағы қайшылықтар немесе идеялар мен көзқарастардың күресін жеке адамның өзіндік пайымына жатқызады.

Демек, драмалық әрекет те қаһарманның ішкі және сыртқы танымына байланысты өрбиді. Сондықтан оның өмірлік маңызы бар мәселелерді талқылауда, өзіндік пайым-көзқарасын танытуда ерекше эмоциялық күйге түседі. Сезім мен парыздың қатар келуі, жан қалауы мен социумдағы орнының сәйкессіздігі, қиындықтарды жеңу арқылы тұлғалық өсуі немесе моральдік құлдырауы – оны әуре-сарсаңға түсіретіні анық. Қаһарманның парызды орындаса, жеке өмірінде бақытсыздыққа ұшырауы; сезімге ырық берсе, қоғам алдында абыройсыз атану қаупі алаңдатады. Бұл оның өзіндік «менінің» қоғамдық императив шеңберінен шыға алмай, экзистенциалдық фрустрация күйін кешуіне әкеледі.

Ендеше, осынау теориялық тұжырымды С.Мрожек пен С.Адамбеков комедиялары негізінде бағамдауға болады.

«Еріксіздік жағдайында ғұмыр кешу әлдеқайда қолайлы әрі жеңіл, бостандыққа талпынудан гөрі тағайындалған тәртіпке бойұсыну ыңғайлы» дейді поляк драматургі Славомир Мрожектің «Стриптиз» пьесасының кейіпкерлері. Есімі жоқ екі кейіпкер белгісіз жағдайда бір бөлмеге қамалып қалады. Алғашында жұмбақ қамалуға таңырқай қараған екеуі, мұндай жағдайға қалайша тап болғандарын талқылай бастайды. Біреуі жағдайға мойынсұнып отырса, екіншісі шығуға әрекет жасап, аяқ киімін есікке лақтырады. Сол кезде бекітулі есіктен «алып қол» көрініп, екінші адамды өзіне шақырады. Екіншісі келген кезде, оған аяқ киімі мен белдігін беруді бұйырып, оны алып кетеді. Көп кешікпей әлгі «қол» біріншінің де аяқ киімі мен белдігін сұрайды. Ол болса, басында бергісі келмейді: «...Қарсылық білдіремін. Тарсылдатқан мен емес. Мен сізге аяқ киімімді не үшін беруім керек? Түсінбеймін...(аяқ киімінің бауын шеше бастайды). Мен өзімнің ішкі бостандығымды қастерлеймін. Оған ешкімнің әлімжеттік жасауына жол бермеймін... Қазір! Қазір! Өзіңіз де көріп тұрсыз ғой, бау ағытылмай жатыр. Және өз басым сізге ешбір наразылық білдіргенім жоқ. Өзімді де кінәлай алмаймын» [8, 95]. Одан кейінгі кейіпкерлердің әрекеті тым аянышты... Бостандықтан қорқып, «қолдың» бұйрығына көнген екеуі бар киімдерін шешіп қана қоймай, өз еріктерімен қолдарына кісен салдырып, бастарына қағаз қалпақтар киіп, «қолдың» ғана емес, өз қорқыныштарының «құлына» айналады: «*1.Шақырып жатыр. 2.Кеттік? 1.Бізді шақырып жатыр. 2.Егер шақырса, баруымыз керек»* [8, 96]. Мұндағы кейіпкерлердің мақсаты орын алған мәселені, жағдайды өзгерту емес, керісінше, оны қабылдап, оған өздерінің қатынасын, көзқарасын тәуелдеуінен-ақ экзистенциалистік танымды байқаймыз.

Бұл орайда, қазақ қаламгері Садықбек Адамбековтың «Бір түндегі төрт төбелес» комедиясындағы Қошқар образы есімізге түседі. «Ішкі» бостандыққа талпыныс жасаған, бірақ кейіннен ертеңгі күннен, тұрақсыздықтан үрейленіп, онысын тәрк еткен әлжуаз Қошқардың экзистенциясына күә боламыз. «Біз белшемізден қылмысқа батқан адамдармыз. Біз халық қамбасына түскен атжалман тышқандармыз» [6, 81]! Оның осы бір сөзін автор

Муза, Дүрия, Қошқар полилогында жалғау арқылы мемлекеттің қаржысын қойма меңгерушісінен бастап, оның асыл бұйымдар сататын дүкеннің сатушысы Дүрия (Түлкібаевтың әйелі), алтын тіс салатын техник Лев Макарьч, қойманың елтірі сұрыптаушысы Муза (Макарьчтің әйелі) және зоотехник Қошқардың жан-жақтан тонағандарын түсінеміз. Дегенмен, бұл «ұрлық» шырмауынан босап, адал жолға түскісі келген Қошқардың: «*Жоқ, Макарьч, бәріміз түрмеге бірге жатамыз. Төкен осы үйге келген соң, мен прокурорға телефон соғамын. Бар сырды ақтарамын. Біз мемлекетке қауіпті қылмыс жасап жүрген бір топ бандиттерміз деймін»* [6, 83], – деп шырылдағанымен, оны Дүрия: «*Егер, осыдан бірге сүңгісек, су түбінде сен қаласың да, біз жағаға шығып құмға аунап жатамыз. (Айбатты). Ей, Қошқар, қылмыстың қарағайы – сен, бұтағы – біз... Байқа, шыбыным* [6, 87]...», –деп қорқытады. Кейіпкердің дағдарыстан шығудың жолын қоғамдық қатынастарды өзгертуден іздемей, адамдардың қарым-қатынасының шеңберін тарылтудан іздеуі, оқшауланuы – оның әлсіздігін көрсетеді.

Өз болмысының мән-мағынасынан айырылып қалған адамдардың бірі рухани құлазудан арылу үшін «Құдайды іздеу» жолына түссе, екіншілері нашақорлық пен ішімдіктің сағымында жүреді, үшіншілері қоғамдағы тәртіпке қарсы бағытталған қылмыстың іс-әрекеттерге, төртіншілері суицидке баратыны белгілі.

Қошқардың ар азабынан құтылу мақсатында келген сәтінде: «Төкеш, мен бәрібір құмдағы шыңырау құдыққа құлап өлемін. Болмаса, жынданып кетемін. Басқа атаққұмар, баққұмар желөкпелер жетер. Маған енді рұқсат бер. Сенің маған берген сыбағаларың түгел, түгел есік алдындағы жалғыз ағаштың түбінде көмулі, бүгін түнде өз қолыңа тапсырайын. (Өксіп, өксіп). Мен қасқаның әкем соғыста, Сталинград шайқасында оққа ұшқан. Анам трактормен орға құлап, опат болды. (Төкештің жағасынан шап беріп). Мен не бетіммен совхоз қорасына қасқыр боп шабамын. Мен қасқаны жетімхана өз анамдай асырады ғой. (Далаға ұмтылып). Анау – Макарьч, саған таныстырған. Сол кәрі сайқалдың қазір мойнын жұлып аламын.Төкеш (айқара құшақтап, жібермей). Ой, досым, сені толық түсіндім. Адам өлтірмей-ақ аман қоштасайық [6, 88], – деп өз-өзіне қол жұмсағысы келгеніне куә болсақ. Төкештің Макарға «тапсырма» беруі, тіптен жағамызды ұстатады:«*Бір «Волга», бес бөлмелі үйдің ақшасын, алтыныңмен қазір Қошқардың қалтасына саламын. Сырттан бақылап, көріп ал. Сілейте мас қып, қақпадан шығарамын. Көпір астына тығып тұрып, жанындағының бәрін сыпырып ал да, өзенге итеріп жібер. Макар, мойнына тас байлап* [6, 92].

Негізінен, экзистенциализм мен рухани (ішкі) бостандық егіз. Рухани бостандық бұл – адамның ішкі жан-дүниесінің «мені». Сол арқылы ол өзінің мінез-құлқын, адамгершілік қасиетін білдіруге ерікті. Егер де адам рухани бостандықта болса, ол еркін адам ретінде өзінің бостандығын пайдаланып, изгілікті іс істеу арқылы бойындағы адамгершілік қасиетінің мәнін білдіруіне мүмкіншілігі болады. Рухани бостандықтағы адам қоғамдағы заңдардың шеңберінде қамалып қалмай, онан әлдеқайда кең, бүкіл адамзат құндылықтарын басшылыққа алады.

Драматург С.Адамбековтың «Таланған жүрек» пьесасының атауынан-ақ, оқырман оның мазмұндық, сюжеттік жағын бірден топшылай бастайды. Тұрмыстық комедияға жататын шығармада автор орта жастағы Қаражанның отбасына опасыздық жасап, өзінің құдай қосқан жары мен үш ұлын алдап, әйел үстіне әйел алып, азғындауын әшкерелейді. Нәпсісінің құлына айналған Қаражан үшін мораль, ұйыған отбасы, шаңырақтың ырыс-берекесі мәселесі мазаламайды. Оны Саржанның келесі сөзінен аңғарамыз: *«Жаныңдағы жарыңа жала жапқан сенен не үміт, не қайыр. Жас нәресте баладан безген әкеден мен не күтем. Сенің бетіңе халық түкірсін. Мен қазір сотқа барамын»*[6], – дейді. Кейінгі жылдары қоғамда орын алған осынау деградациялау үдерсін сынаған сатирик отбасына тұрақсыз, ез, әйелден қорқатын, шаңырақтың киесін түсінбейтін желөкпелердің ақыры не болатынын пьесаның соңында Қаражанның монологымен аяқтайды: «А, құтырған махаббат, иттей таладың-ау ақыры. Далада қалдым-ау қаңғырып. Ал, таланған жүрек, мені молаға қарай сүйре енді [6].

Ал С.Мрожек «Эмигранттар» шығармасында «ішкі» бостандықты өзінше түсініп, пайымдайтын эмигранттардың тағдыры баяндалады.

Пьесада екі кейіпкер. Бірі АА – оқыған, жазушы. Екіншісі ХХ – қарапайым жұмысшы. Өз отандарында ортақ ештеңе болмаса да, эмиграцияда біріккен қорқынышты, трагедиялық бүтіндік құрайды. Олардың елдерінен кету себептері, әлеуметтік жағдайлары сияқты алшақ.

Басқа елге кету – АА үшін құлдық пен әлімжеттілік құрсауынан босап, рухани еркіндікке қол жеткізу болса, ХХ үшін бұл – отбасын асырау үшін қомақты ақша табудың көзі. Екеуі ең арзан жертөлені жалдап тұрады. Көршісін тәжірибе көзіне айналдырған оқымыстының әрекеті – адамдыққа жат. Жұмысшыны таптырмас құлға балап, айлар бойы тегін тұрғызып, тегін асырайды, сөйтіп оны бақылауға алады. Драмада: *«ХХ. Бірақ, неге? Мені неге үйіме кетпейді дейсің? А.А. Мен саған түсіндіргем. Сен ешқашан үйіңе қайтпайсың, себебі сен – құлсың. Анда сен – мемлекеттің құлысың, мұнда – ақшаның, сараңдықтың құлысың. Не дегенмен, сен – шынайы құлсың. Одан құтыла алмайсың. Бостандық – ол сенің өз уақытың мен мүмкіндігіңді пайдалану деген сөз. Ал сен біреуге не заттарға тәуелдісің. ХХ. Ол қандай зат тағы? АА. Заттар. Сен аңсап, қалайтын заттар. Ақшаға сатып алуға болатын заттар. Сен материалдық заттардың құлысың. Бұл – түрмеден де жаман. Сені ешкімде зорлықпен тәуелдеп жатқан жоқ, сен өз ойың мен құлқыныңның құлысың. Сенің тәнің ғана емес, жаның құл. Сол құлдық жаның қымбат маған. Сен менің зерттеу жұмысымның нысанына айналдың... Шынайы құлдың бейнесісің»* [5], – деген оқымыстының бостандық туралы пәлсафалық пайымдауларын көреміз. Бұл сөздерді немқұрайлы қабылдамай, қара жұмысшының намысы оянып, барлық жиған ақшасын жыртып тастайды. Сөйтіп, оқымыстының «шынайы құл» концепциясы жоққа шығарылады. Жұмысшы материалдық құлдықтан босайды.

Драматизм кейіпкерлердің тек дауласуынан тұрмайды. Ол дауласу барысында кейіпкерлердің бір-бірінің жанды, әлсіз тұстарына тиіп, бірінің екіншісінен өзіндік көзқарасы тиімдірек деп, мінез қайшылықтарын көрсетуінен, ақыр аяғында, даудың соңы олардың бір-біріне деген жаңа қарым-қатынастарын орнатуынан туындайды.

Мұны В.Г.Белинскийдің пікірімен нақтылау түссек: «...желая приобресть друг над другом поверхность, стараются затронуть друг в друге какие-нибудь стороны характера или задеть за слабые струны души и когда через это в споре высказываются их характеры, а конец спора становит их в новые отношения друг к другу» [10, 91]. Ал драмалық әрекет адамның бірлескен ішкі және сыртқы қақтығысынан туындайды. Адамның өз-өзімен не белгілі жайттармен қақтығысы психологиялық тұрғыда өрбиді. Сол сияқты өмірлік маңызы бар мәселелерді талқылауда, мақсат-міндеті мен пайым-көзқарасын танытуда эмоциялық күйге түседі. Сезім мен парыз қатар келуі, адам мінезі мен қоғамдағы орны алшақ болуы, қиындықтарды жеңу арқылы тұлғаның өсуі жолындағы қайшылықтар жеке адамды әуре-сарсаңға түсіреді. Парызды орындаса, жеке өмірінде бақытсыз болуы мүмкін. Ал сезімге ырық бергенімен, келешекте бақытты боларына кепілдік жоқ. Себебі саналы адам парызын орындамағанын ойлап, өзін кінәлайды, бақытсыз күй кешеді.

Мұны пьесадағы қара жұмысшы мен оқымыстының келесі бір пікірталасынан байқаймыз:«*АА. Сенімен не үшін осы тар қапаста отыр дейсің? ХХ. Себебі, сен шеріңді тарқатқың келеді. АА. Қалай, қалай? ХХ.Кәдімгідей, біреумен әңгімелескің келеді. АА. Сенімен не туралы сөйлесуге болады? ХХ. Мейлі, маса туралы сөйлессек те. АА. Жоқ! ХХ. Солай, солай. Жерлесіңмен әңгімелескің келеді. Құл туралы тәжірибең, бос сандырақ. Сен адам сияқты сөйлескің келеді. АА. Жалған! Менің керемет зерттеуім бар. Мен және менің туындым... ХХ. Бәсе, бәсе.. Маған үйден хат келгенде, сенің қандай күйге түсетіндігіңді білемін. Бір бұрышқа барып, кітапты теріс қарап оқитыныңды талай көргем. Қарауға аяныштым. Сен ешкімнен ешқашан хат алмағансың*» [5, 106], – деп оқымыстының бұл өмірдегі жалғыздығын бетіне басады. Жұмысшының мұнысы орынды да. Сыртқы бостандыққа ие болғанымен, оқымыстыға рухани еріктілік жетіспейді. Сондықтан кейіпкерлер мәселенің шешімін өздерін қоршаған әлеуметтік ортадан іздемей,

экзистенциалистік танымммен екеуара қарым-қатынастарынан анықтауға талпынады. Алайда ол да фрустрациямен аяқталады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сайып келгенде, адамзат құндылықтарының негізі – адамға және табиғатқа деген адамдардың құрметі мен махаббаты. Жеке адамның өмірінде кездесетін қандай да бір жағдай болмасын, оның басты себепшісі сол адамның өзі болып табылады. Сондықтан қос қаламгер әрбір адам әуелі туындаған проблеманы шешуден бұрын оның пайда болу себептерін анықтап алуы керек. Адамның сыртқы болмысты қалай түсініп, қабылдауы оның ойына, яғни ішкі жандүниесіне байланысты болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Гегель Г.В. Эстетика.Собрание сочинений: в 4 т. Москва: Искусство, 1971.Т.3. – 548 с.
Gegel G.V.Estetıka.Sobranıe sochınenı: v 4t. Moskva: Iskýstvo, 1971.T.3. – 548 s.
2 Әдебиеттану. Терминдер сөздігі (Құрастырушылар: З.Ахметов, Т.Шаңбаев). – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
Ádebıettaný.Termınder sózdigi (Qurastyrýshylar: Z.Ahmetov, T.Shańbaev). – Almaty: Ana tili,1998. – 384 b.
3 Пави П.Словарь театра. – Москва: Прогресс, 1991. – 504 с.
Pavı P.Slovár teatra. – Moskva: Progres, 1991. – 504 s.
4 Аль Д.Н. Основы драматургии. – Санкт-Петербург,2005. -43с.
Ál D.N. Osnovy dramatýrgıı. – Sankt-Peterbýrg,2005. -43s.
5 Мрожек С. Тестариум: Избранные пьесы и проза. М.: Арт-Флекс; Вахазар, 2001. – 832 с.
Mrojek S. Testarıým: Izbrannye pesy ı proza. M.: Art-Fleks; Vahazar, 2001. – 832 s.
6 Адамбеков С.Қожанасыр қақпасы. – Алматы: Жазушы, 1972. – 384 б.
Adambekov S.Qojanasyr qaqpasy. – Almaty: Jazýshy, 1972. – 384 b.
7 Мұхамеджанов Қ. Таңдамалы: Пьесалар. Әдеби сценарийлер. Өнер жайлы ойлар. –Алматы: Жазушы, 1989. –544 б.
Muhamejanov Q.Tańdamaly: Pesalar. Ádebı senarıler. Óner jaıly oılar. –Almaty: Jazýshy, 1989. – 544 b
8 Kesteren A. van. Moderne Dramentheorie. Kronberg, 1975. – p. 124
Kesteren A. van. Moderne Dramentheorie. Kronberg, 1975. p. – 124
9 Жүнісов С. Өліара: Пьесалар мен мақалалар. – Алматы: Өнер, 1985. – 376 б
Júnisov S. Óliara: Pesalar men maqalalar. – Almaty: Óner, 1985. – 376 b.
10 Белинский В.Г. Сочинения в трех томах (Под общ. ред. Ф.М. Головенченко). – Москва: ОГИЗ Гослитиздат, 1948. Т.2. – 928 с.
Belınskı V.G.Sochınenıa v treh tomah (Pod obsh. red. F.M. Golovenchenko). – Moskva: OGIZ.Goslıtızdat, 1948. T.2. – 928 s.
11 Карасик В. И., Прохвачева О. Г., Зубкова Я. В., Грабарова Э. В. Абсурд как регулятивный концепт // Иная ментальность. М.: Гнозис, 2005, С. 44-57.
Karasık V. I., Prohvacheva O. G., Zýbkova Ia. V., Grabarova E. V. Absýrd kak regýlátıvnyı konsept // Inaıa mentálnóst. M.: Gnozıs, 2005, S. 44-57.

Материал 29.11.2020 баспаға түсті

REFERENCES

1 Hegel GV Aesthetics. Collection of essays: in 4 vols. Moscow: Art, 1971.V.3. – 548 p.
2 Literary criticism. Dictionary of terms (Compilers: Z. Akhmetov, T. Shanbayev). – Almaty: Ana tili, 1998. – 384 p.
3 Pavi P.Slovar Theater. – Moscow: Progress, 1991. – 504 p.
4 Al D.N. Fundamentals of dramaturgy. – St. Petersburg, 2005. – 43 c.

5 Мрожек С. Testarium: Favorite plays and prose. – М .: Art-Flex; Vahazar, 2001. – 832 p.
6 Adambekov S. Kozhanasyr qaqpasy. – Almaty: Writer, 1972. – 384 p.
7 Mukhamedzhanov K. Optional: Plays. Literary scripts. Thoughts on art. – Almaty: Writer, 1989. –544 p.
8 Kesteren A. van. Modern Dramentheorie. – Kronberg, 1975. – p. 124
9 Zhunusov S. Oliara: Plays and articles. – Almaty: Art, 1985. – 376 p
10 Belinsky VG Essays in three volumes (General ed. FM Golovenchenko). – Moscow: OGIZ Goslitizdat, 1948. Vol.2. – 928 p.
11 Карасик В. І., Prokhvacheva O. G., Zubkova Ya. V., Grabarova E. B. Absurd as a regulatory concept // Inaya mentality. – M .: Gnozis, 2005, p. 44-57.

Внутренние и внешние конфликты в казахско-польских драмах

Г.С. Бөкен
Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова, г. Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

Драма – великий жанр литературы. Драма, с одной стороны, это литературное произведение, с другой – основа театрального искусства. Главный объект драмы – человек, его место в обществе, поступки, черты личности, стремление к добру, борьба.

В данной статье сравниваются пьесы польского драматурга С.Мрожека с произведениями казахских писателей, таких как С.Адамбеков, К.Мухамеджанов, С.Жунусов, Ш.Хусаинов, и анализируются характеры персонажей его пьес с точки зрения внутреннего и внешнего конфликта. Действие и бездействие в спектакле анализируются на основе конкретных фрагментов, отражающих психологию и мировоззрение главного героя, внутренний конфликт персонажа.

Материал поступил в редакцию журнала 29.11.2020

Internal and external conflicts in Kazakh-Polish dramas

G.S. Boken
Sh. Ualikhanov Kokshetau university, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

In general, drama is a great genre of literature. It is distinguished from epic and lyrical works by its place in society and the form of subscription. Drama, on the one hand, is a work of literature, on the other hand, it is the basis of theatrical art. The main object of the drama is a person, his place in society, actions, personality traits, aspirations for goodness, struggle.

Therefore, the article compares the plays of Polish playwright S. Mrozek with the works of Kazakh writers such as S. Adambekov, K. Mukhamedzhanov, S. Zhunusov, Sh. Khusainov, and characterizes the characters in his plays in terms of internal and external conflict and conflict. That is, the action and inaction in the play are analyzed on the basis of specific fragments that reflect the psychology and worldview of the protagonist, the inner conflict of character.

Received: 29.11.2020

ӘОЖ 82.0

Л.Н. Дәуренбекова
филология ғылымдарының кандидаты, Еуразия гуманитарлық институты, Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0002-2590-1898. E-mail: daurenbekova.laura@mail.ru

Ә. КЕКІЛБАЕВТЫҢ АУДАРМАШЫЛЫҚ ШЕБЕРЛІГІ

Қырғыз халқының көрнекті жазушысы Шыңғыс Айтматов – XX ғасырда әлемге танылды. Оның шығармалары бүгінгі күнге дейін 191 тілге аударылып, 40 миллион данамен таралған екен. Қазірдің өзінде Ш. Айтматовтың туындылары қайта жарияланып, аударылуда. Ш. Айтматовтың шығармаларына деген қызығушылықтың басымдығы жазушы шығармаларындағы көтерілетін мәселелердің қай кезеңде болсын өзекті екендігінде. Жазушының туындылары бірқатар аудармашылардың еңбектерінің нәтижесінде қазақ халқының төл туындысына айналып отыр.

Аталған мақалада Ә. Кекілбаев аударған Ш. Айтматовтың «Ерте келген тырналар» атты повесі қарастырылған. Аудармашы Ш. Айтматовтың табиғи болмысын, шығармадағы айтар ойын жеткізу тәсілін, кейіпкер сомдау жүйесін, стильдік-тілдік қолданысын композициялық құрылым жасау тәсілдерін терең меңгергендіктен, аудармада түпнұсқадағы мазмұнның, семантикалық-стилистикалық, функционалдық ақпаратты дәл береді.

Кілт сөздер: көркем аударма, қаламгер, трансформация, ұлғайту, қысқарту, түпнұсқа.

КІРІСПЕ

Ш. Айтматов «Ерте келген тырналар» шығармасында ұлы отан соғысы жылдарындағы қырғыз қыстақтарының ауыр тұрмысын, аянышты өмірін арқау етіп алады. Ауылдағы бас көтерер, елге ес болар деген ер азамат атаулыны жаппай соғысқа аттандырып, соңында қалған шиеттей жас балалар мен ерін күтіп қиын күндерді бастан кешкен жесір әйелдер, жалғызының амандығын тілеп жаратқанға жалбарынған кәрі шал-кемпір бейнелері шығармада шынайы әрі көркем бейнеленген деп айтуға болады. Автор шығармасындағы кейіпкерлердің қиын кезеңде өмір сүрсе де, олардың елі мен жеріне деген зор махаббатын, отансүйгіштік, патриоттық сезімдерін шебер береді.

Шығарманың бас кейіпкері Сұлтанмұрат бастаған жас балалар колхоз бастығы Тиналиевтің өтінішімен мектептегі оқуды тастап, қар кетер-кетпестен ерте көктемде Ақсай алқабына келіп тұңғыш рет түрен салады. Дәл осындай игілікті істің басталуын жылы жақтан қайта оралған тырналардың сағынышты үні тербегендей болады. Бұл тұстағы табиғат пен адам сезімі арасындағы нәзік те тылсым үндестіктің автор туындысында астастырыла суреттелініп отырғандығы аңғарылады. Жазушы осы арада параллелизм әдісін қолданып, тырналардың ерте келуі туған жеріне деген сағыныштан болса, бұғанасы қатып үлгермеген он төрт-он бес жасар шамасындағы Сұлтанмұраттардың ерте көктемнен Ақсай алқабына келіп түрен салуы, соғыстағы әкелеріне ертерек астық дайындап жіберуге асыққандарын жанастыра суреттейді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Шығармада ұлттық ерекшеліктер мен салт-сана, әдет-ғұрып, ұлттық психология мәселесіне ерекше көңіл бөлінгендігі бірден көзге ілінеді. Аудармашының шеберлігінің арқасында көркем туындының кез-келген кейіпкерінің бейнесі арқылы тек қырғыз халқына ғана тән түр-сипатты, мінездік ерекшеліктерді, ұғым мен түсініктерді, қоғамға деген көзқарастарды танып, білуімізге болады.

Автордың қоғамда орын алған өмір шындығы, ұлы отан соғысы жылдарындағы қырғыз қыстағындағы елдің әлеуметтік жағдайы, ондағы адамдардың аянышты өмірі мен қасіретін реалистік сипатқа негіздей отырып, көркем шындыққа айналдыруы аталмыш шығарманың маңыздылығы мен құндылығы болып табылса керек.

Ш. Айтматов махаббат тақырыбына да соқпай өте алмаған сыңайлы. Сұлтанмұраттың сүйген қызы Мырзагүлге деген махаббат сезімін де баяндап береді.Бір-біріне ынтық екі жастың ыстық та аялы сезімдерін көркем тілмен былайша суреттейді:

«Абайсызда қарап қалып еді, Мырзагүл көзіне шоқтай басылып, Шабдардың басын тұқырта ұстаған күйі қатты да қалды. Өткелден өтіп бара жатып, о да көрді. Тас үстінде қалт-құлт етіп, құлап кете жаздады. Арғы бетке өткен соң, жағаға сәл кідіріп, бұл жаққа тағы бір рет көз тастады. Сосын құрбыларының қасында бара жатып, артына әлденеше рет бұрылып қарады. Ол жалт етіп қараған сайын соңынан шауып барып, өліп-өшіп сүйетінін, онысыз өмір бұған өмір емес екендігін ешкімнен, ештеңеден қысылмай-қымтырылмай өз ауызынан айтқысы келіп әзер шыдап тұр. Бірақ, ол көзін қайтадан тайдырып әкетуі-ақ мұң, әлгі тәуекелі құмға сіңіп, жігері құм боп тоқтап қалады; ол әр бұрылып қараған сайын бұл, шынында да, бір өліп, бір тірілгендей боп абдырап тұрады. Қыздар Арал көшесінің бұрышынан айнала беріп, ғайып болды» [1, 22]. Бұны нағыз түркі халықтарына ғана тән ғашықтық сезім деуге болады. Оларға ұяңдық пен ибалылық, пәктік пен тазалық тән. Бір-бірін сүйе тұра «сүйем» деуге именетін, асыл да, қымбат махаббат сезімдерін айталмай іштен тынатын мінез тек түркі халықтарына тән қасиет десек қателеспеген болар едік. Міне, шығарма авторы да осы бір ерекшелікті айна қатесіз шынайы тілмен шебер суреттеп берген деуге болады. Сұлтанмұраттың жеке жерде батылсынған жүрегі қызбен бетпе-бет келіп, енді оған тіл қатар тұста лүпілдеп қоя береді. Тағы да сол қызға деген сезімін жеткізе алмай, қанға сіңген ұлтық мінездің жетегіне еріксіз ереді. Бұны ынжықтық немесе жасықтық емес, керісінше нағыз тәрбие көрген ерге тән қасиет, махаббатына деген тазалық депқабылдаған жөн. Яғни, автор екі жастың махаббатын нағыз ұлтық нақышта беруге талпынғандығы осы жолдардан аңғарылады.

Автор өз кейіпкері Сұлтанмұрат бейнесін бірте-бірте типтік деңгейге көтереді. Яғни, сол тұстағы жас ұрпақтың бойындағы отанға деген сүйіспеншілікті осы қаһарманының бойына жинақтап беру тәсілін сәтті қолданады деуге болады және оның өсу эволюциясын түрлі қиыншылықтарға сала отырып шынайы түрде беруге мүмкіндік алады.

Повестің қаһарманы Сұлтанмұраттың бейнесін түрлі ситуациялар үстінде сомдап отырады. Мысалы, мына бір тұста бас кейіпкердің асқан қайсарлығына куә боламыз.

«Сұлтанмұрат теңселіп барып, қайта тіктелді. Көзін қорғап бағатын белгілі түйсікпен, бетін алақанымен көлекештеп ап, қорыққанынан ұясынан шығып кете жаздаған бадырақ көзін бригадир шалдың жүзінен айырмаған күйі сілейіп тұр. Осы қазір жон арқасын тызылдатып тағы тіліп кететін екінші қамшыны тапжылмай тосып тұр. Не де болса, бас сауғалап қаша жөнелмей ақырына дейін шыдап бағып, көресінін көріп алмаққа белін бекем буған түрі бар» [1, 28]. Бұл дегеніміз болашақ қаһарманның мінезіндегі өжеттік пен қайсарлықтың көрінісі болса, енді бірде, оны тағы бір сынаққа салғандай болады. Сол арқылы оған тән ер мінезділікті көрсету мүмкіндігіне ие болады. «Сұлтанмұрат оны тағы ақырып тоқтатты. Шабдардың жүгенін сыпырды. Жүгенді ауыздығын жоғары қаратып, бір шетін қолына шандып орап алды. Ендігі қаруы – осы ауыздық қана. Қасқыр тіптен жақын кеп, жауырынын тікірейтіп, атылар алдында жерге бұғып жатып алды.Сұлтанмұрат өмірінде алғаш рет өз жүрегінің дүрсілдей соққан жан дәрмен дыбысын естіді. Ол қолындағы ауыздықты тас қып ұстап атылайын деп жатқан қасқырға қасқая қарап әзір тұр» [1, 28]. Автор осы көрініс арқылы Сұлтанмұраттың тек қана дала тағысы қасқырға қарсы қаймықпай қарсы тұруын көрсетіп қоймай, оның астарында шығарманың бас кейіпкерінің қатігез тағдыр мен қатал заманға қарсы тұруға даяр екендігін меңзеуі аңғарылады.

Сондай-ақ, бас кейіпкер мінезіндегі өсу мен жетілу оған тән диалогтардан айқын танылып отырады. Мысалы, Ақсай алқабында жер жырту барысында Шекіш бригадирмен сөзге келуі, оған өзінің ісімен де, сөзімен де елінің нағыз жанашыры екендігін танытуы осыған дәлел.

«Ақсақал, – деді ол, – председатель Тінәлиевке айтыңыз, өзі кеп көріп кетсін. Мұнда үш түйір соқамен ештеңе бітпейді. Берген тапсырма орындалмайды...» [1, 32].

Сұлтанмұраттың сөзінен жас болса да ісіне деген жауапкершілік пен адалдықты танысақ, сонымен қоса жасқаншақтау, мәймөнкелеу дегенді білмейтін өжет мінезіне куә боламыз.

Автор өзінің сүйікті кейіпкерінің мінезін тағы бір қиын жағдай үстінде шынайылықпен аша түседі. Мысалы, төрт атты әкеткен ұрлардың соңынан қуып келе жатып астындағы Шабдар атқа тіл қатуы, құдды, эпостық жырлардағы батырлардың әрекетін еске түсіргендей болады.

«Айналайын Шабдар, зымыра, құстай ұш, қуып жет! Мені құлап қалады екен деп қорқпа. Зымыра, Шабдар, зымыра, өлсек бірге өлейік. Тек тезірек шаба гөр! Күннің қараңғы екенін көріп келем. Қорқынышты-ақ... Сонда да бөгелуші болма. Тезірек, ойбай, тезірек! Олар қайда екен! Анау алдағы бұлаңытқан не? Бірдеңелер қозғалып бара жатқан сияқты ғой. Тек айырылып қалмасақ болды. Асық, Шабдар, асық! Тек сүрініп қала көрме…» [1, 33].

Автордың бас кейіпкер бейнесін сомдаудағы сәті де нәтижелі шыққан тұстарына мысал ретінде Сұлтанмұраттың ұрлармен қақтығыс барысында аты оққа ұшып, өзінің соққыға жығылуы сынды оқиғаны алуға болады.

«Ол көп дүсірдің бірте-бірте алыстап барып, бір уақытта атымен жым боп, төңірекке құлаққа ұрған танадай тыныштық орнағанын – бәрін сезіп, бәрін біліп жатқан-ды. Ол сонда барып орынынан тұрып, кеңк-кеңк жылап кейін қайтты. Қапелімде жұбана қояр түрі жоқ. Құлазыған Ақсайда оның көзінің жасын сүртіп, көңілін жұбататын тірі пенде тағы табылмады. Жылап келе жатып, ойына анада Әжімұратқа берген уәдесі түсті. Енді бұларға Шабдарға мінгесіп ап, майданнан келе жатқан әкесінің алдынан шауып шығар күн қайда? Енді бұларға Ақсайда межелі жерді жыртып, егін салып болып соқаларын жалтыратып жегіп ап, мәз-мейрам боп ауылға қайтар күн қайда? Енді Мырзагүл де мұның мақсатына жетіп масаттанып келе жатқанын көрейін деп, бірге қуанамын деп, көшеге шығып қарап тұрмайды... Арманның бәрі күйреді. Соның қайғысынан шыдай алмай, еңірегенде етегі толып келеді» [1, 39].

Жас жігіттің ойындағы арманға толы қиялы бір сәтте көз алдынан ғайып болып, бірте-бірте сағымға айналып қашықтап бара жатқан сыңайлы. Осы бір санаға тиген ауыр соққы оны тұрмастай тұралатып тастағандай. Ол тұңғыш рет өмірдің күңгейі мен қатар теріскейі де болатындығын сезінгендей болды. Тағдырдың қаталдығын ерте жастан, бұғанасы қатпай жатып сезініп үлгергендігіне өкінігендіктен жылаған еді. Бұған кінәлі кім?

Ол әлемді қанға бояған соғыстың қасіреті екендігін Сұлтанмұраттың бала жүрегі әрине сезеді, сезінеді. Шығарма авторы адамдар арасындағы пенделік пиғылды шынайы әрекеттер арқылы тартымды сүйреттейді. Ел басына күн туып, соғыс өрті өршіп тұрған тұста әлдекімдердің жеке бастың қамын ойлап ел ырыздығына қол сұғу әрекетін аса бір жиіркенішті қылып суреттеу арқылы оқырманды ізгілік пен отансүгіштікке шақырғандай болады. Бұндай теріс пиғылды адамдар қай қоғам болмасын кездесетіндігі ақиқат екендігі анық десек, қаламгер осы тектес қоғамға жат элементтерден қоғамды тазалаудың тәсілі оларды әшерелу екендігін айқын сезінген сыңайлы.

Шығарманың бас кейіпкері Сұлтанмұраттан басқа да қосымша кейіпкерлер бейнесі де орынды, әрі шынайы шыққан деуге әбден болады. Мысалы, председатель Тінәлиев бейнесі өзіне ғана тән қатал да сұстылығымен, отанға деген асқан сүйіспеншілігімен, әділдігімен танылса, бригадир Шекіш шалдың бейнесі қырғыз ұлтына тән өзіндік мінезбен ерекшеленеді. Ал, Сұлтанмұраттың інісі Әжімұратқа нағыз балалық ерке мінез тән десек, оның сыныптасы Анатайдың әке қазасынан кейін аз уақыт ішінде тез есейіп, балалықтан гөрі ересек адамға тән мінез иесіне айнала бастағандығына куә боламыз.

Сонымен қатар автор өз шығармасынан ер адамдармен қатар әйел бейнесін танытуға да қомақты орын берген тәрізді. Мысалы, шығарманы оқып отырып қырғыз әйелдері мен қыздарының түсінік-талғамдарына, өздерін ұстау мәдениетіне бір табан жақындай түскендей болатындығымыз анық.

Шығармада ерекше есте қалатын, әрі өзінің сүйкімді қылықтарымен сүйсіндіре білетін қырғыз қызы Мырзагүл мен ұстаз әрі аяулы ана Іңкамал апай бейнелеріне тән шынайылық

айқын аңғарылып жатады. Сондай-ақ, қырғыз қыстағындағы қарапайым әйелдерге тән әрекеттер де ұтымды қолданылған деуге негіз бар.

«Қолдан тоқылған жүн орамалға оранса да, дірдектеп тоңып тұрған Інкәмал апай география сабағында Индия жағалауларына жақын жердегі ғажайып Цейлон аралы туралы әңгіме айтып тұр. Мектеп картасында Цейлон ұлы құрлықтың емшегінен шалқар мұхитқа абайсыз тамып кеткен бір тамшы ғана сияқты. Ал апайға айтқызсаң – маймыл дейсің бе, піл дейсің бе, банан дейсің бе, бұрын көзің көрмек түгілі атын естімеген басқа да талай-талай жемістер мен өсімдіктер дейсің бе – жоқ еместің бәрі сонда» [1, 78]. Бұл кластың суығына қарамай оқушыларға география сабағынан дәріс оқып тұрған Іңкәмал апайдың оқушы Сұлтанмұраттың көзімен қарағандағы бейнесі болса, келесі бір тұста «*Іңкәмал ара-арасында қиқылдап жөтеле берген балалардың тыныштағанын тосып, сәл кідіріп алады да, қақаған класта иегі иегіне тимей бүрсеңдеп тұрып қайдағы бір Цейлон жайлы, күнгей елдер мен жылы теңіздер жайлы қызық әңгімесін майын тамызып айтқан үстіне айта түседі»* [1, 82]. – деп бұл көріністі одан әрі өрбіте түседі.

Ә. Кекілбаев аудармасын оқи отырып, қазақтың бай сөздік қорымен танысасың, аудармашы түпнұсқадағы қарапайым сөздің өзін бейнелі образдармен береді. Мұның барлығы да аудармашының әрбір сөзге деген талғампаздықпен қарауында. Романның көркемдігін, идеясын сақтай отырып, аударма тіліне қайта тудырғандай әсер етеді. Мәселен, қос тілдегі сөйлемдерді салыстырып көрейік.

«Они бежали, а немигающий жестокий зрачок следил за ними в прорезь прицела, плавно переводя кончик мушки с одного на второго, на третьего» [2, 48]. Бұл сөйлем: *«Олар жүгіріп барады. Ал, мылтықтың қарауылына қадалып алған қатыгез жанар алыстан оларды бірінен соң бірін тінте қарап тесіліп отыр»* [1, 86], – деп, түпнұсқадағы сөздерді сөзбе-сөз бермей, бейнелі түрде қазақ оқырманына әсерлі жеткізеді.

«Ненавистно смотрел этот зрачок, как бежали мальчишки в прорези прицела к журавлям» сөйлемін *«Тырналарға қарай тырағайлап шапқылап бара жатқан үш балаға қаны қатып – ақ қапты»* деп, фразеологизм арқылы адам эмоциясын көрсете білген.

Жалпы, Ә. Кекілбаевтың аудармасын түпнұсқамен салыстыра отырып, аударма теориясындағы қолданылған тәсілдерге назар аударайық.

Ә. Кекілбаев аудармасында, кейіпкер мінезін, болмысын көрсетуде фразеологизмдер жиі қолданылады. *«Не будешь же спорить, задерживать взрослого человека», «үлкен адамның сөзін жерге қайтіп тастарсың»*. Бұл сөйлемде, аудармашы негізгі мағынаны қазақы тілмен әдемі жеткізген.

Сөйлемді ықшамдап беру әдісі: *«Не спеша рассупонули хомуты, поскидали их с конских шей, убрали сбрую в юрту, каждый на свое место».* Қазақ тілінде: *«Қамыттарды асықпай ағытып, ер – тұрмандарын үйге алып кірді»*деп беруі де көңілге қонымды. Сондай-ақ, «*И они вышли из юрты, шумно дыша, ругаясь и отхаркиваясь»* сөйлемін: «*Екеуі қақырынып, түкірініп үйден емін – еркін шықты»* деп, қимыл қозғалысты беруде де ықшамдау әдісін қолданған.

Мағынаны ұлғайту әдісі Ә. Кекілбаев аудармасында да кездеседі. Мысалы: *« ..и невиданные растения»* сөйлемін: «*бұрын көзің көрмек түгіл атын естімеген басқа да талай – талай жемістер мен өсімдіктер дейсің бе – жоқ еместің бәрі сонда»* деп, түпнұсқадағы автордың айтпақ ойы қазақ оқырманына түсінікті болу үшін, сөйлемді ұлғайтып, кейіпкердің таңданысын нақтылай жеткізеді. Келесі сөйлемдегі: *«Вот где жизнь!» сөйлемін: «Шіркін, өмірдің көкесі сонда екен ғой!»* деп, кейіпкердің жердің сипатына таң қалысын айқындауды мақсат еткендігі байқалады. Келесі сөйлемде, аудармашы бейнелі теңеулерді қолданған. *«А то подойдешь на перемене, а она краснеет»* сөйлемі: *«Енді міне, үзіліс кезінде қасына барса, Мырзагүл шиедей боп қызарып шыға келеді»* деп қыздың ұялуын «қызарады» деудің орнына «шиедей» деп күшейтіп, қыздың эмоциясын беруде сәтті қолданады. Демек, Ә. Кекілбаев қандай тәсіл қолданса да, автордың стилінен ауытқымай, басты ойын дәл бергенін байқаймыз.

З. Қабдолов аударманы – таза творчество деп атап, «аудармаға салдыр-салақ қараушылыққа кешірім жасалмайды және аударма ерікеннің ермегі емес, жауапкершілік пен таланттылықты талап ететін «биік өнер»» [3, 82] – деп бағалайды. Бұл тұрғыдан алғанда, Ә. Кекілбаев аудармасы аса жауапкершілікпен жасалынған көркем туынды деуге болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Әдеби байланыстың үлкен бір саласы – көркем аударма. Жазушы, қаламгерлеріміз қай кезеңде болсын көркем шығармалар тудырумен қатар, көркем шығарма аудару ісіне араласып, қазақ оқырмандарының жата жастана оқитын сүбелі туындылар ұсынды.Ш. Айтматов шығармаларының мән-мағынасын, маңыздылығын терең түсініп, идеялық, көркемдік және эстетикалық сапасын бұлжытпай жеткізу арқылы Ш. Айтматовтың ұстанымын өз деңгейінде жеткізді. Жазушының айтқысы келген ойын ғана емес, оқиғаларды суреттеудегі қолданған поэтикалық тәсілдерін сақтап, шұрайлы тілмен шығарманың көркемдік құндылығын арттырады. Түпнұсқа мәтінінің құрылымын сақтай отырып, идеясын дәл берген. «Идея өз алдына бөлек, оқшау тұрған нәрсе емес, ол шығарманың өн бойындағы көркемдік шешімдерден өріліп шығады, солардан туындайтын қорытынды-түйін ретінде көрінеді» [4, 56]. Демек, аудармашы автордың басты идеясын жеткізе білген. Аударма кезінде көркем мәтінді ұлттық-мәдени бейімдеу мәселесі түрлі аспектілерде қарастырылуы мүмкін. Бірнеше рет айтылып жүргендей, әрбір тіл ұлттық мәдениеттің, тарихтың, сөйлейтін адамдардың менталитетінің ерекшеліктерін көрсетеді, ал әрбір әдеби мәтін белгілі бір мәдениеттің шеңберінде туындайды. Бұл мәдениеттің элементтері басқа тілде сөйлеушілерге мүлдем таныс емес және түсініксіз болуы мүмкін. Сондықтан түпнұсқа оқырман үшін түсінікті болуы үшін аудармашылардың ізденісін қажет етеді. Жалпы әдебиеттануда жазушының стиль ерекшелігіне, оның өмір шындығын өзінше тани білу, сезіну, тақырыпты өзінше игеру, өзінше ой толғап, бейнелеп айтуды жатқызады. Осындай маңызды сипаттар танытатын, басқаға ұқсамайтын суреткерлік шеберлігін, дара қолтаңбасын өзге тілге тәржімалау оңай емес. «Аудармашының түпнұсқа шеңберінен шығып кетуге қақысы жоқ. Түпнұсқа мәтіні қандай аудармашыға болмасын бұлжымас заң. Ал, аударма үдерісінде кейбір еркіндіктер, мәселен, бір сөзді немесе бір ұғымды басқа сөзбен беру кейде түпнұсқа әрпінен аулақтау – бұлар ауытқу емес, сапалы аударма жасаудағы әдіс-амалдар болып табылады» [5, 214] – деген қағидаға сүйенсек, Ә. Кекілбаев аудармасы поэтикалық ерекше әсермен жатық оқылатын сапалы туындыға жатқызуға болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Айтматов Ш. Шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1996. – 367 б.
Aitmatov Sh. Collection of works. – Almaty: Writer, 1996. – 367 s.
2 Айтматов Ч. Прощай, Гульсары. – Москва: Эксмо, 2012. – 608 с.
Aitmatov Ch. Farewell, Gulsary. – Moscow: Exmo, 2012. – 608 s.
3 Қабдолов З. Сөз өнері. − Алматы, Жазушы: 1992. − 352 б.
Kabdolov Z. Word art. −Almaty, Writer: 1992. – 352 s.
4 Комиссаров В. Теория перевода. – Москва: Высшая школа, 1990. – 250 с.
Komissarov V. Translation theory. – Moscow: Higher School, 1990. – 250 s.
5 Дәдебаев Ж. Жазушы еңбегі және тарих шындығы. − Алматы, 2001. – 150 б.
Dadebaev Zh. The work of the writer and the reality of history. – Almaty, 2001. – 150 s.
6 Сатыбалдиев Ә. Рухани қазына . – Алматы: Жазушы, 1987. – 229 б.
Satybaldiev A. Spiritual treasure. – Almaty: Writer, 1987. – 229 s.
7 Әдебиеттану терминдер сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 383 б.
Dictionary of literary terms. – Almaty: Ana tili, 1998. – 383 s.

Материал 02.12.2020 баспаға түсті

REFERENCES
1 Aitmatov Sh. Collection of works. – Almaty: Writer, 1996. – 367 p.
2 Aitmatov Ch. Farewell, Gulsary. – Moscow: Exmo, 2012. – 608 p.
3 Kabdolov Z. Word art. −Almaty, Writer: 1992. – 352 p.
4 Komissarov V. Translation theory. – Moscow: Higher School, 1990. – 250 p.
5 DadebaevZh. The work of the writer and the reality of history. – Almaty, 2001. – 150 p.
6 Satybaldiev A. Spiritual treasure. – Almaty: Writer, 1987. – 229 p.
7 Dictionary of literary terms. – Almaty: Ana tili, 1998. – 383 p.

Переводческое мастерство А. Кекилбаева

Л.Н. Дауренбекова
Евразийский гуманитарный институт, г. Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан

Выдающийся писатель кыргызского народа Чингиз Айтматов прославился еще в XX веке. На сегодняшний день его произведения переведены на 191 язык и распространены тиражом 40 миллионов экземпляров. Произведения Айтматова переиздаются и переводятся. Произведения автора стали подлинными произведениями казахского народа в результате работы ряда переводчиков. В статье рассматривается мастерство перевода произведения Ш. Айтматова «Ранние журавли» на казахский язык. На примерах представлены способы перевода А. Кекилбаева. Автор обращает особое внимание не только на перевод произведения, но и выявляет авторскую идею на основе содержания оригинала. Так же повествуется о том, что Ш. Айтматов в повести прививает чувства гуманности, веры, добрые человеческие качества.

Благодаря мастерству переводчика через изображение любого персонажа в произведении искусства мы можем распознать черты, характеристики, концепции и отношение к обществу, которые уникальны для кыргызского народа. Переводчик, сохраняя писательский стиль Ш.Айтматова, обращает внимание на сохранение интонации, ритма текста оригинала, попытался перевести легким языком психологию каждого героя.

Материал поступил в редакцию журнала 02.12.2020

Translation skills of A. Kekilbaev

L.N. Daurenbekova
Eurasian humanities institute, Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan

The outstanding writer of the Kyrgyz people, Chingiz Aitmatov, became famous in the twentieth century. To date, his works have been translated into 191 languages and distributed with a circulation of 40 million copies. Aitmatov's works are being republished and translated. The works of the author have become genuine works of the Kazakh people as a result of the work of a number of translators.

The article discusses the skill of translating the work of S. Aitmatov «Early Cranes» into the Kazakh language. The examples show the translation methods of A. Kekilbaev. The author pays special attention not only to the translation of the work, but also reveals the author's idea based on the contents of the original. It is also narrated that S. Aitmatov instills in the story instill feelings of humanity, faith, good human qualities. The author notes that the writer's works have been translated into many languages of the world.

Thanks to the skill of a translator, through the image of any character in a work of art, we can recognize the traits, characteristics, concepts and attitudes towards society that are unique to the Kyrgyz people. The translator keeping Aitmatov's literary style, pays attention to preservation of intonation, a rhythm of the text of the original, and tried to translate easy language mood, psychology of each hero.

Received: 02.12.2020

ҒТАМР 17.82.30

А.К. Жундибаева
[1]PhD, қауымдастырылған профессор м.а., Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей қ., 071410, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0002-9899-8109. E-mail: arayzhkz@gmail.com

ДУЛАТ БАБАТАЙҰЛЫНЫҢ «ӨСИЕТНАМА» ЕҢБЕГІНДЕГІ МӘТІНТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мақалада XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихы туралы мәліметтер беріледі. Қазақ әдебиетінің XIX ғасырдағы өкілі Дулат Бабатайұлы шығармашылығы және зерттелуі туралы деректер келтірілген. Ақынның 1880 жылы Қазан қаласында жарық көрген «Өсиетнама» жинағының толық текстологиялық талдаулары кирилл әліпбиі нұсқасында талданып берілген. Дулат Бабатайұлы шығармаларының жанрлық ерекшеліктерін, сөз құрылымын, өлең құрылысын, көркемдік – теориясын, шығармаларындағы қоғамдық-әлеуметтік көзқарастардың мәнін ашу барысында «Өсиетнама» еңбегінің алатын орны туралы айтылады.

Әдебиеттанудың қосалқы саласы текстологияның негізгі міндеттерін негізге ала отырып, мақала авторы мәтінді бастапқы қалпына келтіру техникасын негізге алады. Текстологиялық сын арқылы сөздердің оқылу, жазылу ерекшеліктеріне мән бере отырып, мағыналарына талдау жасалады.

Дулат Бабатайұлы «Өсиетнамасы» мәтінін мәтіндік талдау арқылы классикалық мәтіндік талдау үлгісі принциптері баяндалады.

Кілт сөздер: қазақ поэзиясы, текстология, Дулат Бабатайұлы, «Өсиетнама», мәтіндік талдау.

КІРІСПЕ

Қазақ поэзиясында өзіндік дәуір үнімен келген жалынды, өршіл ақындардың бірі – Дулат Бабатайұлы. Дулат Бабатайұлы шығармашылығының поэтикасын зерделеу – жаңа заман талабы.

Мақаладағы зерттеу мақсаты – ақынның 1880 жылы Қазан қаласында жарық көрген «Өсиетнама» жинағының толық текстологиялық талдауларының кирилл әліпбиі нұсқасында талданып берілуін көрсету.

Дулат шығармаларындағы реализм – өршіл реализм.

Дулат шығармаларындағы терме түрінде,толғау сипатында жырланатын сөздердің желдірте, желдете айтуға бейімділігі де ата-баба дәстүрінде сөз өнерінің дәріптелгендігін танытып тұрады [1, 19].

Желдірте, желдете айтуды – теориялық ұғымға сай қарастырсақ, бұл – пафостық басымдылық. Демек, Дулат шығармаларындағы пафостық басымдылық қазақ поэзиясының өзіне ғана тән құбылыс – өршілдік, шындықты іздеу.

Д.Бабатайұлы шығармаларының жанрлық ерекшеліктерін, көркемдік – теориясын, жаңашылдығын, зерттелу бағыттарын айқындауда Дулат шығармаларының текстологиясын түзу – негізгі міндеттердің бірі.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Дулат шығармаларының зерттелуі. Дулат ақын өз шығармашылығында қазақ өлеңінің көркемдік табиғатын арттыру жолында көп ізденіп, халық көкейінен шыққан сырлы да, сұлу туындыларды дүниеге әкелді...

...Мұхтар Әуезовтің өз еңбектерінде Дулатты ол тәрбиелеген орта – Сыбанның 17 ақыны тобына қоспай, бөлектеп алуының сыры да да осында жатса керек. Түбек бастап, атақты Жанақ ақынмен айтысатын 17 ақын ауыз әдебиетінің суырып салмашылық өнерін дамытса, Дулат отаршылдық езгіге қарсы әдебиеттің белді өкілі болып қалмай, ұлттық әдебиетте сыншылдық дәстүрді жаңа қырынан дамытқан жаңа қырымен ерекшеленді [2].

Қазақтарда ежелден берік қалыптасқан жүз, ру, әулет ұғымдары әлемдік өркениет мен мәдениетте үлкен мәнге ие. «17 ақын» ұғымы, бұл – бір әулеттен тараған ұрпақтардың ақындық өнерді жетік меңгере білуі.

Қазақ қоғамындағы дәстүрлі ұлттық жүйеде ұлы жүз, орта жүз, кіші жүз деп бөлінеді. Жүздер өз ішінде руларға, аталардан тарайды.

Дулат Бабатайұлының тегі – орта жүздегі Найман руынан, Сыбан атасынан шыққан. Жоғарыда аталған «17 ақын» ұғымы – осы Сыбан әулетінің ақындары. Дегенмен қазақ әдебиеті тарихында олардың кімдер екендігі, өмір сүру кезеңі, шығармалары күні бүгінге дейін зерттелуде.

Дулаттың «Өсиетнама» жинағы 1880 жылы Қазан қаласында жарыққа шықты.

Өз заманында билеуші үстем тап өкілдеріне ашық сын айтқандықтан ақын есімі, шығармалары тасада қалды. Есімін атауға тыйым салынды.

Қазақ поэзиясындағы «керітартпа феодалдық салт-сананың жоқшысы» саналған ақын шығармаларына тыйым салынған кездің өзінде ұлттыө әдебиеттану ғылымыынң көрнекті өкілдері Қажым Жұмалиев, Ысқақ Дүйсенбаев, Ханғали Сүйіншәлиевтер амалын тауып, өз еңбектеріне Дулат туралы тарауларын жариялады, ал жазушы-ғалым Мұхтар Мағауин 1978 жылы Ленинградта шыққан «Поэты Казахстана» жинағына Дулат жыраудың бір топ өлеңдерін енгізіп, ақынды Кеңес Одағына танытты [2, 6].

Дулат ақын мұрасын зерттеуде Қ.Өміралиевтің «Қазақ поэзиясының жанры және стилі» атты монографиясы жарық көрді [3].

Дулат жинағы 1991 жылы «Замана сазы» деген атпен жарық көрді [4].

Дулат шығармашылыгын зерттеуде қазақ әдебиетінің зерттелуіне зор үлес қосқан ғалымдар М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, З.Ахметов, Т.Кәкішев, М.Мырзахметов, С.Қасқабасов, Р.Сыздықова, М.Мағауиндердің үлестері зор [2, 140-219].

Сонымен қатар С.Негимовтің, Т.Шапайдың, Б.Омаруұлының, Н.Қуантайұлының Дулат поэтикасын зерттеудегі ғылыми мақалалары дулаттануда үлкен мәнге ие [2, 220-283].

Дулат шығармашылығын зерттеуде Қ.Раев «Дулат Бабатайұлы шығармаларының поэтикасы», Э.Пертаева «Дулат Бабатайұлының ақындығы», М.Бекбосынов «Дулат Бабатайұлы және Абай шығармаларындағы отарлық езгіге қарсы әдеби сарын» тақырыптарында кандидаттық диссертацияларын қорғады.

2002, 2003 жылдары З.Ахметовтің, Қ.Раевтың алғы сөздерімен ақынның «Тұнық тұма», «Шығармалары мен тағылымы» жинақтары жарық көрді [5], [6].

Дулат шығармаларын жинақтап, жарыққа шығуына үлкен үлесін қосқан ғалым Серікқазы Қорабай ақын шығармаларының ғылыми түсініктерін, зерттеулер мен пікірлерді жинақтап, баспаға ұсынды [2].

«17 ақын», «Дулат мектебі» ұғымдарының зерттелуінде филолог ғалым С.Дүйсенғазиннің, тарихшы М.Кәрімовтің зерттеу мақалалары тың деректерді табуға жетелейді.

«Өсиетнамадағы» текстология мәселелері. Зерттеулер мен нәтижелер. Зерттеу нәтижесі – Д.Бабатайұлы шығармаларының жанрлық ерекшеліктерін, сөз құрылымын, өлең құрылысын, көркемдік – теориясын, шығармаларындағы қоғамдық-әлеуметтік көзқарастардың мәнін ашу, шығармашылығының зерттелу бағыттарын айқындау және сол кезеңде қазақ әдебиеттануындағы теориялық жаңа бағыттың пайда болғандығына көз жеткізу болып табылады.

Текстология – әдебиеттанудың қосалқы саласы [7].

Textual criticism, the technique of restoring texts as nearly as possible to their original form. Texts in this connection are defined as writings other than formal documents, inscribed or printed on paper, parchment, papyrus, of similar materials [8].

Әлемдік әдебиеттану материалдарына сүйенсек, текстология, бұл – текстологиялық сын. Берілген мәтіндерді бастапқы түріне мүмкіндігінше бастапқы қалпына келтіру техникасы. Осыған байланысты текстологиялық қалпына келтіруге боатын құжаттар мәтіндері ресми құжаттар болып табылмайтын, қағаздарда, пергаментте, папирустарда немесе осыған ұқсас материалдарда жазылған немесе басылған туындылар ретінде айқындалады.

Гарвард университетінің белгілі басылымы Д. Греймнің "Multitextuality in the Homeric Iliad: The Witness of the Ptolematic Papyri" зерттеуінде текстология өзіндік зерттеу ерекшеліктеріне қарай, классикалық мәтіндер зерттеулері және киелі кітаптардағы мәтіндік зерттеулер ретінде бөлінетіндігі баяндалады.


Дулат Бабатайұлы "Өсиетнамасы" мәтінін мәтіндік таладу классикалық мәтіндік талдауға жатады.

"The primary goal of textual criticism has traditionally been to establish the actual text that the author wrote, so far as this is possible..." [9].


Демек, жоғарыда аталғандай, біздің де осы мақалада мәтіндік талдаудағы, мәтіндік сындағы негізгі мақсатымыз – автор жазған нақты мәтінді оқу.

2010, 2011 жылдары Татарстан Республикасы Қазан қаласының Ұлттық кітапханасында қазақ әдебиеті, мәдениеті, түркологияға қатысты еңбектерді іздеу, зерттеу мақсатында архив деректерін қарастырғанымызда, Д.Бабатайұлының "Өсиетнама" шығармасымен де таныстық.


Бүгінде бұл еңбек ТР Ұлттық кітапханасының сирек қолжазбалар қорында сақталуда. Сонымен қатар, ҚР Ұлттық кітапханасы қорында да бар. Мысалы,




1880 жылы жарық көрген "Өсиетнама" мұқабасы




1-парағы



2-парағы


3-парағы


4-парағы


5-парағы

1880 жылы Қазан қаласында шыққан «Өсиетнама» жинағының көшірмесі арқылы біз мәтіндік талдауымызда шығармадағы әрбір өлең жолының дұрыс оқылуын қарастырдық [10].

1-бет

1-жол. Алладан сұрап иманды, Рәжим шайтан лағыңды.
2-жол. Алдайын деп жүреді, Аңдып жүріп ойыңды.
3-жол. Алла жәрдем бермесе, Қажымақ онан қиынды.
4-жол. Үмітім бар құдайдан Сақтайма деп пәледен.
5-жол. Ақырзаман баладан, Ғалым туған анадан,
6-жол. Мұны жазған Дулатты Тастамаңыз дұғадан.
7-жол. Адамдардың баласы, Бұл дүниенің таласы.
8-жол. Көкірегінде санасы, Тар лақатқа кіресі.
9-жол. Ата-ананың ақылы Қазылған қара жолмен тең,
10-жол. Ағайының көп болса, Ұлы шерік қолмен тең.
11-жол. Қарсы келсе кәрілік, Жайып қойған тормен тең.
12-жол. Жақсының жары сұм болса, Қазып қойған көрмен тең.
13-жол. Орын болмас жаманға, Ашықта болса тормен тең.
14-жол. Жаманнан көрген қорлығың, Көкейге біткен шермен тең.
15-жол. Иманың жақсы болмаса, Орта боп қайтқан қолмен тең.
16-жол. Жақсы ағайының бар болса, Алуан түрлі балмен тең.
17-жол. Жаманға айтқан ақылың, Ағып кеткен селмен тең.

2- бет.

1-жол. Қай жаманға сөз айтсаң, Соғып қайтқан желмен тең.
2-жол. Қайырлы болса қай жақсы, Дария шалқар көлмен тең.
3-жол. Қайыры жоқ байларың, Ауыл қонған шөлмен тең.
4-жол. Қақпайын жұртқа батырмас, Қара бұлан нармен тең.
5-жол. Уайымшыл адамның, Кең дүниесі тармен тең.
6-жол. Қай жаманға сөз айтсаң, (Алты батпан кірмен тең)
7-жол. Қайғы ойлаған жаманға, Алды тұйық жармен тең.
8-жол. Саясы жоқ бәйтерек, Саздағы біткен талмен тең.
9-жол. Аңырап салса ақсұңқар, Қаза алмас жармен тең.
10-жол. Молдадан сабақ алсаңыз, Алуа шекер балмен тең.
11-жол. Пайда жоққа жалынба, Жемқор семіз малмен тең.
12-жол. Шежіре туған адамның, Көкірегі сызған хатпен тең.
13-жол. Парақор болған төрелер, Қуаңнан шыққан өртпен тең.
14-жол. Жетесі жаман бос бала, Тоқсандағы шалмен тең.
15-жол. Төре деген халқыңыз, Саудасы біткен сартпен тең.
16-жол. Айтқан сөзі ақымақтың, Адам ішпес сумен тең.

*17-жол.*Кей жаманның тілі бар, Ауырлығы умен тең.
*18-жол.*Жақсы жолдас болмаса, Жары биік таумен тең.
*19-жол.*Дәулеті басым байларың Көкірегі алтын сумен тең.
*20-жол.*Қайратты болса ұлығың, Көлде жүзген қумен тең.
21-жол. Жақсылардың ақылы, Гаухар шырақ шаммен тең.
*22-жол.*Жақсының көрген жарығы, Анық атқан таңмен тең.
*23-жол.*Жамандар сөйлей білмейді, Жөніне тыныш жүрмейді.
*24-жол.*Ұлығыңның алдында, Ажалы жеткен аңмен тең.
*25-жол.*Қайбір жақсы қош болса, Халық сөзін бұзбайды.
*26-жол.*Оның өзі, жігіттер, Қара басы ханмен тең.
*27-жол.*Ауылыңда бай болса, Ішкені қымыз, шай болса,
*28-жол.*Жақсылық көрсең, жараңдар, Бұлттан шыққан күн мен тең.
*29-жол.*Кейбір жаман болады, Жиылған топты көрмейді.
*30-жол.*Оның өзі жарандар, Бұғып өскен тазбен тең.
31-жол. Екі жақсы кез болса, Шапқан аттай жарасар.

3-бет

1-*жол.*Оның *(ұнұң)* өзі жігіттер, *(чгт дар)* Аз болса *(болседе),* көппен *(коп мн)*тең.
2-*жол.*Екі *(акы)* жаман (*иаман)* кез (*киз*) болса, (*болсе*) Құтырған (*құтұрған*) иттей (*иттай*) таласар (*таласа*)
3-*жол.*Оның (ұноң)өзі жігіттер,(чгт дар) Бар болса (болседе), жоқпен (иоқ мн)тең.
4-*жол.*Бір үйде өскен (өскан)балалар , Бірлік (брлк) қылса (қлсе) азар ма? (азарме?)
5-*жол.*Бір-біріне жақсы (иақшы) сөз, Оның (ұның)өзі сый (си) мен (мн) тең.
6-*жол.* Білген (блкан) кісі азар ма? (азар ме?) Тәубесінен (тобе синан) жазар ма?(иазарме?)
7-*жол.* Білгенін (блканын) түзу (тұзұ) кім (ким) етсе (айтсе), Қара (қаре) басы бимен (бимн) тең.
8-*жол.*Аласа (аласе) мен (мнан) биіктің, (биокднң) Таразы (таразы) сын (син) кем (ким) тартса (тартсе),
8-*жол.*Төрде отырған (ұтырған) қазылар, (қасылар) Адам (адм)жемес(жмас) май(мен(мн) тең.
9-*жол.*Ата-анасы бар болса(болсе), Ағайыны көп болса(болсе),
10-*жол.*Бәрі (бары)де тату болғанда(болғанде), Қорғаны бар үй (ұй)мен (мн)тең.
11-*жол.*Халқың тегіс(тикз) болмаса, Жақсыны(иақшыны) көзге(козка) алмаса(алмесе),
12-*жол.*Камзол кисең (кисаң)жараспас(иарашмаз), Қара (қара) пайым (файом) сөзбен (бозмн)тең.
13-*жол.*Бір жаманға (иаманге)сөз айтсаң, Құлағына (құлағыне) кірмейді (кирмайды),
14-*жол.*Не айтқанын (айтқанұн)білмейді(блмайды), Қарсы тұрған (ормн)тең.
15-*жол.*Дәулетті (дулетлы) болса (болсе)аймағың (аймағұң) Бір (бр)пәлеге (блака)жолықсаң,
16-*жол.*Көлденең (сойлайды) жатқан (сток) алдыңнан (алдынкүде), Таудай (таутракан)таспен (тасмн)тең.
17-*жол.*.Нәпсіге (нафске) ерген(иркан) молдаңыз,(мланның) Кітапты жақсы (иақшы)білмейді,(блмайды)
18-*жол.*Кітап ұстап(ұстап) айтқан(айткан) соң, Жалған (иалған)сөзі шынмен (чин) (мн) тең.
19-*жол.*Жаман (иаман) болса (болсе) тамырың, (тамұрың) Бергеніңе(бирканга) тоймайды,
20-*жол.*Сұрағанын (сұрағанұн)қоймайды. Тауқыдтағы жұт(чут)пең(мн) тең.
21-*жол.*Жақсы (иақшы) қатын (хатун) алсаңыз, Ептілігін (ептилігін) білдірер (билдрор),
22-*жол.*Ерді (ерының)өзіне(ұнкте) көндірер(кондирор), Ұжмақтан(ұжмахтын) шыққан (чққан)нұрмен (мн)тең.

23-*жол.*Жаман (иаман) қатын (хатун) алсаңыз, Жамандығын (иаманлығын) білдіріп, (блдирор)
24-*жол.*Ерінің қуатын (қутин) өлтіріп,(ұлтұрер) Маңдайға (маңлайха) бітке (бткан) сор мен (сормн) тең
25-*жол.*Ендігінің (ендикіниң)ұлығы, Ақсап жолдан (иолдан)қалған (қалқан)соң,
26-*жол.*Ақыл(ғақыл) сұрай кім (ким)барсын?(барсин) Көшіп (көжп)кеткен (киткан)жұртпен (чуртме)тең
27-жол.Иаман болсе алғағанұң, ажруахы ұнкалмас.
28-жол.Жұрты брлык қила алмас , аштиан чикан корт мн тең.
29-жол.Брлікібар адамдар , айткан сөзға конады.
30-жол. Мыср мынан құрады, ұның өзі нармн тең.

«Өсиетнама» мәтінін оқу барысында араб сөздерінің, татар сөздік оралымдарының қолданылуы байқалды. Ноғай тілінің тілдік оралымдары бар. Сөз мағынасы, құрылымы, стилі, әліпбилік таңбалардың қолданылуы және жазылуы сол кезеңдегі тілдік стилді көрсететіні даусыз.

Белгілі ғалым Қ.Жұмалиев пікіріне сүйенсек, «Өсиетнама» 1880 жылы Қазанда басылды. Жинап бастырушы – Мәулекей. «Өсиетнама» мен Қазақ ССР Ғылым академиясының қорында сақтаулы қолжазбаны салыстырғанда негізі бір деп, филология ғылымдарының кандидаты Дүйсенбаев Ысқақ жолдас дұрыс айтады, деуінде зор мән бар; «... Дулатты соңғы зерттеушілердің 1880 жылы жарық көрген «Өсиетнама» мен 1870 жылы шыққан академик В.В.Радловтың кітабындағы кейбір шумақтардың дәл келуі жайлы бірқатар соны пікірлер де қозғаған. Ол шумақ пен өлеңдегі жолдар Шортанбайдан гөрі Дулаттың сөздері деу дұрысырақ деген пікірді ұсынады» дей отырып, «Өсиетнаманың» Дулаттың төл шығармасы екендігін негіздеп өтеді.

«Өсиетнама» дидактикалық поэзияның түріне жатады. Айналасындағы әр алуан құбылыстарына үңіле қарап, олардан келешек үшін керекті бір қорытынды шығармақ болған ойшыл жырау өмірмен адам тіршілігімен байланысты көп мәселелерді сөз етеді... Дулаттың еңбегі - тарыдай шашылып жүрген халықтың сол мақал-мәтелдеріндегі құнарлы нәрді алып жинақтау, әдемілеп, жаңаша жырлау, бір бүтін нәрсе етіп шығару, поэзия тіліне айналдыру» деп, Д.Бабатайұлы шығармаларының өміршеңдігіне зер салады.

Зерттеуші Қ.Раев Дулат шығармаларының мазмұндық-көркемдік ерекшеліктерін зерттеуде: "Поэзия арқылы Дулат қоғам тынысын жай сезініп көруші емес, оның бағалаушысына айналған. Ол жай бақылаушы деңгейінен көтеріліп қарапайым халыққа бағдар нұсқаушы рөлін де иемденеді" деген ой түйеді [1, 56].

Ғалым Б.Омарұлы "Дулат дәстүрі және зар заман поэзиясы" мақаласында "... қазақ әдебиетіндегі күрделі құбылыс болып саналатын зар заман поэзиясы көркемдік құндылықтары аса жоғары, тың теңеулерге, айшықты образдарға толы Дулат шығармашылығынан нәр алғаны даусыз" деп, М.Әуезов атап өткен "зар заман ақындары " ұғымында Д.Бабатайұлының көш басында тұрған ақын екендігін өз зерттеулерімен айқындап берді [2, 236].

Ғылыми академиялық басылымдарда Дулат туралы жарық көрген зерттеу еңбектері мен мақалалардың қайсысын алсақ та, әрқайсының дулаттануда алатын орны ерекше. Түйін: текстологиялық зерттеуіміз барысында, мәтіндік түпнұсқасын әзірлеу кезінде әрбір сөз қоданысының мағынасына мән беруіміз керек екендігі айқындалды. "фаре", "иарату", "иақшы, "ғарап","қиаде", "чикман", "хдайым", "замане", "иалғыз", "иаханда" т.б. сөз қолданыстары қазақ ғрамматика ережелері талаптарына сай жазуды, қосымша түсінік беруді, тілдік, тарихи қолданыстары ерекшеліктері жағынан талдауды қажет етеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Дулат шығармаларының текстологиясы – ақын шығармаларының: жанрлық ерекшеліктерін, сөз құрылымын, өлең құрылысын, көркемдік – теориясын,

шығармаларындағы қоғамдық-әлеуметтік көзқарастардың мәнін ашуда, шығармашылығының зерттелу бағыттарын айқындау барысында ең алдымен қарастыратын негізгі зерттеу бағыты.

Ұлттық әдебиеттану ғылымындағы жалпы осыған дейін қалыптасып, айтылып келе жатқан, әлемдік әдебиеттану терминдерімен жіті байланысқан бағыттар мен ағымдардың қазақ әдебиетінде жаңаша дамығандығын «Өсиетнама» жинағын зерттеуде негізге алынған текстологиялық мәселелерді талдауда көз жеткізе аламыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Раев Қ. Дулат Бабатайұлы шығармаларының поэтикасы. Алматы: – 2007. – 160 б.
Raev Q. Dýlat Babataıuly shyǵarmalarynyń poetıkasy. Almaty: – 2007. – 160 b.
2 Бабатайұлы Д. Шығармалары: өлеңдер, дастандар, мысал өлеңдер, зерттеулер, пікірлер. Алматы: – 2013. – 296 б.
Babataıuly D. Shyǵarmalary: óleńder, dastandar, mysal óleńder, zertteýler, pikirler. Almaty: – 2013. – 296 b.
3 Өміралиев Қ. Қазақ поэзиясының жанры және стилі. Алматы: – 1983. – 240 б.
Ómiralıev Q. Qazaq poezıasynyń janry jáne stıli. Almaty: – 1983. – 240 b.
4 Бабатайұлы Д. Замана сазы. – Алматы: 1991. – 160 б.
Babataıuly D. Zamana sazy. – Almaty: 1991. – 160 b.
5 Бабатайұлы, Д. Тұнық тұма. Кітап 1-2: 1 кітап: өлеңдер мен дастандар; 2 кітап: сын – зерттеу, көзқарастар. Ахметов З., Раев Қ. – Алматы, 2002. – 288 б. – (Қазақ жыры).
Babataıuly, D. Tunyq tuma. Kitap 1-2: 1 kitap: óleńder men dastandar; 2 kitap: syn – zertteý, kózqarastar. Ahmetov Z., Raev Q. – Almaty, 2002. – 288 b. – (Qazaq jyry).
6 Бабатайұлы, Д. Шығармалары мен тағылымы. Ахметов З., Раев Қ. – Алматы: – 2003. – 288 б.
Babataıuly, D. Shyǵarmalary men taǵylymy. Ahmetov Z., Raev Q. – Almaty: – 2003. – 288 b.
7 Классикалық зерттеулер: Көп томдық. Т 15: Жұмалиев Қ., Қабдолов З., Ахметов З. Әдебиет теориясы (1960-1970 жж.)., Алматы: – 2013. – 412 б.
Klassıkalyq zertteýler: Kóp tomdyq. T 15: Jumalıev Q., Qabdolov Z., Ahmetov Z. Ádebıet teorıasy (1960-1970 jj.)., Almaty: – 2013. – 412 b.
8 Edward John Kenney. Textual criticism. www.britannica.com/topic/textual-criticism.
9 Graeme D. Bird., Multitextualityinthe Homeric IliadtheWitnessofthe Ptolemaic Papyri. chs.harvard.edu/CHS/article/display/4864.graeme-d-bird-multitextuality-in-the-homeric-iliad-the-witness-of-the-ptolemaic-papyri
10 Бабатайұлы Д. Өсиетнама. – Қазан: – 1880. – 16 б.
Babataıuly D. Ósıetnama. – Qazan: – 1880. – 16 b.
11 Қамзабекұлы Д., Омарұлы Б. Шәріп А. Ұлттық әдебиет және дәстүрлі менталдік. Алматы: – 2013. – 192 б.
Qamzabekuly D., Omaruly B. Shárip A. Ulttyq ádebıet jáne dástúrli mentaldik. Almaty: – 2013. – 192 b.

Материал 25.11.2020 баспаға түсті

REFERENCES

1 Poetics of Dulat Babatayevich’s works. Raev K. Almaty: – 2007. – 160 p.
2 D. Babatayuly's works: poems, sagas, example poems, research, reviews. – Almaty: – 2013. – 296 p.
3 Omiraliyev K. Genre and style of Kazakh poetry. – Almaty: – 1983. – 240 p.
4 Babatayuly D. The music of Zaman. – Almaty, 1991. – 160 p.
5 Babatayuly, D. Tynyk Tuma. Book 1-2: Book 1: poems and sagas; Book 2: criticism - research, views. Akhmetov Z., Raev-Almaty, 2002. – 288 p. – (Kazakh zhyry).
6 Babatayuly, D. Works and teaching. Akhmetov Z., Raev-Almaty, 2003. – 288 p.

7 Classical Studies: multi-volume. T 15: Zhumaliyev K., Kabdolov Z., Akhmetov Z. theory of literature (1960-1970.)., Almaty, 2013. – 412 p.
8 Edward John Kenney. Textual criticism. www.britannica.com/topic/textual-criticism
9 Graeme D. Bird., Multitextualityinthe Homeric IliadtheWitnessofthe Ptolemaic Papyri. chs.harvard.edu/CHS/article/display/4864.graeme-d-bird-multitextuality-in-the-homeric-iliad-the-witness-of-the-ptolemaic-papyri.
10 Babatayuly D. Testament. – October, 1880. – 16 p.
11 Kamzabekuly D., Omaruly B. Sharip A. National Literature and traditional mental. – Almaty: – 2013. – 192 p.

Проблемы текстоведения в труде Дулата Бабатайулы «Өсиетнама»

A.K. Zhundibayeva
Университет имени Шакарима города Семей, г. Семей, 071410, Республика Казахстан

В статье дается информация об истории казахской литературы XIX века. Приводятся сведения о творчестве представителя казахской литературы XIX века Дулата Бабатаевича и исследованиях о нем. Представляется на кириллице полный текстологический анализ его сборника «Осиетнама («Книга поучений»)», изданного в октябре 1880 года, в городе Казань. Говорится о значимости труда «Осиетнама» в раскрытии сущности жанровых особенностей произведений, структуры слов, стихосложений, художественной теории и общественно-социальных соображений, присутствующих в произведениях Дулата Бабатаевича.

Опираясь на основные задачи текстологии, относящейся к дополнительной отрасли литературоведения, автор статьи берет за основу воспроизведение текста в его первоначальном виде. С помощью текстологии, принимая во внимание особенности чтения написания слов, анализируется их значение.

Материал поступил в редакцию журнала 25.11.2020

Textology problems in «Osyetnama» of the work of Dulat Babatayuli

A.K. Zhundibayeva
Shakarim university of Semey, Semey, 071410, Republic of Kazakhstan

The article gives information about the history of the Kazakh literature of the XIX century. Provides data about the works of Dulat Babatayevich, the representative of the Kazakh literature of the XIX century and research works about him.Presents in Cyrillic complete textual analysis of the poet's miscellany «Osietnama» (The Book of homilies), published in October 1880 in the city of Kazan.Narrates about the significance of the book «Osietnama» (The Book of homilies) in revealing the essence of the genre features in compositions, the structure of words, versification, artistic theory and social considerations which are presented in the works of Dulat Babatayevich.

Based on the main tasks of textology, which is the additional branch of the literary studies, the author of the article takes as a basis the reproduction of the text in its original form. By textual criticism, taking into account the peculiarities of reading and writing of words, their meanings are analyzed.

Received: 25.11.2020

ҒТАМР 17.82.30

А.К. Жундибаева[1], Ж.Т. Қадыров[2]
[1]PhD, қауымдастырылған профессор м.а., Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей қ., 071410, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0002-9899-8109. E-mail: arayzhkz@gmail.com
[2]ф.ғ.к., профессор, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл қ., 150000, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0001-5494-9105. E-mail: zhkadyrov_777@mail.ru

«MIRROR FOR PRINCE» ЖАНРЫНЫҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ (ЖҮСІП БАЛАСАҒҰН, ӘЛ-ФАРАБИ, БАБЫР ЕҢБЕКТЕРІ)

Мақалада қазақ әдебиеті тарихындағы белгілі ұлы тұлғалар Ж.Баласағұн, Әл-Фараби, Бабырнама саяси шығармалары талданады. Әлем әдебиетінде қолданылатын «Mirror for Prince» жанрымен байланыстырылады. Оқырман назарына саяси еңбектер тереңінен түсіндіріледі. Шетел әдебиеті тарихындағы саяси шығармалар мен қазақ әдебиетіндегі саяси тақырыпта жазылған шығармалар туралы айтылады.

«Mirror for Prince» жанрының қазақ әдебиетінде қалыптасу тарихы, ежелгі қолжазбалық еңбектер арқылы анықталады. Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Бабырнама шығармаларындағы билеушілер туралы айтылады.

Әл-Фарабидің бізге жеткен санаулы ғана трактаттары бар. Солардың ішіндегі «Қайырымды қала тұрғындары» трактатын алатын болсақ, билеуші бойында болуға тиісті барлық қасиеттер жайында талданады. Бұл шығарманың дүниеге келуі туралы түрлі көзқарастар келтіріледі. Сол арқылы мәдениет тоғысуы, әл-Фарабидің білімін одан әрі ұштайды.

Ерте орта ғасырларда «Mirror for Princes» жанрының қалыптасу ерекшеліктері, сол кезеңдегі ұлы ғұламалардың Әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұнның саяси шығармаларындағы жақсы ел басқарушыға тән (императорға) тән жақсы қасиеттері айтылады.

«Mirror of Princes» жанрындағы шығармаларға жататын саяси идеялар, наным-сенімдер және олардың күнделікті тәжірибелері мақала тақырыбына негіз бола алды."Князьдер үшін айна» терминінің жан-жақты баламалары жасалынды.

Кілт сөздер: «Mirror for Prince», «Құтты білік», жанр, билік, қағида.

КІРІСПЕ

«Mirror for Princes» жанрының қазақ әдебиеті тарихында қалыптасу тарихы X ғасырдан бастау алады. Ерте ғасырдағы еңбектерде көптеп кездеседі. Шығарманы оқу барысында жанрлық ерекшелігі аса көрінбегенмен, тереңірек үңілсек, көзіміз анық жетеді.

«Mirror for Princes» («Ханзадалар айнасы») – консультативті әдеби жанр, онда билеушілердің мінез-құлқының негізгі қағидалары және зайырлы биліктің құрылымы мен мақсаттары, көбінесе биліктің трансцендентальды түріне, не абстрактілі құқықтық нормаларға қатысты баяндалады.

«Ханзадалар айнасы» жанры Ежелгі грек тарихшысы Ксенофонттың еңбектерінен бастау алады. «Mirror for Princes» батыс Еуропада ерте орта ғасырдан бастап, Византия империясы мен ислам әлемінде гүлденген. Батыс әлеміне шамамен бір жарым ғасырдан бері белгілі. Князьдерге арналған айна – бұл 44 тараудан тұратын педагогикалық және кәсіби энциклопедияның бір түрі, оның ішінде патшалық және онымен байланысты мәселелер салыстырмалы түрде аз ғана бөлігін құрайды.

Ислам әлемінде «ханзадаға арналған айналар» басқарудың прагматикалық басшылығы мен әкімшілік және рәсімдік аспектілерін атап өткен. Бұл ретте билеушілердің моральдық үлгі ретіндегі рөлін атап өтті. Бұл мәтіндер Батыстан көп дәрежеде тиімді басқару жөніндегі

басшылық болып табылады. Демек, олар тақырыптар мен сол кездердің кең шеңберін қамтыды. XIII ғасырдан бастап исламдық еңбектерде батыстықойлар айқын көріне бастады. Сондай-ақ, ислам айналары түрлі исламға дейінгі дәстүрлерге сүйеніп, олардың жиі қатаң аймақтық бағыттылығымен, батыстағы неғұрлым кеш оқиғаларға ұқсас болды.Бастапқы оқыған кезде байқалмағанымен, оқу барысында, талдау кезінде анықталады.

Билеушілерге жеке кеңестер беретін византиялық мәтіндерде Шығыс Еуропадағы X-XIII ғасырдағы оқиғалардың көп бөлігі бойынша жағдайды бейнелейді. Билік туралы ежелгі және ерте христиандық ойлаудың ұқсас сөздеріне сүйенеді [1, 482].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Батыста ханзада үшін айналар 4 ғасырда Рим империясының ресми діні ретінде христиандықты қабылдаумен пайда болды және Августиннің "Құдай қаласы" (5-ші ғасыр) кітабын қамтиды. Ол император лауазымын моральдық қоғамды қолдаумен байланыстырады.

Патшалық биліктің жауапкершілігін, міндеттерін, билеушінің өз бостандықтарын моральдық әл-ауқаты үшін көрсетуге тырысты. Григорий бейбіт билікке ие адамдардың негізгі қайырымдылықтары ретінде: зайырлы биліктің моральдық құлшыныстарында және моральдық басшылықты қамтамасыз ету қажеттігінде деп, болашақ жазушыларға негізгі бағдар жасады.

«Mirror for Princes» жанрының одан әрі қалыптасуына Ирландияда VII ғасырда шығарылған шығармалардың көбеюі еді.Ең алдымен олардың арасында корольдік биліктің классикалық анықтамаларын қамтитын Әулие Исидор Севильскийдің этимологиясы: «патша әділ іс-әрекеттен шыққан» және «онікі дұрыс емес, кім түзетпейді». Бұл анықтамалар корольдік туралы ортағасырлық түсініктерде негізге алынған. Жалған-Киприан деп аталатын ізгіліктер мен ақаулар туралы кеңінен көшірілген Трактат, белгісіз ирланд жазушысы моральдық және саяси билік арасындағы нақты байланыс арқылы жанрды қалыптастырды. Билеушілердің жеке моральдық кемшіліктері халықтың тағдырына әсер ететінін түсіндірді. Мысалы, су тасқыны, аштық және шетелдік басып алулар үшін билеушілерге жауапкершілікті жүктейтін түсініктемелер(билеушінің қатаң моральдық кодексті сақтамағаны үшін Құдайдың жазасы ретінде).

X ғасырдан бастап «Mirror for Princes» жанры бойынша бірнеше шығармалар жазылған. Саяси теориялар патша қамқоршыларына жиі бағытталған. Жақсы және жаман саяси мінез-құлыққа сәйкес бірқатар модельдерді ұсынуға арналған тарихи еңбектерде тұжырымдалған. Саяси теориялар, сондай-ақ коронациялық бұйрықтарда, билеушінің тәж кию кезінде жасалатын Литургия туралы еңбектерде және хаттардың формасын қабылдаған ұсынымдық әдебиеттің бай жанрында көрсетілген.

Ханзада үшін айналар 12 ғасырда қайта жанданды. Поликатикада ең танымал жазушы Иоанн Солсберийский еді. Ол қоғам құрылымының классикалық концепцияларын қолданған (атап айтқанда, денені еске салатын патшалық) және қарсылық құқығын талқылаған (тирандарды өлтіру), бірақ әлі күнге дейін патша өкіметінің таныс үлгілерінде терең сақталған. Сол сияқты Годфри Витербо, Гелинанд Фройдмонттың «Ханзада үкіметі туралы» және Джеральд Уэльскийдің 1180 және 1220 жылдар арасында жазылған «Ханзада туралы кітап» сияқты мәтіндер туралы да айтуға болады.

Алайда, Аристотельдің 13 ғасырдағы алғашқы рецептісі Патшалық туралы теориялық еңбектерді терең өзгертті.

Жоғары атап өткен «Mirror for Prince» жанрына қазақ әдебиеті қалыптасу тарихына келетін болсақ, белгілі бір принцип немесе қағида секілді. Олай дейтініміз ел билеушілеріне, болашақ ханзадаларға арналған ереже іспеттес. Сол ереже бойынша елді басқара алады. «Қайрымды қала тұрғындары» трактаты мен «Құтты білік» еңбегін талдай отырып, ел билеушілеріне тән қасиеттерді көре аламыз. Осы еңбекте айтылған қасиеттерді бойына сіңіре алған билеуші тұлға, елді бақытты етеді. Атадан балаға мұра болып қалатын,

монархиялық басқару бар елдерде әкесінен қалған ережелерді өзгертпей ары қарай жүргізе берсе, сонда қайрымды қала тұрғындары еш қиындық көрмейді. Әлі күнге дейін өз құндылығын жоғалтпаған кітап. Олай дейтініміз ел басшыларының негізгі оқу құралы ретінде қолданылады.

Тарихына қысқаша тоқталатын болсақ, қарахан мемлекетінің билеушілері жайында көптеп айтылады. Шығу тарихы хақында әртүрлі деректер кездеседі. Алтын Орда билеушілері туралы жазған Құрбанғали Халид қананың «Тауарих хамса» кітабында хыжра бойынша 362 жылы жазылған делінеді. «Тауарих хамса» кітабы «Mirror for Prince» жанрының бір тармағы. Сол себепті де осы жанрға жататын шығарма [2, 9].

X-XII ғасырлардың өзінде-ақ Орта Азия, Қазақ елі аумағын мекендеген халықтардың мәдени даму биіктерінің бірі болған философиялық поэманың даналық ойлары күні бүгінге дейін аса құнды, өміршең «Құтты білік» - ежелгі түркі тіліндегі классикалық поэзияның тұңғыш шығармасы. Философиялық толғамдары да. Көркемдік нақыстарымен де, поэтикалық ойлау ерекшелігімен де шеберліктің үздік үлгісіндей бұл ауқымды дастан сол дәуірдегі өнер өрісін, көркемдік таным биігін қапысыз аңғартады.

Жүсіп Баласағұнның бұл кітабы арқылы қарахандар дәуіріне барлау жасап, тарихи-этнографиялық, ақиқаттық-эстетикалық, тіл ерекшеліктеріне қатысты орамдарға байланысты құнды пайымдаулар түйіндеп, пікір қорытуға болады. Шығармада ел басқарудың, экономиканы, әлеуметтік-тұрмыстық ахуалды жақсартудың ерекшеліктері суреткерлік-философиялық тілмен баяндалады. Сол заманғы ғылым мен мәдениеттің жетістіктері де аңғарылып отырады. Дастан көне түрік өркениетінің мәуесі болғанымен жалпыадамзаттық, адамгершілік-имандылық мұраттарды терең толғап, күллі адам баласына тән ізгі қасиеттерді ұлағат етіп ұсынады. Жүсіп бұл қоғамдық-әлеуметтік мәні терең, халықтың моральдық-этикалық бағдарламасы іспеттес еңбегін 54 жасында жазған. Шу бойындағы Баласағұн қаласында бастаған бұл шығармасын Қашқарда аяқтап, Қарахандар мемлекетінің сол кездегі әмірі Бқғра ханға тарту етеді. Хан ойшыл ғұлама еңбегін жоғары мәртебелеп, «Хас Хажиб» деген лауазымды атақ, өз қасынан бас кеңесшілік қызмет берген.

Дастанның басты мақсаты – бақытты қоғам, құтты ел түзу. Сондықтан да отбасын ұстаудан бастап мемлекет құру, ел басқару ісіне дейін баянды баяндайды, ғұлама ақын бірде өмір, тұрмыс заңдылығынан туған, бірде қиялын оятқан утопиялық тебіреністерге батады, терең мағыналы пәлсапалық пайымдаулар түйеді.

«Құтты біліктегі» қазіргі қазақ әдебиетінде қаз-қалпында жүрген ұшқыр сөз, мақал-мәтелдердің бірқатарын өзбек,қырғыз, татар, ұйғыр халықтарының әдебиетінен де кездестіреміз. Бұдан шығатын қорытынды «Құтты білік» тек қана қазақ әдебиетінде ғана емес, түркі тектес тілдерде де оқытылады деген сөз.

Оларды «көшбасшы» ұғымы монархиялық мемлекет басшысының ұғымына қарағанда жалпылама болғанға дейін өз бетінше көмек көрсету кітабы ретінде қарастыруға болады. «Құтты білік» этико-философиялық, парасат пен ақыл-ой сұлулығын ұрпақтан ұрпаққа мұраға қалдырған еңбекте жар таңдау, бала тәрбиесі, ақыл-білім біліп, тіл ұстартудан бастап елдік құру, мемлекет түзу, ел басқаруға дейінгі өмірлік, әлеуметтік мәні аса зор мәселелер жырланған [2, 13].

«Mirror for Prince» жанрының қазақ әдебиетінде қалыптасу тарихына үңілетін болсақ, ежелгі қолжазбалық еңбектер арқылы анықтай аламыз. Мысал ретінде, әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Бабырнама шығармаларында билеушілер туралы сөз болады. Әл – Фарабидің бізге жеткен санаулы ғана трактаттары бар. Солардың ішіндегі «Қайрымды қала тұрғындары» трактатын алатын болсақ, билеуші бойында болуға тиісті барлық қасиеттер жайында айтылады. Бұл шығарманың дүниеге келуі туралы түрлі көзқарастар бар. Бірі сол кездегі тарихи-мәдени оқиғалар болса, енді бірі Батыс пен Шығысты жалғаған Ұлы Жібек жолы. Сол арқылы мәдениет тоғысуы, әл-Фарабидің білімін одан әрі ұштады.

«Қайырымды қала тұрғындары туралы көзқарастар» трактатына тоқталатын болсақ, билеуші образын дене мүшелері арқылы сипаттайды. «Әдетте тәннің барлық мүшелерінің ішіндегі ең негізгі мүше өзінен-өзі жаратылысынан барынша кемелді және баянды келеді;

оның басқа мүшелердегідей тән қасиеттерінің бірі жоғары сатыда мәртебелі екендігі; басқа мүшелер бұл мүшелерден төмен орналасқан, бұлар өз тарапынан төменгі мүшелерді билейді [3, 77]. Бұл жерде негізгі мүшені билеуші деп айтып отқаны бәрімізге мәлім. Сол кездегі қысқартулар мен қудалаулардың нәтижесінде ашық айта алмаған болар. Бұл шығармада мемлекетті басқару үшін адамға қабілет, мінез, ақыл-ой, дарын керектігін баса айтқан. Бұларды ол саясат туралы ғылым ретінде қарастырған. «Ол [бұл ғылым] әлгіндей әрекеттер мен мінез-құлық белгілі бір әдіспен басқарғанда, осы әрекеттерді, мінез-құлықты, сапаларды, қасиеттер мен ниет-құлықты қалалар мен халықтар арасында нығайта түсетіндей етіп басқарғанда ғана, жоғалып кетпес үшін сол қалалар мен халықтарда осы қасиеттерді сақтағанда ғана болатынын түсіндіреді. Бұлай басқару үшін осыларды нығайтып, баянды етілген тәртіпті сақтау үшін сол әрекеттерге итермелейтін белгілі бір жұмыстың жүргізілуі немесе соған қабілеттің болуы шарт. Міне, осы жұмыс пен қабілет дегеніміз, патшалық немесе жоғарғы өкімет билігі, мұны адам не деп атаса да өз еркі. Ал саясат осындай жұмыстың негізі болмақшы».

Ұлы ғұлама әл-Фараби бүкіл әлемді басқара алатын басшының бойында алты түрлі қасиет болуы керек екендігін айтады. Олар: даналық, асқан пайымдымдылық, сенімділік, ойлау қабілетінің жоғары болуы, соғыс өнерін жетік білуі, денсаулығының мықты болуы. «Осының бәрін өз бойында ұштастыратын адам барлық уақытта кімге еліктеу керек екенін, кімнің айтқан сөзі мен ақылына құлақ қою керек екенін көрсететін үлгі болады. Мұндай адам мемлекетті өзінің қалауынша басқара алады». Қаланың басшысы болу үшін адамның бойында қасиеттердің табылуы шарт. Бірақ жаратылысынан бойында мұндай қабілеттер мен қасиеттер бір адамның бойында табылуы өте қиын жағдай. Данышпанның пайымдауынша игі қасиеттердің алтауы, тым болмаса бесеуі оның бойына біткен болса, ол адам қаланың басшысы бола алады. Әл-Фараби қаланы билеудің алқалық түрін де жоққа шығармайды. Биліктің бұл түрі туралы ол былай деп жазады: «Жақсы қасиеттердің бәрін өз бойында ұштастыратын адам болмаса, бірақ бұл қасиеттер бір топ адамдардың арасында жеке-дара дарыған болса, онда бұл топтың мүшелері бірлесе отырып, әкімнің орнына ие болады, оларды жұрт жақсы басшылар және қадірлі адамдар деп атайды, ал олардың басқаруы қадірлі адамдардың басқармасы деп аталады [3, 82]». Сонымен қатар қайырымды қалаға қарама-қарсы қалалар туралы да айтады. Ол туралы қайырымды қала надан қалаға, өнегесіз қалаға, алыс-беріс қала мен адасқан қалаға қарама-қарсы. Сондай-ақ мұндай қалаға жеке адамдар – осы қалалардың өкілдері де қарсы болмақ. Надан қала дегеніміз – ешқашан да бақытты көріп-білмеген, оған талпыну ешқашан ойына да кіріп шықпаған тұрғындар қаласы. Олар мұны ешқашан бастан кешіріп те көрген емес, бұған ешқашан сенген де емес. Осындай сипаттамалар арқылы салыстырады. Сол арқылы жазушы билеуші образын ашып береді. Осы шығарманы оқи отырып,халық билеушінің айнасы деп айта аламыз.

Қазақ әдебиетінде ойып тұрып орын алатын келесі шығарма – «Бабырнама». Бабыр тек жалаң саясатшы, жауынгер қолбасшы ғана болмаған, сонымен бірге ол XVI ғасырдың атақты ойшылдарының бірі. Бабыр жазушы-ғалым ретінде өз артынан едәуір әдеби мұра қалдырған адам. Оның біздің заманымызға жеткен еңбектерінің ішінен «Бабырнаманы», «Мубайин» атты өлеңдер жинағын, «Хәтти Бабри» атты өзі жасаған жаңа алфавитті, махаббат тақырыбына жазылған көптеген газелдер мен төрт жолдық өлең шумақтарын ерекше атуға болады. Бабыр сонымен бірге музыка, поэзия және соғыс туралы да көптеген трактаттар жазған. Бірақ өкінішке қарай, оның бұл еңбектері біздің заманымызға жетпеген.

«Бабырнама» – «Ферғана», «Кабул», «Үндістан» секілді үш бөлімнен тұрады. Алғашқысы XV ғасырдың екінші жартысында Ферғана жазығындағы Ахсикент, Намаған, Әндіжан, Марғилан, Ош, сондай-ақ Самарқан, Исфара секілді қалалар мен елді мекендер, онда тұрған түрлі тайпалар мен жамағаттардың әдет-ғұрпы, тілдік ерекшеліктері, мәдениет, жан-жануарлар дүниесін баяндаумен басталады. Автор, әсіресе, ата-бабасының шежіресі, кәсібі, тыныс-тіршілігі, тіпті аталған өлкенің тау-тасы, бау-бақшасы, жеміс-жидегі, өзен-суы, ұшқан құсына дейін сүйіспеншілікпен, туған жерге деген перзенттік махаббатпен жазған.

Захир ад-Диннің «Бабырнамасы» – энциклопедиялық еңбек. Ол тарихшылар мен этнографтар, әдебиетшілер мен тілшілер үшін де баға жетпес құнды деректері бар, орта ғасырлар тынысын дәл де анық жеткізе білген бағалы туынды. Бұл құнды еңбек орта ғасырдан бастап, әлемнің көптеген тілдеріне аударылған [4, 66].

«Құтты білік», «Қайырымды қала тұрғындары», «Бабырнама» еңбектері ел болу жолындағы қоғамтану, елтану дастаны десе де сияды. Көркемдігі кемел, ойы зерек, тұғыры берік ақылмен трактаттардың қазақ жерінде жазылуының өзі, осы өңірді мекендеген жұрттың құпия да қастерлі жазуы болғандығының өзі көп жайды меңзесе керек.

«Mirror for Prince» жанрындағы еңбектер Орта Азия, түрік тарихының аласапыранға килігіп, түркі дарабоздарының шашасына да, санасына да шаң тимеген тұнық тұста туған туындылар.

ҚОРЫТЫНДЫ

«Ханзадалар айнасы» терминін әдебиет тарихында XX ғасырдың екінші жартысында ғалымдар сипаттамаларды нақты анықтауға тырысты, яғни пішіні мен мазмұны, ал соңғы онжылдықта ғалымдардың назары неғұрлым айқын ерекшеліктерге шоғырланды.

Зерттеуімізде төл туындыларымыздағы «ханзадалар айнасы» - «Mirrors for Princes» жанры қазақ әдебиетінде толық қанды зерттелінбеген жанр екндігіне көз жеткіздік. Қазіргі шығармалармен салыстырмалы түрде қарасақ, ұқсас тұстары да табылады. Даму тарихына қарай отырып, біз заман өзгерген сайын бұл жанрдың да қарқынды дамығанын көре аламыз. Басты дәлелі – бізге жеткен мәліметтер. Шығармалар оқи отырып, үлкен ой түйесің. Билеушілердің қандай тұлғалар екені жөнінде сенде де ой қалыптасады. Қазақ әдебиеті тарихында бұл жанр басқаша атпен қалыптасқан.

«Ханзадалар айнасы» – айналадағы байлыққа емес, бақытқа негізделген ортаны қалыптастыратын, әлеуметтік жағдайларды жақсартатын жанр.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Garrett Mattingly: "Machiavelli's Prince: Political Science or Political Satire?" The American Scholar 27 (1958): 482-491.

2 Құтты білік/Көне түрік тілінен аударған алғы сөзі мен түсініктемелерін жазған А. Егеубай. – Алматы: Тұлға, 1997. – 548 б.

Qutty bilik/Kóne túrik tilinen aýdarǵan alǵy sózi men túsiniktemelerin jazǵan A. Egeýbaı. – Almaty: Tulǵa, 1997. – 548 b.

3 Әбу Насыр Әл-Фараби. «Қайырымды қала» - Алматы, RS: Халықаралық Абай клубы, 2015. – 284 б.

Ábý Nasyr Ál-Farabı. «Qaıyrymdy qala» - Almaty, RS: Halyqaralyq Abaı klýby, 2015. – 284 b.

4 Бабыр Захир ад-дин Мұхаммед. Бабырнама / Орыс тілінен аударған: Б.Қожабеков. – Алматы: Жалын, 1990. – 320 б.

Babyr Zahır ad-dın Muhammed. Babyrnama / Orys tilinen aýdarǵan: B.Qojabekov. –Almaty: Jalyn, 1990. – 320 b.

5 Tekin T. Wisdom of Royal Glory (Kutadgu Bilig): A Turko-Islamic Mirror for Princes. Yusuf Khass Hajib, Robert Dankoff// https://www.journals.uchicago.edu/doi/10.1086/373364. 24.09.2018.

Материал 25.11.2020 баспаға түсті

REFERENCES

1 Garrett Mattingly: "Machiavelli's Prince: Political Science or Political Satire?" The American Scholar 27 (1958): 482-491.

2 Kutty Bilik/translated from ancient turkic by A. Egeubai, who wrote the preface and comments. Almaty: Tulga publ., 1997. – 548 p.

3 Abu Nasr Al-Farabi. "Kayyrymdy Kala" – Almaty, RS: Abay international club, 2015. – 284 p.

4 Babur Zahir ad-din Muhammad. Babyrnama / translated from russian by B. Kozhabekov. – Almaty: Zhalyn publ., 1990 – 320 p.
5 Tekin T. Wisdom of Royal Glory (Kutadgu Bilig): A Turko-Islamic Mirror for Princes. Yusuf Khass Hajib, Robert Dankoff// https://www.journals.uchicago.edu/doi/10.1086/373364. 24.09.2018.

Формирование жанра «Mirror for Princes» в казахской литературе (Жусип Баласагун, аль-Фараби, Бабыр)

А.К. Жундибаева[1], Ж.Т. Кадыров[2]
[1]Университет имени Шакарима города Семей, г. Семей, 071410, Республика Казахстан
[2]Северо-Казахстанский университет имени М. Козыбаева, г. Петропавловск, 150000, Республика Казахстан

В статье анализируются политические произведения великих деятелей истории казахской литературы, таких как Жусип Баласагун, аль-Фараби, Бабыр. Связан с жанром «Mirror for Princes», используемым в мировой литературе. К вниманию читателей глубоко и содержательно освещаются политические произведения. Речь идет о политических произведениях по истории зарубежной литературы и о произведениях, написанных о политике в казахской литературе.

История формирования «Mirror for Princes» в казахской литературе изложена в древних рукописях. В произведеннях аль-Фараби, Жусипа Баласагуна и Бабыра рассказывается о провителях. Лишь несколько трактатов аль-Фараби сохранились до сегодняшнего дня. Среди них есть трактат «Жители добродетельного города», в котором говорится о всех качествах, которыми должен обладать правитель. Есть разные мнения о рождении данного произведения. Таким образом, поток культуры еще больше усовершенствовало учение аль-Фараби. Рассказывается об особенностях становления жанра «Mirror of Princes» в раннем средневековье, о хороших качествах, присущих хорошему императору в политических произведениях аль-Фараби и Жусип Баласагуни. Политческие идеи, убеждения, опыт в произведениях жанра «Mirror of Princes» являются основной темой статьи.

Материал поступил в редакцию журнала 25.11.2020

The formation of the genre of «Mirror for Princes» in the kazakh literature (Zhusip Balasaguni, al-Farabi, Babur)

A. K. Zhundibayeva[1], Zh.T. Kadyrov[2]
[1]Shakarim university of Semey, Semey, 071410, Republic of Kazakhstan
[2]M. Kozybayev North Kazakhstan university, Petropavlovsk, 150000, Republic of Kazakhstan

The article analyzes the political works of great figures of the history of Kazakh literature, such as Zhusip Balasagun, al-Farabi, Babyr. Is associated with the genre of «Mirror for Princes» used in world literature. To the attention of readers deeply and meaningfully covered political issues. We are talking about political works on the history of foreign literature and works written about politics in Kazakh literature.

The history of the formation of «Mirror for Princes» in Kazakh literature is described in ancient manuscripts. In the works of al-Farabi, Zhusip Balasagun and Babyr tells about the rulers. Only a few treatises of al-Farabi have survived to the present day. Among them is the treatise "the Inhabitants of a virtuous city," which speaks of all the qualities that a ruler should possess. There are different opinions about the birth of this work. Thus, the flow of culture further refined the teachings of al-Farabi. It tells about the features of the formation of the genre «Mirror of Princes» in the early middle ages, about the good qualities inherent in a good Emperor in the political works of al-Farabi and Zhusip balasaguni. Creative ideas, beliefs, experience in the works of the genre «Mirror of Princes» are the main topic of the article.

Received: 25.11.2020

ҒТАМР 17.82.30

Ж. Т. Қадыров[1], Ж.С. Таласпаева[2], Ә.Қ. Шапауов[3], Л.К.Искакова[4]
[1]ф.ғ.к., профессор, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл қ., 150000, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0001-5494-9105. E-mail: zhkadyrov_777@mail.ru
[2]ф.ғ.к., профессор, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл қ., 150000, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0002-8209-5116
[3]ф.ғ.к., профессор, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, 020000, Қазақстан Республикасы, http://orcid.org/0000-0002-3709-4309
[4]магистрант, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстануниверситеті, Петропавл қ.,150000, Қазақстан Республикасы, http://orcid.org/0000-0002-0281-4417

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ ТУЫНДЫЛАРЫНЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақалада кеңестік дәуір кезіндегі қазақ публицистикасының қалыптасып дамуы қарастырылады. Соғыс жылдарындағы қазақ әскери публицистикасының ерекше қолданыс тапқан жанрлары – көркем очерктің, әңгіме, мақала мен хаттардың ерекшелігі мен сипаты беріледі.

Бауыржан Момышұлы туындыларының негізінде көсемсөздің азаматтық ұстанымы мен жазу ерекшелігі айқындалады. Бауыржан Момышұлы туындыларының өзіндік тілдік, жанрлық, стильдік ерекшеліктері сараланады.

Автордың Ұлы Отан соғысына арналған шығармалары, яғни очерктері дерекьерге, өмір фактілеріне негізделетіндігіне назар аударылады. Сондай-ақ, кейіпкер бейнесін, әсіресе, жауынгер бейнесін өзіндік қимылымен, мінезімен, жаратылысымен суреттеп, соғыс кезіндегі совет адамының бейнесін берудегі шеберлігі айқындалады.

Публицистикалық жанрдың белгілері, ерекшеліктері, сипаты жайлы ғалымдардың пікірлері мен пайымдаулары беріліп, жүйеленеді.

Кілт сөздер: очерк, мақала, хат, публицистика, көркем очерк,оқиға хронологиясы, әскери публицистика, публицистикалық мақала, публицистикалық очерк.

КІРІСПЕ

Қазақ-совет әдебиетінің сыншысы, мемлекет және қоғам қайраткері Ілияс Омаров Бауыржан Момышұлының үлкенді-кішілі әңгімелері жайында өз пікірін айтады. Автор әңгіменің бәрін өз атымен баяндайды. «Қан майданда бірге шайқасқан қарулас достарыма шығармаларыммен ескерткіш орнатамын»,– дейді Бауыржан Момышұлы. Бұл, әрине оны тек шындықты жазуға мәжбүр етті.

Ілияс Омаровтың пайымдауынша, Бауыржан шығармашылығының екі ерекшелігі бар. Атап айтсақ, «ол көз алдында болған оқиға мен өзі шын білетін нәрсені жазады. Пейзаж, болмыстар мен адамдар, соғыстың нағыз шындығы – осылар, Бауыржан шығармаларынан көрінетін жайлар» [1, 129]. «Әрине, соғыс – ұрысты әскери документтерден-ақ оқып білуге болады, – деп жазады Бауыржан Момышұлы. – Дегенмен, адам тағдырлары туралы білгенге не жетсін!».

Әрине, Бауыржан Момышұлының шығармаларында көрінетін адамдар көп. Әрбір жауынгер – мейлі ол солдат не офицер болсын, мейлі ол комиссар не саяси жетекші болсын – өзіндік қимылымен, мінезімен, жаратылысымен суреттеліп, соғыс жайындағы совет

адамының бейнесін береді. Олардың бәрі жиналып келіп, ұрыс даласының жанды суретін көз алдыңа әкеледі. Ол адамдар әртүрлі, бірақ бәрінің ортақ мақсаты мен ортақ үлесі, ортақ жауы бар, бір ауадан тыныстап, бірге әрекет жасайды.

Олардың ішінен керек әрекеттің де, Отан үшін жанын пида еткен көзсіз ердің де бейнесін көреміз. Сондай жүздеген оқиғалардың куәсі болған Бауыржан бәрін қолмен қойғандай етіп, әсерлі баяндайды. Ұрыс даласында жеке адам да, рота мен батальон да өлмес ерлік көрсетеді... Мұның бәрін рет-ретімен автор шығармаларында бейнелейді.

Бауыржан Момышұлының «Грицконың сағаты» деген әңгімесінде украин жігіті Грицко Бауыржанды әке («батька») деп атайды. Осы Грицконың өлер алдындағы әңгімесі жан тебірентеді. Ол қолындағы сағатын өз сүйген қазақ қызына Бауыржанның табыс етуін өтінеді. Нина деп атайтын ол қызды фашистер айдап кеткен. Грицконың образы арқылы жазушы украин өкілінің қазақ халқына деген ыстық сүйіспеншілігін бейнелейді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақ поэзиясының аса көрнекті шебері, ірі драматург және белгілі әдебиет зерттеушісі Ә.Тәжібаев Бауыржан Момышұлының тілінде сырлылық, үнділік бар деп жазады. «Біз Исламқұлов, Әзімхан, Тұрарлардың тұлғаларынан қазақ халқының ерлік үрдісін, мейірімділігін,көрегенділігін, кеңпейілділігін, үйренгіш,өсімпаздығын, намысқа беріктігін – бір сөзбен айтқанда елдік қасиеттерін көреміз. Қызығамыз, еліктегіміз келеді. Бұл Бауыржан әңгімелерінің жақсы қасиеттерін ғана дәлелдейді... «Жол үстінде», «Мергендердің күркешігі», «Өті адалдың еті арам ба?» деген әңгімелер, «Әзімхан» атты ұзақ әңгіменің үзінділері. «Біздің адамдар» да осы сияқты «Жауынгердің тұлғасы» деген жиырма әңгіменің алғашқы жазылғандары. Соңғы әңгімелер түгел Отан соғысының ерлеріне арналады. Бауыржан «Мен бұларды жазушылығым ұстаған үшін емес, қан майданда қайрат көрсеткен ерлердің атаусыз қалмауы үшін, тірісінің көзіне, құрбандардың аруағына қарыздар болмас үшін жазып жүрмін» – дейді. Әбден дұрыс. Қашанда қымбат шығармалар, осындай қарызды, міндетті өтеуден туады» [1, 144].

Бауыржан: «Мен қазақ халқына әскери ағарту білімін беретін нәрселер туғызуға болысқым келеді», – дейді. Онысы да жөн. Әскери өмірден жазылған жақсы шығарма әманда көркем әдебиеттің, публицистиканың ең жақсыларынан саналады.

Соғыс жылдарында қазақ әскери публицистикасында ерекше қолданыс тапқан жанрларының бірі көркем очерк болды. «Социалистік Қазақстан» газетінің бетінде соғыс жылдары эпистолярлық публицистика ерекше қарқынмен дамыды. «Майданнан хат» деген арнайы айдар да ашылды. Сол айдар арқылы майдандағы жауынгерлер өздерінің елге деген ыстық сәлемін ұдайы жеткізді.Елдегі, тылдағы еңбеккерлер майданға хаттарды толассыз жолдады. Газет екі ортада дәнекер бола білді.

«Соғыс жылдарындағы публицистиканың басты ерекшелігі – абыржу мен күту халіндегі күрескер халыққа әсер ете білді. Өз халқымен үздіксіз байланыста болып, олардың ойлары мен сезімдерін білдіріп, оларды көмекке шақырды және әлем тыныштығы үшін асқан абырой мен үміт отын жақты. Соғыс жылдарындағы публицистика арқылы халықтың сол кездегі көңіл-күйін және заманның бет-бейнесін тануға болады» [2, 13].

«Тек 50-ші жылдардың екінші жартысынан бастап Кеңес елінің шет мемлекеттермен байланысы қауырт нығайды. Кеңес елі делегациясының құрамында біздің белгілі қалам қайраткерлеріміз шет елдерге шығып, соның нәтижесінде баспасөз бетінде көптеген жолсапар очерктері дүниеге келді» [3, 345]. Дәл осы жолсапар очерктерін жазған публицистердің бірі –Бауыржан Момышұлы. Атап айтсақ, оның «Куба әсерлері» очеркі. «Сөйтіп 50-ші жылдардағы публицистиканың тағы бір ерекшелігі – қазақ көсемсөзінде жолсапар очерктері шоғырының жарқырап туғандығы» – дейді Бауыржан Жақып.

Соғыс жылдарындағы «Социалистік Қазақстан» газетінің сол жылдардағы беттеріне шолу жасаудың қажеттілігін тілге тиек еткен Рахметолла Ыдырысов былай дейді: «Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстанда шығарылып тұрған мерзімді баспасөздің көпшілігі

уақытша жұмысын тоқтатқаны мәлім. Соған байланысты әдеби газеттердің, қоғамдық-саяси, көркем, тағы басқа да журналдардың атқаратын міндетін күнделікті шығып тұратын газеттер атқарды. Осындай жағдайда бұрын көлемді журналдарда, кітаптар мен жинақтарда басылатын көркем әдеби шығармалар күнделікті газет беттерінен орын алатын болды. Сондықтан да партиямыз әдеби күштің бәрін газет төңірегіне жұмылдырды» [4].

Айталық көркем жауынгер публицистикасының әсіресе соғыс жылдарында өріс алуына одақ көлемінде «Правда», «Известия», «Красная звезда», «Комсомольская правда» газеттері ұйытқы болса, республикамызда осы міндетті атқарушы бірден-бір мерзімді баспасөз – «Социалистік Қазақстан» газеті болды.

Әскери публицистика жанры соғыс басталғанға дейін қазақ баспасөзінің бетінде орын ала қойған жоқ. Испаниядағы ұрыстар туралы жазылған Алексей Толстойдың, Илья Эренбургтың, Михаил Кольцовтың, басқа да көрнекті қаламгерлердің уытты мақалалары мен очерктері орыс әдебиетінде әскери жауынгер публицистика жанрының кең өріс алуына желі болып тартылады. Ал қазақ әдебиетінде ол кезде мұндай шығармалар жазуға мүмкіншілік әлі жоқ еді. Әскери тақырыпта жазуға бастапқыда, келер соғыстың ауыр зардаптарын бағдарлай алмаған қазақ қаламгерлері өздерінің бірлі-жарым шығармаларында соғыстың басталуы мен аяқталуы мәселелерін оп-оңай-ақ шеше салатын.

Егер соғыстың алғашқы күндерінде шыққан «Социалистік Қазақстан» газетінің күнделікті сандарын қарап отырсақ, ресми материалдарды былай қойғанда, жоғарыдағыдай арыздарды, халықтың ашынған үндерін, үндеулерін көптеп ұшыратамыз.

Отан басына, халықтың, болашақ ұрпақтың басына осындай зор қатер туған сәтте жан ашуы асыл ойлар мен қамал бұзар қаһарлы сөздерді тудырды. Бұл ең алдымен жауынгерлік отты да лепті публицистикалық шығармалар арқылы оқушы қауымға тарады, майданда жауынгерлердің, тылда еңбеккерлердің бойына қуат, жанына рух берді.

Соғысқа дейінгі қазақ әдебиеті негізінен ең алдымен халықтың өзінің бай ауыз әдебиетінің (фольклордың), орыстың классикалық әдебиетінің үлгісімен қанаттанып, дами бастаған еді. Қазақ әдебиетінде поэзия құлашты кең жайып дамыса, прозадағы роман, повесть сияқты қомақты жанр жаңа ғана өркендеп келе жатқан. Ал очерк, публицистика тәрізді шағын жанрлар әлі де жас қанат, балауса, балғын шақта болды. Осындай жағдайда республика баспасөзінде, оның ішінде «Социалистік Қазақстан» газетінде ә дегеннен әскери публицистикалық шығармалардың кең өріс алып кете алмағандығы хақ. «Социалистік Қазақстан» газеті 1941 жылғы 24 июньдегі №146 санында Ә. Сәрсеновтың «Қуатты халықтың қаһарлы үні» атты мақаласын жариялады. Мұны соғыс басталған алғашқы күндерде қазақ баспасөзінде тұңғыш туған публицистикалық мақала деп атауға болады.

«Социалистік Қазақстан» газеті өз төңірегіне республикада оқушы қауымға есімі мәлім болып қалған белгілі ақын-жазушыларды, журналистерді топтастырды. Бұрын роман, повесть, драмалық шығармалармен шұғылданып келген Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Сәбит Мұқанов, Ғабиден Мұстафин, Ғабдол Сланов, Әлжаппар Әбішев, басқа да көптеген қаламгерлер газет бетінде қысқа жанрда жазуға кірісті. Әскери публицистиканы дамытуға үлкен үлес қосты.

Отан соғысы жылдарында әскери очерктер мен мақалалардың бір түрі хаттар формасында пайда болды. Бұл, әрине, совет әдебиеті мен журналистикасы тарихында бұрын да бар тәсіл. Дегенмен, осы хат түріндегі публицистикалық очерк пен мақала кезеңге, соғыс кезінде лайықталып, өзгеше түр сияқты болып қалыптасты. Жазушылар өз шығармаларында хат (хаттар формасындағы) тәсілін қолдана бастады. Мұндай тәсіл Ғабит Мүсіреповте де, Мұқан Иманжановта да, Баубек Бұлқышевта да, Жұбан Молдағалиевта да, Жекен Жұмақановта да бар. Бірақ әрқайсысы әр түрлі» [1, 84].

Отан соғысы жылдарында ерлігімен елге даңқы шыққан Бауыржан Момышұлының «Социалистік Қазақстан» газетіне бірнеше очерктері мен әңгімелері, мақалалары мен хаттары басылды. «Ерлік пен жеңіс күші» деген очеркінде ақылды ұстаз, білгір қолбасшы, парасатты генерал Панфилов бейнесін көрсетсе, ал «Біздің адамдар» атты публицистикалық мақаласында «...Немісті өлтірген сауап. Оны көріп тұрып өлтірмеу ерге ұят, жігітке

лайықсыз», «Ел дұшпаны – ер дұшпан» деген сияқты өзінің майдандық өмірден алып шығарған мақал-мәтелдерін жауынгерлердің құлағына құяды, сол арқылы қазақ жауынгерлерін ерлік іске тәрбиелеуді мақсат етеді.

1980-ші жылдардағы таңсық ізденістердің бірі – «Лениншіл жас» газетінде жарияланған очерктер. «Журналистикаға келген жаңа лек, жас толқын алдымен «Лениншіл жас» басылымында шыңдалғаны шындық. Біздің жылт еткен жаңалық ағыстарын іздеп, жастар газеті жарияланымдарына үңілуіміздің сыры осында жатыр. Ондай жарқ еткен ізденістер 60-70-ші жылдардағы сияқты, 80-ші жылдарда да ең алдымен осы газетте көрінді» [1, 304], – дейді профессор Бауыржан Жақып. Бұл ретте қаламы төселген көсемсөзші Бауыржанның «Лениншіл жас» басылымында жариялаған бірқатар мақаласы мен очеркі бар. Мәселен, «Отан», «Ерлігіміз – ұрпаққа өнеге», «Қаһарман сөз қамал бұзады», «Еңіреген ер еді», «Майдангер атынан», т.б. Әсіресе, «Еңіреген ер еді» очеркі көсемсөздің азаматтық ұстанымы мен жазу ерекшелігін айқындап бергендей.

«Очерк – дүниетанымдық жанр, ал очеркист – ізденімпаз. Очерк жазатын адамның дүниеге өзіндік көзқарасы, болмыс, құбылысқа өзіндік қатысы, өмірлік факт, оқиға, деректерді өзінше қабылдауы, көрген-білгенін айтып, жазып беруде өзіндік ұғымы, сезімі болуы міндетті» [4, 48].

Публицист «Еңіреген ер еді» очеркінде халқымыздың ардагер азаматы Мәлік Ғабдулиннің өмір жолын, азаматтық болмысын, бүкіл өмір жолын кішігірім очеркке сыйдыра білген. «Мен әскери адаммын, командирмін. Кейбіреуге мен деп сөз бастау ерсі көрінуі де мүмкін. Әдетте, командир сөзін «мен» деп бастап «менмен» орталап, сонымен аяқтайды. Ол әскери ұғымға ерсі емес, заңды да орынды. Қандай қатал болғанымен, әскери тәртіп адамды қызық бауырластырады. Біреу мың үшін, мың біреу үшін барынша жұмылады» [5, 266] – деп очерктің кіріспесін бастайды, әскери публицистиканың бір қырын атап өтеді. «Халқымыздың ардагер азаматы Мәлік Ғабдуллин кешегі сұрапыл соғыстың мектебінен осылай өтті» - деп тақырыптың өзегіне көшеді де «Сол Мәліктің алпыс жасқа толғанын өзінің көзінің тірісінде тойлай алмай отырмыз. Бұл менің аға ретінде қабырғама қатты батады» - деп мәселені төтесінен қояды.

Журналист Есенгүл Кәпқызы очерк табиғатын түсіндіре келе: «Ол адам өміріндегі шиеленісті, динамикалық жарқын эпизодтардан тұрады, оған тән ерекшелік – кейіпкер өмірінің бір сәтін бейнелі баяндай білу, шындықты баяндауда деректерге сүйенуі ғана емес, сондай-ақ шығармашылық ой-толғам, көркем әдіс-тәсілдердің қолдануы да» [6, 98] – деп қорытады.

Бауыржан Момышұлының бұл шығармасы көркем, шұрайлы тілмен жазылған. Содан кейін очеркте оқиға хронологиясын сақтап, кейіпкердің бейнесін барынша ашқан. «Батыр, жауынгер, жазушы, зерек ғалым, сипатты, салтанатты – көрерге түрі де бар ұғарға ойы да бар інім еді... Сұрапыл соғыс жылдары сын сағаттарда оның ерліктеріне көзі тірі куәгерлердің бірі менмін. Мен оның да ағасы, командирі болғанмын... Майдан алғы шебінде оның орасын ерліктеріне куә болғандарым рас. Оларды мойындап, дер кезінде жазып та жүрдім» [5, 134]. дегені өмірде болған шындықты жазып,дәлелдеп отырғанын аңғартады.

В.Ворошиловтың айтуына қарағанда, «очерк өзегінде адам, оның өмірі болуы тиіс» [7,71].

Очеркист Бауыржан Момышұлы әрмен қарай шығармасына өзек етіп алған кейіпкеріңіңазаматтық болмысын ашу үшін бұрын жазған «Бір түннің оқиғасы» деген естелігін атап, ондағы жазылған деректер Мәлік туралы сол кездегі кіріспе сөз екенін сөз етеді.

Автор кейіпкер бейнесін оның Ұлы Отан соғысындағы еңбегі арқылы аша түседі. Оның бұл очеркі деректілікке, өмір фактісіне негізделген. «...М.Ғабдуллин Ұлы Отан отқа оранғанда небәрі 25-тердегі қылшылдаған жігіт еді. Сыпайылығы, әдептілігі, алғыр ойы сезіліп тұратын. Жұртқа тым жұғымды болатын. Әуелі Павел Гундилович басқарған ротада кіші политрук болып істеді. Көп ұзамай ол 75-полкке жоғарылатылды да, орнына кейіннен 28-ші гвардиялық-панфиловшылар ерлік қозғалысын басқарған Василий Клочков келді.

Екеуінің сыйластығы бірте-бірте үлкен достыққа айналды. Мәлік өз қарамағындағы жігіттерді бар ерекшеліктерімен сипаттай отырып, ізбасарына майдандағы жай-жаспарды ұғындарғаны аңғарылды», – деп автор Мәліктің мінезін аша түседі. «Алғашқы шептіңқай бөлігінде жүрмесін, М.Ғабдулиннің ұйымдастырушылық қабілеті қатардағы жауынгер көпшілікпен тіл табыса білетіндегіне саяды. Тұстас, қызметтес болған адамдардың бәрі де осы үшін Мәлікті қатты қадір тұтып кетті... Осындай ерекше батыр бітімді жанның елге аңыз болған ерлік жасап, Отан алдындағы перзенттік парызын өтеуі біздің дәуірге таңқаларлық емес. Өйткені, ол қасиет халқының рухы мен қанында туа бітті бар еді. Полк командирі полковник И. Капров өз қатарына саяси басшылыққа Мәлік Ғабдуллинді шақырғаны көп жайды айтпай-ақ түсіндіріп тұр. Себебі, Мәліктің бойындағы «Сегіз қырлы, бір сырлылық» кімді болса да тәнті тұрғызғандай» [5, 268].

Публицистика – бүгінгі күннің энциклопедиясы, публицист – мамандық қана емес, ол – өмір салты, тіршілік ұстанымы. Және оның араласпайтын саласы жоқ. Бүгінгі күннің аумағына кіретін барлық салалар – химия, экономикалық ғылымдар, философия, эстетика, биология ғылымдары публицистикалық танымның обьектісіне айналады.

Зерттеуші Е. Прохоров көсемсөзді шығармашылықтың ерекше синкреттік түрі деп қорытып, «публицистика ғылым мен өнертанудың ең жақсы қырларын қамтып, біріктіреді» [8, 35], – деп түйеді.

«Публицистика көркем тілмен жазылып, оқырман қауымын сүйсіндіре білуі шарт. Болған оқиға мен болашақтың болмысын сенімді түрде жеткізіп, өрнекті шығарма жасалуы тиіс. Сайып келгенде, публицистика көтерген мәселеде тарих беттері мен бұрынғы адамдар алдындағы парыз ақталуы тиіс. Бұған қоса шығарманың құндылығы да сол, көз көргенді, бастан кешіргенді қоспасыз баяндау, оқырман қауымды қуанту» [9, 82]. Бұл очеркінде Бауыржан Момышұлы осы жағдайдан шыға білді.

«Ең алдымен, ол – алдындағы азаматтық борышын тереңнен тебіреніп ұғынған азамат. Ар үшін арпалыс кезінде ажалмен бетпе-бет келіп, ол нағыз әскери тәлім алды. Шын мәніндегі қоян-қолтық шайқастың офицері атанып, абыройы көтерілді. Ол тек творчестволық ойлаудан туатын жай. Соны күн нұрындай бойына сіңіріп, ол педагог болды, көз жұмғанша оның осы асқақ тұғырдан, жас ұрпақты тәрбиелеу тұғырынан түскенін көргеніміз жоқ.Осылай болуға оның өзінің де дайындығы бар еді. Ол ғылымның сан тарауынан хабардар болатын. Бұл біліктілігі алғы шепте үлкен үгітші болып, үлкен істерге ұйытқы болуына көп көмектесті. Табиғи сезімталдығы, терең түйсігі қаламгерлік қырының молынан ашылуына мүмкіндік туғызғанын айтудың өзі ғанибет. Өзі көрген, сезген, көңілге түйген өлім мен өмір айқасының қанымен жазылар шежіресін өзге жазбай, өзі өрнектеуінде де осы сипаттас заңдылық бар. Бұл тәріздес бар асыл қасиеттер жинала келіп, аялы арнаға тоғысты. Мәлік Ғабдуллин қоғам қайраткері болып та біраз тіршілік тындырды. Оның түп тамыры тереңде еді. Жөргегімен сіңген қасиет шырғалаңы, шатқалы көп шақтардың елегінен екшелеп, алмастай қырланып жарқырап шыға келді. Сөйтіп, сергек ойды серік еткен өмірде із қалдырды, сөз де қалдырды» [5, 276]. Журналист кейіпкерінің бастан кешіргенін, болмысын оқырманға осылай жеткізеді. Осылай қорытындылады.

Г. Вартанов: «Публицист өз шығармашылығындағы көркем әдебиет элементін қолданады», – деп жазған болатын. Ал зерттеуші М.Черепахов: «Публицистиканың көркем әдебиетпен өзара әсері мен бірлігі публицистің шығармашылық ойын беру формасында көрініс табады» [10,48], – деп қорытады. Бірақ «кей жағдайда публицистика көркем әдебиетке жүгінген кезде де шығармадағы басты рөл публицистика еншісінде қалады [10, 49].

Рас, очерк жанры көркем әдебиет пен публицистика бастауында пайда болған. «Очерктегі публицистика көркем элементтермен тең дәрежеде болғанымен, идеялық ойдың өзегі мен ұйымдастырушылық бастауды публицистика құрайды» [10, 124]. Әлбетте, очерк көркем публицистикалық жанр болғаннан соң, онда көркем әдебиет элементтерікөптеп кездеседі. Десек те публицист кейіпкер образын бейнелемейді, ол жайлы егжей-тегжейлі баяндайды. «Очерк көркем публицистикалық жанр ретінде үлгілі оқиғаны, құбылысты, оның

кейіпкерлерін насихаттайды. Басқа жанрлардан ерекшелігі, очерктің бойында көркем әдебиеттің элементтерікөптеп кездеседі. Ал көркем публицистика жанрларының ерекшелігі – нақтылық, фактіні қолдану және публицистикалық элементтердің болуы».

«Очерк басты обьект етіп не белгілі бір оқиғаны, не табиғи құбылысты алғанда да оны қоғам өмірімен, адам тіршілігімен байланыстыра суреттейді.Оқиға пайдасының, құбылыс байлығының тек адам еңбегімен, ақыл-ой парасатымен, адам ашқан ғылым, техника күшімен игерілетінін көрсетеді» [1, 182].

Бауыржан Момышұлының «Социалистік Қазақстан» газетінің 1961 жылдың 7 майы күні №107 нөмірінде жарыққа шыққан «Үнді халқының ұлы перзенті» атты очеркінің де басты обьектісі –адам, оның еңбегі, тарихта қалған орны. Анықтап айтсақ, үнді халқының ардақты перзенті, ұлы жазушы, асқан суреткер, ағартушы әрі қоғам қайраткері Рабиндранат Тагордың жүз жылдығына арналып жазылған очерк.

«Тагор творчествосы тек Үндістанның ғана емес, бүкіл дүниежүзі халықтарының, гуманизм идеяларын, халықаралық ынтымақты жақтаған адамдардың бәрінің де аса ұлы мәдени жеңісі болып табылады». Очеркистің бұл сөзі де очеркке қойылатын бір талапты ақтайды.

Сюжетті дамыту кезеңін де Бауыржан Момышұлы кейіпкерінің талантымен, жетістігімен байланыстырып отырады. «Тагордың алғашқы өлеңдері мен мақалалары «Гьянанкур» журналында басылды. 1877 жылдан бастап жас Тагор өзінің ағасы шығарған «Бхароти» журналының ең көрнекті қызметкерлерінің бірі болды».

Очерктің публицистикалық қасиеті ең алдымен дәуір талабына, сол тұстың күн тәртібінде тұрған көкейкесті мәселелеріне үн қосады. Сол проблемаларға жұрт назарын аударып, оны шешудің жолдарын қарастырып, әдіс-тәсілдеріне талдау жасайды. Публицистикалық баяндауларға барып, әлеуметтік, статистикалық дәлел, деректерді пайдаланады. Автор өз атынан ой толғап, көрген-білгеніне баға береді, өз қатысын аңғартады. Шегіністер жасап, кейіпкерлер өмірінен жеке мысалдар келтіреді.

Бұл әңгімелерінде Тагор қарапайым адамдардың арман-тілегін, олардың қанаушыларға, отаршылдарға деген өшпенділігі мен ыза-кегін, билеп-төстеуші чиновниктердің, помещиктердің, ағылшын отаршылдарының зымияндығын, қаталдығын, жауыздығын бейнелейді. Тагор дүниеқорлықты, алыпсатар кәсіпті, адам жанын жаралайтын жаман қылықтардың бәрін әшкерелейді. Сонымен бірге ол ортағасырлық феодализмнің қалдықтарын, әсіресе касталық дәстүрді ызалы мысқылмен сынап, дін басыларының бет пердесін сыпырады.

Ескінің шырмауында көбірек қалып келе жатқан үнді әйелдері еді. Өзінің әңгімелерінде Тагор соларға көп көңіл бөледі. Тагордың үнді әдебиетінде бірінші болып бұқараны жырлайды, «кішкентай адамды» өз шығармасының жағымды кейіпкері етіп алады, оның адалдығын, жомарттығын, адамгершілігін паш етеді.

Тагор шығармалары Үндістан халықтары үлкен әсерін тигізді. Оның шығармаларындағы гуманизм, реализм, сыншыл бағыт сияқты басты қасиеттер үнді әдебиетінде сыншыл реализмнің туып, қалыптасуына баға жеткізгісіз жағдай жасады».

Очерктің шешілуі тұсын публицист кейіпкердің үнді әдебиетіне қалдырған өшпес ізімен орайластыра білген. Тагордың әлеуметтік – психологиялық роман жанрының негізін қалағанын, «Джанаганамана» атты өлеңі Үндістан Республикасының сол кезеңдегі мемлекеттің әнұранына айналғанын, отызыншы жылдары көптеген саяси лирикалық өлеңдер жазып, үнді әдебиетінде бұл жанрдың да негізін қалағанын мақтанышпен жеткізеді. «Бұл өлеңдерде ұдайы өршіп, үдеп бара жатқан ұлт-азаттық қозғалыс жырланбай қалған жоқ», – деп оқырманын тарта түседі. Сонан соң Тагордың публицистикалық қызметінің ерекше қызметін эмоциямен жеткізіп, асқақ рухпен шетелдік әріптесінің бейнесін оқырман көңілінде қалатындай етіп былай қорытындылайды: «Рабиндранат Тагор – өшпес мұра қалдырған, есімі мәңгілікке қалатын асқақ дарын иелерінің бірі».

ҚОРЫТЫНДЫ

Айта кететін жайт, Кеңестік дәуір кезеңінде қазақ публицистикасының әр жанры әр түрлі деңгейде баспасөзден көрінді. Мәселен, 1920-1930-шы жылдары заметка, хат, мақаланың проблемалық түрі, фельетон сияқты публицистика жанрлары көбірек көрініс тапты. 40-шы жылдары публицистикалық мақала, памфлет, үндеу, рух көтеруге бағытталған хаттар түріндегі публицистика ерекше дамыды. 1950, 1960 1970-ші жылдары очерк өз дамуының биігіне жетті. Очерктің физиологиялық, социологиялық, экономикалық, проблемалық-аналитикалық, портреттік, сапарнама, психологиялық, лирикалық, т.б. түрлері бірінен соң бірі жарқырап көрінді. Осы жылдары публицистикалық мақаланың «өлеңмен жазылған қарасөз» түрлері ерекше ынта-ықылас туғызды. Фильетон жанры қайта өрлеу жолына түсті. 1980-ші жылдары сұхбат жанры мен репортаж кең қолданылды. Сұхбаттың диалог түріне қоса, сұхбат-пікір, сұхбаттың анкета түрі, дөңгелек стол басындағы әңгіме, баспасөз конференциясы сияқты бірнеше жаңа түрлері қолданысқа енді. Кеңестік дәуірдің барлық кезеңдерінде де заметка,корреспонденция, есеп, бас мақала, рецензия, шолу, баспасөзге шолу, мақала жанрлары баспасөз бетінен түскен жоқ.

1980-ші жылдары қазақ публицистикасының дамуында зерттеушілік, тарихи-танымдық, бағыт анық орнықты. Тұтас ізденіс негізінде, журналистік зерттеулер нәтижесінде тарих қойнауында жасырын жатқан деректердің беті ашыла бастады. Кеңестік дәуірде қазақ публицистикасы тектік, түрлік, жанрлық, стильдік тұрғыдан қалыптасып, дамыды. Публицистиканың өз алдына дербес теориясы да жасалды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Момышұлы Б. Шындығын айтқанда. Т.15. – Алматы: Өнер, 2009. – 340 б.
Momyshuly B. Shyndyǵyn aıtqanda. T.15. – Almaty: Óner, 2009. – 340 b.
2 Публицистика периода Великой Отечественной войны и первых послевоенных лет. – М.: Советская Россия, 1985. – 333 с.
Pýblıtsıstıka perıoda Velıkoı Otechestvennoı voıny ı pervyh poslevoennyh let. – M.: Sovetskaıa Rossıa, 1985. –333 s.
3 Жақып Б. Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары. Генезис, эволюция, поэтика. – Алматы: Білім, 2004. – 368 б.
Jaqyp B. Qazaq pýblıtsıstıkasynyń qalyptasý, damý joldary. Genezıs, evolıýtsıa, poetıka. – Almaty: Bilim, 2004. – 368 b.
4 Ыдырысов Р. Шеберлік бастауы. – Алматы: Мектеп, 1984. – 191 б.
Ydyrysov R. Sheberlik bastaý. – Almaty: Mektep, 1984. – 191 b.
5 Момышұлы Б. Соғыс қателікті кешірмейді. Т.14. – Алматы: Өнер, 2009. – 304 б.
Momyshuly B. Soǵys qatelikti keshirmeıdi. T.14. – Almaty: Óner, 2009. – 304 b.
6 Кәпқызы Е. Жанрлардың алмасуы – тенденция, креатив. – Алматы: 2008. – 198 б.
Kápqyzy E. Janrlardyń almasýy – tendentsıa, kreatıv. – Almaty: 2008. – 198 b.
7 Ворошилов В. Журналистика. – М.: 2000. – 171 с.
Voroshılov V. Jýrnalıstıka. – M.: 2000. –171 s.
8 Прохоров Е. Публицист и действительность. – М.: 1973. – 235 с.
Prohorov E. Pýblıtsıst ı deıstvıtelnost. – M.: 1973. –235 s.
9 Бекниязов Т. Журналистің шығармашылық шеберлігі. – Алматы: 2004. – 228 б.
Beknıazov T. Jýrnalıstiń shyǵarmashylyq sheberligi. – Almaty: 2004. – 228 b.
10 Черепахов М. Проблемы теории публицистики. – М.: 1980. – 270 с.
Cherepahov M. Problemy teorıı pýblıtsıstıkı. – M.: 1980. –270 s.

Материал 07.11.2020 баспаға түсті

REFERENCES

1 Momyshuly B. Frankly speaking. Vol.15. – Almaty: Art, 2009. – 340 p.

2 Journalism in the period of the Great Patriotic War and the first subsequent years. Moscow: Soviet Russia, 1985. – 333 p.
3 Zhakip B. Ways of formation and development of Kazakh journalism. Genesis, evolution, poetics. Almaty: Education, 2004. – 368 p.
4 Idrissov R. the beginning of mastery. – Almaty: School, 1984. – 191 p.
5 Momyshuly B. War does not forgive mistakes. Vol.14. – Almaty: Art, 2009. – 304 p.
6 Kapkyzy E. Genre exchange – trend, creative. – Almaty: 2008. – 198 p.
7 Voroshilov V. Journalism. Moscow: 2000. – 171 p.
8 Prokhorov E. Publicist and activity. M.: 1973 – 235 p.
9 Bekniyazov T. Creative skills of a journalist. – Almaty: 2004. – 228 p.
10 herepakhov M. Problems of journalism theory. M.: 1980 – 270 p.

Особенности произведений Бауыржана Момышулы

Ж.Т. Кадыров[1], Ж.С. Таласпаева[1], А.К. Шапауов[2], Л.К. Искакова[1]
[1]Северо-Казахстанский университет имени М. Козыбаева, г. Петропавловск, 150000, Республика Казахстан
[2]Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, г. Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

В статье рассматривается формирование и развитие казахской публицистики советского периода. Особое значение уделяется жанрам казахской военной публицистики в годы войны: художественному очерку, рассказу, статье и письму.

На основе произведений БауыржанаМомышулы определяется гражданская позиция вождя и особенности письма. В его произведениях раскрываются своеобразные языковые, жанровые, стилистические особенности.

Обращает на себя внимание тот факт, что произведения автора, посвященные Великой Отечественной войне, очерки, основаны на дерекере, фактах жизни. Также определяется мастерство в передаче образа героя, особенно советского человека в годы войны, в описании образа воина своими действиями, характером, творением.

Даны и систематизированы мнения и суждения ученых о признаках, особенностях, характере публицистического жанра.

Материал поступил в редакцию журнала 07.11.2020

Features of Bauyrzhan Momyshuly's works

Zh.T. Kadyrov[1], Zh.S. Talaspayeva[1], A.K. Shapauov[2], L.K. Iskakova[1]
[1]M. Kozybayev North Kazakhstan university, Petropavlovsk, 150000, Republic of Kazakhstan
[2] Sh. Ualikhanov Kokshetau university, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

The article deals with the formation and development of Kazakh journalism of the Soviet period. Special importance is attached to the genres of Kazakh military journalism during the war-an artistic essay, story, article and letter.

On the basis of works of Bauyrzhan Momyshuly the civil position of the leader and features of writing is defined. His works reveal a kind of language, genre and stylistic features.

Attention is drawn to the fact that the author's works dedicated to the great Patriotic war, i.e. essays, are based on dereker, facts of life. It also defines the skill in transmitting the image of a hero, especially a Soviet man during the war, in describing the image of a warrior with his movements, character, and creation.

The opinions and judgments of scientists about the features, features, and nature of the journalistic genre are given and systematized.

Received: 07.11.2020

УДК 821.512.122:81’255

К.Р. Нургали[1], М.М. Тернавская[2]
[1]д.ф.н., профессор, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан, https://orcid.org/0000-0002-8178-2782. E-mail: nurgalik1@mail.ru
[2]докторант, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан. E-mail: ternavskayamadina@gmail.com

ЭТНОКУЛЬТУРНЫЕ МАРКЕРЫ КАК МИФООБРАЗЫ В ПРОЗЕ О. БОКЕЕВА

В статье раскрывается важное значение этнокультурных маркеров в повести О. Бокеева «Снежная девушка». Исследуются актуальные процессы национальной самоидентификации и их выражение в литературе. Особое внимание уделяется роли сознания и языка как ключевого символа, вокруг которого формируется понимание этнической отличительности. Проанализированы наиболее типичные образы в повести казахстанского писателя как представителя казахского этноса. Исследование осуществляется на казахстанском литературном материале в контексте мировой семиотической системы, мифологии и литературы.

Ключевые слова: этнокультура, мифообраз, символ, мифологизм, художественная деталь.

ВВЕДЕНИЕ

Оралхан Бокеев – один из ярких представителей казахской литературы XX века, но произведения автора остаются актуальными и сегодня, так как имеют большое воспитательное значение, они учат читателей размышлять. Неслучайно произведения именно О. Бокеева были выбраны для всеобщего прочтения в Казахстане в рамках акции «Одна страна – одна книга» в 2012 году. Причина неиссякаемого интереса к творчеству О. Бокеева кроется в способности автора привнести в повествование необыкновенную яркость, используя различные изобразительные средства (метафоры, аллегории, символы). Его произведения отличают художественное своеобразие, обилие философских мотивов, умение вложить в каждое свое творение частичку себя, своей души, своих переживаний.

Все его творчество пронизано этнокультурными маркерами. Этнокультура – это часть социально-культурного фона, имеющая исторически выраженное значение. Этнокультура - это совокупность традиционных ценностей, отношений и поведенческих особенностей, воплощенных в материальной, духовной, социальной жизнедеятельности этноса, сложившихся в прошлом, динамически развивающихся и постоянно обогащающих культуру этнической спецификой в многообразных формах самовыражения людей.

В данной статье мы проанализируем повесть О. Бокеева «Снежная девушка» с точки зрения этномаркеров как «проекции мифа» или мифологического образа, сюжета, мотива и т.д. По мнению В. Руднева, термин *миф* нужно понимать в широком смысле [1, 161-172]. Художественность объединяет мифологию и литературу, а художественное мышление близко к образно-ассоциативному мышлению своим символическим характером. Многие исследователи приходят к выводу, что мифологизм – специфическое явление современной литературы и как способ творчества, и как связанное с ним мировосприятие.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

В произведении «Снежная девушка» дано детальное описание жизни казахского села после Великой Отечественной войны. Одними из главных героев являются три друга –

Нуржан, Бакытжан и Аманжан. Нуржан соглашается на опасную зимнюю поездку за сеном в горный район, обеспокоенный судьбой погибающего от голода скота. Значит, Нуржан – ответственный человек. Его друзья и он сам – образец заботы младшего поколения о старшем, что немаловажно во все времена.

Лейтмотивом произведения является трагическая судьба девушки, которая пострадала по вине злодея Конкая. С тех пор она бродит в горах и сетует на свою жизнь, судьбу. Единственная радость в ее жизни – любовь к Нуржану. Героиня обретает долгожданные любовь и счастье. Она предпочла Нуржана, так как он был более развитым как личность. О. Бокеев привносит лирический элемент в свое творение, связывая линии жизни Алмасжан и Нуржана. Этим парням присущи чувство национального самосознания, трудолюбие и активности. Писатель подробно изображает их волнения, духовный мир, показывая, что после испытаний герои обрели гармонию. Ощущение себя частью народа и истории, энергичность, добросовестность – вот качества, свойственные настоящему человеку.

Повесть «Снежная девушка» замечательна тем, что охватывает группу образов-символов на различных уровнях текста: персонажи, элементы композиции, аллегорические картины природы, художественные детали, имена. Для начала проанализируем имена героев. Имя Нуржана переводится как «светлая душа». Аманжан – «здоровый, невредимый». В переводе с арабского «аман» обозначает «безопасность», «покой», «мир». Мы полагаем, что это имя выбрано намеренно, ведь после нравственных метаний, переосмысления ценностей, Аманжан обрел духовный покой и гармонию. С другой стороны, после того, как герой искоренил отрицательные черты, унаследованные от отца, душа Аманжана осталась невредимой и здоровой. Бакытжан – переводится как «счастливый». Но стал ли он счастливым? Возможно, он нашел свое счастье после поездки. Алмасжан – «кристальная душа» (имя произошло от названия драгоценного камня). Значит, для автора его героиня – драгоценность, ведь она кротка, помыслы ее чисты. В переводе с арабского языка имя Алмас означает «твердейший». Так же, как и минерал твердеет от многочисленных ударов, так и душа Алмасжан «затвердела» от частых ударов судьбы. Также слово «алмас» переводится с казахского языка как «лезвие». Возможно, автор выбрал это имя, чтобы показать взаимосвязь имени девушки с ее трагической судьбой. У Алмасжан была кристальная, но холодная душа, уставшая от тягот судьбы. А светлая душа Нуржана («нур» – «свет») согрела «снежную девушку», и в ней воскресла любовь. Итак, во всех именах положительных героев есть слово «жан» – «душа». Следовательно, им присущи черты высоконравственных людей. Имена персонажей – показатель их морали. В переводе с персидского языка слово «жан» означает «душа», «жизнь». Писатель намеренно присоединяет этот корень к именам положительных героев, указывая на наличие в них несломленного тяготами духа. В каждом из них ощущается воля к жизни. Желание преображаться самим, а также изменить окружающий мир.

Герои после страданий ощутили эволюцию души. Негативным персонажем повести является Конкай. Его имя всецело соответствует его нраву. Конкай – тот, кто отличается от других. Конкай выделялся ожесточением. Конкай – это воплощение эгоизма, анархизма, образ человека, сознательно изолировавшегося от цивилизации. Молодые люди видят в нем зверя: «*– Ата! - громко позвал он, и собственный голос показался ему чужим. – Скажите нам, кто вы? Толстяк Бакытжан, которому вновь удалось задремать, вздрогнул при звуках голоса и очнулся. Старик сидел на низких нарах, не отвечая. И Аманжан, с ненавистью глядя на него, повторил вопрос:*

– Ну?! Кто ты, спрашивают?

Бакытжан разобрался, что опасности нет никакой и промолвил, зевая:

– А-а..... Да никто, сказал же. Человек-икс.

Старик поднялся с нар, повесил на место ружье и, спокойно подойдя к печке, подбросил дров. Затем, словно вспомнив о чем-то, вышел из дома – все также босиком, в

одной рубахе и кальсонах. Казалось, что ему совершенно безразлично, зима на дворе или лето, он словно не знал, что значит холод, слабость, болезнь» [2, 290].

В представлениях жителей совхоза Конкай – мифическая личность, образ одинокого отшельника. В предании о Конкае явно проявляется отголосок мифа о «возвратившихся» – людях, всецело ушедших в натуральную природу иногда до звериного образа жизни. В фольклоре разных народов есть образы фантастических существ: человека-волка, человека-медведя, человека-зверя. Конкай проходит путь к подобной метаморфозе. Он живет в доме, но максимум времени проводит в норе, где прячется от людей, скрывает добычу, пьет пиво и кровь оленей. Мифологизированный образ Конкая наполнен сложными смысловыми ассоциациями и философскими обличениями.

На уровнях сюжета и композиции Снежная девушка четко противопоставлена Конкаю: она спасительница, пробуждает благородные эмоции. На уровне семантики архаического мифа она олицетворяет д*емиурга.* Это полубожество имеет и земное воплощение в образе девушки-жертвы, преследуемой Конкаем. С тех пор девушка живет в горах, приходя на помощь потерявшимся путникам. В зимовке с ней сблизился Нуржан. Две оппозиции, как и в мифе, изображены в образах-антиподах: Снежная девушка – избавительница, а Конкай – губитель.

На помощь джигитам приходит надежда на светлое будущее и Снежная девушка: *«В белую юрту, где лежал Нуржан, вошла Снежная девушка. Она подошла к нему, беспомощно распростертому на торе – кто-то связал ему веревкой руки и ноги... она склонилась к нему, приподняла его голову и зашептала, умоляюще глядя на него: «Вставай, вставай скорее, мой жигит! Солнце уже высоко». Но, как ни пытался, Нуржан не смог шевельнуть и пальцем. Все тело его превратилось в неподвижную, тяжелую глыбу. И тогда он произнес, едва, с неимоверным усилием, шевеля губами:*

«Кто ты? Ангел или человек?»

«Ты же знаешь... Я – Снежная девушка», был ответ.

***...**Когда-то Конкай и меня отправил в снега, и я заблудилась и с тех пор хожу по этим белым увалам. Встань, Нуржан! Я не хочу, чтобы и ты вечно бродил, по снегам, оплакивая себя... Иди, Нуржан догони и приведи обратно своих товарищей!*

***....**Вставай! не падай духом. Вставай, Нуржан и разбуди своих товарищей. Идите на землю – вы там нужны!»* [2, 342].

Истоки образа Снежной девушки – в алтайском фольклоре. Этот образ сопоставим с мифологическими образами Матери-Земли. Воплощение идеального женского духа является только к чистому, безгрешному человеку. в повести это Нуржан. Философский подтекст этого мифопоэтического слоя образов заключается в следующем – любовь и возвышенная мечта спасают от стужи, одиночества и нравственного упадка.

Примечательно, что образ Снежной девушки можно найти и в японском фольклоре. Там она изображается как Юки-онна совсем белой, практически прозрачной, будто изо льда, и очень красивой. Она нетороплива и изящна, часто является ночью во время снегопада или снежной бури. Она появляется там, где идёт снег [3].

У О. Бокеева Снежная девушка – потусторонний персонаж. Она неизменно предугадывает появление Нуржана, являясь для него музой: мысли о ней всегда спасают джигита. И в то же время она появляется и в образе обычной девушки Алмашжан: *«Нуржан: ...ты Алмашжан ... или – Снежная девушка? Кто из них?*

Девушка (шепотом): Я не хочу тебя обманывать. Нет. Слушай. Я на самом деле Снежная девушка. В пургу ночью я бежала по снегу босиком, раздетая, и меня нашел в горах старик... хозяин этого дома. У них нет своих детей, и старики оставили меня у себя. Целый год никто не знал, что я прячусь здесь. За это время я узнала, что моя мать умерла в больнице. Кроме нее, у меня не было никого. И я тогда решила навсегда остаться здесь. Да и куда мне возвращаться, зачем? Где теперь мой аул?.. После того, что случилось, я боюсь людей, мой жигит. Я не верю им! Я умираю здесь от тоски и обиды, и пусть будет так. Когда на меня нападает тоска, я надеваю белое платье и убегаю ночью

в горы, брожу одна по снегам... пою, плачу. Ата, старик мой, приводит меня обратно... он нарочно всем рассказывает небылицы о Снежной девушке, чтобы никто не догадался, что это я... Когда ночью по колени в снегу брожу я одна по горам, то жар души немного остывает – и я успокаиваюсь...» [2, 372].

Айыртау – горы, куда отправили Нуржана. «Ауыр» – «тяжелый», «тау» – «гора» (т.е., гора, которую трудно покорить. Именно здесь парням открывается смысл жизни. Только погрузившись в глубину своей души, человек переосмысливает жизненные приоритеты, ценностные ориентиры.

Так же в повести нами выделены и другие этномаркерные детали: сундук, заполненный шкурами животных, в доме злодея Конкая – деталь, помогающая понять, что этот персонаж способен содрать шкуру не только с животных, но и с людей. Парни потеряли дорогу, голодали, встречались с волками. Все эти ситуации могли привести к смерти. Но то, что они были вместе, поддерживали друг друга, помогло им выжить. Этномаркером можно считать и курт – продукт, получаемый из творога, связан с судьбой героев. Если бы друзья действовали порознь, то они затерялись бы в горах. Так же, как белый курт теряется из виду, если уронить его в белый снег.

Природа – главный действующий персонаж произведения. Она посылает героям испытания, которые в конечном итоге объединяют и укрепляют их дружбу. Джут и гололед заставили парней поехать за сеном. Снежная буря привела к потере дороги. Приход ночи и сильный мороз – прямая угроза смерти. Также в произведении встречаются сравнения, которые помогают понять сущность человека. Нуржана с животным автор не сравнивает. Во всех ситуациях он ведет себя по-человечески. Аманжана и Конкая автор сравнивает с волком. Они способны в любой момент нанести удар ближнему: *«Он вскочил и кинулся на хозяина, словно волк»* [2]. Трактор сравнивается с верблюдом: *«Трактор шел по белому снегу, как верблюд по пустыне»*. Алмасжан – лебедь, голубь. Она олицетворение чистоты помыслов.

ВЫВОДЫ

Несомненно, повесть О. Бокеева «Снежная девушка» можно считать философской, так как в ней есть анализ главных общечеловеческих проблем: формирования личности, взаимоотношений родителей и детей, ответственности и любви, вопросы жизни и смерти. На укоры директора совхоза в ветрености и безответственности молодых Нуржан отвечает так: *«Нынче молодежь не та, потому что семя не то»*. О. Бокеев обозначает проблему ответственности взрослых перед потомками, преемственности поколений. Верно ли, что мораль человека формируется его предками? Возможно ли человеку изменить себя, несмотря на плохое семя? Ответ положительный. Аманжан – тому подтверждение. Характер человека формируется постепенно из любви родителей, из отношения окружающих. Аманжана окружали добрые, сердечные люди, благодаря которым он смог стать лучше отца. Аманжан и сам стремился стать добрее. Следовательно, человек способен изменить себя. К тому же эта повесть поднимает проблему формирования человеческой духовности. Каждый из джигитов погрузился в глубину своей души. Вынужденное путешествие помогло молодым людям осмыслить важность и ценность отношений с близкими: *«Сколько пришлось им мучиться, чтобы понять, как дорог им вид человеческий и сам незнакомый человек»*.

Ключевое слово произведения – душа. Таким образом, мы пришли к выводу, что повесть «Снежная девушка» знакомит читателя с множеством символов, мифологем и этномаркеров, заключающих в себе глубокий смысл. Идейно-художественный анализ повести показывает, что этномаркеры играют роль структурообразующей и функциональной составляющей произведения. Мифообразы – важнейшее средство трансляции общечеловеческих ценностей и философских знаний.

Изучение мифологем, символов и этномаркеров произведения – универсальный ключ к осмыслению текста. О. Бокеева можно назвать настоящим художником, ведь он относится к слову как к конструктивной материи, на которой рисует глубинный смысл произведения.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1 Руднев В.П. Словарь культуры XX века. Ключевые понятия и тексты. – М.: Аграф, 1997. – 384 с.
Rudnev V.P. Slovar' kul'tury XX veka. Klyuchevye ponyatiya i teksty. - M.: Agraf, 1997. – 384 s.
*2 Бокеев О.*Человек-олень. Повести; рассказы / Перевод с казахского. – Астана: Аударма, 2011. – 568 с.
Bokeev O. Chelovek-olen'. Povesti; rasskazy / Perevod s kazahskogo. – Astana: Audarma, 2011. – 568 s.
3 http://www.legendami.ru/bod/japan/japan18.htm

Материал поступил в редакцию журнала 11.11.2020

REFERENCES

1 Rudnev V.P. Dictionary of the 20th century culture. Key concepts and texts. M.: Agraf, 1997. – 384 p.
2 Bokeev O. Man-deer. Stories; stories / Translation from Kazakh. – Astana: Audarma, 2011. – 568 p.
3 http://www.legendami.ru/bod/japan/japan18.htm.

О. Бокейдің прозасындағы этномадениет маркері ретіндегі мифтік бейнелер

Қ.Р. Нұрғали[1], М.М. Тернавская[1]
[1]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Султан қ., 010000, Қазақстан Республикасы

Осы мақалада О. Бөкейдің «Қар қызы» повесіндегі этномадениеттік маркерінің маңызды түсініктері ашылады. Әдебиеттегі ұлттық өзіндік тану және олардың бейнелеу жолының маңыздылығы зерттеледі. Ерекше назар аударатыны тіл мен танылымда этникалық айырмашылық пен түсініктерді қалыптастыруінің басты маңыздылығы. Повесте Қазақстан жазушысының типтик бейнелеулеулері қазақ этносынан шыққан жазушы ретінде жан жақты талқыланды. Қазақстан әдебиетінін мифтік аңыздар мен әдебиеті Қазақстан әдебиетінін мифтік аңыздар мен әдебиет ретінде әлемдік деңгейде зерттеу жұмыстарының жүргізулүі.

Материал 11.11.2020 баспаға түсті

Ethnocultural markers as mythological images in O. Bokeev’s prose

K.R. Nurgali[1], M.M. Ternavskaya[1]
[1]L.N. Gumilyov Eurasian national university, Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan

The article discloses significant importance of ethnocultural markers in O. Bokeev's novel «Snow girl». Existing processes of the national self-identity and its expression in the literature are studied. Special focus has been given to a character of perception and language as a key symbol, around of which understanding of ethnical distinguishing is being created. The most typical images have been analyzed in the novel of a Kazakh writer as a representative of the Kazakh ethnos. Research work is being made on Kazakhstan literature material in the context of the world semiotic system, mythology and literature.

Received: 11.11.2020

ӘОК 82-15

Б.Т. Нұриманов
PhD, аға оқытушы, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ., 160000, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0002-6721-4295. E-mail: bekarysnuriman@gmail.com

«ҚҰТАДҒУ БІЛІКТІҢ» НҰСҚАЛАРЫ ТУРАЛЫ

Мақалада Қарахан дәуірі әдебиеті саналатын Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» еңбегінің көшірмелері мен жекелеген бәйіттері жазылған ескерткіштер қарастырылған. Дереккөз ретінде «Құтадғу біліктің» Вена, Каир және Ферғана нұсқаларының факсимилесі негізге алынады. Олардың толық ғылыми сипаттамасы беріледі. Қолжазба нұсқаларға қатысты 1825 жылдан бергі шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріне назар аударылды. Сондықтан, көне жазбалардың шетелдік ғалымдар жасаған латын графикасындағы транскрипциясы қатар беріле отырып талданады. Сараланған деректер орта ғасырдағы түрік халықтарында жазба әдебиеттің қандай деңгейде дамығанын көрсетеді. Ал кей нұсқаларында сақталған кісі есімдері мен олардың басқан мөр іздері «Құтадғу біліктің» ел басқару ісінде кеңінен қолданылғанын айғақтайды. Зерттеу барысында алынған нәтижелер Ж.Баласағұн еңбегінің «білім» мен «билік» тақырыбының қайсысына жақын екеніні дәлелденеді.

Кілт сөздер: Құтадғу білік, Жүсіп Баласағұн, Вена нұсқасы, Каир нұсқасы, Ферғана нұсқасы, білім, билік.

КІРІСПЕ

Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» еңбегі қазақ әдебиетінің қалыптасуы мен даму тарихында айрықша орын алады. Оның үш бірдей көшірмесінің жасалуы да орта ғасырдағы түрік халықтарында жазба мәдениеттің қандай деңгейде болғанын көрсетеді. Аталмыш әдеби жәдігер Қазақстанда көтерілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Жаңа гуманитарлық білім» аясында қайта қарауды, жаңаша саралауды қажет етеді. Себебі, ғалым А.Н.Кононов кеңес үкіметі кезінде «Құтадғу біліктің» тақырыптық бағытына қатысты пікірталас болғанын жазады [1, 496-498]. Онда ғалымдардың бір бөлігі Ж.Баласағұн еңбегін «білім» туралы кітап десе, енді бір бөлігі «билікке» қатысты деген пікірді ұстанған. Осы пікірталастың соңында «Құтадғу білік» – «білім» туралы жырланған шығарма деген тоқтамға келіп, оның орысша «Благодатное знание» деп аталды. Ал, аталмыш кітап әлемде «билік» тақырыбын арқау еткен көркем туынды ретінде зерттеледі. Қай тақырыпқа жататынын анықтаудың бір жолы – қолжазба нұсқаларын назар аудару және оларды саралау.

Бүгінге дейін «Құтадғу біліктің» кітап күйінде үш көшірмесі және кейбір бәйіттері жазылған екі ескерткіші табылды. Олар: Вена (Герат), Каир (Мысыр), Ферғана (Ташкент) нұсқалары және Анкара мен көне Сарайшық қаласынан табылған мәтіндер. Ж.Баласағұн еңбегінің нұсқалары жөнінде А.Жауберт, Г.Вамбери, В.В.Радлов, В.Томсон, В.В.Бартольд, А.Н.Кононов, С.Е.Малов, А.А.Валитова, Р.Данкоф, Р.Р.Арат, М.Качалин, З.Өлмез, А.Фитрат, К.Каримов, Х.Сүйіншалиев, Ә.Құрышжанов, А.Егеубаев, Н.Келімбетов, А.Әлібекұлы және т.б. ғалымдар қарастырды.


Қазақ тіліндегі зерттеулерде «Құтадғу біліктің» нұсқалары және олардың арасындағы айырмашылықтары туралы қысқаша мәліметтер берілген. Алайда, оларды жеке-жеке қарастырып, толыққанды мағұлмат беру және оны жан жақты талдау маңызды болып отыр. Сондықтан бұл мақалада дереккөз ретінде «Құтадғу біліктің» кітап күйінде жеткен үш нұсқасының факсимилесі және олар туралы зерттеген ғалымдардың пікірі негізге алынады.

Зерттеу нәтижесінде нұсқалардың толық сипаты көрсетіле отырып, орта ғасырдан бастап түрік халықтарында жазба әдебиеттің қаншалықты дамығаны сараланады. Ж.Баласағұн еңбегінің «білім» және «билік» тақырыбының қайсысына жақын екені анықталады. Сонымен қатар, «Құтадғу білікті» билік өкілдерінің қолданғаны нақты деректермен дәлелденеді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Вена нұсқасы. «Құтадғу біліктің» көшірмелерінің ішінде бірінші болып табылғаны – Герат нұсқасы. Ол туралы алғашқы мәліметті 1825 жылы француз ғалымы Амедей Жауберт жариялады. Парижден шығатын Азия журналында (Journal Asiatique) жарық көрген «Notice d'un manuscrit turc en caractères ouigoures» (қаз. Ұйғыр әрпімен жазылған түрікше мәтін) атты мақалада «Құтадғу білік» туралы жалпы мағұлмат берілген [2, 39-52].


Герат нұсқасы көлемі 320x250 мм болатын 95 парақтан тұрады. Шығарма негізінен соғды графикасы негізінде жасалған ескі ұғыр жазуымен хатқа түскен. Алайда, арасында араб графикасымен жазылған бірнеше сөйлем кездеседі. Мәселен, кітаптың 5b бетінде араб графикасымен «бисмиллаһир раһманир рахим» деп жазылған.



«Құтадғу біліктің» Герат (Вена) нұсқасының 5b беті.

Баласағұнның шығармасы да дәл осы жерден басталады. Ғалым М.Качалиннің жазуынша, оған дейінгі беттерде «қара сөзбен және өлеңмен жазылған алғы сөз, кітаптың мазмұны, көшіруші тарапынан жазылған мақтау сөз бен парсыша бір рубай, жазылу уақыты, нұсқаның Тоқаттан Стамбұлға әкелінгені туралы мәлімет, Стамбұлға әкелген кісінің 12 қатар өлеңі және сатып алу туралы дерек бар» [3, 7]. Сонымен қатар, кітаптың соңғы екі бетінде де араб графикасымен жазылған мәтіндер кездеседі.

Бұл қолжазба «Герат» немесе «Вена» нұсқасы деп аталады. Олай аталуының себебі, бұл кітаптың Гератта жазылып, Венадан табылуы. Оған қатысты кітаптың 93a бетінің 26 және 27 қатарында көне ұйғыр жазуымен төмендегідей дерек сақталған.



Бұл жазбаны P.P.Арат «tükendi qutadğu (bilig) kitabı tırıh sekiz (yüz) qırq üç yıl-ta qoy yıl muhar(r)em ay-nıng türt-i herü-te» [4, XXXIV] деп транскрипциялайды.

Мұнда, «Құтадғу білік кітабы сегіз жүз қырық үште, қой жылында Мұхаррам айының төртінде Гератта аяқталды» делінген. Осымен мазмұндас тағы бір мәтін кітаптың 95a бетінде кездеседі. Оны P.P.Арат төмендегідей транскрипциялаған.

«tırıh sekiz yüz qırıq üç-te qoy yıl ahırı muhar(r)em ayının türt yangı-sı herü şehrinde bidilti» [4, XXXIV].

Бұл «сегіз жүз қырық үште, қой жылының соңында, мұхаррам айының төртінде Геретта жазылды» деген мағына береді. Хижра бойынша 4 мұхаррам 843 жыл миләди жыл санауындағы 17 маусым 1439 жылмен сәйкес келеді. Сонда, Герат нұсқасы кейін жасалған көшірме болып отыр. Шығарма соңындағы 76 жолдық өлеңде көшіруші туралы мәлімет берілген.

bu qar-a sayil adağ-ım ev(v)el adım hasan

hem üçünçi el-qabım şemz açtı rab hikmet kanı [4, XXXIV].

Мұнда, «атым Хасан, лақабым Қара Сағил және үшінші лақабым Шәмс. Раббым хикмет қазынасын ашты» делінген. Осы жазбаға сүйеніп, Р.Р.Арат пен А.Н.Кононов та көшірушінің Хасан Қара Сағил, оның лақаб аты Шамс екенін айтады. Ауғанстанның Герат қаласында көшірілген бұл кітап Османлының Тоқат шаһарына, кейін 1474 жылы Стамбұлға жеткізіледі. Ұйғыр жазуымен жазылған ол мәтінді Г.Вамбери төмендегідей транскрипциялаған.

«Tarich de sekiz jüz jetmis tokuz da jilan jil bu kudatku bilik Idtabini Abdur Rezak bachsi ucun Istambulda Tokattin Fachri Oglu Kazi Ali bitib jiverib keltürttiler. Mubarek bolsun devlet kilsun mihnet kitsun» [5, 29].

Қазақша, «сегіз жүз жетпіс тоғызда жылан жылы бұл Құтадғу білік кітабын Әбдіразақ Шейх-Зада Бақшы үшін Фенариұлы Қазы Әли Стамбұлдан хат жіберіп, Тоқаттан әкелдірді. Мүбәрак болсын, бақ-дәулет әкелсін және мехнат кетсін» деген мағына береді. Ғалым Р.Р.Арат «Әбдіразақ Шейх-Зада Фатих Сұлтан Мехмет заманында Османлы мемлекетінде билік қызметінде болған» [4, XXXV] деген пікір айтады. «Бақшы» сөзі түрік халықтарында «жырау» мағынасын беретіні, қарақалпақ халқында әлі күнге дейін қолданылатыны белгілі. Жыраулардың ханның жанында кеңесші болғанын ескерсек, онда Әбдіразақ Шейх-Зада есіміне жалғанған «бақшы» сөзі оның билікте қызмет еткенін көрсетеді. Сонда бұл кітапты сол кезде Османлы билеушілері де қолданған деген сөз. Оның тағы бір дәлелі, кітапта жазылған Әбдіразақтың кімнен алғаны туралы мәлімет.

«na'l-bent hamz-e-tin sadğun alduq molla hayre-t(t)in-nıng juma mesjit-i-ning yan-ı-ta aşin-a hoja hajı tel(l)al» [4, XXXVI].

Бұл жазбада, «Налбант Хамзадан сатып алдық. Хайретдин молданың жұма мешіті жанында куәгер Қожа Қажы дәлел», деп сатушы және куәгер туралы дерек анық жазылған. Р.Р.Араттың зерттеуінше, мәтінде аты аталған Хайретдин молда – Стамбұлды жаулап алған Османлы сұлтаны Фатих Мехметтің ұстазы.

Сонда 1796 жылы бұл кітап Австарлияның Стамбұлдағы елшісі боп жүрген Иосиф фон Хаммер-Пургштальдың қолына өтеді. Академик А.Кононовтың жазуынша, «көптеген жылдар Стамбұлда дипломатиялық қызметте жүрген Австриялық ғалым Иосиф фон Хаммер-Пургшталь 1796 жылы осы нұсқаны букинистен сатып алып, Венадағы Король кітапханасына тапсырады [1, 510]. Үш қолжазбаны біріктіріп, Құтадғу біліктің толық мәтінін түзген Р.Р.Арат Герат нұсқасын «А» әрпімен белгіледі. Сол толық нұсқамен салыстырғанда, бұл қолжазбада 197-228, 6304-6351 және 6521-6604 арасындағы бәйіттер жоқ. Сонымен қатар, 2739-дан 3473-ке дейінгі бәйіттер жазылған парақ жоғалған. Сонда бұл нұсқада бас-аяғы 5971 бәйіт бар.

«Құтадғу біліктің» Вена нұсқасы бойынша зерттеулер А.Жаубертің мақаласынан соң жарты ғасырға жуық уақыттан кейін қайта жанданды. Солардың бірі – Г.Вамберидің еңбегі. Ол шығарманың латын әрпіндегі транскрипциясын жасап, неміс тіліне аударды. Оған неміс тіліндегі зерттеулерін қосып, 1870 жылы Германияның Инсбург қаласында жариялады [5]. Одан кейінгі «Құтадғу білік» туралы толымды зерттеу белгілі түрколог В.В.Радловқа тиесілі. Оның 1891 жылы басылған кітабында зерттеулерімен қатар, «Құтадғу біліктің» ұйғыр әрпіндегі мәтіні қайта теріліп берілді [6]. Аталған ғылыми жұмыстардан соң кешенді зерттеуді Р.Р.Арат жасады. Осыдан бастап, «Құтадғу білікті» әлемнің көптеген ғалымдары жан жақты қарастырды.

Мысыр нұсқасы. «Құтадғу біліктің» екінші нұсқасы 1896 жылы Каир қаласындағы бұрынғы Хидив, қазіргі Кароль кітапханасынан табылды. Оны тапқан сол кездегі кітапхана директоры, неміс ғалымы Б.Мориц. Түрколог ғалым Р.Р.Арат аталмыш көшірменің табылуына қатысты төмендегідей дерек келтіреді.

«Б.Мориц кітапхананы басқарып тұрғанда ғимараттың төменгі қабатында шашылып жатқан кітаптар мен парақтардың арасынан «Құтадғу білікке» тиесілі бәйіттерді аңғарады. Оларды топтастырып, жинастырады. Осылайша, ең маңызды нұсқа жойылудан аман қалады» [4, XXXVIII].

Бұл қолжазбаны Мысыр немесе Каир нұсқасы деп атайды. Үш көшірмені салыстырып, ортақ мәтінін түзген кезде Р.Р.Арат мұны «С» әрпімен белгіледі. Вена нұсқасы ұйғыр жазуымен жазылған болса, Мысыр нұсқасы араб графикасымен хатқа түскен. Көлемі 360х350 мм болатын 196 парақтан тұрады. Әр бетінде 17 қатар мәтін бар. Қолжазба аса мұқият көшірілген, әріптері де оқуға жеңіл. Алайда, арасындағы кейбір парақтары түсіп қалғаны байқалады. Р.Р.Арат түзген толық нұсқаға сай салыстырғанда Мысыр нұсқасында 73-454, 587-646, 836-971, 1504-1562, 4579-4610, 6243-6303, 6352-6417 және 6632-6645 аралығындағы бәйіттер жоғалған. Сонда бұл көшірмеде бас-аяғы 5800 бәйіт бар.

Қолжазбаның алғашқы бетінің ортасында шеңбердің ішінде «oqığıl silik» деген жазу бар. Шеңбердің үсті мен астында үлкен әріптермен кітап иесінің аты-жөні және оған қатысты арабша мәлімет жазылған. Оның латын графикасындағы транскрипциясын Р.Р.Арат төмендегідей береді.

«el-emiriyeti ’l-eje Hiyeti ’l-kebiriyeti ’l-izziyeti ‘izze ‘d-din aydemirü ‘d-devadarü ‘n-nasıri» [3, XXXVIII].

Мұнда, кітап иесі ретінде Айдемірдің (1293-1341) аты аталады. Ол мәмлүк билігінде лауазымды қызмет атқарған тұлға. Ол туралы шығыстанушы ғалым А.Әлібекұлы: «Иззадин Айдемир – сұлтан ән-Насыр Мұхаммедтің қарамағындағы мәмлүктердің бірі еді. Басында дауадар, онан кейін Халеб пен Траблуста наиб қызметін атқарған ол кейін мемлекеттің бас қолбасшылығына дейін көтеріледі» [7, 241] дейді. Мұндағы, дауадар – хатшы, наиб – орынбасар дегенді білдіреді. Демек, әуелі мемлекеттік хатшы, кейін аталған екі қалада әкімнің орынбасары, соңында Мәмлүк мемлекетінің Бас қолбасшысы лауазымын атқарған. Кітапта одан басқа да мемлекет қызметкерінің есімі кездеседі.

Мысыр нұсқасының 9, 59, 101, 143, 219, 267(2 рет) және 281 беттерінде яғни, 8 жерінде Елбұға әл-Қасаки Черкеси (İlbuğa el-Hasaki’l-Çerkesi) деп жазылған. Р.Р.Араттың зерттеуінше, мұнда аты аталған «Елбұға – Хасан Насыр сұлтан заманында (1347-1361) мыңбасы, мәжіліс әмірі және кейін сұлтанның қорғаушысы болған» [4, XXXIX]. Демек, Елбұға кітапты оқып отырып, қолтаңба іспетті етіп, кей беттеріне аты-жөнін жазып қалдырған. Ол сонымен қатар, кітаптың әр парағына яғни, 196 жерге өзінің мөрін де басқан.

Мысырда билік құрған Мәмлүктер мен Османлы сұлтандығы және Ұлық Ұлыс (Алтын Орда) арасында саяси, әдеби, мәдени, сауда және т.б. байланыстың болғаны тарихтан белгілі. Алайда, Ж.Баласағұн еңбегінің Мысырға қалай келгені туралы дерек сақталмаған. Осы нұсқадағы мәліметтерге қарап, Б.Нұриманов Ж.Баласағұн еңбегінің ел басқару ісінде қолданғанын айтады [8, 35].

Мысыр нұсқасының нақты қашан жазылғаны белгісіз. Кітапта аты аталған Елбұғаның дүниеден өткен жылына қарап және Америка ғалымы Роберт Данкофтың болжамына сүйене отырып З.Өлмез «бұл нұсқа кем дегенде 1367 жылдан бұрын жазылған» деп болжам жасайды [9, 8].

Екінші қолжазба табылған соң В.Радлов Вена және Мысыр нұсқаларын салыстыра отырып, зерттеу жұмысын жүргізді. 1910 жылы жарыққа шыққан еңбегінде «Құтадғу біліктің» кирил әрпіндегі транскрипциясы мен немісше аудармасын қатар берді [10]. Одан кейін қолжазба туралы әлем ғалымдары жан-жақты зерттей бастады.

Ферғана нұсқасы. «Құтадғу біліктің» үшінші көшірмесі 1913 жылы Өзбекстан Республикасының Наманған қаласынан табылды. Бұл да араб әрпімен жазылған. Алғашқы екі нұсқаға қарағанда толығырақ. Алайда, қолжазбаның басқы және соңғы беттері жоғалған.

Кітап қара сөз үлгісінде жазылған алғы сөзден басталады. Ал, бұған дейінгі Герат пен Мысыр нұсқаларында шығарманың алғы сөзі қара сөз және өлең түрінде де кездесетін. Ғалым М.Качалинның пікірінше, бірінші бетіндегі алғысөз Каир нұсқасынан көшірілген [11, 4]. Сонымен қатар, мұнда шығарманың соңғы жағындағы яғни, 6232-6645 аралығындағы бәйіттер жоқ. Кітапта көлемі 245х340 мм болатын жалпы саны 223 парақ бар. Әр бетінде 15 қатар мәтін жазылып, барлығы 6107 бәйітті құрайды. Кітаптың көшірілген уақыты, жері және көшіруші адамның аты-жөні сақталмаған. Зерттеушілер Наманганнан табылған кітаптың Ж.Баласағұнның өз қолымен жазған түпнұсқа емес, көшірме екеніне бір ауыздан келіскен.

Аталмыш қолжазба Ферғана немесе Наманған нұсқасы деп аталады. Үш нұсқаны салыстырып, ортақ нұсқасын түзу барысында Р.Р.Арат мұны «В» әрпімен таңбалады. Кітаптың табылуына қатысты ғалым А. Егеубаев төмендегідей пікір білдіреді.

«1913 жылы Наманған қаласынан, Өзбек КСР-і, Мұхамедхожа ишан Ләләріш дегеннің жеке кітапханасынан А.З. Валидов тапқан. Кейінірек, 1925 жылы, өзбек ғалымы Фитрат қайта тауып алып, Ташкентте қысқа сипаттама жазады» [12, 13], – деп түсініктеме береді.

Ферғана нұсқасы бүгінде Ташкентте Өзбекстан Ғылым академиясының Әбу Райхан әл-Бируни шығыстану институтының жазба мұралар кітапханасының сирек қолжазбалар бөлімінде 1809 нөмірде сақталған.

Жекелеген бәйіттер. «Құтадғу біліктің» Вена, Каир және Ферғана нұсқаларынан бөлек жекелеген бәйіттері Анкара кітапханаларының бірінен және көне Сарайшық қаласынан табылды. Анкарадан табылған жазбаға қатысты Р.Р.Арат былай деп пікір білдіреді.

«Табылған парақтарда арабша, парсыша, түрікше өлең, хикая, хаттар және түрік билеушілерінің мінезі мен болмысына тән мағұлматтар жинауды қалаған, бірақ түрікшелерін алып тастаған» [4, XXXIX].

Қолжазбада Османлы билеушілерінің аттары жазылған. Онда «Құтадғу білікпен» бірге, Ахмет Йүгнекидің «Хибатул Хақайық» шығармасынан үзінді берілген. Онда Османлы билеушілерінің аты жазылғанына қарағанда, бұл мәтін де ел билеу ісіне қолдану үшін жазылған деуге болады. Мұнан басқа, Ж.Баласағұн еңбегінен үзінді Ұлық Ұлыстың (Алтын Орданың) астанасы Сарайшық қаласынан табылған болатын. Нақтырақ айтсақ, 1909 жылы археологиялық қазба жұмыстары жүргізілген. Сол кезде құмыра сынықтары табылып, оны құрастырғанда құмыраның бүйірінде төмендегідей жазу болған.

kişi körki yüz ol bu yüz körki köz
bu öz körki til ol bu til körki söz
taqı körk kişi-ke bilik hem hüner
yulug qılğu jan-nı bilig-lig-ke er

Бұл шумақпен қатар, құмыра қабырғасында тағы екі жол мәтін жазылғаны белгілі болған.

bu küp-nüng içinde yaş quyar bolur [4, XL].

Табылған төрт жол өлеңнің алғашқы екі жолы «Құтадғу біліктің» 274-бәйіті. Түрколог А.Н.Самойлович құмыраның терең көмілгенін және онда иаш (жас) сөзінің жазылғанын ескере отырып, оны Ұлық Ұлыс хандарының қабірімен байланыстырған.

Ұлық Ұлыс – Қарахан мемлекетінің тікелей жалғасы. Сондай-ақ, Ұлық Ұлыс пен Мәмлүк билеушілері арасында тығыз қарым-қатынас болғанын ескерсек, Ж.Баласағұн еңбегінің бір данасы Сарайшыққа барған болуы мүмкін.

Бүгінге дейін әлемге «Құтадғу біліктің» осы 3 нұсқасы мен жекелеген екі мәтіні белгілі болып отыр. Дегенмен, бұдан бөлек, кітап күйінде тағы бір нұсқасы болған деп айтылады. Ол туралы ғалым М.Мырзахметов былай дейді:

«Абайдың ақындық кітапханасының қорында Жүсіп Баласағұнның атақты дидактикалық дастаны «Құтадғу біліктің» де болғаны жайында ақынның немере інісі Мұтылғанның (Шәкәрімнің) жазбаша дерегі. Ол дерек бойынша оның «Құтадғу білікпен»

таныс болғаны, әрі ол кітапты Абай кітапханасынан алып пайдаланғаны туралы құнды мағұлмат берілген» [13, 103-104].

«Құтадғу білік» пен Абай шығармаларының арасында ұқсастықтың көп екені жасырын емес. Алайда, аталмыш нұсқа туралы басқа дерек жоқ. Егер ол табылып жатса, әлемдік түркітану ғылымы үшін үлкен олжа болары сөзсіз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу нәтижесінде Ж.Баласағұн еңбегінің орта ғасырдан бері мұқият көшіріліп, елден елге тарағаны белгілі болып отыр. Орталық Азияға ислам діні келгеннен кейін араб графикасымен қатар, оған дейінгі көне ұйғыр жазбасының да кеңінен тарағаны байқалады. Яғни, ислам діні шарттарына сай жазылған шығармалар араб қарпімен бірге соғды графикасымен де жазылған. Осы тұста, түрік халықтары арасында оқу, жазу мәдениеті біршама өркендеген деуге толық негіз бар. Сонымен қатар, кітапты көшіруші, сатып алушы, тапсырыс беруші, жеткізуші және осы істерге қуәгер мен қолына алып оқыған адамның кітапқа өзі туралы мәлімет қалдыру үрдісі болғаны байқалады.

«Құтадғу біліктің» кітап күйінде жеткен үш көшірмесі мен жекелеген бәйіттері Ж.Баласағұн еңбегінің ел басқару ісінде қолданылғанын көрсетеді. Себебі, Вена және Каир нұсқаларында кездесетін ел билеушілерінің есімдері соған негіз бола алады. Қол жеткізген осы нәтижелерге қарағанда, Ж.Баласағұн еңбегі «білімнен» гөрі «билікке» жақын екені анық. Демек, оны осы қырынан кеңірек қарастыру керек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Кононов А.Н. Поэма Юсуфа Баласагунского «Благодатное знание» // В кн.: Благодатное знание. – М.: Наука, 1983. – 558 с.

Kononov A.N. Poema Yusufa Balasagunskogo "Blagodatnoe znanie" // Blagodatnoe znanie. – M.: Nauka, 1983. – 558 s.

2 Jaubert A. Notice d'un manuscrit turc en caractères ouigoures envoyè par M. de Hammer a M. Abel Rèmuzat // Journal Asiatique. – 1825. – №31. – P. 39-52.

3 Yusuf Has Hacib. Kutadgu Bilig: faksimile. Viyana nüshası. – Ankara: TDK, 2015. – 212 s.

4 Arat R.R. Kutadgu Bilig. I. Metin. – Ankara: Türk Dil Kurumu,1979. – T.1. – 656 s.

5 Vambery H. Üigürische Sprachmonümenteund dasKudatku Bilik. – İnnsbruck, 1870.–264p.

6 Radloff W. Das Kudatku Bilik des Jusuf Chass-Hadschib aus Bälasagun. – Petersburg, 1891. – 252 s.

7 Әлібекұлы А. Мәмлүктер билігі кезіндегі түркі-қыпшақ әдебиеті (дамуы, әдеби өкілдері, өлең өлшемі): Монография. – Алматы: «Арда», 2008. – 176 б.

Alibekuly A. Mamlukter biligi kezindegi turki-qıpshaq adebyeti (damuy, adeby okilderi, olen olshemi): Monografya. – Almaty: "Arda", 2008. – 176 b.

8 Нұриманов Б. Ежелгі дәуір және Қазақ хандығы тұсындағы әдебиетте ізгілік идеяларының жырлануы // PhD докторы дәрежесін алу үшін дайындаған дисс. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ. Нұр-Сұлтан, 2018.

Nurimanov B. Ezhelgi dauir zhane Kazak handygy tusyndagy adebyette izgilik ydealarynyn zhyrlanuy // PhD doktory darezhesin alu ushin daiyndagan dissertatsyasy. L.N.Gumilev atyndagy EUU. Nur-Sultan, 2018.

9 Yusuf Has Hacib. Kutadgu Bilig: faksimile. Kahire nüshası. – Ankara: TDK, 2015. – 213 s.

10 Radloff W. Das Kudatku Bilik des Jusuf Chass-Hadschib aus Bälasagun. – Petersburg, 1910. – 561 s.

11 Yusuf Has Hacib. Kutadgu Bilig: faksimile. Fergana nüshası. – Ankara: TDK, 2015. – 213 s.

12 Егеубаев А. Жүсіп Баласағұн. Құтты білік / түр. ауд. – Бас. 2-е. – Алматы: Өлке, 2006. – 640 б.

Egeubayev A. Zhusip Balasagun. Qutty bilik / tur aud. – Bas. 2. – Almaty: Olke, 2006. – 640 b.

13. Мырзахметов М. Абайдың адамгершілік мұраттары: Ұлы ақынның 150 жылдығына. – Алматы: Рауан, 1993. – 278 б.
Myrzahmetov M. Abaydyn adamgershilik murattary: Uly akynnyn 150 zhyldygyna. – Almaty: Rauan, 1993. – 278 b.

Материал 29.11.2020 баспаға түсті

REFERENCES

1 Kononov A.N. Poem by Yusuf Balasagunsky "Blessed Knowledge" // Blessed Knowledge. – M.: Nauka, 1983. – P. 558.
2 Jaubert A. Notice d'un manuscrit turc en caractères ouigoures envoyè par M. de Hammer a M. Abel Rèmuzat // Journal Asiatique. – 1825. – №31. – P. 39-52.
3 Yusuf Has Hacib. Kutadgu Bilig: facsimile. Vienna versions. – Ankara: TDK, 2015. P. 212.
4 Arat R.R. Kutadgu Bilig. I. Metin. – Ankara: TDK,1979. – T.1. – P. 656.
5 Vambery H. Üigürische Sprachmonümenteund dasKudatku Bilik. – İnnsbruck, 1870. – P. 264.
6 Radloff W. Das Kudatku Bilik des Jusuf Chass-Hadschib aus Bälasagun. – Petersburg, 1891. – P. 252.
7 Alibekuly A. Turkic-Kipchak literature during the Mamluk rule (development, literary representatives, Poetry form): Monograph. – Almaty: "Arda", 2008. P. – 176.
8 Nurimanov B. Chanting the ideas of kindness in the literature of ancient times and the Kazakh Khanate // Dissertation for the degree of PhD. L.N.Gumilyov Eurasian National University. Nur-Sultan, 2018. – P. 167.
9 Yusuf Has Hacib. Kutadgu Bilig: facsimile. Cairo versions. – Ankara: TDK, 2015. P. 213.
10 Radloff W. Das Kudatku Bilik des Jusuf Chass-Hadschib aus Bälasagun. – Petersburg, 1910. – P. 561.
11 Yusuf Has Hacib. Kutadgu Bilig: facsimile. Ferghana versions. – Ankara: TDK, 2015. P. 213.
12 Egeubayev A. Zhusip Balasagun. Qutty bilik / Translate in Turkish. – 2rd Ed. – Almaty: Olke, 2006. – P. 640.
13. Myrzahmetov M. Abai's moral ideals: To the 150th anniversary of the great poet. – Almaty: Rauan, 1993. – P. 278.

О вариантах «Кутадгу Билиг»

Б.Т. Нуриманов
Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, г. Шымкент, 160000, Республика Казахстан

В статье рассматриваются памятники с копиями трудов Жусупа Баласагуна «Кутадгу Билиг» и отдельные бейты, считающиеся литературой Караханского периода. В качестве источника приводится факсимиле и полное научное описание Венской, Каирской, Ферганской версий «Кутадгу Билиг». Были проанализированы транскрипции древней письменности в латинской графике, сделанной зарубежными учеными. В отношении вариантов обращено внимание на труды зарубежных и отечественных ученых с 1825 года. Анализированные данные показывают, на каком уровне развивалась письменная литература у тюркских народов средневековья. Результаты, полученные в ходе исследования, свидетельствуют о широком применении «Кутадгу Билиг» в управлении страной. В то же время, доказывается, к какой теме близок труд Ж.Баласагуна «образование» или «власть».

Материал поступил в редакцию журнала 29.11.2020

About the versions of "Kutadgu Bilig"

B.T. Nurimanov
South Kazakhstan state pedagogical university, Shymkent, 160000, Republic of Kazakhstan

*The article considers the monuments with the copies of the works of Zhusup Balasagun "Kutadgu Bilig" and separate beits considered as the literature of Karakhan period. A facsimile and full scientific description of the Vienna, Cairo, and Ferghana versions of "Kutadgu Bilig" are given as the source. The transcriptions of the ancient alphabet in Latin script made by foreign scientists were analyzed. In the context of the versions, the attention is given to the works of foreign and national scientists starting from 1825. The analyzed data show the development level of the written literature among Turkic people of medieval period. The results obtained during the research indicates the wide application of "Kutadgu Bilig" in the management of the country. At the same time, it has been proved which subject the work of Z. Balasagun is closer to: "education" or "*government".

Received: 29.11.2020

УДК 821.111

M.K. Samambet[1], A.S. Sametova[2]
[1]cand. phil. sc., associate professor, Kostanay regional university named after A. Baitursynov, Kostanay, 110000, Republic of Kazakhstan, https://orcid.org/0000-0003-0905-2870. E-mail: menzada2020@mail.ru
[2]master student, Kostanay regional university named after A. Baitursynov, Kostanay, 110000, Republic of Kazakhstan, https://orcid.org/0000-0002-2974-9969. E-mail: s.altyn_93@mail.ru

FEMALE IMAGES IN THE LITERATURE OF THE XIX CENTURY

This article is devoted to the study of the term "image", in particular female images in the Victorian era. The purpose of the article was to study women's images in the literature of the XIX century and analyze women's self-realization in the realities of Victorian society. Special attention was paid to interpretation of women's images in the novel "Jane Eyre" by Charlotte Bronte. The article gives a detailed analysis of female issues in the Victorian era such as: education, social status and rights. The article reflects the living conditions of women of the Victorian era. The role of women in various areas of public life is examined. The main methods of describing the characters in the novel were identified: the characteristic of both the appearance and the inner world of the heroes, as well as the perception of it through the position of other heroes or the author herself. The result of this analysis makes it possible to describe new female images in the novel.

Keywords: *image, Victorian era, female images, women, literature, Jane Eyre.*

INTRODUCTION

English literature of the 19th century and a Victorian novel, is rightfully considered one of the most significant in the history of European literature arousing constant interest. The Victorian era attracts the attention of researchers with the positions of analysis of socio-cultural, historical and literary aspects. Currently, Victorianism is considered as a cultural phenomenon. Victorianism, or "Victorian era" is a period of industry, education and literature in England, when the genre of the novel arose, giving the world a kind of model of national literature.

The term of an image in literature has been considered by scientists from different angles. The study of this issue moved both from word to image, and in the opposite direction, from more abstract representations to concrete means of their expression.

The researchers (May Hasan Srayisah, Kouty K., Grinberg K, Adamyan M.A.) paid much attention to the place of women in society, comparing them to men. The female issue becomes one of the main in the literature of the Victorian era. In the central item in the works of Victorian writers was the image of a woman. In the novels, the writers pay the special attention to the changes of the women's position in the English society, as many areas of life in England underwent great social changes during this period (changes in family, educational spheres, as well as in relations between men and women); - economic (women's participation in public affairs, in the economy of their country); - spiritual (changes in the standards of morality and values that determine the image and behavior of women).

The relevance of the article is the need to consider the artistic interpretation of women's themes in the literature of the Victorian era, to identify the nature of the evolution of the women's image. In this regard Charlotte Bronte is one of the main representatives of the Victorian era who highlighted the image of a woman in all its diversity. The most important role in the formation of the Victorian novel belongs to the writer S. Bronte. The novelty of the article is that it provides an opportunity to visualize the Victorian era and also to relate the position of 19th-century women to the current situation. The main conclusions of the article can be used by philologists in studying literary images.

MAIN PART

In the literature there is no clear definition of the term "image". Several authors have attempted to define this term. Shakhbaz S.A. in his work "Image and its linguistic embodiment" gives a definition of the term "literary image". He points out that a literary image is a category of aesthetics that characterizes a special way of mastering and transforming reality that is inherent only in art. An image is also called any phenomenon that is creatively recreated in a work of art.

The Webster's dictionary gives about 20 definitions of the word "image". Among them some definitions are relevant to literature:

1. "Image" is a concrete and at the same time generalized picture of human life.
2. "Literary image" is a description of the "external" and "internal" state of the character, and the display of his actions, relationships with other characters, the manner of speaking and thinking.
3. "Image" in fiction, a picture of human life depicted in a work of art.
4. "Image" is any expression that gives speech clarity, colorfulness, concreteness [1, 9].

According to the research of Borisova E.B. the main substantive aspects of creating an image in fiction are methods of introducing the image, portrait characteristics of the personage, his speech, a description of his actions, as well as means and methods of expressing the author's attitude and indicating social status [2, 3].The process of creating a literary image depends on the creative skill of the writer, the era of the creation of the text and various social, economic and cultural aspects of the time in which the author lives and which is described in the text.

As mentioned by H.S. May Victorian era is associated with a certain ideology, way of thinking and living, a spiritual atmosphere, a set of moral and ethical attitudes that testify the successful development of society as a whole. In the Victorian era, double morality flourished: religiosity, sentimentality and good intentions coexisted perfectly with manifestations of social inequality and cruelty in personal relationships. Victorian writers focus their attention on changing the role functions of women in English society in the mid-19th century, since it was at this time in England that a radical revolution took place in various areas of life: social (in the sphere of family, work, education, gender relations); spiritual (changing the norms and values associated with the image of a woman and her behavior); economic (in the field of women's employment in public affairs, participation in the economy of their country); political (women diplomats appeared, occupying the same position in the world as men) [3, 142].

Historian Janet Horowitz Murray identifies three main images of a woman in Victorian England: ideal - a happy mother, a caring daughter, a good housewife; vicious - a daring servant, a

corrupt woman, a girl from the working outskirts; suffering - a hungry seamstress, alone governess [4, 6].

All the above mentioned highlights the need for detailed consideration of the female images in all the aspects of their life. A variety of female images are shown in the novel "Jane Eyre" by Charlotte Bronte. The work of Ch. Bronte is of paramount importance for Victorian literature in particular and for the world in general. Her novels were recognized as classics of English literature. Ch. Bronte is an English poetess and novelist, the eldest of the Bronte sisters, who was able to enrich the artistic palette of her work by introducing symbolism and metaphor, elements of theater, parody, satire, burlesque and pantomime into the realistic structure of the story. Her famous works is "Jane Eyre", "Shirley", "Villette", "Teacher", "Emma". "Jane Eyre", a strong narrative of a woman in conflict with her natural desires and social condition. The novel gave new truthfulness to Victorian fiction. The main place in her novels is the image of a woman. It has never been revealed so globally and thoroughly as in this period of development of literature.

In Jane Eyre, Bronte explores a variety of contemporary female issues, such as: education, appearance, social status and rights. As Kouty K., Grinberg K. have highlighted *"…Until 1870, there was no nationwide school system in England, and until 1880, even primary school education was not compulsory. However, English girls, like boys, were educated at schools or at home. Class differences extended to education: if a girl from the slums could live a life without being able to read and write, it would be completely inexcusable for a girl of her age from Belgravia"* [4, 86]. Whatever type the woman belonged to, she could not have her own views and interests in various issues of life, be too educated, or at least could not show this. Despite this fact, the education of Victorian girls was quite serious. Unlike the boys who were sent to schools and boarding schools, girls were supposed to have governesses, teachers who came specially to their homes, and studied under the strict supervision of their parents. Girls were taught the same thing as young men, but in addition they had to possess skills in painting, music and several foreign languages, such as: French, Italian and sometimes German. As for the boarding houses, it could be chosen for every taste and size of the wallet. Some schools trained girls from poor families and prepared future governesses from them. Even if a girl studied at home when she reached adolescence, she was sometimes sent to a closed school for girls - in England or abroad - to complete her education [4, 90].

Girls were often treated rather rudely in boarding schools, applying psychological pressure and even physical punishment. This problem is also shown in "Jane Eyre". Jane Eyre's daily routine changes dramatically at the very beginning of the work: from aunt's rich house, a little girl was sent to poorly equipped Lowood school. In this educational institution, there is a standard training system inherent in similar charitable institutions of that time, intended for the education and upbringing of maids, governesses, and maids. The school had a strict schedule, a clear daily routine, and strict discipline aimed at educating the army of obedient girls who knew the basics of various subjects, such as their native language, literature, English history, geography, arithmetic, French, needlework, music and painting. Pupils are so penetrated by the laws and attitudes of the strict system that their world view is created on the basis of concepts contrary to common sense, and the perception of obvious things happens in a false light. So obvious bullying of one of the pupils, Helen Burns, is perceived by her as well-deserved punishment for her sloppiness, non-observance of the basic rules of instruction. Here is how Jane Eyre describes her life in Lowood: *"My first quarter at Lowood seemed an age, and not the golden age either; it comprised an irksome struggle with difficulties in habituating myself to new rules and unwonted tasks. The fear of failure in these points harassed me worse than the physical hardships of my lot, though these were no trifles…Our clothing was insufficient to protect us from the severe cold; we had no boots, the snow got into our shoes, and melted there; our ungloved hands became numbed and covered with chilblains, as were our feet…Then the scanty supply of food was distressing; with the keen appetites of growing children, we had scarcely sufficient to keep alive a delicate invalid"*[5, 75]. We see that this educational institution has absolutely no conditions for comfortable training, for the development of spiritual and physical development. But, nevertheless, this educational institution meets the

requirements of the Victorian era: compliance with standards, uniformity and orientation of education on the social situation that prevents mixing of social groups.

As for the appearance of the Victorian woman, strictness and all kinds of prohibitions also reigned here. Victorian women's clothing followed trends that emphasised elaborate dresses, skirts with wide volume created by the use of layered material such as crinolines, hoop skirt frames, and heavy fabrics. The Victorian era was the time of exquisite outfits, restraint and grace. The ideal silhouette of the time demanded a narrow waist, which was accomplished by constricting the abdomen with a laced corset. Corsets were an integral part of every woman's wardrobe of that era. With the help of corsets, Victorian ladies made their waist very thin, corsets were used not only to create the perfect waist, but also to achieve maximum self-discipline and noble restraint. While the silhouette was striking, and the dresses themselves were often exquisitely detailed creations, the fashions were cumbersome. At best, they restricted women's movements and at worst, they had a harmful effect on women's health. In the 1800s, a woman was considered attractive if veins could be seen on her face, and her skin should be as pale as possible [4, 142].

The image of Jane is introduced into the narrative in various ways. The appearance and character of the heroine is described in the inner speech of the heroine and in speech of other characters in the novel. For example, one of the servants mentioned: *"if she (Jane) were a nice, pretty child, one might compassionate her forlornness; but one really cannot care for such a little toad as that"* [5, 31].

The first impression that Jane Eyre made on the Rivers, is described in the novel: *"she does look white. As white as clay or death…But she is worn to nothing. How very thin, and how very bloodless! A mere spectre!"* [5, 322].

Jane's sisters, Mary and Diana find her appearance strange, but interesting: *"She has a peculiar face, fleshless and haggard as it is, I rather like it; and in good healthy and animated, I can fancy her physiognomy would be agreeable"* [5, 327]. Through the perception of the heroine by Rochester, Jane's appearance can cause sympathy and interest. The same traits of Jane are perceived differently by people around her. If Helen Burns condemns Jane's impulsiveness and passion, Rochester sees it as a sign of her freedom and perseverance in achieving goals and feels an unbending will behind the external fragility. The correlation of her characteristics with the perception of herself gives rise to the detailed concreteness that is characteristic of realistic literature. And at the same time, the image is romantically contrasting. The contrasting characteristics are given to the heroine by other characters in the novel, as well as the subjective form of the narrative-the presence of a lyrical "I", immersion in oneself, analysis of one's soul – all this fills the image with a special mystery, ambiguity characteristic of the romantic hero. The perception and characteristics of Jane change depending on who characterizes her, depending on the attitude to her. All descriptions of Jane are the impression that she makes on people with a completely different perception of the world from her.

According to statistics, in 1851 about 20,000 English women worked as governesses. It was possible to earn by writing, but it required a higher level of education. Women could work as telegraphists, office workers or accountants, but such professions were considered unacceptable for ladies, and also required a level of education that women could not afford [6, 9]. In the novel "Jane Eyre", the image of women always stands behind the men with the social class variations among them. It clearly shows that women mostly doing a household job rather than being a financial resources in a family. Even though Jane Eyre in an exception in this topic, because she worked as a governess and belonged to the lower class, as she was reminded from childhood by nannies, teachers, and Mrs. Reed. It was believed that representatives of this class need to be helpful in order to win the favor of the owners. However, when Jane became a governess, in other words a teacher, she was treated with more respect, and when she met Mrs. Fairfax, Jane was very much surprised at her good-natured reception: *"She treats me like a visitor, thought I anticipated only coldness and stiffness: this is not like what I have heard of treatment of governess"* [5, 89]. When Jane became a teacher at the village school in Morton, she gained respect and love. She taught the girls everything she could: *"I felt I became a favourite in the neighbourhood. Whenever I went out, I heard on all*

sides cordial salutations, and was welcomed with friendly smiles. I lived amidst general regard, though it be but the regard of working people" [5, 348]. Bronte believes that a woman should give the opportunity to work as a teacher, this view comes as her feelings when she was a teacher at some period in her life. The teaching field is the only way occupation that the woman may success in, it is the social work and respectable duty of the middle class woman. Jane Eyre was so lucky to love her employer. In their relationship, they broke all the social boundaries [3, 146].

In Victorian society, marriage was considered the highest achievement in the life of any girl, married girls had to follow a rigid system of moral conventions. Love, marriage, motherhood were the most important stages in the life of women of that era. These concepts actually limited their world, defined its essence. The Victorian concept of womanhood implied the economic dependence of women on men, as well as the strict restriction of their activities to the sphere of the family. The ideal "Victorian woman" was supposed to be loving, a submissive wife, a gentle and caring mother. This image, combined with the traditional sanctions of religion and law, ensured the inferior position of women relative to men. The most important qualities of a good wife were modesty, self-control and self-sacrifice, which were rather expressed in the ability to remain silent and endure all adversity. Basically, these adversities were associated with complete submission to the head of the family, that is, to her husband. The duty of wife was to yield and obey her husband, to be passionate about his lifestyle, habits. One of the wife's main concerns was efficient and prudent household management. Her duties included creating a comfortable environment in the house with the help of servants, treating the household, making clothes, educating and religious education of children. The rights and privileges of Victorian women were very limited for both, the single and married. She faced many kinds of verbally and physically violence, and she did not have the right to divorce [7, 15].

In Victorian times, women were supported by their husbands if they were lucky enough to get married, and they did not have financial sources. They were companions of their husbands, but wives were not equal in marriage. Almost to the end of the nineteenth century a wife was property of her husband for legitimate reasons. Despite the difference in roles, women did their best to free themselves from the dependence and patronage of men, to find adequate forms of self-realization and self-expression, and to become economically independent. But they didn't have a lot of choice in jobs, and they couldn't make very much money. Jane could do, by her own strength, what the Victorian woman should have done, she has earned and advertised her way to financial and psychological independence and became rich. She could conquer her natural desires through will-power. Even when she returns to Rochester at the end of the novel, she is still a promotion of her liberty [3, 148]. Jane tells Rochester: *"I only want an easy mind, sir, not crushed by crowded obligations…I shall earn my board and lodging, and thirty bound a year besides. I will furnish my wardrobe out of that money, and you shall give me nothing but…"*
"Well, but what?
"Your regard..." [5, 452].

CONCLUSION

The characteristics of the Victorian era affect the literature of this period and in particular the image of women. We can note that the heroines of the novels of Victorian writers gradually acquire a new status of a free, self-sufficient woman. There are images of highly moral, educated women who appreciate the family, but are not limited to its framework, as well as convinced of marriage for love. The most prominent representative of the Victorian literature is Charlotte Bronte, whose work most fully reflected all the processes taking place in the country during this period. In the works of the writer, much attention is paid to the women's images.

In the image of Jane Eyre, Ch. Bronte embodied her ideas about a modern woman who can define her life, become not only a wife, but also be realized in the public field. Her idea about marriage expressed a woman's need to be loved by a companionate husband, with some sort of

"equality" between husband and wife. Thus, Charlotte Bronte embodied in her novels the idea of the possibility of self-realization of the heroine not only in the traditional sphere of the family, but also outside it, in particular, in the social and professional spheres.

Considering the work of Charlotte Bronte, we came to the conclusion that through the image of the difficult destiny of her heroine, she focused on changing of the women's images in English society of the XIX century. The writer felt the need to demonstrate the process of forming a "new woman", the development of her psychological attitude, and her understanding of her new status.

REFERENCES

1 Shakhbaz S.A. Image and its linguistic embodiment. – M., 2010. – 243 p.
2 Borisova E.B. Literary image in the English Literature of the XX c. – Samara., 2010. – 383 p.
3 May Hasan Srayisah. Victorian Women in Literature //RSP, №54. 2017. – 141-150 p.
4 Kouty K., Grinberg K. Women of the Victorian England. 2002. – 209 p.
5 Charlotte Bronte. Jane Eyre. – M., 2019 – 574 p.
6 Adamyan M.A. The social status of women in the Victorian era. – SPb., 2018. – 83 p.
7 Nesterova S.A. The image of English and American women in the view of contemporaries. – Samara., 2004. – 24 p.

Received: 19.11.2020

XIX ғасыр әдебиетіндегі әйел бейнелері

М.К. Самамбет[1], А.С. Саметова[1]
[1]А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., 110000, Қазақстан Республикасы

Мақала «бейне» терминін, атап айтқанда Викториан дәуіріндегі әйел бейнелерін зерттеуге арналған. Мақаланың мақсаты XIX ғасыр әдебиетіндегі әйел бейнелерін зерттеу және Викториандық қоғамдағы әйелдердің өзін-өзі жүзеге асыруына талдау жасау болды. Шарлотта Бронтенің «Джейн Эйр» романындағы әйел бейнелерін талдауға ерекше назар аударылды. Мақалада Викториан дәуіріндегі білім, әлеуметтік мәртебе және құқыққа қатысты әйел мәселелеріне талдау жасалынды. Мақалада Викториан дәуіріндегі әйелдердің өмір сүру жағдайлары көрсетілген. Қоғамдық өмірдің түрлі салаларындағы әйелдердің рөлі қарастырылды. Роман кейіпкерлерін суреттеудің негізгі әдістері ашылды: кейіпкерлердің сыртқы түрінің де, ішкі әлемінің де сипаттамалары, сонымен қатар оны басқа кейіпкерлердің позициясы немесе автордың өзі арқылы қабылдау. Осы талдаудың нәтижесі романдағы жаңа әйел кейіпкерлерін сипаттауға мүмкіндік береді.

Материал 19.11.2020 баспаға түсті

Женские образы в литературе XIX века

М.К. Самамбет[1], А.С. Саметова[1]
[1]Костанайский государственный региональный университет имени А. Байтурсынова, г. Костанай, 110000, Республика Казахстан

Данная статья посвящена исследованию термина «образ», в частности женских образов в Викторианскую эпоху. Целью статьи было изучение женских образов в литературе XIX века и анализ самореализации женщин в реалиях Викторианского общества. Особое внимание было уделено интерпретации женских образов в романе Шарлотты Бронте «Джейн Эйр». В статье дается подробный анализ женских проблем эпохи: образование, социальный статус и права. В статье отображены условия жизни женщин Викторианской эпохи. Рассматривается роль женщин в различных сферах общественной жизни. Выявлены основные приемы описания персонажей романа:

характеристика внешнего вида и внутреннего мира героев, а также его восприятие через позицию других героев или самого автора. Результат этого анализа позволяет описать новые женские образы в романе.

Материал поступил в редакцию журнала 19.11.2020

ҒТАМР 17.82.30

Э.С. Сейсенбиева[1], Б.С. Бегманова[2], Қ.Қ. Мәдібаева[3]
[1]PhD, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0002-9135-6752. E-mail: elka1975@inbox.ru
[2] ф.ғ.к., қауым. профессор м.а., Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0002-9135-6752
[3]ф.ғ.д., профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0002-9135-6752

ҚАБАН ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЭКЗЕГЕТИКАЛЫҚ ДӘСТҮР

Мақалада Қабан жыраудың шығармашылығы мен әдеби мұрадағы дін негіздері, экзегетикалық дәстүр тұрғысында жекелеген арнайы зерттеу еңбектері туралы айтылады. Қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуде әдеби мұрадағы дін негіздерін насихаттау, түсіндіру бағытындағы шығармалар ұзақ жылдар бойы қисынсыз айыпталып, шетқақпайланып, көркемдік өрістегі елеулі бағыт мәнінде ғылыми айналымға тартылмай келеді. Мәселені түбегейлі зерделеуге кезеңдік саяси-идеологиялық ұстанымдар елеулі ықпал етті.

Әдеби мұрадағы исламдық мотивтер уақыт ерекшелігіне қарай анық айтылмай келді. Сол себепті текстологиялық ауытқулар да кездесіп отырды: атап айтсақ: сөздердің басқа сөздермен алмасуы. Дін тақырыбында зерттеулер жазуды алшақтау бұл тақырыптардың ғылыми айналымға енуіне кедергі келтірді. Мысал ретінде Қабан жырау шығармаларын келтіруімізге болады. Сол себепті Қабан секілді тұлғалардың шығармашылығы кең ауқымда тарай қоймады. Бүгінгі күні халықтың өзін-өзі қалыптастыру жолында діни шығармалар рухани толысуға жол көрсетеді. Осыған дейін зерттелмеген тақырыптар кешенді түрде зерттеліп, айтыла бастады. Ауыз әдеби мұраларын зерттеу барысында діни тақырыптар бойынша рухани баю, имандылық негіздерінің айтылу ерекшеліктері анықталуда. Мақалада XYIII ғасырдың белгілі өкілі Қабан жыраудың шығармалары туралы талданып, ауыз әдебиетінің таралу, сақталу формалары туралы айтылады. Ауызша тараған әдеби мұраларды зерттеудегі хақ жолы, хадис ұғымдарының маңызы туралы зерттелген.

Кілт сөздер: дастан, Құран желілері, Пайғамбарлар туралы хикаялар, насихат өлең, мінәжат, діни уағыз, иман, сопылық поэзия.

КІРІСПЕ

Сүйінбайдың ұстазы, XYIII ғасырда жасаған Қабан ақынның, «он сегіз мың ғаламды өлеңменен толғаған» (Бақтыбай) Қабан жыраудың шығармалары әдебиет тарихының таңдаулы үлгілері басылып келе жатқан «Үш ғасыр жырлайды», «Бес ғасыр жырлайды», «Жеті ғасыр жырлайды» антологияларына, басқа да кәделі хрестоматиялық жинақтарға енгізілмеген.

Қабан ақын шығармалары – өміршең мазмұны, озық поэтикалық құнары мәнінде кім-кімнің де айтқыштық, ақындығымен иық теңестіріп тұрған үздік үлгілер. Ендеше Қабан жырау неліктен «қағаберіс» қалып келеді?

Біздіңше, ақын туындыларының басым бағыты исламды, имандылықты дәріптеу, дін мазмұнында түзілген ғибрат өлеңдер болғандығы оны әдебиет тарихында жалпы даңқымен ғана атап өтіп, арнайы қарастырудан «қақпайлап» отырған.

Әдеби мұрадағы мығым исламдық арқаулар кейінгі заман зерттеулерінде көп жағдайда көлегейленіп, көптің назарына шығарылып, аталып айтылып отырмауының түп себептері белгілі. Сүйінбай ақынның бір толғауындағы «Жаратқан Алла» сөзінің «Жаратқан Ана» болып өзгертілгендігі сияқты, дін дегенде алыстан айналып өтіп, қашқалақтай беруіміздің салдарынан Қабан ақын сынды ондаған озық шығармашылық тұлғалардың сөз мұрасы ғылыми айналымға өз деңгейінде тартылмай келді.

Халықтың өзін өзі сақтау иммунитеті, рухани қорғаны болып, сандаған ғасырлар көңілін көншітіп, жанын сақтаған әдеби мұраның арқа тірегі дін болғандығы тұрғысында қазақ әдебиеті тарихындағы дін желілері арғы замандардан күні кешеге, тіпті күні бүгінге шейін нендей көркемдік негіз қалыптағандығы тұрғысында кешенді, толымды зерттеулердің де қарасы көріне бастады.

Қазақ жағдайында бірнеше ғасыр бойы негізінен ауызша таралып, ауызша сақталған әдебиеттің бір пәрменді күші дін үгіті, кісілік дағдыларын сіңіру өнегесі, жан сақтау, жан байыту жан дамытудағы имандылық негіздері, Хақ жолын, хадис тағылымын дәріптеу бағытында өрістеген басым сипаттарында болды.

Авторлық ауызша әдебиет ұғымы бірнеше ғасыр мұраның ауызша сақталып отырылуына орай туындаған мәселені зерттеу, зерделеу бағытында есте тұрады.

XVIII ғасырда жасаған Қабан жыраудың көпшілік шығармалары жазба түрде жеткендігі тұрғысында мұрасын жинап, өңдеп, баспаға әзірлеген Ораз Исмаилұлы айтатын қисынды ойлар назар аударады. Және авторлық ауызша әдебиет атаулының сақталу, таралу жолдарына қатысты ықтимал болжамдардың болатындығын нақтылай түсуге ойтүрткі маңыздылығымен ден қойғызады.

Ауызша таралып, ауызша сақталған әдебиеттің бір пәрменді күші дән үгіті, кісілік дағдыларын сіңіру өнегесі, жан сақтау, жан байыту жан дамытудағы имандылық негіздері, Хақ жолын, хадис тағылымын дәріптеу бағытында өрістеген басым сипаттарында болды.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

«Бәрің-дағы тыңдаңдар» атты жалпыға арнау, өсиет толғауында Қабан жырау аузындағы сөзіңе абай бол ғайбат сөйлеуден тыйылуды уағыздайды.

Бірлік кеткен жерден береке қашатындығын ескертуінде де туыспен араздық ырыты азайтатыны тұрғысында айтылатын Құран сөзімен байланған уәжі айқын.

Ауыз бірлік бар жерде
Жететұғын мұрат бар.
Ауыз бірлік жоқ жерде
Қиынатты қият бар.
Ұяттың иман қабы дер,
Имандыда ұят бар.

Бір ғасыр ма, бір жарым ғасыр ма өткенде Шортанбай да «Иман – жанның жарығы» дейді.

Қабан жырау «Кісі қақын жемеңдер, артында оның сұрақ бар» деп, о дүниенің зауалын ескертеді. «Ырыс алды - ынтымақ» атты толғауы да сол ізгілік, кісілік, адамгершілік, Хақтың жолымен түзу жүруді уағыздайды. Айтқыш ақын әрбір құбылысты шешен сөзбен әдіптеп, зор әсер туғызып отырады.

Ашуды ақыл-қазыққа
Апарып матап байлаңдар.

Толғауда адамның қилы мінездеріне, ашпайтын сырына, әріден үңілген сұңғыла, зеректік, таппасты табатын сезгіштік, ендігінің тілімен сөйлегенде «психологиялық талдау» айрықша айшықталып, көркем таңбаланып отырады.

Арам пейіл адамдар,
Достығында тұрмайды.
Араңа кірсе сумаңдап,
Сырыңды шым-шым ұрлайды.

Содан соң алтын тапқандай,
Жария етіп шулайды.
Етпесе бұлай арамза,
Құмары оның қанбайды.

Ақылы жоқ наданның,
Жамандық ісі қалмайды.
Көр аузына барғанша,
Ақылды айтқан алмайды.

Жамандықтың белгісі,
Әр нәрсені торлайды.
Осындайлармен дос болса,
Ақылды жігіт сорлайды.

Қабан жыраудың дәстүрлі дүние-болмыс, тіршілік тағылымдары желіленген Бұқар жырау, одан ілгерідегі жыраулар поэзиясындағы тұрқты поэтикалық мақам, үлгіде сақталған «Арғымақ жабы көрініп», «Тамшыдан теңіз молайып» сынды толғау-өлеңдері айқын суреттілігімен, өтімді қисын, тоқтамдарымен айрықша әсер туғыза өрбіген өміртаным кеңістігін түзеді.

Дүние шарттарын түгендеген нақыл, шешендік толғау, не жақсы, не жаманның арасын бөліп, адамшылық жөнін көкейге сіңіруден таймайды. Арамнан аулақ жүр, айтқан сөзді ұқпаса – не шара, мейірімді бол, адал жүр деп отырып, әр адамның кісілік ерекшелігіне тосын байқампаздықпен тоқтам айтқаны өлең сөздегі өзгеше бір үлгіде көзге – ілігеді.

Әркімде бір сипат болады,
Ол да бір оңады, –

деген өлең тармақтарындағы таным кеңістігі, ауқымдылық Қабан ақынның жаттанды, дайын қолданыстардан озып өтіп, өз «формулаларын» туғызудағы шығармашылық даңғылын ашады. «Формула» – авторлық ауызша әдебиеттің төлтума тілқолданыс сипаттарына қатысты байырғы эпикалық үрдістердің ауызша, жазбаша табиғатын зерттеген эпостанушыларда өнімді қолданыста болған қисындама [1, 36].

«Аларда ажал адамды жаңылдырар» атты ұзақ толғамында ақын байқампаздықпен әр түрлі жағымды адам мінездерін, пенделік типтердің осалдығын термелеп кетеді.

Ақпейіл, сөзге берік, халыққа қайырымды жұғымдылар ала да, бере де білетін шығымдыларға сыйыспайтын ардан кеткендердің, көзге былай, сыртқа алайлылық, жырындылық, ішкі алалық мінеледі.

Кей адам кейбіреуді көтермелер
Деп айтар, білімділер, шалымдылар.
Ол мақтауы ойласаң оған зиян
Сорлыны құр мақтауға салындылар.
Бір күні сол мақтауы жетер түпке,
Ұрынып көрінгенге жанын қияр.

«Барлы, Барлы, Барлы тау» термесінде дәстүрлі не жау? Түгенделеді. Қос тармақ жолда дүние шарттары шарпысады. Бұл туындысында да Қабан ақынның өз тарапынан сөз қосып,

мағына өрбітіп, әсер күшейтіп; ауызша авторлық әдебиеттің тұрақты өрісі қайталауда шығармашылықтың серпіндер орнықтырып отыратындығы айқындала түседі.

Барлы, барлы, барлы тау,
Басы есеннің дені сау.
Ұйықтамасаң қабақ шал,
Жарып ішпесең тамақ жау.
Жыртық үйге тамшы жау,
Арық атқа қамшы жау.
... Күншіл болса көршің жау,
... Түйе менен биеңді
Алып кетсе жиен жау.

Ақын пенделік ғұмырда қателесіп жататын адам баласына «Ойлап тұрсаң, жігіттер» арнау өлеңінде тағы да Хақтың жолын ескертеді, тоқтамайды, өнеге себу дағдысында сөз ұстайды. Қанағатшылдықты дәріптейді. Иман жанның тұрағы екенін уағыздайды.

Жарымайды тәтті деп,
Дүниеге діл салған.
Ойлап тұрсаң, жамағат,
Жақының жоқ иманнан.
Данышпан болар кей жігіт,
Көңіліне құдай құйғаннан.

«Асырақ сөз сөйлейін ауызға алып» толғамында да Алланың рақымы, құдіреті; адам пендеге ажал жетсе мал – құлдың араша бола алмайтынын баян етеді.

Еркекке, әйел, әмбемізге иман парыз,
Жаратқан бір Алланы есіңе алып.
Бір Алла иманыңды нәсіп қылса,
Ішерсің аузы, гәусәр суын қанып.
Білмесек иман, исләм үйренелік,
Болады пәс көңілің шамдай жарық.
Нұрынан Хақ Расуллының пина болып,
Жаралған жер жүзіне барша халық.
... Қисапсыз құрт құмырсқа, шыбын шіркей,
Аллаға жалбарынар зікір салып.

Тумақ- сүннәт, өлім анық, өлімнен қырық жыл қашқан Қорқытты да Алла жанын алып тыныш қылған, өлмей тұрып баршаңыз ғибрат қыл дейді жырау.

Қабан ақынның «Жасқа сатпа әкеңді» толғауында өмірдің өзекті ағыстары бар шындығымен, тұтас ғибратымен, өзгеше бір жаңа, сол дәуір поэзиясына тән көрінетін жалпылықтан ада жеке, жалқы жағдаят қалпында сөз етіледі. Қабан туындысына тән реалистік нақтылық, айрықшалық бой көтереді, жоталанып, орныға, беки түседі.

Ойланбай бұрын іс етпе
Өзім білем бәрін деп.
... Шашпа бекер малыңды,
Таусылса өзім табам деп,
Іркіп ұста барыңды,
Сенбе елден алам деп.

Кейін бе, тұстас па, Көтеш ақын да «Алыстан кедейліктің алдынан шық» дейтін.

Ескертіп отыру, өнеге жайын сөйлеу – әу баста Хақтың жолымен жүруді уағыздап дамыған адам баласының асыл сөзінің, қазақ сөз өнерінің де бұлжымас тұғыры.

Қабан жырау шығармашылығының да асыл өзегі осы дін. Айтулы абыз ақын екі сөзінің бірінде Хақтың құдіретін, жолын дәріптейді. Дін ілімін ұстанып, ғұмыр кешкендігі, өмір ғибраты тұрғысында көп – көп аңыз, әңгімелер сақталған. Кейінгі кезеңде ақынның шығармашылық мұрасы бағытында толымды тоқтамдар жалғасып, жыраудың әдебиет тарихындағы елеулі орнына ден қойылуда.

«Ал, ұста, бұл сөзімді жалған емес» толғауы да ақынның дара айтқыштық, тапқыштық тұғырында дін негіздерін жеткізу бағытындағы көп туындыдан көш ілгері, озық, Қабан жыраудың ақындықтағы көкейге құйып ауты дағдысында баян тапқан.

Бұл дүние имандыға арман емес.
... Бұрынғы пайғамбар мен сахабалар,
Пайда ғып ешкім малын алған емес.
Өтірік, ұрлық, зорлық, мекер, қайлау
Бұл үлгі пайғамбардан қалған емес.
Артынан қу нәпсінің ере берсең,
Қу нәпсі жүгірістен танған емес.

Сыншылдық, сатиралық бағыт ел мінезі мінелген «Халықпыз біз, қиынбыз» толғауында жаңа бір шеберлікте бой көтерген. Образ, бей-береке көптің шын қалпы көзге шалынады.

Адасатын жиі біз
Үйден үйге жететін.
Демде талқап кететін,
Үйірілген құйынбыз.
Өткен тапқыш төтеден,
Даурығатын өте кең.
Ру жиған жиынбыз,
... Құнт келмесе өтеміз
Құр күпініп, шын білмей,
Жер әлемнің сыйын біз –
Халықпыз біз- қиынбыз.

«Ай, мұсылмандар, жарандар» арнау өлеңінде ақын бір ұтымды, өтімді бағыттарға бастап, дін ғибратын көкейге қондырады. Хақтың Бірлігін біліңіз, зекет беріңіз, Хақ жолымен жүріңіз, Құдайдың кешпес парызы – бес уақыт намазды баққан қойдай күтіңіз, жақсыдан ғибрат алыңыз, шариғаттан сөз айтқан молла тілін алыңыз, қанағатты болыңыз, аманатқа қиянат қылмаңыз дейді.

«Қызыр ғалисаламның Бақытпен бірінші сұқбаты немесе бақыт қайдан келесің?» туындысында автор ежелгі әдеби нұсқалардан сақталған сөйлестіру, диалог үлгісін қолданысқа қосқан. Берекесіз адамнан, мақтаншақтан, кесапат сөзшеңнен, өтірікші, бәлекөр келіннен, бетсіз ұлдан, сойқанды үйден, жауыздық жайлаған масқара елден, дінге құлақ аспаған азғындықтан, шариғат сәтін тыңдамас, молла сөзін аңдамас бәледен, қария сыйламас кесірден, ораза, намазы жоқтан көрші сыйламаған сұмнан қашып келемін деп жауап береді Бақыт Қырызғысы қайдан келесің? деген сұрағына.

«Бақыт қайда барасың?» ұйымшыл, тату жанға, көргенді ойға, берекелі үйге, әдепті үйге, ұлы, қызы есейген келінді үйге, о дүниені ойлаған Аллалы үйге, діннің жолы қорғаны болған үйге, құраны тұрған тәртіпті үйге, ұйымшыл елге, көңіліне аят тоқыған ниетті елге, намазға қатар отырған, тарауығын оқығанға, сәресі ішетіндерге, балалы үйге, келін-қызы ибалы үйге, ынтымақты үйге, бейбіт елге барамын дейді.

Қабан жыраудың «Қарынбай қиссасы» дін негіздер жырлау бағытында шығарылған. Нәзирагөйлікпен XIX ғасырда кең тараған дін қиссалары туралы мәлімет мол сақталғанымен Қабан жыраудың бұл туындысы XVIII ғасырдан жеткендігімен маңызды.

Жырау мұрасында бәйіт өлеңдердің болуы да оның мұсылмандық бағыттағы сауатты шығармашылық тұлға екендігінен хабар береді. «Кетесің оқымасаң жолдан тайып» атты бәйіт өлеңінде ақын намазды күту, бес уақыт намаз парыз екендігін әр намаздың қасиетіне арнайы кідіріп отырып баяндап келіп, замана күйіне ойысады. Заман қалпын барлап, бағалайды.

Билері бұл заманның алман-жалман,
Жақсылар беш тиынға көзін салған.
... Жарандар, біреуің бай, біреуің бек,

Бәріңнің мойыныңда шайтаның көп.
Момынның зар жылатын малын жейсіз,
Білмейсің иманыңмен төлеріңді.
Бірің жарлы қарасаң, біреуің бай,
Дауда көп ел болған соң
Жүрмейді жай.
Ақты қара қылады зәлім билер,
Қойнына тыға салсаң бір қағаз шай.
Қорықсаң ақіреттен жеме пара.

Қабан жырау адамның бұзылуы әзәзілден екенін, Хәзәзілдің әуелде барша жанға имам болғаны, көңіліне асылық қонып тәкәббарлық ісіне шайтан болғанын ғибрат етеді. «Әрқащан білгенімді салдым хатқа», - деуіне қарағанда ақын шығармашылығында жазба дәстүрді ұстанған. Ал әдеби мұрасының ауыздан-ауызға айтушы арқылы тарап, ел жадында сақталып отыруы – авторлық ауызша әдебиетке тән ерекшеліктің бірі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Авторлық ауызша әдебиет тек ауызша туып, ауызша таралып, сақталған, кейіндеп барып хатқа түскендігінде ғана авторлық ауызша әдебиет болып танылмаған, жазба туындының да айтушылар арқылы таралып отыруы айтушы тарапынан өзгерістер енгізілуі және ауызша жетуі авторлық ауызша әдебиет нұсқаларына қосатын сияқты. Яғни, жазба түрде шығарылғанымен де ол туынды авторлық ауызша әдебиет дәстүрінде, желілері, сарындары бойынша да, өлең өлшемі, түрі, үлгісі мәнінде де авторлық ауызша әдебиеттің өтінді формаларында шығарылады.

Қабан ақын айтыпты деген табан астында жағдайға қарай тоқтам жасайтын шешендік сөз үлгілері жер жайына, ел жайына қатысты болжам сөздер де біршама сақталып жеткен.

Қаблиса – Қабан ақынның тілі кестелі, қанық. Құбылмалы өмір сәттері, адамның айнымалы көңіл-күй әсерлері, әшекей тұспалсыз, келген сөздермен келісіп, кеңістік ашуы - Қабан ақынның даралық қалпын ашатын айрықшалық белгілері.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 15-том. – Алматы, «Жазушы», 1984. – 328 б.
Áýezov M. Jıyrma tomdyq shyǵarmalar jınaǵy. 15-tom. – Almaty, «Jazýshy», 1984. – 328 b.
2 Мұқанов С. Қазақтың XYIII-XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер, 2-басылуы. – Алматы: «Арыс», 2002. – 272 б.
Muqanov S. Qazaqtyń HÚIII-HIH ǵasyrdaǵy ádebıetiniń tarıhynan ocherkter, 2-basylýy. – Almaty: «Arys», 2002. – 272 b.
3 Қабан жырау. Бал бастау (жыр-толғау, терме, қисса, бәйіт, айтыстар және даналық-шешендік сөздер мен аңыз-әңгімелер). – Талдықорған, 1993.
Qaban jyraý. Bal bastaý (jyr-tolǵaý, terme, qıssa, báıit, aıtystar jáne danalyq-sheshendik sózder men ańyz-áńgimeler). – Taldyqorǵan, 1993.

Материал 30.11.2020 баспаға түсті

REFERENCES

1 Auezov M. Collection of works in twenty volumes. Volume 15. - Almaty, "Writer", 1984. – 328 p.
2 Mukanov S. Essays on the history of kazakh literature of the XVIII-XIX centuries, 2nd edition. – Almaty: "Arys", 2002. – 272 p.

3 Kaban Zhyrau. Bal bastau (zhyr-tolgau, terme, kissa, bayit, aitys and wise oratorical words and legends). – Taldykorgan, 1993.

Экзегетическая традиция в произведениях Кабана жырау

Э.С. Сейсенбиева[1], Б.С. Бегманова[1], Қ.Қ. Мәдібаева[1]
[1]Казахский национальный женский педагогический университет, г. Алматы, 050000, Республика Казахстан

В статье рассматриваются произведения Кабана жырау и основы религиозного наследия в литературе, некоторые специальные исследовательские работы в контексте экзегетической традиции. Произведения казахской литературы, направленные на пропаганду основ религии, на протяжении многих лет не были вовлечены в научный оборот. Идеологические принципы оказали значительное влияние на изучение данной проблемы. Исламские мотивы в литературном наследии не были четко сформулированы в силу специфики времени. Поэтому встречались и текстологические отклонения. В качестве примера можно привести произведения Кабана жырау. Творчество таких личностей, как Кабан, не получило широкого распространения. Сегодня на пути к самообразованию народа религиозные произведения показывают путь к духовному наполнению. Темы, которые не были изучены, стали изучаться комплексно. В статье анализируются произведения Кабана жырау, известного представителя литературы XYIII века, рассказывается о формах распространения, сохранения устной литературы.

Материал поступил в редакцию журнала 30.11.2020

Religious traditionin works of Kaban zhyrau

E.S. Seysenbieva[1], B.S. Begmanova[1], K.K. Madibayeva[1]
[1]Kazakh national women's teacher training university, Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan

The article discusses the works of Kaban zhyrau and the foundations of religious heritage in the literary heritage, some special research works in the context of the religious tradition. When studying the history of Kazakh literature, works aimed at promoting the foundations of religious heritage in the literary heritage for many years were rudely condemned, and a significant direction in the artistic sphere was not really involved in scientific circulation. Ideological principles have had a significant impact on the study of the problem.

Islamic motifs in the literary heritage were not clearly expressed by the specifics of the time. For this reason, there were also textual deviations: namely: the exchange of words with other words. The divergence of writing research on the subject of religion prevented these topics from entering scientific circulation. As an example, we can cite the works of the Kaban zhyrau. Therefore, the creativity of such people as the boar did not spread on a wide scale. Today, on the way to self-formation of the people, Religious Works show the way to spiritual maturity. Topics that had not been studied before were studied and discussed in a complex way. In the course of studying the oral heritage, the peculiarities of pronunciation of the foundations of spiritual enrichment and morality on religious topics are revealed. The article analyzes the works of Kaban zhyrau, a well-known representative of the XVIII century, tells about the forms of distribution and preservation of oral literature. In the study of oral literary heritage, the importance of the concepts of Hadith and the path of truth in the study of oral literary heritage is studied.

Received: 30.11.2020

ҒТАМР 17.82.30

Э.С. Сейсенбиева[1], Б.С. Бегманова[2], Қ.Қ. Мәдібаева[3]
[1]PhD, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0002-9135-6752. E-mail: elka1975@inbox.ru
[2] ф.ғ.к., қауым. профессор м.а., Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0002-9135-6752
[3]ф.ғ.д., профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0002-9135-6752

Ш.ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ ДІНИ-АҒАРТУШЫЛЫҚ ҰСТАНЫМДАРЫ

Мақалада Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығы мен діни-ағартушылық ұстанымдары туралы айтылады. Қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуде әдеби мұрадағы дін негіздерін насихаттау, түсіндіру бағытындағы шығармалар ұзақ жылдар бойы қисынсыз айыпталып, көркемдік өрістегі елеулі бағыт мәнінде ғылыми айналымға тартылмай келеді. Мәселені түбегейлі зерделеуге кезеңдік саяси-идеологиялық ұстанымдар елеулі ықпал етті.

Ш.Құдайбердіұлының діни-ағартушылық ұстанымдары аз зерттелген тақырып. Ақынның діни-ағартушылық көзқарастарын түрлі жанрдағы шығармаларынан байқауға болады. Ағартушылық бағыт ақынның көп шығармаларында басым. Ақынның өмірлік кредосы да – адалдық, ынсап, ұждан. Бұл туралы философиялық трактаты «Үш анықта» да айтылады.

Мақалада ақынның өзіндік ұстанымдары дастандары желісі негізінде зерттеліп, баяндалады. Ақын дастандары сюжеттік желілері басқа шығыстық дастан үлгілері сюжеттерімен салыстырыла талданады. Ақын дастандары зерттелу тарихын зерттей отырып, мақала авторлары зерттеулерінде ғашықтық, махаббат ұғымдарының берілу ерекшеліктері мен мағынасын терең талдауға тырысқан.

Шәкәрім поэзиясындағы Алланың құдіретін мойындаудағы адамды жақсы көрудің поэтикалық үлгілерін мысал ретінде ала отырып, ақын дүниетанымындағы қайшылықтар қақтығысын, түлеу, үдеу үдерісін жан-жақты зерттеп көрсетеді. Шәкәрім шығармалары арқылы авторлар XX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі тақырыптық-түр жаңалығының пайда болуына тұжырым жасайды.

Кілт сөздер: дастан, Құран желілері, назира жанры, мінәжат, діни уағыз, сопылық поэзия.

КІРІСПЕ

Білім, білігі озық ойшыл Шәкәрім поэзиясының алдырмай келе жатқан асу, асыл өзегінің бір бағыты – ақынның діни-ағартушылық ұстанымдағы туындылары.

Қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуде әдеби шығармашылықтың түпнегізі жатқан діни ислам-сенім, дүниені тану, болжау аңсарларының қаншалықты қағаберіс қалғандығы күні бүгінге шейін «Жүсіп-Злиха», «Ләйлі-Мәжнүн» сынды бастауын ежелгі дүниеден алатын мұсылмандық-сопылық әдебиет туындыларын ғашықтық, махаббат жайлы дастандар деп келе жатқандығымызды көрсетеді.

Шәкәрімнің дастан бастауында «Мәжнүннің Ләйліменен сыры қиын, Еш адам байыбына бара алмайды», – деуінде қандай сыр бар?

Физулидің тәтті жырын айтуға тіл жетпейді деп отырып, Мәжнүннің атын білгенімен, жайын білмейтін қазаққа ұқтырайын дейді.

Заманның озып туған, діни ілімді болмысына барынша ынтығып, иланып дарытқан Шәкәрімнің Құдайбердіұлының жалпы дүниетанымдық бағытын, діншілдік тұғырын назарда

ұстап отырып қана ой-тоқтамдар айтуға болатын шығармасының бірі – «Ләйлі-Мәжнүн».

«Ләйлі-Мәжнүн» – әлем әдебиетінде «ғашықтық дастан» атауымен алға шыққан жырдың бірі, тіпті, бірегейі. «Жүсіп-Зылиха» да солай. Негізінен, XIX ғасырдағы қазақ сөз өнерінің даму бағыттарында шығармашылық ықпалы мол болған, ортағасырлық түрік әлеміндегі нәзира дәстүрінің қанағаттанған әдебиетінің ежелгі бастауын – ежелгі дәстүрлерінің діни ұғым, ұстанымдарымен тамырласқан қисса өлең саласы туралы басып ашып алатын бір көркемдік проблемасы осы «ғашықтық» ұғымымен сабақтас.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Шәкәрім осы туындысында бар құбылыстың бастауында тұрған құдірет туралы отыз жерде еске салып өтеді.

Жылай берген сәбидің уануын
Баланы даяшы қыз алып жүрді,
Артынан ата-анасы қарап тұрды.
Көтерген бір баланы даяшыға
Құдайым әлгі қызды жолықтырды.
...Баласы оның-дағы жылайды екен,
Көтеріп уатқаны ұнайды екен.
Балалар жылағанын қоя қойды.

Әрбір әдеби туындының жазылу тарихы бар. Дәстүрі бар. Жаңа бағыты бар. Осы тұрғыдан шығармашылық мұрасын кейінгі кезеңде ғана жан-жақты зерттеу мүмкіндігі туған. Шәкәрім қажы Құдайбергенұлының қазақ әдебиеті тарихындағы нәзира дәстүрінде жырланып, төл эпикалық дастаншылдық мұраның көркемдік әлеуетіне қазіргі шейін дендеп қарастырылмай келе жатқан діни ағартушылық бағыттағы мазмұн дарытқан «Ләйлі-Мәжнүн» дастанының көркемдік құнары, оқиғалық, құрылымдық, тақырыптық арқауы шәкәрімтануда ұдайы назарда болып келеді.

Шығыс әдебиетін зерттеушілер бір ауыздан «ғашықтық» деп жүйелеген дастандар табиғатындағы дін жұмбағы туралы арнайы ой қозғайтын уақыт әлде қашан жетті.

Алма Қыраубайқызының «Мен сорлы жоққа ғашық болып өттім» атты зерттеуінде (тақырып Шәкәрімнің өлең жолынан қойылған) «Ләйлі-Мәжнүн» мазмұндық желісін әдеби мұраның дәстүрлі арна-арқауларымен ашу бағытын ұстанған. Шағын зерттеуде дастанның көркемдік табиғатын сіңіруде септігі тиетін елеулі тоқтам, болжамдар бар.

Алма Қыраубайқызының Шәкәрім дастанына қатысты сөз басында оның ақындық мұраты тұрғысында негізгі салмақты ақынның Мәжнүн барға ғашық еді, мен сорлы жоққа ғашық болдым деген ойына сала сөйлейді.

Шәкәрімнің ежелгі Шығыс дәстүріне арқа сүйеуі, дастан соңындағы өз жанына қосқан арнау сөзі туралы А.Қыраубайқызының мән бере тоқтауы ақын шығармашылығындағы қанатын жайған асыл мұраттың дәстүрін дамытып, мән байытқан айырықша сипаттарды аша түсуімен бағалы.

А. Қыраубайқызының Шәкәрімнің ежелгі Шығыс үлгісіндегі ғашықтық дастан жазуы осы бағыттағы дәстүрлі тәрбиелік негізде деп тоқталуы ізгілік, адамгершілік қағидалардың діни арқаулары ғашықтық, сүйіспеншілік әңгімесінің тасасында айтылмай келгендігі тұрғысында ой қозғауды қажетсінеді.

А. Қыраубайқызы Шәкәрімнің ел мінезін дүзеу бағытында ежелгі дәстүрлі арналар қайырылып отыруында нәзираның нәзирашыл ақындардың арабша, парсыша, шағатайша дастандардың соңында өз жанынан өлең қосу мүмкіндігін ұтымды пайдаланғанына зер салады.

«Шәкәрімнің дастан соңында авторлық сөзі де ежелгі әдебиетіміздің осы дәстүрін сақтай жазылған».

Шәкәрімнің ғашық болған жоғы – махаббат, ғаділет, таза жүрек, бостандық, терең ғылым. «Ләйлі-Мәжнүнді» Шәкәрім нендей себептен жазғандығы арғы-бергінің рухани

дүниесіне жетік ақынның шығармашылық зертханасындағы әлі де бүккен сыры көп бағыттарымен сабақтасып жатқандығы даусыз.

Қазақ әдебиетінің тарихындағы дастаншылдық дәстүр, қисса баяндардың бастауын дін негіздерінен алғандығы тұрғысында осыған шейін сақтық танытып келуіміз бар, тұтас қамтып аңғарудағы тарихи-көркемдік негіздердің тапшылығы бар – әйтеуір толып жатқан себептерден Алланың барлығын, бірлігін ақпақұлақ азаматқа айту мұратымен кең жайылған әдеби шығармашылықтың түпкі мәні ұдайы қағаберістеу қалып отырғандықтан да Жүсіп пен Злиха, Ләйлі мен Мәжнүн туралы – Хақтың құдіреті туралы баяндар ұдайы ғашық, махаббат тақырыбындағы дастаншылдық туын ұстап, көшін бастаумен келеді.

Қырық жыл ғашық болып, жасамаған айласы, қолданбаған амалы қалмаған пұтқа табынушы әйел Злиха намазға жығылған күні Алла тілегін беріп Жүсіптің жүзі жылынған.

Дүниеге келмей тұрып-ақ Алланың қалауымен біріне бірі ынтызар болған Ләйлі мен Мәжнүн хикаясында жарылқаушы Жаратқан алланың меккеге Қайыстың «бұ дүниеде қоспасаң да о дүниеде қос» деген тілеуін бергеніне аласапыран уақыттарда, дін маңызы жүректен лақтырылып тасталғанда, ентелеп, екпендеп жасампаздық өз қолымызда деп кетіп бара жатқан замандарда мән беретін кім бар.

«Мұның өзі: «Адам құдайдың құдіретін танытып, оны сүю арқылы махаббаты біледі. Сүйіспеншілік әр нәрсенің себебі Құдай» дейтін орта ғасыр әдебиетінде айтылатын ойлардан шыққан».

Шығыстық, мұсылмандық арғыбастаулар дегенге зерек, сергек, озық ойлы Рахманқұл Бердібай: «Ал ақынның дастаншылдық тараптағы ізденістері жөнінде, белгілі дәрежеде қорытып пікір айтуға мүмкіндігі мол. Біздің ойымызша, Шәкәрім Абай дәстүрінің барлық тақырыптар мен формалар бойынша дамытқан, әсіресе, дастан жанрының ерекше табысқа жеткен. Бұл оның әдебиетінің реалистік қуатын арттырудағы басты табыстарының бірі деп саналуға лайық. Тіпті ол дастаншылдық өзіне дейін үлгілерінің туындылар жасаған», – дейді.

Осында ғалым Шәкәрімнің дастаншылдықта Абай дастандарындағы діни маңызды жаңа мазмұнмен шалқыта айқындап жылағаны да меңзелген деген ой келеді. Абай «Ескендірде» де «Масғұтта» да, «Әзімнің әңгімесінде» де дін жолындағы күрес, Алланың құдіретті бағытын ұстанғандығы айқын.

Абай жырлаған дастандарда жарты әлемді табанға таптаған Ескендірге Құдайға бастайтын қақпа ашылмайды. «Масғұт» поэмасын Абай барша мұсылман, пайғамбар үмбетінің үрдісімен Алла атымен бастайды.

«Әзім әңгімесіндегі» алтын жасайтын шал Әзімді кекемен алып бара жатып өз жайынан айтатын әңгіме – шығарманың өзегі. Абай «Мың бір түннен» осы хикаяны алып, өлеңмен баян етіп біреуінде мұсылманшылықтың, діни ұстанымның, сонау арғы замандардан үзілмей жалғасып келе жатқан дін жолындағы жанкешті күрестің жайын жеткізуді көздеп отырғандай.

Бұл дүниені бізге берді тағат қыл деп,
Хақ зікірін дәйім айтып, рахат қыл деп,
Зікірін айтып, шайтан үйін қырат деп,
Қайрат қылсаң «файз уа футух» алармын ба? (Қ.А. Йассауи).

Қазақ дастаншылдығының жаңа бағыттары айқын көркемдік негізде даму арнасын ашқан XX ғасыр басындағы әдеби үрдіс Шәкәрімнің «Еңілік-Кебек», «Қалқаман-Мамыр», «Нартайлақ пен Айсұлу», «Ләйлі–Мәжнүн» туындылары, осындағы көркемдеу қисындары бағыттарында әдебиет тарихын зерттеудің кейінгі кезеңдегі мүмкіндіктері молыға түсіп отыр.

Шәкәрім дастандарындағы жанр талаптарындағы жан-жақтылық туралы адам образдарын, суреттеу, бейнелеу тәсілдерін, құрылымдық кемелдік., т.б. көркемдік негіздерде шәкәрімтануда алымды айқындамалар бар. Осында шет жағалап қана сөз қозғауды қанағат етіп жүрген бір мәселе бар. Бұл – Шәкәрім шығармашылығының асыл өзегі болған діннің, дүниетанымдық ұстаным бағытындағы әңгіме.

Құран сүрелері желісінде бірнеше шығарма, «Мұсылмандықтың шарты» еңбегін, «Үш анық» дүниетанымдық толғамын жазған Шәкәрімнің поэмаларында исламдық ұстанымдар

мақсатты түрде баяндалады.

«Еңілік-Кебек», «Қалқаман-Мамыр», «Ләйлі-Мәжнүн» дастандарындағы автордың исламдық ілім негіздерін арқау ету мақсаты айқын.

ХХ ғасыр басында Алаш зиялылары көп қозғаған мүфтилік мәселесінде әйелдің шариғат бекіткен бас бостандық құқының жайы Шәкәрім шығармаларында көркемдік өріске шықты.

Әйел теңдігі мәселесі бүтін бір ұрпақтың санасында кеңестік жүйемен келген артықшылық болып ұғынылып еді. Шариғат бойынша ері өлген әйел белгілі бір мерзімнен (4 ай) кейін ендігі тағдырын өз қалауымен шешуге ерікті еткен. Әмеңгерлік исламда жоқ. Түпкі мүдде малқостықпен сабақтасқан әдет заңдарынан әйелді қорғау әдеби шығармада қызу, жедел, жан-жақты қозғала бастайды.

ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі әйел теңдігі тақырыбы кеңестік жүйе тарихқа келмес бұрын басталған болатын. Шәкәрімнің поэмаларындағы әйелдің бас бостандығы мәселесі дін, шариғаттың негізгі ұстанымдары арқауында өрбитіндігі айқын көрінеді.

Автор қазақ ғұрпында, ата салтының желеуімен адам құқын шектейтін әдет заңдарын арнайы, ел өміріндегі адам тағдырлары арқауында «Жолсыз жаза» деп ат қойып, айыптайды. Арғыда бір атадан тарайтын Қалқаман мен Мамырдың ғашықтық тағдырын ертегідей емес, нақтылы, адам сезімдерінің шынайы әсерлену құбылыстары арқылы баяндайтын автор екі жастың Мамырға құда түсуге келетінін естіген сәт Қалқаманның аузына мынадай сөз салады.

Ей, Мамыр, бұл іс оңай, алдамасаң.
Зорлық жоқ өзің сүйіп таңдамасаң.
«Ер жеткен қыз еркімен ерге тиер»-
Молдалардан есіттім әлдеқашан.
Мамыр-ау, мені сүйсең, кетпе жатқа,
Құдағай хақ, ісім жөн шариғатқа
Басы бабаң, аяғы шала молда,
Бәріне анық оқыған жаманатқа

1917 жылы Орынборда өткен жалпы қазақ съезінде күн тәртібіне қойылған 10 мәселенің біреуі әйел мәселесі болып, сәйкес қаулы алынған. Әйелдің күйеуге тиюде еркі өзінде болсын, қалың мал, әмеңгерлік болмасын деген т.б. әйел еркіндігіне қатысты мәселелер қаулыға кірген.

Шариғат жолымен әйел теңдігін көтеру бастамасында көпке ой тастаумен, кейінде қазақ қолымен саяси, рухани күрес жолына шыққан ұлт қайраткерлерінің қаламгерлік бағыттарындағы «Бақытсыз Жамал», «Шұғаның белгісі», «Мұңлы Мәриям», «Қалың мал», «Қамар сұлу», «Адасқан өмір» т.б. ондаған туындыларға өріс ашқан «Еңілік-Кебек», «Қалқаман-Мамыр», «Нартайлақ пен Айсұлу», «Әділ-Мәрияны» жазған Шәкәрім қажы Құдайбердіұлы – ықпалды шығармашылық тұлға.

Әлихан Бөкейханұлының 1915 жылы Шәкәрімнің «Қалқаман-Мамыры» жайлы «Қазақ» газетінде басылған мақаласы да осы тұрғыда бірталай қисынға меңзейтіні көрінеді. Осы мақалада Шәкәрімнің сезім оты шарпыған ессіз екі жастың аузына «шариғат» сөзін салғанын Әлихан Бөкейханұлы шығарманың көркемдігі, шынайылығындағы кемшілік деп мінеп сөйлейді.

Мұны Шәкәрімнен: «Көп сұрап жаздым (көркемдік тұрғысында зор талап қойып – Қ.М., А.А.)» - деп отырып, шариғатқа қатысты тұстарға мән беріп тоқталады.

Мамырдың: «Әке берсе, қыз болмас кімге қатын», - дегені рас, ал Қалқаман:

Ай, Мамыр, бұл іс оңдай алдамасаң
Зорлық жоқ өзің сүйіп, таңдамасаң.
Ержеткен қыз еркімен ерге тиер,
Молдалардан есіттім әлдеқашан, -
деп айтқан жоқ дейді.

«Қазақ қызына 190 жыл бұрын түгіл осы күні еркімен ерге тию болған жоқ. Шариғатта

бұл болғанымен мұны ол уақыт сөйлеген жоқ. Бұл ақынның Қалқаманмен өтірік айтып, рәсімнің ыңғайына жайылатын молдаға жапқан жаласы» [1, 187].

Шәкәрім Құдайбердіұлы дін-ислам жолын тереңнен қозғап, мақсатты түрде, Мекке, қажылық сапардан кейін, 1907 жылы нәзира дәстүрімен Физули желісіне «Ләйлі-Мәжнүн» дастанын жырлады.

Қазақ әдебиеттану ғылымындағы сопылық әдебиетке қатысты зерттеулерге зер салсақ, нәзираның түп негізінде Алланың пәктігін жырлау – зікір салу, түсінікке түсінік беру тұрғысында ой туады.

«Ләйл-Мәжнүнде» Алланың қалауымен болған істер мән бере айтылады. Алланың құдіретін дәріптеуде қайталау – орныққан бағыт. Бұл бағытта тұтас шығарма да қайталана береді, шығарма ішінде Алланың қалауымен болған құбылыстар да айтыла береді. Мас болу, өртену мотиві сопылық әдебиеттің көркемдеу тәсілдері есебінде айқындалған.

«Шәкәрім Құдайбердіұлы» – қазақ әдебиетінде атақты Қожа Ахмет Йассауи жолын қуып, сопылық мәнде пәлсапалық өлеңдер жазған және де сопылық поэзия элементтерін біліп қолданған бірден-бір ақын», – дейді шығыстанушы, йасауитанушы ғалым Ақбота Ахметбек.

Сопылық поэзия өкілі Хафизден аударған өлеңдерінде Шәкәрім шарап құюшыны «Қымызшы» деп атаған. «Ләйлі-Мәжнүн» бағытында қаза әдебиеттанушылары ішінде ең алғаш Ақбота Ахметбек мынадай батыл байламдар жасады. «Аталған дастан парсы үлгісінде сопылық мәні әбден айқындалып, бүкіл Шығыс елдерінде Мәжнүн "Ғашық сопы" символы болса, ләйлі «Хақ» символы ретінде жырлану дәстүрі кең танымал еді».

Нәзираның дін негіздерін ұғындыру бағытындағы бірте-бірте кең орнығып, бағзы замандарда поэзияның өзі Алланың құдіретін жеткізу миссиясынан өріс алып жайылғанындай әдеби шығармашылық дәстүр мәні бел алғандығы бағытында иланымды зерттеу жасаған ғалым «Ләйлі-Мәжнүн» дастанындағы сопылық негіздерді тарқата түскен.

«Мәжнүн мен Ләйлә махаббаты ерекше, яғни аллаһи екенін көрсету үшін сопылық үнемі соған меңзейтін детальдарды кіргізіп отырады: екі баланың бір-бірін жылап іздеуі – махаббаттың әлімсақтан келе жатқанын көрсетсе, екеуінің физикалық жақындасуынан от шығу, жалын ату сияқты көріністер махаббатың бұл дүниелік емес екеніне үлкен ишара деп білеміз».

Баласы оның-дағы жылайды екен,
Көтеріп уатқаны ұнайды екен.
Балалар жылағанын қоя қойды,
Себебі әр нәрсенің Құдайда екен.
... Іс болды таңқаларлық мұның өзі,
Мінеки сондағы айтқан кемпір сөзі.
«Жан берген қара тасқа, құдайым-ай!»
Жетеді қасіретіңе кімнің көзі!

Қайысқа тас емшегі жібіген кемпір Ләйліні емізе алмайды.

Бұл кемпір ұрғашыдан туған зерек,
Кісі екен оқымысты жөні бөлек.
Екеуін бір емшектен емізбеске
Алланың бір хикметі болса керек.

Шәкәрім Құдайбердіұлының ақындық бағытында сопылыққа ден қойған астарлы, аңсарлы шығармасы «Ләйлі-Мәжнүн» жазу мақсұты бес жоғын іздеумен бірге, дүниетанымдық бағытын байытқан сопылық-исламдық арқауды бекіту, поэтикалық арнада тұғырлау болғандығы анық. «Мәжнүннің шын жайын түсіндіремін деп аудардым» дегені осыған меңзейді.

А. Ахметбек, Н. Пригаринаның, Е.Э. Бертельстің пікіріне сүйене отырып сопылық поэзияның мәні ең басынан-ақ түсіндірме факторына негізделетінін көрсеткендігі туралы да ой қозғаған.

Шәкәрім Құдайбердіұлының әдеби мұрасын, ойшылдық, дүниетаным бағдарларын

зерттеушілер әрдайым оның шығармашылындағы діни бағыт, сопылық поэзия нышандарына зер салады.

Қазақ елінде діни-ағартушылық кең жайылған тарихи бір кезеңде өміртанымы қалыптасқан, Құнанабай қажының мектеп-медресе көрген ұрпағы, дүниені ой көзімен барлаған Абай ақынның қандас, рухани інісі Шәкәрім қажының мұсылманшылық тұтқасын айқындау ілімі тұрғысында әлі де айтылуы тиіс, әсіресе XX ғасыр басындағы қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік қал-күйінің ерекшеліктерін ескере сабақтастырып ой түюді қажет ететін күрделі факторлар бар.

Шәкәрім поэзиясындағы Алланың құдіретін мойындау бақытымен астасып жатқан адамсүйгіш аңсарлардың поэтикалық түзіліміндегі әр тарапты үлгілер ақын дүниетанымындағы қайшылықтар қақтығысын, түлеу, үдеу үдерісін хабарлайды. Заманы жүз құбылған Шәкәрім ойшыл тау ішіне оңаша кеткенімен, құты қашқан әңкі-тәңкі уақиғаның мың-сан қасіретінен оқшаулана алған жоқ.

Ақынның адамды жан рахатына бөктіретін таза нұрға жан ұшырып ынтыға жазылған, ұлы мәнді басқаға ұғындыру бағытындағы өлеңдері бар.

Тауық неге шақырар сағат сайын?
Дей ме уақыт өткенін ұқтырмайын.
Кейде зарлы дауыспен ит ұлиды
Білемісің, қылып тұр нені уайым?
...Олар деп тұр – ойға алып бір құдайым, –
Зор құдіретін әлемге ұқтырайын.
Құлшылық, намазы мен иманы сол, –
Күнде бір, айында бір, сағат сайын

Бұл дүниенің ауыр бейнеттерінің арты қайыр болатынын жұбаныш етіп те тыншитын сияқты. Ақыр замандық нышандары тым басым заманының ахуалынан да баз кешіп кете алмайды, өз уақытының пенделік күйлерін де күйлеген торығу толғамдарын жазады.

Шәкәрім шығармашылығы әр тарап жанрлық өріс, астар мен аңсар алдағы күндерде де озық көркемдік таным, талап ауқымында зерттеле бермек.

Ақын бірқанша туындысын Йасауидің өлең өрнегінде жазады.

Әуелі сопыны сойды,
Жүрегін алдына қойды.
Көріп ем талай тойды,
Дедім мен – «астапыралда!»
«...»
«Құран», «Інжіл» қылып қақпан,
Адам аулап сойып жатқан.
Шапанымен қанын жапқан...
Дедім мен – «астапыралда!» («Қырық жылдан өтіп жасым»).

Соңғы тармақ 18 шумақта қолданылған.

Құранға жүгініп тәлім айтудың жалпы адамзаттық дәстүрі поэтикалық арқауларын қилы көркем тәсілмен сәулелендіріп отыратын Шәкәрім тіл қолданыста тосын, қашалған тастай қиюлы тіркестер туғызады. Таптырмас аллюзиялар жасайды. *Адам аулау, ой көму, шалғаншы ой, жүректің ақ нұры, мойны сынбаған көңіл* сынды тіркестер Абайдың сөзжасамдағы озық өнегесі дәстүрін де арқаланады.

Шәкәрім Құдайбердіұлы 1912 жылы Семейде «Жәрдем» баспасында жарық көреген «Еңілік-Кебектің» кіріспесінде берген қысқаша түсініктің мәні елеулі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Шәкәрім Құдайбердіұлының діни-ағартушылық бағыттағы ойшылдық дүниетанымы рухани-эстетикалық тұғыр тапқан әдеби мұрасы – келешек кешенді зерттеулердің игілігі.

Шәкәрім Құдайбердіұлы қажылық сапарынан соң өндіре жазып, мұсылманшылықтың

Ақиқатқа ынтық негіздері ұстанымдары тұрғысында қазақ поэзиясының тарихындағы әрі соны әрі ежелгі көркемдік мақамында дәстүрлі ағыстармен бойлай отырып жаңа жағалауларға беттеген поэтикалық өріс ашты.

XIX ғасыр әдебиетіндегі экзегетикалық дәстүр бағытында жекелеген шығармашылық тұлғалара мұрасы бойынша арнайы зерттеу жасауда төмендегідей нақтылы тоқтамдар жасалды:

Қазақ әдебиеті тарихындағы, соның ішінде XIX ғасыр әдебиетіндегі діни-ағартушылық мұраттар ежелгі исламдық ағартушылық, Құран желілері, шығыстық дін қиссалары, сопылық поэзия бағыттары мен сабақтастықта өрістеген көркемдік ағымды түзді.

XIX ғасырдағы діни-ағартушылық, зар заман ақындары шығармашылығы белгілі бір тарихи алғышарттар ауқымында, көркемдік дәстүр сабақтастығында рухани айналымға ұласты.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 15-том. – Алматы: Жазушы, 1984.– 328 б.
Áýezov M. Jıyrma tomdyq shyǵarmalar jınaǵy. 15-tom. – Almaty: Jazýshy, 1984. –328 b.
2 Сәтпаева Ш. Шәкәрім Құдайбердіұлы. – Алматы: Рауан, 1991. – 48 б.
Sátpaeva Sh. Shákárim Qudaıberdiuly. – Almaty: Raýan, 1991. – 48 b.
3 Құдайбердіұлы Ш. Жол табалық ақылмен. Шығармаларының бір томдық жинағы. – Жидебай, 2006.
Qudaıberdiuly Sh. Jol tabalyq aqylmen. Shyǵarmalarynyń bir tomdyq jınaǵy. – Jıdebaı, 2006.

Материал 30.11.2020 баспаға түсті

REFERENCES

1 Auezov M. Collection of works in twenty volumes. Volume 15. – Almaty: Writer, 1984. – 328 p.
2 Satpayeva Sh. Shakarim Kudayberdiuly. – Almaty: Rauan, 1991. – 48 p.
3 Jol tabalyq aqylmen. A single-volume collection of his works. – Zhidebay, 2006.

Религиозно-образовательные принципы Ш.Кудайбердиева

Э.С. Сейсенбиева[1], Б.С. Бегманова[1], Қ.Қ. Мәдібаева[1]
[1]Казахский национальный женский педагогический университет, г. Алматы, 050000, Республика Казахстан

В статье рассказывается о творчестве Шакарима Кудайбердиева и его религиозно-образовательных принципах. Основы религиозного наследия в литературе на протяжении многих лет осуждались и не исследовались в науке.

Религиозно-просветительские позиции Ш. Кудайбердиева – малоизученная тема. Религиозно-просветительские взгляды поэта можно проследить в произведениях разных жанров. Просветительское направление преобладает во многих его текстах. Жизненное кредо поэта – честность, самоотверженность, коллективность. Об этом говорится в философском трактате «Три определения».

В статье исследуются жизненные позиции поэта в поэмах. Сюжетные линии поэтических дастанов анализируются в сравнении с сюжетами других восточных дастанов. Изучая историю поэтических поэм, авторы статьи в своих исследованиях стремились глубоко проанализировать особенности и смысл передачи понятий «влюбленность», «любовь».

Поэт всесторонне исследует конфликт противоречий в мировоззрении. Через произведения Шакарима авторы делают вывод о возникновении тематико-видовой новизны в казахской литературе XX века.

Материал поступил в редакцию журнала 30.11.2020

Religious and educational principles of S. Kudayberdiula

E.S. Seysenbieva[1], B.S. Begmanova[1], K.K. Madibayeva[1]
[1]Kazakh national women's teacher training university, Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan

The article tells about the work of Shakarim Kudaiberdiev and its religious and educational principles. When studying the history of Kazakh literature, works aimed at promoting the foundations of religious heritage in the literary heritage for many years were rudely condemned, and a significant direction in the artistic sphere was not really involved in scientific circulation. Ideological principles have had a significant impact on the study of the problem.

The religious and educational positions of sh.Kudaiberdiuly are a poorly studied topic. The poet's religious and educational views can be traced in his works of various genres. The educational direction prevails in many of the poet's works. The poet's life credo is honesty, kindness, and self - esteem. This is also mentioned in the philosophical treatise "three definitions".

In the article, the poet's own principles are studied and described on the basis of the epic network. The plot lines of the poet's Dastan are analyzed in comparison with the plots of other Eastern Dastan samples. Studying the history of the study of the poet's saga, the authors of the article in their research tried to analyze in depth the features and meaning of the transmission of the concepts of love, love.

Taking as an example the poetic examples of love for a person in the recognition of the power of Allah in shakarim's poetry, he comprehensively examines the conflict of contradictions in the poet's worldview, the process of rebirth and acceleration. Through the works of shakarim, the authors draw conclusions about the emergence of thematic and genre novelty in the Kazakh literature of the XX century.

Received: 30.11.2020

ӘОК821.512.122

Ж.С. Таласпаева[1], Ж.Ж. Бейсембина[2]
[1]ф.ғ.к., профессор, М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл қ., 150000, Қазақстан Республикасы, 0000-0002-8209-5116. E-mail: talaspaeva@inbox.ru
[2]магистрант, М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл қ., 150000, Қазақстан Республикасы, 0000-0002-0944-8448. E-mail: j.jandoskyzy@mail.ru

Ғ. МҮСІРЕПОВТІҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ ТІЛІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Сөйлеудегі гендерлік ерекшеліктердің көрінісі психологиялық, биологиялық және әлеуметтік ерекшеліктерге сүйену арқылы анықталады.Қоғамдық санада ерлер мен әйелдердің сөйлеу мінез-құлқындағы тұрақталған стереотиптер бар, бірақ олар нақты бір көркем шығарма тілінде анықталып, ғылыми зерттеулермен дәлелденбей отыр.Ғ.Мүсірепов шығармаларындағы әйел тілінің ерекшелігі, сөз қолданыстарындағы айырмашылықтары олардың психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылығына, қоғамдағы рөліне қарай анықталады. «Оянған өлке» романы мен «Тулаған толқында» повесіндегі әйелдердің сөз қолданысындағы лексикалық және ұлттық этикеттің көрінісі мақалада анықталады. Әйелдер әртүрлі тақырыпта өзара қарым-қатынас жасайды, бағалауыштық лексика басым қолданылады. Гендерлік лингвистика тұрғысынан мақалада Ғ.Мүсіреповтің шығармаларындағы әйел тілінің ерекшеліктері бірнеше топқа бөлініп қарастырылады. Әйелдердің сөз қолданысында әртүрлі эмоционалды ситуацияларға байланысты

қолданылатын сөздік қатарлары, лексикалық единицалары, ойын жеткізу мақсатында сөйлем құрау әдісі талданады.

Кілт сөздер: гендерлік лингвистика, қоғам,әйел, психология, эмоционалды лексика, әлеуметтік дәреже, интонация.

КІРІСПЕ

Соңғы онжылдықта қазақ лингвистикасында биоәлеуметтік субъект, мәдени-этикалық бітім, ұлттық-этникалық ерекшелік негізін гендерлік жақтан зерттеу бағыты пайда болды. Адамның табиғи жынысын, оның әлеуметтік «салдарын» ескеретін гендерлік фактор жеке тұлғаның маңызды сипаттамаларының бірі болып табылады. Қазіргі кезеңде екі жынысты зерттейтін нақты гендерлік зерттеулердің болуы, дәлірек айтсақ, жыныстар арасындағы айырмашылықтарды анықтау, талдау әдістері гендердің мәнін ашып тұрады. Гендерлік лингвистиканың негізін қалаған А.В.Кирилина, В.В. Воробьев, Е.В.Митрохина, психология мен әлеуметтану саласында гендер мәселесін қарастырған Ю.Ф.Чуфаровский, Е.П.Ильин, И.С. Кон т.б. ғалымдардың ғылыми еңбектері бүгінгі зерттеу жұмыстарына теориялық тұрғыдан таптырмас ғылыми материал болып табылады. А.В.Кирилина тіл мен жыныстың тілдегі көрінісін лексикон, синтаксистік сөз қолданысынан анықтауға болады дей келіп, әйел мен еркекке қатысты тілдік амалдардың семантикалық таралу деңгейі, тілде жыныс өкілдерінің қалай бағаланатынына тоқталады: «Еркек пен әйелдің сөйлеу әрекеті: тіл бірліктерін (лексикон) таңдаудағы гендерлік ерекшеліктер, қарым-қатынас кезінде жетістікке жету (сарапшы (эксперт) мәртебесін иелену, синтаксистік құрылымдарды таңдаудағы гендерлік басымдықтар) тәсілдері, белгілі бір мақсат-мүддеге жетуді айқындайтын гендерлік қатынастық ерекшеліктер [1, 36-37].

Қазақ тіл білімінде Г.Шоқымның «Гендерлік лингвистика негіздері» оқулығы, Ә.Ахметовтің «Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер», А.Сейсенованың «Лингвистикалық мәдениеттану: этикет формаларын салыстырмалы талдау» еңбектері де осы саланың мән-мазмұнын ашатын еңбектер қатарында орын алады. Гендер қоғамның дәстүрлерін, халықтар мен топтардың ойлау жүйесін психология тұрғысынан қалыптастырған және рәсімделген әлеуметтік-мәдени құрылым болып саналады. Адамның тұлғалық қалыптасуы барысында қоғамда еркекке тән, әйелге тән деп танылған белгілер мен нормаларды қабылдап, соған сәйкес келуін, теңдестірілуін қарастырады. Тілдесу кезінде сөйлеушіні жынысына қарай айырып жіктеу туралы сөз болғанда, адамның биологиялық айырмашылығы емес, оның «мәдени, әлеуметтік бітімін» көрсететін гендер мәселесі негізге алынады. Бұл мақалада Ғ.Мүсіреповтің «Оянған өлке» романы мен «Тулаған толқында» повесіндегі әйел тілін қазақ әйеліне тән қасиет – сыпайылық, ибалылық, үлкенді, ерді сыйлаудағы ұяңдық сынды ерекшеліктер негізінде жүйелі талдауға түседі. Әйел тіліне тән ерекшеліктер мақалада сипаттамалық және семантикалық, этнолингвистикалық талдау әдістерін пайдалану арқылы анықталады. Ғ. Мүсірепов шығармаларын оқи отырып, белгілі бір мәдени кеңістікке, уақытқа сай келетін дәуірдің «тілімен» ұшырасады. Ал бұл «тіл» лингвистикалық мәнділік қана емес, ол сол дәуірге тән ұлттық мәдениет пен өркениеттің формасы. Жазушы шығармаларындағы мәдени мәнділікке ие сөздерді қазақ халқының айнала қоршаған болмыс жайлы ғасырдан-ғасырға білім-тәжірибелерінің жинағы, қоры ретінде арнайы қарастыру аса қажет деп білеміз. Жұмыста қарастырылған лингвомәдени бірліктер арқылы бұл кеңістіктің ерекше құрылым мен аса терең мағыналық мазмұнға ие екенін, мәдениеттің күрделілігі жағынан басқа өркениет түрлерінен қалыспайтынын көрсету тақырыптың өзектілігін айқындайды.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Тілдегі гендерлік ерекшеліктер психология мен тіл білімінің ортақ зерттеу объектісі ретінде қарастырылады. Тіл білімінде лексикалық, грамматикалық ерекшеліктер түрінде

зерттелінсе, тіл – қарым-қатынас жасаудың негізгі амалы ретінде психологияда зерттеу объектісіне айналады.

Жалпы алғанда, гендерлік лингвистиканың зерттеу нысанына төмендегі бағыттар жатады:

1) тілдегі гендердің көрінісі: синтаксис, лексикон, номинативті жүйе, тектің санаты және ұқсас объектілердің саны. Бұл тәсіл оның ер және әйел жынысты адамдардың тілінде қалай көрінетінін, оларға қандай бағалаулар берілетінін және қандай семантикалық салаларда ең көп кездесетінін, осы процестің негізінде қандай тілдік механизмдер бар екенін сипаттауға және түсіндіруге тырысады.

2) сөйлеу және жалпы мінез-құлық, ерлер мен әйелдердің қарым-қатынасы зерттеледі, гендер қандай құралдардың көмегімен және қандай контексте құрылуда, әлеуметтік факторлар мен коммуникативті қоршаған орта (мысалы, интернет) осы процеске қалай әсер етеді. Бұл салада әлеуметтік-мәдени детерминизм теориясы мен биодетерминизм теориясы бүгінгі күнге дейін бәсекелеседі деген мәселе қарастырылады [1, 51-58].

Құрылымы үш деңгейден тұрады: 1) ауызша-семантикалық, ол қарапайым адамның табиғи тілді меңгеруін және зерттеуші үшін белгілі бір мағыналарды білдірудің ресми формасының дәстүрлі сипаттамасын ұсынады; 2) когнитивтік, құндылықтар иерархиясын көрсететін әлемнің көп немесе аз реттелген, көп немесе аз жүйелі бейнесінде әр тілдік тұлғада пайда болатын ұғымдар, идеялар, тұжырымдамалар болып табылатын бірліктер. Тілдік тұлға құрылымының танымдық деңгейі және оны талдау мағынаның кеңеюін және білімге көшуді қамтиды, осылайша зерттеушіге тіл арқылы, сөйлеу және түсіну процестері, сана, білім, адамның таным процестері арқылы шығуға мүмкіндік беретін тұлғаның зияткерлік саласын қамтиды; 3) мақсаттарды, уәждерді, мүдделерді, қатынастар мен ниеттерді қамтитын прагматикалық бірліктер. Бұл деңгей тілдік тұлғаны талдауда қамтамасыз етеді, бағалаудан табиғи ауысу, оның нақты әлемдегі белсенділікті түсіну үшін сөйлеуі.

Тақырыпты зерделеу кезінде біз тағы бір тұжырымдаманы қарастырамыз – "гендер". Бұл термин тіл біліміне келесі жолмен келді: тұқымның грамматикалық категориясын көрсететін ағылшын термині лингвистикалық контекстен алынып, басқа ғылымдардың – әлеуметтік философия, әлеуметтану, тарих және саяси дискурстың зерттеу саласына берілді. Гендер термині жыныстық айырмашылықтың табиғи және әлеуметтік-мәдени себебін атап өтуге арналған.

Әйел тілін (сөйлеуін) зерттеу үш бағытқа бағытталған:

1) талдау, әйел белгілі бір тілде белгіленеді және ол тілде қалай көрінеді;

2) әйелдердің қалай сөйлеуін талдау;

3) коммуникативті стратегияны талдауды әйелдер қарым-қатынаста қолданады.

Бірінші шарт – бұл "тілдік тұлға" термині. Тіл, тұлға дегеніміз – адамның сөйлеу тілін (мәтіндерін) құруға және қабылдауға әкелетін қабілеттері мен сипаттамаларының жиынтығы, олар мыналарға байланысты ерекшеленеді: а) құрылымдық тілдік күрделілік дәрежесі, ә) шындықты көрсетудің тереңдігі мен дәлдігі, белгілі бір мақсатты бағыт. Бұл анықтамада мәтіндер нәтижесінде адамның ресурстар қабілетімен байланысты[2, 25-30].

“Әйел тіліне” “Қазақ тілі энциклопедиясында” қысқаша түсінік беріледі: “Әйел тілі – әйелдердің қарым-қатынастарында шартты түрде болатын өзіне тән сөз қолданысы. Әйел тілінің ерекшелігі әлеуметтік, діни және басқа да көптеген факторларға байланысты болады. Әйел тілі мен тілдің басқа түрлері арасындағы ерекшелік сақталып қалуы мүмкін. Кейбір тілдерде (мысалы: чукот тілінде) мұндай құбылыс дыбыстық жүйені де жанап өткенімен, көбінесе тіл байлығында (лексикасында) байқалады. Мысалы, араб тілінде, XX ғасырға дейін қазақ, алтай тілдерінде әдет-ғұрыпқа, діни сенімге байланысты тура айтуға тыйым салынған атаулар мен есімдерді тұспалдап түсіндіру немесе оған балама болатын сөзбен айту” керек болған [3, 47].

Гендерлік лингвистиканың пайда болуына әртүрлі факторлардың, атап айтқанда әлеуметтік, психологиялық, еңбек бөлінісінің әсері бар. Сонымен бірге, психофизиологиялық

фактор ерлер мен әйелдердің ерекшелігін зерттейтін гендерлік лингвистиканың туындауына әсер етеді. Оған олардың темпераменті, эмоциясы, организмніңқұрылымы және құрамы жатады.

Тілді игеруде әйел адам ер адамға қарағанда тез жетілген. Мұның себебін зерттеушілер анасының қыз баламен көп уақыт әңгімелесуі, жиі қадағалауы, түрлі тыйымдар мен тәртіпке үйретуі және қарым-қатынаста анықтамалық тілден гөрі әлеуметтік тілді пайдалануын талап ететіндігінен болса керек деп түсіндіреді (әлеуметтік тіл – сәлемдесу, рахмет айту, кешірім сұрау т.б. қамтиды, анықтамалық тіл – аталуынан да көрініп тұрғандай, зат атауларын анықтау түрінде келді) [4, 173-175].

Гендерлік лингвистика тұрғысынан мақалада Ғ.Мүсіреповтің шығармаларындағы әйел тілінің ерекшеліктерін төмендегідей бөліп талдаймыз:

– әйелдердің психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылығына, қоғамдағы рөліне қарай олар әртүрлі тақырыпта өзара қарым-қатынас жасайды. Осы тақырыптарға байланысты жыныстар арасында түрлі лексика қатарлары қызмет атқарады. Мысалы, шығармада қазақ қызына тән ұялу мәніндегі сөздер қатары – олардың психологиялық, ұлттық тәрбиесіндегі ерекше көзге түсетін бір көрініс. Ұялу арқылы өзінің сыйластығын, адамгершілігін, тәрбиелігін, инабаттылығын көрсетеді. Айғанша: –Айналайын-ау, Назыкешпісің? Кіре қой, қалқам, кір! – деп, ұялып тұрған қызды еріксіз үйге кіргізеді («Оянған өлке», 27-бет). Айғанша болыстың әйелі болса да, өзінің қарамағындағыларға «айналайын», «қалқам» деген қаратпаларды өз сөзінде қосып, оларды сыйлайтын, ақылды адам ретінде сипатталады. Адамдар арасындағы қарым-қатынас тәсілдерінің бірі – бейвербалды амалдар бар, әрбір этнос болмысы мен қарым-қатынасында күні бүгінге дейін сақталуда. Назыкештің ұялшақтық қасиетін кірпіктерін қағуға да бата алмай, үнін де шығара алмай тұрғандығы бейнеленеді. Назыкештің бірдеңе дегені күрең тақияға тағылған бір шоқ үкінің дірілінен ғана байқалады.

– әйелдердің отбасындағы орнына қарай жаны ашу, мүсіркеу, аяуға байланысты сөздерді жиі айтады. Әйелдердің психологиясында еркін дамыған айқын көрінетін сезімдердің бірі – аяу, жаны ашу. Бұл сезімнің басым болуы әйелдердің әлеуметтік, қоғамдық ортада алатын орнына, психологиясына байланысты болады. Өмірінің біразын отбасында өткізгендіктен, үй жағдайында бала тәрбиесімен айналысып, олармен тіл табысып, жай-күйлерін сезіп, қадағалап отыру әйелдердің түйсігінде аяушылыққа қатысты сезімдердің тууына әсер етеді.Бұл сезім әйелдердің тілдік қолданыстарынан айқындалады. Жәбірленген адамдарды, мүсәпірлерді аяп, мүсіркейтін сөздер қатары да осы шығармада әйел тілінде кездеседі. Мысалы, Жұманның босағасында жүрген Күңше өзінің аналық арманы Назыкешінің қорлық көрмей, бақытты өмір сүруін қалайды. Теңі қып алса екен деген жалдарынды сөздерімен Жабайға «қарағым» деп: «Осы үйден қай күні кетсең, сол күні жетектетіп жіберейін Назыкешімді. Әттең, сорлы баланың өзіммен бірге боқтық естіп, өзіммен қатар ит-салпақта жүргенін көрмей өлсем екен!» – сол замандағы кедей әйелдерінің бақытсыз өмір тіршілігін бейнелейді. Әйел тіліндегі аяушылықты білдіретін сөздерге белгілі бір интонация, екпін түсіріледі де, ол эмоциямен айтылады. Бұл жерде сорлы сөзі арқылы беріліп тұр.

Жалпы әйел затының психофизологиялық ерекшеліктеріне орай жаны ашу арқылы басқаға әсер ету сезімі басымырақ. Олар ерлерге қарағанда басқалардың қайғысын, бақытсыз өмір тіршілігін жақсы түсінеді. Бұл сезім әйелдердің тілдік қолданыстарынан айқындалады: Оспан болысқа жалғыз қызын Шәйзаны бермек болғанда, анасы Қалишаның: – Теңіне берем... Жалғыз Шәйзамды Оспанның қара қатынына күндікке бер дегендерің сұмдық тағы! Мұны не деп айтып отырсыңдар? Бұл сұмдықты мен-ақ естиін, баламның тіпті жүрегі жарылып кетер! («Тулаған толқында», 32-бет). От болып жанып тұрған қызын күл тасыған күң болары көз алдына келді. Іші-бауыры елжіреп, сорлы шеше балапанын қорғады.

Жақындарына жаны ашығанда әйелдер тек нақты қолданылатын аяушылық мәндегі сөздерді ғана айта бермейді. Айтылатын сөздің интонациясына, дауыс ырғағына қарай сөйлемнің аяушылық мәнінде айтылғаны білініп отырады. Мәселен, – Қалқамай, сен бе

едің... Садағаң кетейін, қарашығым-ай! – деп, мұңдық шеше Сейіттің бетінен өзімсініп, мейірленіп сүйді («Оянған өлке», 331-бет).

Әйелдер әруақытта көмекке баруға, біреуді аяп мүсіркеуге даяр тұрады. Және де тілдік қабілетімен, әсіресе эмоционалды тілдік амалдарымен жақсы жеткізеді. Көпей үйінен қуылса да, еншісіз, дәнеңесіз қалса да, Жабай мен Назыкеш жайын ойлап, Назыкеш күйігін бәсеңдетейін деген сезіммен: – Енді Назыкеш сорлының күні не болар...Қалай болып жүр араларың, – деп, солармен теңдес адамша, сәтсіздік барын біліп, қайғыратын шешесіндей көрінеді («Оянған өлке», 167-бет).

Тұрмыстық жағдайын, көрген қасіретін олар өздерінің сезімі мен эмоциясы арқылы қасындағылардың жай-күйіне қарамастан, еркін білдіре алады: – Екі-үш күнде ұн таусылады. Оспан да қараспайды... Не қылсын!.. Пұшпағы қанамаған қара бәйбішенің отыншысы, сушысы қылады! Көріңде өкір-ау, Итемген! Ұл-қызыңның алдына келсін!.. Сонан басқа не айтайын!.. Илайым да бүйірің шықпасын!... («Тулаған толқында», 14-бет) деп қарғыс мәнді сөздерді айтады. Бірін айтып, бірге кетіп, ащы өмірдің уын тамшылаған зармен төгеді.

«Тулаған толқында» повесінде сол кездегі кедейшілік тұрмыстың жас қыздардың мінезін суландырып, өмірдің ащы уына уландырғанын көреміз:Үй де қоңыр, көлеңке де қоңыр. Қоңыр үйдегі тұрмыс та қоңыр. Қоңыр үйдегі Шәйзаның ойы да қоңыр. Қоңыр ойлы Шәйзаның әні де қоңыр. Қоңырлатып, ыңырсып өлең айтып отырады. Өлең емес, қоңыр күймен ішіндегі зәрін төгіп отырады... (15-бет). Ішіндегі ащу уайымды жеткізетін, бөлісетін, сөйлесетін адам да қалмаған.

– сезімнің түрлі қырына байланысты әйелдер қуанғанда, таңғалғанда, шошынғанда, қорыққанда (суггестизмдер), ашуланғанда (инвективтер, сес көрсетуге қатысты лексика) түрлі сөздер қолданады. Әйелдердің сезімді қасиеттері басым болып келеді. Олар қайғы-мұңдарын ішінде сақтап жүргеннен гөрі, бар сырын басқа біреулерге ақтарып, мұңын басып, шерін тарқатқанды жақсы көреді. Әйелдер ашуланған кезде ішкі сезімдерін сөзбен жеткізеді. Мәселен, – Талтаяқ байдың қызы болған соң, қалай айтқызайын деп ең!.. Осында қой бағып жүрген шал сенің әкең емес, менің әкем шығар! – деп, Мұсақайдың әйелі көптен бері араларында бықсып жүрген кикілжіңді үрлей бастады («Оянған өлке», 341-бет). Бұл үзіндіде Мұсақайдың әйелінің сыртқы бейнесі арқылы оның сазарған жалпақ бет әйел екендігі, шаштасуға бой ұрып, бөртініп кеткен тіркестер арқылы сипатталады. Ашу үстіндегі Балсарының да жай отырмай, жауап қайтаруы әйел адамныңқарғыс мәнді тұрпайы сөздер қолдануын байқатады:Үйтіп көкігенше, адыра қал! – деп, қол сала алмаса да, сөзбен сыбап жүр («Оянған өлке», 341-бет). Қазақ ондайды «Ақ ит кіріп, қара ит шығып» деп бейнелейді.

Күш көрсетуге қатысты сөздерді әйелдер де айтады. Тек бұл сөздердің артында тікелей мағынасымен байланысты іс-әрекеттер жоқ. Ренжу үстінде әйелдер, ашу үстінде күндесіне күш көрсету үшін, оны шын мәнінде өлтіру мақсатында емес, сөзбен ғана қорқытуды, оны сескендіруді көздейді, сөздің артында ешқандай зіл болмайды. Кей жағдайда бұл сөздер әдетте әйелдер арасында болатын ұрысу кезінде қызмет атқарады.

Белгілі бір адамның жай-күйі сол күйге сәйкес әрекетпен қатар жүріп отырады. Мәселен, адам ашуланғанда бір нәрсені сындыруы, я болмаса лақтыруы мүмкін немесе жылау, балағаттау, өз шашын жұлуы сияқты іс-әрекеттер көрсетуі мүмкін. Жай-күй адамның физиологиялық жағдайы болғандықтан, ешбір қатысымдық тұлғалардың қызметінсіз-ақ жүзеге аса береді. Мысалы: Ашық шахтаның жар қабағында жалғыз әйел долданып жылап отыр. Ара-тұра күйініш сөздерін түйдек-түйдегімен айтып жіберіп, ұлып жылайды. Әркімдерге шағынып, қолма-қолға оңай қозғала қоймағандарға ызаланып жылайтын сияқты («Оянған өлке», 342-бет).

– әйелдердің сөз қолданысында бағалауыштық лексика есім сөздер мен үстеулер, одағайлар арқылы жасалып, қызметіне қарай жыныстар арасында ажыратылып отырады. Түн ортасы ауа бергенде, сырттағы ауылдан бір ащы дауыс шаңқ ете түсті. – Арқанымды кескілеп...Босағамды бұзып, кімді басынасыңдар, көргенсіз немелер! Бейбастақ! Мұнысы кім өзі... Боқжеген, қай оңбаған... Мә, саған кім де болсаң! – деп, әкесінің аузына дейін ағытып-шашып кемпір қала берді («Тулаған толқында», 25бет). Айналайын, жиен-ай, тұра тұршы,

құлыным! – деп Көпей бәйбіше есікке қарай жүгіріп шықты («Оянған өлке», 23-бет). Ащы дауыс, шаңқ етті, әкесінің аузына дейін ағытып-шашу сөздері әйелдердің ашу үстінде эмоцияға беріліп сөйлеуінің нәтижесі деп білеміз.

– сөйлеу процесінде ойын жеткізу мақсатында болатын сөйлем құрау әдісі де (сұраулы, бұйрықты сөйлемдер, қыстырма сөздер) әйелдердің арасында ерекшеленеді: – Сенсің, осы күнге дейін енші бергізбей келген! Сенің қырсығыңнан бар мал қырылып жатыр. Шал сені қарғап кетті ғой?! Қақпас деп қарғап кетті!.. Қалған малды Қаракесегің талап жатыр, еншіңді еліңе барып ал! – деді қаншықтай шапылдасқан қатындар, бейпіл ауыз байдың қыздары, күні кеше именіп жүретін келіндері («Оянған өлке», 166-бет). Малқұмар, сараң, арсыз әйелдердің мінезі, қылықтары сөйлеу әрекеті арқылы ұтымды беріледі.

Шығармаларда айтылатын ойға, іске, қимылға т.б. әрекеттерге, адамға сөйлеген кезде сөйлемнің кімге арналғандығын білдіретін тұлғалар кездеседі, тіл білімінде оларды қаратпалар деп атаймыз. Қаратпа сөздер эмоциясыз айтылғанымен қатынастағы адамына деген сыйлау, құрметтеу, үлкейту т.б. сезімдерін үстейді. Қазақ тіліндегі әйелдер қолданысына тән қаратпалардың көп және олардың айтылудағы орны ерекше. Бір алуан сөздер өзінің тілдегі кәдімгі қызметінен тыс жүк арқалап, сөз саптауда қаратпаға көшеді. Сөйлеу тілінде өзінен жасы кіші адамға “қарағым”, “бауырым” деген мағынада айтылатын қаратпаға:

– Қарағым, бұл қайда кетті?… Күйеуге апарады деп тығылып қалды ма?..

– Жігітжан! Жігітжан! Келе қойшы, бауырым! Келе қойшы!..

– Үйге келіп жата қой, бауырым!.. («Тулаған толқында», 44-бет).

Қазақ тілінде қаратпа сөз жасайтын-шек, -қай, -й, -тай тәрізді қосымшалар да баршылық. Мәселен, іні – інішек, бала – балақай, әке – әкей, аға – ағай, жеңге – жеңгетай. Мұндай қосышалар сөзге модальдық реңк үстейді. Демеулік шылаулар да әсер береді.

–Жеңешеке-ау, айта қойшы. Жігітжан қайда? Тірі ұят болды ғой. Айта қойшы, жеңешеке (сонда, 44-бет).

– Көтек-ау, жеңеше шын айтасың ба?

Құдай-ау, енді не бетімізді айтамыз?.. Қайда кетті дейміз? («Тулаған толқында», 44-бет).

Жеңеше, жеңгей, жеңгетай, жеңге тәрізді синонимдес қаратпалардың мағыналық реңкі бірдей емес. Мәселен, жеңге – таныс адамдардың арасында, ал жеңгей таныс – бейтаныс жағдайда да айтыла береді. Сол секілді жеңеше – таныстығы өте жақын адамдардың арасында айтылса, жеңгетай – контекске қарай құбылып отыруға өте икемді.

– Айта қойшы, әбден жаурадық, жеңеше!... Қыз қайда жеңеше?...

– Айта қойшы, жеңешеке... (сонда, 44-бет).

– әйелдер салт-дәстүрдің ықпалымен қалыптасқан табу сөздерді қолданған, суреттеп сөйлеген, немесе жаңа мағыналас сөздер тауып отырған. Мысалы: – Үлкен кісі, жүзден жиырмасы кем аулының жігіттері қайда жатады екен? Білсеңіз жөн сілтеп жіберіңізші, – деді («Оянған өлке», 252-бет). Әйелдің сұрап тұрғаны Сексен ауылының жігіттері екенін аңғармай қалған Байшегірге біреу естіп қалмасын дегендей, айналасына қарап алады да: «Тәңірі деген, жүзге жиырмасы жетпесе сексен болмайтын ба еді!.. – турасын айтады.

– ұлттық тәрбиеміздегі әйел тіліне тән “ат тергеу” салтына байланысты адамдармен байланыс жасау мақсатында қолданылатын қаратпалар әйелдердің сөз қолданыстарындағы ерекшеліктерде көрініс табады: Бар мінезі күйеуінің ыңғайынан шығып отыратын Айғаншаның тілі суырылып тұрады:Игілік жаратпай қалған кезінде жарысып сөз бермесе, бауырына тартарда балағаттап жатса да, елемейді. –Сері қайным, бері кел. Сағындырмай келер де күнің бар ма екен? Өз қасыма келші, – деп, қайын інісін сыйлап, өзінің төрде отырғанын көрсетіп, өзінен де жоғары отырғызып, Игілікке төмен орын көрсеткенішығармада жас әйел ерімен қатар отырып тамақ ішетін, бар қылығы бойына жарасып тұратын жалғыз өжет әйел болып сипатталады. Жайраң қаққан жарқын мінезді Айғанша – қылп еткенді аңдып отыратын сергек әйел. Әрбір жеңге мен қайын інінің әзіл-

қалжыңдары жараса жүретін сыйлас жандар болады. Жеңгелері қайын інілерін сыйлап, еркелетіп өз атын атамай қайным деп атаған.

– тәрбиелік мәні бар ар-ұят, намыс сөздері де жыныстар арасында түрлі қызмет атқарады: Өмір бойы бітпейтін үй жұмысында жүрген Көпей бәйбіше ер адамның жақсы қасиеттерін асырып, жаманын жасырып, отбасының берекесін сақтайтын, молайтатын әйел екендігі, ел араздығын, Жұман мен Игілік арасында созылған дауды болдырмай, епті мінезімен, сөзімен өзі орайластырып жіберетін әйел екендігін мына диалогтан көреміз:

– Өкпелеп қалдың ба, Көпей? Өзім үйіңе бара алмаймын. Біреуден жіберген бір ауыз сөзің екеу болып елге жайылады. Жұмекеңнің аяғына жығыл десең жығылуға әзірмін.

– Бұл екі үйдің арасындағы өкпе-сақпа дегеннен жұрт көзі сүрініп болды ғой. Сендердің араларыңда бітім болмайды. Қол жинаспай отырған күндерің бар ма еді. Оны қоя тұрып өз жауабыңды берсеңші, – деді Көпей.

– Көпей, – деді Игілік, – көп кәугөріктің көріп жүріп ұқпайтынын сен үйде отырып-ақ біліп жатасың. Оларға айтпағанымды саған айтам. Ашуды ақылға жеңіп, сабырды серік ететін әйел: – Әйтеуір өз қолың таза болатын болса, Жұманның қатын-баласы егес-ерегісті өршітпеу жағында болады, – деп, күйеуінің қадамын түзеуге бет алады («Оянған өлке», 34-бет).

Ғ.Мүсіреповтің «Оянған өлке» романында мейірімділік, сыйластық қасиеттер әйел тілінде ерекше беріледі. Көпей бәйбіше сауыншы әйелге: – Қол тиірменді әкеліп, құймақ жасай қойшы, – деп жұмсап тұрса да, Күңшенің бәйбішеге: – Апасы-ау, қай түйеге артылып еді? Таба алмадым, – деген жұмсақ жауабы бәйбішені сыйлап, оның сөзін сөйлейтін кішіпейілдігімен суреттеледі («Оянған өлке», 19-бет). Сонымен бірге, бұл диалогта «апасы-ау» деген қаратпа сөздің де орны бөлек. Атын тура атамай, сыйлас жандар екендігі көрінеді.

Өмір бойы бітпейтін үй жұмысында жүрген Көпей бәйбіше ер адамның жақсы қасиеттерін асырып, жаманын жасырып, отбасының берекесін сақтайтын, молайтатын әйел екендігі, ел араздығын, Жұман мен Игілік арасында созылған дауды болдырмай, епті мінезімен, сөзімен өзі орайластырып жіберетін әйел екендігін мына диалогтан көреміз:

– Өкпелеп қалдың ба, Көпей? Өзім үйіңе бара алмаймын. Біреуден жіберген бір ауыз сөзің екеу болып елге жайылады. Жұмекеңнің аяғына жығыл десең жығылуға әзірмін.

– Бұл екі үйдің арасындағы өкпе-сақпа дегеннен жұрт көзі сүрініп болды ғой. Сендердің араларыңда бітім болмайды. Қол жинаспай отырған күндерің бар ма еді. Оны қоя тұрып өз жауабыңды берсеңші, – деді Көпей.

– Көпей, – деді Игілік, – көп кәугөріктің көріп жүріп ұқпайтынын сен үйде отырып-ақ біліп жатасың. Оларға айтпағанымды саған айтам. Ашуды ақылға жеңіп, сабырды серік ететін әйел: – Әйтеуір өз қолың таза болатын болса, Жұманның қатын-баласы егес-ерегісті өршітпеу жағында болады, – деп, күйеуінің қадамын түзеуге бет алады («Оянған өлке», 34-бет).

Сөйлеу арқылы қарым-қатынас қалыптасады. Олай дейтініміз сөйлеу жеке адамның әрекеті емес, бұл – әр сөйлеушінің артында тұрған әлеуметтік топтардың, қоғамның белсенділігін, қозғалысын көрсететін әрекет түрі.Европаның он шақты мемлекеті еркін сыйып кететін кең дерге ие болып отырған қазақ халқының жай-күйін білмеуіміз неліктен деп ойланды да, орыс әйелі Елизавета Быкова: – Бұл өзін-өзі танытатын еш нәрсе жасай алмаған халық па екен? Жоқ, уайым-қайғы дегенді есітіп көрмеген, еркін өскен бақытты халық екен! («Оянған өлке», 212-бет).

Еркін өскен орыс қызы қазақ қызының қалыңмалға сатылуын, әйел теңсіздігі мен бостандығы жайын да білетін, Назыкештің Сейітпен қашып, теңдік алғанына сүйсініп: – Міне, ақылды қыз... Қандай сұлу қыз! Дұрыс еткенсіңдер, байға сүйіп тию керек, ештеңеден қорықпа! – дейді («Оянған өлке», 338-бет).

Әйелдің күтпеген жағдайда жағымсыз хабарды естігенде есеңгіреуі, тілінің байлануы, көзінің бақыраюы, аузының аңқиюы, қолының дірілдеуі, жағасын ұстауы, жалбарынуы ішкі сезімді білдіріп тұрады. Мысалы: Көпей жүзінде тереңдеп алған, емі жоқ мұң, қасірет бар. Жас баланың уана қалған бір кезінде мейірім төге ещу тартанда да қасірет ізі әлсіремейді.

Өмір бойы сөзбен айта алмаған арызы мен шағымы көзі мен жүзіне мұң өрнегі болып жазыла бергендей ұзақ қарап, ойланып оқуды керек етеді («Оянған өлке», 371-бет).Бұл жерде ұзақтығымен көңіл-күйге жақын сезім толғанысының ерекше түрі сипатталады.

Сөйлеу тілінде интонацияда айқын айырмашылықтар болады: әуезді интонация әйел сөйлеуіне тән, ер адамның сөйлеуі күш пен императивті көңіл-күймен сипатталады. Оны шығармадағы Алшағыр мен Күннәзияның арасындағы диалготан көреміз:

– Күннәзия, ертең сені айттыруға кісі жібермін, – деді.

– Әй, сен өйтіп құтырма! Барыңды қалың малға беріп, мені қалай асырайсың? Талтаяқ саған желілеп жылқы, отарлап қой береді деп ойлаймысың?

– Күрекке боқ табылар, бір сені асырармын.

– Өй, сен өйтіп мардамсыма! Саған қатынды өзім әпергем.

Әйелінің еркін сөйлейтіні Алшағырдың өзіне де қатты ұнайды. Азырақ еркелеп, шалқыныңқырап кететіні болмаса, еш нәрседен өкпелеткен емес, жаны мен жүрегінде тозаңдай күнәсі жоқ-ты («Оянған өлке», 131-бет).

– бейвербалды қарым-қатынас жасау процесі әйелдер арасында ерекшеленеді. Адамның түрлі дене мүшелерінің қатысуымен жасалатын ым – ишараның көркем шығармадаалатын орны ерекше: Төсегінің алдында бет-аузы жыбыр-жыбыр етіп отырған қара бәйбішенің қолын алып, амандасты («Тулаған толқында», 17-бет). Қара бәйбіше бір тамсанып, «салдат алады десейші!» деп жыбыр ете түсті. Қара бәйбіше аузын бір сылп еткізді (сонда, 18-бет). Әйел тілінің өзгешелігі қазақта да жоқ емес. Сол өзгешеліктердің бірі әйелдерде ғана болатын “ернін шығару” (кеміткенде), “бетін шымшу” (ұятсынғанда), “аузын шылп еткізу” (таңданғанда), “аузын быртылдату” (кекеткенде). Мұның соңғы екеуінде үнсіз ым ғана емес, дыбыс шығару да бар.

Әйелдер психологиясында эмоцияның ең бір айқын көрінетін түрі – қуану процесі. Әйелдердің қуануы, әсер алуы қарым-қатынаста эмоционалдылығымен белгілі болып отырады. Жалпы әйел заты жиі қуанады. Алайда, талдауға алынған Ғ.Мүсіреповтің шығармаларында оны кездестіре алмадық, ол әйел бақыты, әйел қуанышының көрініс таппағандығы деп білеміз, әлеуметтік ортаны суреттеуде қазақ әйелінің сол заманда қайғысы мен мұңы, бақытсыздығы басым екендігі аңғарылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келгенде, гендерлік лингвистика – қазіргі тіл білімінде қарқынды дамып келе жатқан лингвистикалық бағыттардың бірі.Тілдегі гендерлік ерекшеліктер мәселесі соңғы жылдары Қазақстандағы тілші, әдебиетші, социолог, психолог мамандарын қызықтырып жүрген, еркектік және әйелдік қасиеттердің қоғамда қалыптасуы, олардың қайнар көздері, олардың қалыптасуындағы әлеуметтік үдерістерді сипаттайтын аса күрделі үрдіс болып табылады. Түрлі сезімдерге берілуі арқылы кез-келген ситуацияда сөздерді теріп қиналмай-ақ, интонациясына қарай ауыстырып отыруы әйел тілі ерекшеліктеріндегі – әйелдердің тапқырлығы мен сөйлеу әрекетіндегі құбылмалылықты білдіреді. Ғ. Мүсірепов қолданған дәстүрлі дүниетанымдық лексика, мәдени лексика элементері тіл мен ұлттың бірлігін көрсетеді, ұлт тіршілігінің тілдегі бейнесі болып табылады, кейінгі ұрпақтың ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыпты, этномәдени тіршілікті, гендерлік ерекшеліктің лингвистикалық көрінісін тануы үшін, өткен өмірді оқырманның көз алдына келтірудегі құнды тілдік фактілер ретінде ақпараттық мәліметтер береді. Жазушының шығармаларында кездесетін әйелдердің эмотивті сөз қолданыстарына, бейвербалды амал-тәсілдеріне талдау жасай отырып, олар кейіпкердің мінез-құлқын, психологиясын адресаттың көз алдына елестете отырып эмоционалдық реңк үстеу, айтылар ойды нақтылап дәл де нанымды етіп жеткізу, ақпаратты күшейту, қосымша мағына беру, ұлт дүниетанымының, жазушының жеке тілдік дүниесінің ерекшеліктерін көрсету тәрізді қызметтер атқаратынына көз жеткізуге болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Кирилина А. В. Развитие гендерных исследований в лингвистике // Филологические науки, 1998. – №2 – с.51-58
Kirilina A. V. Razvitie gendernyh issledovanij v lingvistike // Filologicheskie nauki, 1998. – № 2 – S.51-58
2 Воробьев В.В. Языковая личность и национальная идея // Народное образование. – 2008. – № 5. – С. 25-30.
Vorobev V.V. Yazykovaya lichnost i nacionalnaya ideya // Narodnoe obrazovanie. –2008. – №5. – S. 25-30.
3 Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы, 1998. – 508 б.
Kazak tili. Enciklopediya. – Almaty, 1998. – 508 b.
4 Дж. Коатс. Женщины, мужчины и язык (перевод С.А.Коноваловой) // Гендер и язык. – М., 2005. – С. 173-175
Dzh. Koats. Zhenshiny, muzhchiny i yazyk (perevod S.A.Konovalovoj) // Gender i yazyk. M., 2005. - S. 173-175
5 Мүсірепов Ғ. Таңдамалы. Оянған өлке. Көркем очерктер. II том. – Алматы: Жазушы, 1989. – 586 б.
Musirepov G. Tandamaly. Oyanғan өlke. Kөrkem ocherkter. II tom. – Almaty: Zhazushy, 1989. – 586 b.
6 Мүсірепов Ғ. Таңдамалы. Повестер мен әңгімелер. I том. – Алматы: Жазушы, 1980. – 531 б.
Musirepov G. Tandamaly. Povester men angimeler. I tom. – Almaty: Zhazushy, 1980. – 531 b.

Материал 26.10.2020 баспаға түсті

REFERENCES

1 Kirilina A.V. Development of gender studies in linguistics // Philological Sciences, 1998. – № 2 – P.51-58
2 Vorobev V.V. Language personality and national idea // National education. – 2008. – №5. – P. 25-30.
3 Kazakh language. The Encyclopedia. – Almaty, 1998. – 508 p.
4 J. Coates. Women, men and language (translated by S. A. Konovalova) // Gender and language, Moscow, 2005, pp. 173-175
5 Musirepov G.Custom. The awakened edge. Artistic essays.Volume II. – Almaty: Writer, 1989. – 586 p.
6 Musirepov G.Custom. Stories and stories. Volume I. – Almaty: Writer, 1980. – 531 p.

Особенности женской речи в произведениях Г.Мусрепова

Ж.С. Таласпаева[1], Ж.Ж. Бейсембина[1]
[1]Северо-Казахстанский университет имени М.Козыбаева, г. Петропавловск, 150000, Республика Казахстан

Проявление гендерных особенностей в речи определяется опорой на психологические, биологические и социальные характеристики. В общественном сознании человечества существуют стереотипы в речевом поведении мужчин и женщин, они рассматривались на научной основе, но специфика употребления языка конкретного художественного произведения не рассматривалась. Особенности женской речи в произведениях Г. Мусрепова, различия в употреблении слов определяются исходя из их психологических особенностей, интересов, роли в обществе. В статье определяется отражение лексического и национального этикета в употреблении женской речи в романе «Пробужденный край» и повести «В бушующих волнах». Женщины общаются на различные темы, преимущественно используется оценочная лексика. С точки зрения гендерной лингвистики в статье рассматриваются особенности женской речи в произведениях Г. Мусрепова.

Материал поступил в редакцию журнала 26.10.2020

Features of female speech in the works of G. Musrepov

Zh.S. Talaspaeva[1], Zh.Zh. Beisembina[1]
[1]M.Kozybabayev North Kazakhstan university, Petropavlovsk, 150000, Republic of Kazakhstan

The expression of gender features in speech is determined on psychological, biological and social characteristics. In the public consciousness there are stereotypes in the speech behavior of men and women, they were considered on a scientific basis, but the specifics of using the language of a particular work of art were not considered. The features of the female speech in the works of G. Musrepov, differences in the use of words are determined on their psychological characteristics, interests, and role in society. The article defines the reflection of lexical and national etiquette in the use of the female word in the novel " The Awakened land "and the story" In the raging waves". The Women communicate on various topics, mainly using evaluative vocabulary. From the point of view of gender linguistics, the article examines the features of the female speech in G.Musrepov's works.

Received: 26.10.2020

ТІЛДІҢ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІҢ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

ӘОЖ 37-(091)+37. 01

Т.Р.Абдықадырова[1], А.Қ. Рахимбаева[2]
[1]п.ғ.д., профессор, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., 080000, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0002-5716-6891. E-mail: tursynai_1959@mail.ru
[2]магистрант, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., 080000, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0002-2050-9715. E-mail: Alina.rahimbai@vail.ru

Ж.АЙМАУЫТОВ МҰРАЛАРЫНЫҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

Мақалада, білім саласындағы жаңалық туралы ой толғанады. Осы тақырыпқа қатысты Ж.Аймауытов мұраларындағы әдіс-тәсілдер зерделенді. Сонымен бірге, автор еңбектерінде сөз болған ойлау жүйесі мен оның түрлері, мұғалімнің шеберлігі, ұстаздың шәкірт өмірінен алатын орны туралы ой қозғалды. Ж.Аймауытов педагогикалық мұраларының жаңартылған білім мазмұнымен сабақтастығын салыстыра зерделену арқылы қазіргі білім беру жүйесіндегі болып жатқан жаңалықтар сараланды. Сыни ойлау мен физикалық өзін-өзі жетілдіруге қабілетті болу туралы айтылды. Осы бағытта жасалып жатқан білім саласындағы жаңалықтар талданды. Бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруға қатысты ой қортылды.

Кілт сөздер: модернизация, заманауи мәдениет, имандылық, зияткерлік, ынталы оқу, сыни ойлау, шығармашылық ойлау.

КІРІСПЕ

XXI ғасыр білімнің дамыған ғасыры. Білімнің дамыған ғасырында әлемдік ұстанымдардың, экономика мен әлеуметтік, мәдени өзгерістердің білім беру жүйесіне әсер ететіні ақиқат. Әлемді «білімділер», экономикасы ғылым мен білімге негізделген, әлеуеттік бағытта өзіндік ұстанымы бар елдер ғана өзгерте, жаңғырта алады. Сондықтан, қазіргі уақытта білім жүйесін модернизациялау жүргізілуде. Университеттік білім беру мен ғылымды дамытудың жаңа деңгейін қамтамасыз ете отырып, біздер «өмір бойы білім алу» кредосына айналудамыз. Алған білімін өз өмірінде қолдана білу, яғни білімнің нәтижеге бағытталуы қазіргі таңда білім үрдісінде студентті бірінші орынға қойып «студентке бағытталған білім беру» бағытында жүргізілуде. Бұл оқытушыға, тәрбиешіге оқытуда студентті белсендіруге бағытталу арқылы жүзеге асатын құбылыс. Ал, бұл бағыт студентке жағдай жасау, бағыт-бағдар беру, өзін ойландыру, өз пікірін айта білу, алған білімін өмірде пайдалана алу сияқты ұғымдармен сабақтасып жатыр... Бұл жайында Ж.Аймауытұлы XX ғасырдың басында былай деп айтқан: «Оқыту нақ, айқын, тетелес болу керек. Шәкіртке бір нәрсе ұқтырғанда мұғалім анық, айқын айту керек. Мұғалімнің сөзін бала ынтамен тыңдаса, айқындық сонда табылады. Бір нәрсені түгел ұғып алу үшін оның барлық белгілерін тұтас та, жекелеп те ойға тұту керек. Ойға қонатын қандай ұғым? Әрине, көзімізге көрінетін заттан алынатын ұғым. Әр нәрсені көзге көрсетіп ұқтыру мүмкін емес. Сондықтан, мұғалімнің үйретпек нәрсесі бала бұрын көрген нәрсеге байлаулы болу, не қазір көрсетілуі керек» [1, 318], – дейді. Ж.Аймауытов мұғалімнің рөлін, білімін, оны түсіндіре алу шеберлігін және түсіндірілетін материалдың бала ұғымына түсінікті болуын айта отырып, оқыту мен оқудың арасындағы біртұтастықтың болу керектігіне тоқталады. Бұл мақаланы жазудағы мақсатымыз – Ж.Аймауытов педагогикалық мұраларының жаңартылған білім мазмұнымен сабақтастығын саралап, ғылыми тұжырым жасау. Осы мақсатқа жету үшін Ж.Аймауытовтың

«Комплекспен оқыту жолдары» атты еңбегін және басқа да мұраларын жаңартылған білім мазмұнына орайластырып, салыстырып зерделеуді жөн деп санадық. Мақаланың ғылыми жаңалығының өзі осында, яғни Ж.Аймауытов педагогикалық мұраларының жаңартылған білім мазмұнымен сабақтастығын алғашқылардың бірі болып біз сөз етпекпіз. Жаңартылған білім мазмұнының негізінде енгізілген білім саласындағы өзгерістердің біраз әдістері мен теорияларын Ж.Аймауытов өзінің педагогикалық мұраларында айтып, талдап, түсіндіріп өткендігін және қазіргі оқу үрдісінде қолдану қажеттілігі туып отырғанын сөз етпекпіз.

Ж.Аймауытов педагогикалық мұраларының жаңартылған білім мазмұнымен сабақтастығын салыстыра зерделену арқылы қазіргі білім беру жүйесіндегі болып жатқан жаңалықтарды анықтаймыз. Ғалым еңбегінің өзектілігі нақтыланады, салыстырыла отырып зерделенеді. Бұл мақаланың мектеп мұғалімдері мен ЖОО-дағы оқытушылар мен студенттерге берері мол.

«Біздің болашаққа барар жолымыз қазақстандықтардың әлеуетін ашатын жаңа мүмкіндіктер жасауға байланысты. XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар», – деді Елбасы Қазақстан 2050 «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты өз жолдауында.

Жалпы қазақстандық мәдениетті дамытуға жаңаша серпін беру қажеттілігін, мәдени саясаттың ұзақ мерзімді тұжырымдамасын әзірлеу, қазақстандықтардың бәсекеге қабілетті мәдени ментальдігін қалыптастырудың қазіргі таңда кезек күттірмейтін іс екендігін, заманауи мәдениет кластерлерін дамытуға бағытталған шаралар белгілеу керектігін де Елбасшысы қадап айтты. Өткенсіз болашақ жоқ. Тарихымыз бен әдебиетіміз, мәдениетіміз әлемдік деңгейге көтерілуі үшін өткен әдеби, мәдени құндылықтарымызды екшелеп пайдалана білсек, және оны жастардың бойына сіңірудің әдіс-тәсілдерін меңгертсек, оларды жан-жақты білімді етіп, өз құндылықтарына деген қызығушылығын арттырсақ ұтарымыз аз болмас.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Білім беру – имандылық, зияткерлік, мәдени, тәндік жағынан дамыту және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мақсаттарында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқытудың үзіліссіз процесі [2, 75]. Университет қабырғасында немесе мектепте жас ұрпақтың дүниетанымын, өзіндік ұстанымын қалыптастыруға, қоғамдағы болып жатқан өзгерістерді тануға, оны жаңартуға белсене қатысатын тұлға қалыптастыруға бағытталады. Осыған орай, білім беруде ақпараттық және коммуникациялық технологияларды меңгерген, бәсекеге қабілетті, қазақ, орыс және шет тілдерін меңгерген, коммуникациялық бағдарламаларды құра алатын, салауатты өмір салтын қалыптастыруға, өзін-өзі жетілдіруге, табысқа жетуге және кәсіби деңгейге бейімдеуге икемді жастарды тәрбиелеу керек. Ал, оқыту үрдісі осы бағытта болуы тиіс. Оқыту – білім алушылар мен тәрбиеленушілердің білімдерді, машықтарды, дағдыларды және құзыреттерді иелену, қабілеттерді дамыту, білімдерін күнделікті өмірде қолдану тәжірибесін иелену және бүкіл өмір бойы білім алуға ынталануын қалыптастыру жөніндегі қызметін ұйымдастырудың мақсатты бағытталған процесі [2, 81].

Оқыту үрдісіне, оны іс-жүзіне асыратын мұғалімнің рөліне жоғары баға берген. Ж.Аймауытов мұғалімнің орнын, сөзінің нақтылығын, баланың өзіне көңілін бөле білуін, дауыс ырғағының әсерін оның сабақ барысында ерекше орын алатындығы мен қоса айтылған ұғымның балаға қажеттілігіне жарау керектігін толықтай зерделеп, айтып кеткен. Сабақты түсіндіру барысында, нәрсенің әр белгілерінің өзіне тән сипатын нақты түсіндіру арқылы. нақтылыққа мән беру арқылы берілетін білімнің шынайы болатынына тоқталған. «Айқын қылып оқыту мен сатылы бір тегіс оқытудың байланысы бар» дегенді айтады. Оқытудың бірте-бірте сатылап, ілгері басып отыруы керектігін, білім біржола күреп алынатын нәрсе еместігін, әрбір тыңнан берілетін білім бұрынғы білгеннің жалғауы, келесі білімнің бастаушысы болуы тиістігіне тоқталады «Оқыту оңайдан қиынға қарай болу керек, баланың жас ерекшелігі, білім деңгейі ескерілуі тиіс» [1, 81], – дейді... Айқын қылып оқыту

мен сатылы бір тегіс оқытудың байланысы болу керектігін, оқытудың сатылап ілгері басып отыру арқылы нәтижеге жетуге болатындығына тоқталады. Сонымен қатар, әрбір тыңнан алынатын білім бұрынғының жалғауы, келесінің бастауы болуы керектігін ескерте отырып, білімді біртіндеп, сатылап беру керектігіне баса назар аударады. «Сатылап оқытудың екі жағы бар, бірі-шәкірттің шама-шарқымен есептесу, екіншісі-оқу мағлұматтарын дұрыс қолдану. Оқытушының шеберлігі ойына келген нәрсені білдіру емес, ау-жайына, жасына, біліміне, күшіне қарап сабақ беру»[1, 319], – дей отырып алынатын білімнің баланың жас ерекшелігіне, білім деңгейіне қарау арқылы берілу керектігін, сонда ғана нәтиже болатындығын айтады. Сонымен бірге, баланы жаңа нәрсемен таныстырарда әуелі бұрынғы таныстырылған заттардан мағлұмат беріліп, оңайдан қиынға сатылап өту арқылы таныстырылмаған жағдайда баланың қызығушылығы, білімге құштарлығы селқос болады дейді. Бала білгенін нақты жеткізе білуге, меңгерген білімін өмірде пайдалана білуге үйретілуі тиіс. Мұғалім өзі сөйлей бермей көбіне балаға сөйлете білуі керек. Бала толық айта алмаған жағдайда оған көмек көрсетіліп, сұрақ қойылып отыруы керектігіне тоқталады. Меңгерген білімін жазбаша беруіне қалыптастырған жөн. «Әр пәннің пайдасы бар, пән біткен бірімен бірі байланысулы. Мысалы, тарихтан алған мағлұмат жағрафия, я әдебиет тарихын оқығанда, жаратылыс тану пәні физикаға, қысқасы бір пәннің екінші пәнге пайдасы тиіп отырады»-дейді. Мұнда, ғалым пәнаралық байланыстың болу керектігін, білімнің пайдасы сонда болатындығын меңзейді. Мұғалімнің бала білімінде алар орны ерекше, ол жігерлі болса, ынталы болса оның шәкірті де жігерлі болады, отсыз жігерсіз мұғалім балаға жалыну немесе қорқыту арқылы оның мінезін тәрбиелей алмайтындығын айтады. «Мұғалімнің басқасын кешіруге болса да болжырап, еңсесі түсіп оқытқанын кешіруге болмайды»[1, 320], –деп жігерлі, ынталы, ширақ мұғалім ғана балаға сапалы білім бере алады дейді.

Әрине мұғалімнің рөлі, білімі, тәжірибесі баланың сабаққа ынтасын біле отырып оқытуы ерекше нәтиже берері анық. Дегенмен, баланың өзі ынталанып оқымаса, өзінің қызығушылығы болмаса оның білім деңгейінің өз дәрежесінде болмайтындығы белгілі. Ол жайында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2006 жылы мамыр айының 26 жұлдызында Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде оқыған «Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына» былай дейді: «Қандайлық жақсы және кәсіби болса-дағы бір де бір оқытушы, егер студенттің өзі білімге ұмтылмаса, егер студенттің өзі кәсіби, жоғары білікті маман болғысы келмесе, оны ештеңеге үйрете алмайды» [3]. Оқушы да студент те өздерінің ынтасымен оқуға ұмтылуы тиіс.

Осыған орай, Ж.Аймауытов та «Ынталы оқытуға» үлкен мән береді. Баланың ынтасын арттырып, шабыттандырып, істеген ісін көңілдендіріп істесе соғұрлым сезім қуаты күшейеді, ой қызметінің жеңіл болатындығын дәлелдейді. Қандай да бір іс болмасын оның нәтижелі болмағы оның ынтасына көп байланыстылығында болмақшы дегенді айтады. Адам баласы кез келген істе белгілі бір мақсатқа қол жеткізуде оның сол іске деген ынтасынан, қызығушылығынан болмақ. Ғалым да, өнер иесі де, философ та өз ісіне ынтасын салып, құмарланып іс атқарғандығының және ақырындаған ұзақ еңбектің нәтижесінде ғылымның сансыз пайдасына жететіндігін дәледеуге тырысады. «Баланың ынтасын аша алмаған мектеп абақтыға айналатын мектеп болады дейді. «Тәрбиеші ынта деген сөзді қалай ұғыну керек? Қей ғалымның сөзінше ынта-талаптану, талпыну, бір нәрсені істеуге ұмтылу мағынасында. Кейбір ғалым ынтаның мәнісін бір нәрсемен шұғылданғанда жанның түшіркеніп келешек іске талпынуы деп жүгіндіреді. Бұған қарағанда «ынталану» жемісті іске сүйрейтін көңілдің көтеріңкі бір халі. Адамдағы бар ынта жетіліп тәрбиелене берсе, жаңа ынталар туа бермек. Ынта қазіргі істі жеңілдеткеннің үстіне, келешек іске де құмарландыратын нәрсе болу керек» [1, 321], –дейді. Яғни баланың ынтасын арттыру үшін бұрын таныс емес тың нәрсеге ынталы және әбден танып білген ескі нәрсеге де ынталы болмайтындығын, оның ынтасының артуы үшін, білуге құмарлануы үшін ескі мен жаңаның ортасындағы нәрсе болуы, жаңалық болуы тиістігін алға тартады. Ол жаңа нәрсе өз ойындағысын толықтыратындай, ойына белгілі бір өзгеріс енгізетіндей болуы керек. Кез келген өзіңе таныс нәрседен өзгеше бір нәрсені табу

үшін оны ой елегінен өткізіп, бұрынғы нәрсемен салыстырып, оның жаңа жақтарын сезінетіндей, оған қызығушылығын арттыратындай жағдаят туғызу керек. Жаңада ескі, ескі нәрседен жаңа нәрсені қарастыру арқылы болашаққа ынталандырып, жаңадан жаңа нәрсені табуға талпындыру керек екендігін өзінің ғылыми еңбектерінде Ж.Аймауытов дәлелдеп, ғылыми негіздеген. Бұл айтылғандардың қазіргі таңда да өзіндік өзектілігін жойған жоқ. Керісінше заман талабына айналып отыр. «Ескіге жаңаның жамылғаны қамаулы тұйықтан жол тапқандай, өмірді оңайлатады, түйінді шешеді» [1, 322], – деп білім саласындағы жаңалықты құптап, қолдап отырған. Сонымен баланың өз ынтасының болуы- оның кез келген істе нәтижелі болуының жемісі екендігі дәлелдеуді керек етпейтін теорема десе де болады.

Сондықтан да болар ғұлама философ Сократ өз шәкірттерін ешқашан да үйретпеген екен, оның орнына оларға тек сұрақтар ғана қойып отырған (атақты *маевтика* тәсілі). Оның сұрақтарына жауап бере отырып, шәкірттері өз бойларында әу бастан қалыптасқан, бірақ ұмыт болып қалған білімді есіне түсіріп, бастарынан *«суырып»* алғандай болған. Бірде тіпті Сократ сұрақ қою арқылы қол өнер шеберінің сауатсыз, хат танымайтын 12-13 жасар көмекшісінің өздігімен Фалестің теоремасын (*«теңбүйірлі үшбұрыштың табанының бұрыштары бірдей болады»)* құрастыруына себепкер болған деген аңыз да бар... [2].

Ж. Аймауытов та «Ынтаның көп қырлы болуы» атты еңбегінде «Ынта дегеніміз, жалпы айтқанда, ақылдың бір қызметі. Ол қызметті шақыртатын оқыту болу керек. Кісі алған білімін сақтаса, ол білімін молайтуға тырысса, білімге ынталанғандығы содан байқалады. Ақылдың бұл жұмысы әр түрлі болғандықтан, ынта деген сөзге де әр жақты болу мағынасын қосу керек. Ынта бір беткей, жолы тар тар болса, адамды сыңар жақтыққа, қала берсе менмендікке тартады» [1, 64], – дейді. Менмендік кісі бойындағы ең бір зиян нәрсе, ол оның өзіне де өзгеге де пайда әкелмейді. Оның кез келген пайдалы іске ынталануы да тар болады. Сыңар жақ адам менмендікке жақын болады, ондай адам өзінің менмендігін байқамайды, өйткені бәрін де өзі, өзінің тар ақыл ойымен өлшейді. Оның ойы да, өмірі де сол тар қалыпта қалады. Баланы оқыту арқылы да ынтасын көтеруге, жан-жақты етіп тәрбиелеуге болады. Әлеуметтің міндеті, әр адам өзіне лайықты іспен айналысып, өз ісін терең меңгеруге бағыттайды, дегенмен адам тар мөлшерде ғана қалып қоймай қоғамдағы болып жатқан істерге де өзіндік қызығушылығын білдіруге тиіс екендігін ғалым өз тарапынан дәлелдеуге әрекет етеді. Адам әр іске ынталы болуы үйренуі, оған ынталануы, терең білім алып оны өз өміріне пайдалана білуі ұлы Абай айтқандай «Үйреніп әрі керексіз әрекеттен жиренуі», ынталанушылық білдіруі оның өміріндегі сұлулықтың көзі болмақ... Ж.Аймауытов айтқандай бала бойындағы осындай ынталандыру қасиетін қалыптастыру, сондай көздерді ашу, бөгетсіз саулатып ағызуы – адамның өмір күштерін өркендету өнері, онымен бірге әлеуметтік рухын сіңіруі қазіргі таңда да өзекті мәселе...Осы игі қасиеттерді бала бойына сіңіру оның ынталану қасиеттеріне байланысты болмақ. Ынтаның қасиеттері туралы ғалым Ж.Аймауытов: « Ынтаның басты бір өзгешелігі: ынтаға қызулық пен тыныштық жақын жүреді. Белгілі бір нәрсеге ынталанған адам, һәман дамыл алмай сол бағытта білімін ұлғайтуға талпынады. Талпынудың себебі ынтаны тартқан нәрсені толығырақ қаусырып, тереңірек зерттесем деген тілекпен туады» [1, 78], – дейді. Бала бойындағы өзіндік ерекшелігін, қандай да бір нәрсеге ынтасын табу, оның икемін, қызығушылығын аша білу қазіргі таңда да өзекті мәселе болып отыр.

Ж.Аймауытов ары қарай ынтаның, тілектің қалай қалыптасатынына, дамитынына тоқталады. Ондай тілектің адамның еркін билеп зорламайтындығын, өте асығыстық та сұрамайтындығын; білімнің ұшығына шығуға сонша құлаш ұрмайтындығын, ал алған білімінің салдарынан азды-көпті қуаныш туатындығын, бұл ынтаның тыныш табуына себеп болатындғын айтады. Бойында әр түрлі қасиеті бар ынталы адам біреудің зорлау арқылы немесе белгілі бір пайдаға ұмтылу арқылы емес, білімге құштарлығы, оны риясыз сүюі, оған талпыну арқылы ынталанатындығында екен. Оның ақылы, қайраты білімі қызмет тілегендіктен іс қылатындығын түсіндіреді. Яғни қазіргі таңда да білім алушылардың өзін-өзі дамытуы және өмір бойы білімін жетілдіру дағдыларын қалыптастыра алуына

бағытталуы; әлемдік деңгейде ұтқырлыққа бейімделе алуы, сыни ойлауы мен физикалық өзін-өзі жетілдіруге қабілетті болуы бағытында жасалып жатқан білім саласындағы жаңалықтар бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруға бағытталуда.

Бұл жолда мұғалімнің шеберлігі, өз ісін сүюі, жаңалыққа құштарлығы, мақсатқа жету жолында өзіне де ұмтылыс коя білу қасиеті баланың «ілтифатын» күшейтуге жол ашады дегенге үлкен мән береді. Сабақта қызықты мағлұмат беруі, шабыттандыруы, ынтасын сүйреуі, мейірін қандырып, оқыта білуі мұғалімнің тәжірибесіне, өз пәнін жетік білуіне, ең бастысы баланы сүюіне байланысты болмақ.

«Оқыту өзіне берік негіз салғысы келсе, оқу деректеріне ілтифатты көпке шейін қадалту керек. Бұл мақсұтқа жету үшін оқытуында соңғы жобаларды есінде тұтқаны жөн»-дей отырып оқытудың сапалы болу жолдарын ұсынады. Айталық, жаңа берілетін сабақты баланың білетін мағлұматымен байланыстыру арқылы бала білімінің толығуына жол сілтеу; тиісті таныстыру, яки қысқаша жоспармен сабақтың мақсұтына ынталандырып, ілтифат аудару, яғни бала алдын ала не материал өтетінін білу арқылы өзі де сол тақырыпқа ынталана алады; сабақтың алдын-ала даярлайтын сұраулар қойылып қызығушылығын артырады; әрбір пайдасыз, мақсұтсыз, мағынасыз мағлұматтардан қашу, сабақта баланың ілтифатын қоздыратын қызықты нәрселер ғана сөйлену, үйретілу арқылы бала білімін бекіту, толықтыру; баланың ішін пысыратын біркелкі, бір затты мағлұматты беруден сақтану, лайықты салыстыру, теңестіру, ұқсастыру, түрлі әдіс, оңтаймен оқытуды жандандыруға тырысу мұғалімнің баланың білімге деген құштарлығын оятып қана қоймайды жаңалыққа, көп білуге ұмтылдырады; алғашқы кездегі оқыту деректі, көрнекті болуы білімін тереңдете түседі. Көрнекі оқыту туралы көрсетілген жобаларды дұрыс қолдану, көру, есту арқылы берілген білім баланың ойында ұзақ сақталуы; оқытуға өзгелерді ынталандыру үшін оқытушы үйрететін нәрсесіне өзі де ынталануы, өзі де жақсы көруі, оқытушы сүйген нәрсені оқушылар да сүйетіндігін де ғалым нақты ғылыми түрде дәлелдеуге тырысады. Бұдан әрі «Үйрету әдістеріне» тоқталады. Әдіс туралы ұғым. Әрбір үйретудің мұддесі: шәкірттерді болмыспен әбден таныстыру, дұрыс, анық ұғым туғызу үшін түсініксіз деректерді жақсылап түсіндіру. Жаңа болмыс, жаңа ұғымдарды миға сіңіру – соның бәрінен тізбекті бір бүтін ой шығару. Үйрету әдістерді дұрыс қолданғанда ғана соңғы мұдде орынға келеді. Ой мен іс амал жүзінде адамның жүретін түзу жолы, басқаша айтқанда, әдіс деген ой мен істі белгілі жоспармен дұрыс жүргізу өнері екендігін дәлелдеген.

Ғылым мен дидиактика әдістері. Дитактика жүзінде бірнеше қабыл етілген әдіс бар. Ол әдістерді айтпастан бұрын әрбір оқытушыға білуге міндет болған жалпы әдіс барлығын ескертеміз. Ол әдіс-ой жүйесі (логика). Бұл әдіс ақылдың жалпы қай орында болса да тұтынуға жүреді, оқу нәрселерінің бәріне бірдей жетеді, бәрін де қаусырады. Мұғалімнің де, шәкірттің де ақыл қуаттарын бірдей қозғайды. Ой жүйесі мұғалімді ойлау өнеріне үйретеді, шәкіртті ой дағдысына жаттықтырады. Педагогика, оның бер жағында дидактика пәні ой жүйесінің негіздерінен жақсы таныс, оның ережелерін кемел, жетік білетін мұғалімдерге арналады, мұғалім ойлау заңына жетік болса ғана оқытуы дұрыс жүріп, шәкірттері білімді, ойшыл адам болып шықпақ [1, 44], – дейді ғалым.

Иә,ойлай білуге үйрету, өзі де ойлау заңына жетік болуы керек дегенде Ж.Аймауытов та кез-келген түйінді мәселені шеше білуі дегенді айтып отырған болар. Түйінді мәселелерді шешуде адам бірінші кезекте дұрыс ойлай білуі тиіс. Қазіргі таңда ғалымдар ойлаудың негізінен үш түріне тоқталып жүр дейді Ә.Ахметов. 1.Сыни ойлау; 2. Проблема шешуде қолданатын ойлау; 3.Шығармашылық ойлау.

Сыни ойлау дегеніміз-белгіленген критерийлер бойынша; рефлекция түріндегі күмәндану; дербес түрдегі пайымдау, қорытындылау; логикалық талдауды қолдану; жүйелі түрде ойлау.

Проблема шешуде қолданатын ойлау-аналитикалық ойлау; эмприкалық ойлау; эвристиканы қолдану; алгоритимдерді қолдану; конвергенттік ойлау; т.б.

Шығармашылық ойлау – интуитивтік ойлау; жорамалдылық; күмәндану; әртүрлі тәжірибелерді жинақтау, біріктіру [2, 66-67].

Бірақ нағыз ой жүйесімен оқыту ғылымның жоғарғы дәрежесінде ғана болады. Оқытудың алғашқы түрінде өзге оңтай, өзге әдіс керек, ондай әдістер жоғарғы дәрежелі медреседе де қолданылуға мүмкін. Осы айтылғандардан аса керекті екі әдістің – ғылым әдісі мен дидактика әдісінің айырмасын ұғу қиын болмас. Ғылым әдісінде көзге ұстайтын пікір-ой жүйесі, яғни ілтифат әсіресе ғылым деректеріне аударылады, ғылымға тиісті мағлұматтар ішкі байланысына, мазмұнына қарай тізіліп сөйленеді [1, 79], – дегенді айтады ғалым.

Ойлау дегеніміз кез-келген проблема жайында өзіңе сұрақ қойып, оған жауап таба алуың. Ақыл-ой тек ойлану арқылы, сұрақ қойып оған жауап бере отырып, проблемаларды шешу бағытында қорытынды жасап, оны шешудің жолдарын қарастырып, белсенділік таныту арқылы келетіндігін есте сақтағанымыз жөн болар.

Дидактика әдісінде көзге ұстайтын бай пікір-адамның жан құбылыстары, мұнда ілтифат шәкірттерге аударылады, оқыту шәкірттер табиғатының өркендеу заңы бойынша жүргізіледі. Бұл әдіспен оқытқанда даяр түйіп, қорытынды, ережелер, заңдар, жорулар, бір сөзбен, даяр мағлұмат шәкіртке берілмейді. Оның бәрі шәкіртке бірте-бірте үйретіледі. Ғылымның мақсұты: нәрсені толық, кеңінен толғап, терең қарастыру, зерттеу, ал дидактиканың мақсаты: шәкірттер келешекте өз бетімен жүйелі білім табуға берік негіз салу. Білімнің жоғарғы дәрежесіне жеткенде, яғни университет, академияларда дидактика әдісі ғылым әдісіне ауысады. Дидактика әдісінде көбінесе қолма-қол байқауға, ұғуға болатын білімнің түбегйлі болмыстарына (факт) бірінші орын беріледі.

Талдау, ұластыру. Әрбір ғылымды зерттеу үшін тұтынатын ойлаудың екі оңтайы бар: талдау (анализ), ұластыру (синтез).

Талдаудың не екенін ұғыну үшін әуелі мынаны байқау керек: әрбір білім нәрсесі – 1-нші, басқа нәрселермен байлаулы нәрсе – 2-нші, әр нәрсеге мазмұнына қарай өзі де күрделі нәрсе. Білім нәрселерінің күрделілігі, яки көлемдікке (орынға) байлаулы (дерек жағынан), яки бірінен соң бірі салдарынан уақытқа байлаулы. Күрделіліктің бірінші түріне, мысал – білімнің әрбір зат нәрселері, әрбір көмірлі, көмірсіз заттар, физаканың яки химияның әрбір құбылыстары, уақыт жүзіндегі күрделілікке әрбір тарихи уақиға, ақылдың әрбір құбылыстары кіреді. Нәрсенің әсілін өсіп-өну жолын зерттегенде, уақыт жүзіндегі күрделілік білімнің дерек жағынан да айқасады. Сонымен, күллі ғалымдардағы нәрселерді білу негізгі екі кезеңмен (момент) басталады. 1-нші, білім нәрсесін басқа нәрселердің байланысынан бөліп, жекелеп алумен, 2-нші білім нәрсесін өзі құралған мүшелерге таратып, талдаумен. Талдаудың мағынасы осы [1, 125], – дейді Ж.Аймауытов. Ал, осы айтылғандарды қазіргі таңда әдебиет сабағында көркем шығарманы талдаумен байланыстырып көрелік. Осыған орай ғалым, әдебиеттанушы әрі әдіскер Қуандық Мәшһүр-Жүсіп былай дейді: «Іздену дегеннен гөрі «жетістікке ие болдық», құр даурығып, шығарманың көркемдік табиғатына бара алмай айналсоқтай беруіміз де аз емес Оның есесіне көрнекі зат, кино, сурет тәрізді көмекші құралдарды мадақтаудың жөні осы екен деп, шығарма көркемдігін танытудан аулақтап кетуіміз тіпті молайып бара жатыр. «Бәрі де дұрыс, тек негізгіні ұмытпайық»,- дегіміз келеді. Негізгі деп нені айтамыз, десек оқушыларды ізденте отырып шығарма көркемдігін таныту, шәкірттерді пікір айтуға, шығарма талдауға үйрету, олардың тіл байлығын қалыптастыру дер едік», – деп әдебиет сабағында бала санасының қалыптасуына, логикалық ойлау жүйесін дамытуға, пікір айтып, оны дәлелдеуге, сөйлеу шеберлігін дамытуға бағыттауға болатындығына тоқталады [4, 192]. Яғни екі ғалым да өз еңбектерінде кез –келген білім саласында белгілі бір бағытта бөліп жекелеп, алуға, ал екінші жағынан кез келген білім нәрсесін өзіне бағытталған бағытпен талдауға болатындығына тоқталғандығын түсінеміз.

«Комплекспен оқыту жолдары» атты еңбегінің «Жазушыдан» атты бөлімінде «Мәдениет үдеген сайын бала оқыту жолдары да түрден түрге құбылуда» [1, 4], – дейді. Қазіргі таңда да Ж.Аймауытұлы айтқандай оқытудың жаңартылған білім мазмұнына сай түрленіп отыр айталық, пән мазмұнының спиралді қағидатпен берілуі, Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарының иерархиясы, оқу үдерісін ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар арқылы ұйымдастыру секілді жаңаша білім беру жүйесіне жаңа

өзгерістер енгізілуде. Сонымен қатар, жаңартылған білім беру мазмұнына сай оқыту мақсаттарын анықтау, жүйелеу, оқыту үдерісінде білім алушылардың белсенділігін, таным әрекеттерін қалыптастыру, коммуникативтік құзіреттіліктер мен қәсіби құзіреттіліктерді сабақтастыру, оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін қарастыру т.с.с өзекті мәселелер талқылауды қажет етіп тұр. Ғалымның «Бұрынғы «әбжет», «әйгиек» бұ күнде әкесіне сәлем айтты, о түгілі кітап бетіне қарап: «мынадан мынаған дейін» дейтін жол да барса келмеске кетулі», – деуін еске алсақ, қазіргі таңда интербелсенді әдіс-тәсілдер пайдаланылып, электрондық жүйеге көшу бағытында жұмыстар атқарылуда [1, 95].

«Интербелсенді оқу/оқыту» ұғымы жан-жақты, кең мағыналы болғандықтан, оның философиясы мен әдістемесін көптеген оқу/оқыту жүйелерінен көруге болады. Олардың қатарына біздің еліміздің педагогикалық жұртшылығы арасында кеңінен танымал, педагогикалық қолданыста жан-жақты көрініп жүрген «Сыни ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту» халықаралық жобасын, халықаралық «Street Law» және «Тәй-тәй («Step by step») бағдарламаларын, М.Жанпейісованың «Модульдік оқыту технологиясын» және де басқа жобалар мен бағдарламаларды жатқызуға болады [5, 3].

«Төңкерістен бері «пән жүйесі» деген жүйе қопақтап, оның орнына мектеп төрінен комплекс орын алды. Алса да, ауыл мұғалімдері бұ жолға әлі түсе алмай, түсіне алмай жатқан сияқты», – десе, бұл күндері де білім саласында болып жатқан өзгерістерді терең түсіне алмай жатқанымыз жасырын емес [1, 4]. Айталық, Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім беру бағдарламасына енгізілген «Жаңартылған білім беру мазмұнын» толық енгізу қолға алынғанымен, әлі де толық ене алмай жатқандығы белгілі.

Ж.Аймауытов өзінің: «Программ, комплекс жайынан журнал жүзіндегі там-тұм мақалалардан да басқа, тәртіппен тізілген мұғалімге жетекші болғандай қазақ тілінде бір кітапша басылған жоқ» [1, 4], –деп бұл еңбегінде мұғалімге бағыт-бағдар беретін көмекші құрал қажеттілігін айтады. Ал, қазір жаңартылған білім беру мазмұнына бағытталған білім берудің стандарттық бағдарламасына сәйкес әр пәнге негізделген оқу-әдістемелік құралдар да қазір өзекті мәселе болып отыр. «Сондықтан қалың мұғалім «комплекстің» атын естісе де, затын ғана алмай, кейбірі тек программның сөзін жаттатып, кейбірі «мө» деген дыбысты да комплекс қып жүр деген өсек естіледі» – деп, ғалым Ж. Аймауытов өз кезінде білім саласындағы өзгерістердің де қабылдануындағы әр ізділікті, өзекті мәселелерді түсіндіруге тырысқан.

«Осы күйді еске алып комплекс жолында тапқан-таянғанымызды құрап, бұл кітапшаны мұғалімдер алдына тартуды лайық көрдік, мұғалімге көмегі тиер деп ойладық» [1, 7], –дейді Ж. Аймауытов өз еңбегінде.

Қазіргі таңда білімді нәтижеге бағытталу оқу үрдісіне негіздеп отырмыз. Білім беру саласында ЖОО-да студентке бағытталғандығын білім беру жүйесінде студентті бірінші орынға шығаруды талап етеді. Сондықтан әрбір оқытушы студенттерді өмірдің кез-келген ағымында білім алуда, алған білімін өмірде пайдалана білуге, оқиғаға сыни көзқараспен қарауға белсендіріп білім беруге міндеттейді. «Өйткені бүгінгі күні оқу процесі бұрынғыдай «үйрету», «оқыту», «беру» сынды етістіктерден құралмай, «ұйымдастыру», «жағдай жасау», «бағыт-бағдар беру» сияқты ұғымдардан тұрады. Оқу процесі студентке бағытталып, студентцентристік идеяларды ұстанғандықтан үйрену мен үйрету әрекеттері қоян-қолтық қарым-қатынастан тұруы керек. Бұл қарым-қатынас оқытушы мен студенттер, студент пен басқа студент, студенттердің шағын топтары арасында өтеді. Оқу мен оқыту, үйрену мен үйрету мұндай қарым-қатынаста біртұтас қалыпта болып, олардың нәтижесі мен маңызы да осындай қарым-қатынасқа тәуелді болады»-дейді. Оқытушы мен студентті арасында шынайы қарым қатынас туындап бірлесе проблеманы шешуге, әрекет еткенде ғана яғни интербелсенді әдіс-тәсілдерді пайдаланғанда ғана білім өз нәтижесін бермек деген ұғым туындайды. «Үйрену мен үйрету тек өзара белсенді әрекеттерге негізделген қарым-қатынас арқылы жүзеге асырылады» және «Тек әрекеттесу арқылы ғана үйренуге/үйретуге болады» [5, 3], –дегенді айтады.

«Білім беруді тәрбие беруді ізгілендіру сайып келгенде мектепке де, оның оқушысына да сеніммен қарау. Шәкірт пен ұстаз арасындағы ынтымақтастық, әр ұстаздың шәкіртке өзіне тәуелді, өзінен төмен орындаушы деп қарамауы, оны білім мен тәрбие алудың обьектісі ретінде ғана санамауы, ең бастысы әр шәкіртті бас бостандығы, өзіндегі егемендігі еліміздің болашағы, соның бір азаматы деп тану деген сөз» [6, 4], – деуіміздің үйренуші мен үйретушінің арасындағы шынайы қарым-қатынастың болуы алынған білімнің де нәтижелі болуына септігін тигізеді деп қабылдауымызға болады.

Білім беруді ұйымдастырудың дүние жүзілік тәжірибесінде көптеген оқыту технологиялары жүзеге асырылуда. Ондағы мақсат – білім алушылардың танымдық қабілеттерін, яғни өзінше ойлау қабілетін арттыру, елестету мен есте сақтауын, дағдысын, білім сапасының дамуын қамтамасыз ету. Жалпы білім беруде баланың білімін, білігі мен дағдысын емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы дамуын бірінші қойып отыр. Сондықтан қазіргі заманда білім беру әлеуметтік құрылымның маңызды элементтеріне айналды. Дүние жүзінде білімнің әлеуметтік ролі артты. Адамның болашағы оның қазіргі алған білімінің сапасына, көлеміне, ойлау деңгейіне байланысты. Осыған сәйкес білімгерге белгілі бір көлемдегі білім, білік дағдыларды меңгертумен қатар табиғат, қоршаған дүние туралы түсініктерін кеңейтіп, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту бүгінгі күннің басты талабы.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ж.Аймауытов мұғалімнің рөлін, білімін, оны түсіндіре алу шеберлігін және түсіндірілетін материалдың бала ұғымына түсінікті болуын айта отырып, оқыту мен оқудың арасындағы біртұтастықтың болу керектігіне тоқталған пікірлері талданды. Ж.Аймауытов педагогикалық мұраларының жаңартылған білім мазмұнымен сабақтастығы зерделенді. Сонымен қатар, Ж.Аймауытовтың «Комплекспен оқыту жолдары» атты еңбегі жаңартылған білім мазмұнына сабақтастығы, ондағы әдіс-тәсілдер, ойлау жүйесі мен түрлері, мұғалімнің шеберлігі, шәкірт өмірінен алатын орны зерделенді. Бұл еңбекте Ж.Аймауытов педагогикалық мұраларының жаңартылған білім мазмұнымен сабақтастығы тұңғыш рет біздің тарапымыздан білім саласындағы өзгерістермен салыстырыла, нақты материалдармен талданды.

Ж.Аймауытов педагогикалық мұраларының жаңартылған білім мазмұнымен сабақтастығы тұңғыш рет салыстырыла зерделену арқылы қазіргі білім беру жүйесіндегі болып жатқан жаңалықтары анықталды. Ғалым еңбегінің өзектілігі нақтыланып, салыстырыла отырып зерделенеді.

Ғалым Ж.Аймауытов та өз кезінде білім берудің жаңаша жүйесін енгізе отырып, мұғалімдердің педагогикалық шеберлігі үшін, оқудың жаңа жетістігі үшін жан-жақты комплекспен оқыту жүйесін базаға енгізу үшін мұғалімге көмекші құрал ретінде құнды қажетті мәселелерді қозғағандығы мақалада жан-жақты талданды. Оның бұл айтылған пікірлері қазіргі таңда жаңартылған білім беру мазмұнымен сабақтасып жатқандығы анық.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Аймауытов Ж. Шығармалары. 6-том, – Алматы: Жазушы, 2013. – 349 б.
Aımaýytov J. Shyǵarmalary. 6-tom, – Almaty: Jazýshy, 2013. – 349 b.
2 Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. Оқу құралы. – Алматы: Эверо, 2009. – 263 б.
Álimov A. Interbelsendi ádisterdi joǵary oqý oryndarynda qoldaný. Oqý quraly. – Almaty: Evero, 2009. – 263 b.
